

2-басылым



Хазақ тілі

ОҚУЛЫҚ

C1

Астана, 2018

жоғары деңгей



ӘОЖ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысы
бойынша «Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

*Үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі
негізінде қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешені жобасы аясында әзірленген
жоғары деңгейді оқытуға арналған “Қазақ тілі” оқулығы*

Ш.Қ. Құрманбаева, М.К. Ахметова, М.М. Мұқаметқали

Қ Қазақ тілі: Жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2018. – 340 бет.

ISBN

Пікір жазғандар:

З.С. Күзекова – Назарбаев Университеті Қазақ тілі және түркітану кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы;

М.С. Жолшаева – С. Демирел атындағы университет Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы;

Ж.Д. Байтелиева – Назарбаев Университеті Қазақ тілі және түркітану кафедрасы кафедрасының асистент-профессоры, филология ғылымдарының кандидаты;

А.Ф. Зейнулина – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Қазақ тілі және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Әлемдік тіл үйрету тәжірибесіндегі ең тиімді әдістемелерді негізге ала отырып жазылған бұл оқулық үздіксіз білім беру жүйесіндегі «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі бойынша әзірленген қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешенінің құрамына енеді. Оқулық қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың Қазтест жүйесі мен Еуропалық стандарт деңгейлеріне сәйкес жоғары деңгейде оқытын топтарға ұсынылады.

Бұл оқулық қазақ тілін меңгерудің жоғары деңгейі (C1) бойынша дайындалған. Оқулықта коммуникативтік дағдыларды дамытуға негіз болатын сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тілдік материалдар қамтылған. Тілдік қатынастың мәдени-әлеуметтік, кәсіби-елтанымдық, қоғамдық-саяси салаларына сәйкес өзекті тақырыптарды қамтыған мәтіндер мен коммуникативтік тапсырмалар жүйесі тіл үйренушінің сөйлеу әрекетінің оқылымы, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері бойынша тілдік дағдыларын, сөйлеу іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге, тыңдалымға арналған аудиомәтіндер мен тапсырмалар аудиотаспаға жазылыш, оқулыққа қосынша ретінде жеке ұсынылды. Оқулық қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары мен әдіскерлеріне, жалпы қазақ тілін үйренушілерге арналған.

Учебник разработан на основе самых эффективных методик в практике обучения языку и является частью типового учебно-методического комплекса для обучения казахскому языку, разработанному по методике «Обучение казахскому как иностранному или как второму языку» в системе непрерывного образования. Учебник рекомендуется для групп, обучающихся на высоком уровне соответствующем системе оценки уровня владения казахским языком Казтест и уровням Европейского стандарта. Рекомендуемый учебник разработан для обучения казахскому языку на высоком уровне (C1). Здесь охвачен языковой материал, являющийся фундаментом развития коммуникативных навыков по видам речевой деятельности. Система коммуникативных заданий и текстов, которые отражают актуальные вопросы, соответствующие культурно-социальной, профессионально-страноведческой и общественно-политической сферам языковой коммуникации, направлены на формирование у лиц, обучающихся языку языковых навыков и умений по видам речевой деятельности, как чтение, аудирование, письмо, говорение. Также как дополнение к учебнику предлагаются аудиоматериалы по блоку аудирование, которые были записаны на аудиодиск, и соответствующие задания. Учебник предназначен для лиц, изучающих казахский язык как иностранный или как второй язык, преподавателей и методистов казахского языка, а также для широкого круга читателей, желающих обучаться казахскому языку.

ӘОЖ

ISBN

© Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті, 2018

© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2018

© Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы КеАҚ, 2018

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

1-сабақ. Сөйлеу мәдениеті	7
2-сабақ. Тілсіз қарым-қатынас	18

II БӨЛІМ. ТҮЛҒА КЕЛБЕТІ

1-сабақ. Тарихи түлғалар. Заманымыздың үлгі тұтар түлғалары	32
2-сабақ. Қазақ тілін менгерген өзге үлт өкілдері. Шетелдегі отандас түлғасы	44

III БӨЛІМ. ТАРИХ

1-сабақ. Тарих толқынында	56
2-сабақ. Жер-судың аты – тарихтың хаты	67

IV БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

1-сабақ. Мемлекет	77
2-сабақ. Цифрлық қоғам	86

V БӨЛІМ. ЖАҢАНДАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

1-сабақ. Жаңандану	96
2-сабақ. Рухани жаңғыру	106

VI БӨЛІМ. САЯСАТ

1-сабақ. Ішкі саясат	116
2-сабақ. Сыртқы саясат	127

VII БӨЛІМ. ЭКОНОМИКА

1-сабақ. Қазақстан экономикасы	140
2-сабақ. Әлемдік экономика	152

VIII БӨЛІМ. ӨНЕРКЕСІП ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ

1-сабақ. Өнеркесіп	163
2-сабақ. Шаруашылық	174

IX БӨЛІМ. БІЛІМ

1-сабақ. Мектеп – кеме, білім – теңіз	186
2-сабақ. Білімнің салтанат құруы	197

X БӨЛІМ. ҒЫЛЫМ

1-сабақ. Әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтар	207
2-сабақ. Қазақ елінің ғылымы	217

XI БӨЛІМ. ТУРИЗМ

1-сабак. Әлемдік туризм және Қазақстан	231
2-сабак. Еліміздің көрікті жерлері	241

XII БӨЛІМ. САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

1-сабак. Тән саулығы – жан саулығы	253
2-сабак. Емдеу мекемелері мен шипажайлар	264

ҚОСЫМША

Грамматикалық анықтағыш	274
Сөздік қор	290
Аудиомәтіндер	309
Пайдаланылған әдебиеттер	334

АЛФЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған қазақ тілін меңгерудің жоғары (С1) деңгейін оқытуға арналған оқулықтың екінші басылымы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында үздіксіз білім беру жүйесінде «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде қазақ тілін оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешенниң құрамында жарықта шығып отыр. Аталған оқулықтың бірінші басылымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысымен 2012 жылы жарықта шықкан болатын.

Оқу-әдістемелік кешен қазақ тілінің бес деңгейлік (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары деңгей) оқулықтарынан тұрады. Оқулықтар қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін анықтайды 2015 жылы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің №236-ОД бұйрығымен бекітілген қазақ тілін оқытудың талаптарын анықтайды ҚР СТ 1926-2015, ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1929-2015, ҚР СТ 1925-2015, ҚР СТ 19272015, «Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты» мен «Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарламаның» негізінде әзірленді.

2016-17 жылдары бес деңгейлік оқулықтың тіл үйренушілер тарапынан жоғары сұранысқа ие болған қарапайым (A1), базалық (A2), орта (B1) және ортадан жоғары (B2) деңгейлеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, екінші басылымдары жарық көрді. Ұсынылып отырған қазақ тілін меңгерудің жоғары (С1) деңгейін оқытуға арналған оқулықтың екінші басылымын әзірлеу барысында өңірлердегі тілдерді оқыту орталықтарының оқытушылары мен әдіскерлерінің оқулық мазмұнын жаңартуға, жетілдіруге байланысты ұсыныстары мен пікірлері ескерілді.

Оқулық мазмұнында белгілі бір тілді екінші тіл ретінде оқытудың халықаралық тәжірибелеріне сәйкес сөйлеу әрекетінің Тыңдалым, Өқылым, Жазылым, Айтылым түрлерін дамытуға арналған тапсырмалар жүйесі қамтылды. Оқулық 12 бөлімнен, әр бөлім 2 сабактан тұрады. Алғашқы меңгерген ақпарат пен кейінгі меңгерген лексикалық бірліктердің бірін-бірі толықтырып, сөздік құрамда үздіксіз қолданысқа түсу барысында тіл үйренушінің сөздік қорына ене беретіні ескерілді. Жаңа сөздермен таныстыру мақсатында оқулықтың соңында қазақша-орысша сөздік ұсынылды. Оқулықта грамматикалық тақырыптар «Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарламаға» сәйкес және әр сабактың лексикалық тақырыбымен тығыз байланыста берілді. Оқулықтың соңында ұсынылған грамматикалық анықтағышта грамматикалық тақырыпқа қатысты негізгі мәліметтер қамтылды.

Әр бөлім жаңа лексикалық қормен таныстырудан басталып, әткен тақырыпты еске түсіру тапсырмаларымен жалғасып, жаңа тақырып бойынша тапсырмалармен ұласады. Жеке, жүппен және топпен орындауға арналған коммуникативтік тапсырмалар жүйесі «қазір және осында» қағидасы арқылы орындалуға негізделді. Жазылым әрекетін дамыту мақсатында жоғары деңгей талаптарына сәйкес шағын эссе, аннотация, пікір, рецензия, ұсыныс, тұжырымдар жазу тапсырмалары берілді. Тіл үйренушілердің айттылым, жазылым әрекеттерін дамыту мақсатында қосымша ақпарат ретінде тақырыптық суреттер мен түрлі ұлгідегі сыйбалар, диаграммалар ұсынылды. Тіл үйренушінің тыңдалым әрекетін дамыту мақсатында жоғары деңгейге сәйкес диалог, монолог мәтіндері бойынша тапсырмалар қамтылып, тыңдалым мәтіндері оқулық соңында жинақталып ұсынылды. Тыңдалым мәтіндері аудиотаспада қосымша берілді.

Құрметті әріптестер, мазмұны жағынан жетілдірілген, жаңа, өзекті тақырыптар қамтылған оқулықтың екінші басылымын назарларыңызға ұсына отырып, ерекше ынта мен ықыласты талап ететін қыын да, қызықты тіл үйрену ісінде осы оқулық өздеріңізге көмекші болады деп сенеміз.

Авторлардан

БӨЛІМ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



1-САБАҚ

2-САБАҚ

Сөйлеу мәдениеті

Тілсіз қарым-қатынас



1. 291-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

	A		B
1 -	көпшілік	A	тіл
2 -	сөзшең	Ә	мәселе
3 -	қызыл	Б	адам
4 -	сөйлеу	В	жүйрік
5 -	тілге	Г	алдында сөйлеу
6 -	түйінді	F	мәдениеті

3. Өз сөйлеуіңізді бағалаңыз. Бұлай бағалауыңыздың себебін түсіндіріңіз.

Tіл	«1»	«2»	«3»	«4»	«5»
Қазақ тілінде					✓
Орыс тілінде					
Шет тілінде					

4. Тұрақты сөз тіркестерін мағынасына қарай 2 топқа бөліңіз.

Аузы сөзден босамау; орақ ауыз, от тілді; қызыл тілден май тамызу; жағы тынбау; сөзі мірдің оғындаи; тілге жүйрік; су төгілмес жорға; тілінен бал таму; тілге бай; құлагының етін жеу; миды жеу; тілі мен жағына сүйену; су жүқпас шешен.

1. Шешен, тапқыр сөйлеу

2. Босқа, көп сөйлеу



5. Сұраққа қатысты өз ойыңызды білдіріңіз.

- 1 Жеке тұлға мәдениетіне не жатады?
- 2 Сөйлеу мәдениеті дегенді қалай түсінесіз?
- 3 Тілі бай адамды сөйлеу мәдениеті жоғары деп бағалай аласыз ба?
- 4 Жоғары сөйлеу мәдениетін қалай қалыптастыруға болады?

6. Берілген тұжырымдарды дәлелдеп, өз ойыңызды айтыңыз.



1. Сөйлеу мәдениеті тілші мамандарға ғана керек.

- Өйткені мамандар тілдің заңдылықтарын, ережелерін жақсы меңгеруі тиіс.
- Олар – тілшілер, сондықтан да сөйлеу мәдениеті жоғары болуы керек.
- Тілші мамандар басқаларына үлгі болуы керек.
- Себебі тілші мамандар басқаларды талапқа сай сөйлеуге үйретеді.

2. Сөйлеу мәдениеті қалың жүртшылыққа қажет.

- Эрбір адам өз ойын еркін, жүйелі, анық жеткізуі керек.
- Сөйлеу мәдениеті – жақсы қарым-қатынастың шарты.
- Сөйлеу мәдениеті ауызша, жазбаша сөйлеумен байланысты, сондықтан әр адам ауызша да, жазбаша да ойын еркін айта алуы қажет.
- Көпшілік алдында мұдірмей сөйлеу үшін керек.
- Сөйлеу мәдениеті халықтың сауаттылығын көрсетеді.

7. Оқыңыз.

Шешен сөзі қазақ тілінде өте ертеден қолданылып келеді. Бұл сөздің мағынасы көпшілік алдында шешіліп сөйлейтін, түйінді мәселелерді шешетін данышпан, ақылгөй, дана деген ұғымдармен өзектес. Шешен сөзі қазақ тілінде сөзшең, айтқыш, тапқыр, суырып салма, ділмар, қызыл тілге жүйрік дейтін сөздермен қатар қолданылады. Шешен сөзін халықаралық терминмен атасақ, «оратор» деген сөз. «Оператор» латынның «очаче» – «айту», «сөйлеу» деген сөзінен шыққан. В. Дальдің түсіндірме сөздігінде «оратор» вития (ділмар), краснослов (қызыл сөз), речистый человек (сөзшең адам), мастер говорить (сөйлеудің шебері) деп беріледі. Осының бәрінде де шешен (оратор) әсерлі, әдемі, бейнелі, көркем, ойлы сөйлей алғын адам деген мағынаны білдіреді.

(<http://www.tilalemi.kz/>)

8. Жоғарыдағы мәтіннен шешен адамға тән қасиеттерді теріп жазыңыз.

**9. Дереккөздерді пайдаланып, кестені толтырыңыз ([https://kk.wikipedia.org/](https://kk.wikipedia.org/wiki)
[wiki](https://www.qamshy.kz/article/qazaqsha-sheshen-soyleytin), <https://www.qamshy.kz/article/qazaqsha-sheshen-soyleytin>).**


 Өткен заман шешендері Жиренше шешен	 Қазіргі заман шешендері

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтіндерді оқыңыз.

Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық

1 Цицеронның есте сақтау әдісі. Мінберде мінсіз сөз сөйлеу мәнерімен бар әлемді тәнті еткен Цицерон ешқашан арнайы жазба пайдаланбаған. Қаншама адам есімі, сандар, жылдар, фактілер болса да... Айтылып отырған әдіс Цицерон есімімен аталмай тұрып-ақ кең қолданысқа ие болған. Кей деректерде көне грек ақыны Симонид бұл әдістің алғашқы қолданушысы болған деген ақпарат бар. Әдіс, шындығында, өте қарапайым және тиімді. Ол “Рим бөлмесінің жүйесі” деп те аталады.



Бұл әдіс бойынша айттар сөзде басты мән берілу керек дүниелерді ойша белгілі бір тәртіппен бөлмеде орналасқандай етіп елестету керек. Сахнаға шыққанда, көпшілік алдында сөйлегенде сол бөлмені елестетіп, сөзіңізді мұдірмей айта берсеңіз болады. Цицерон дайындық кезінде бөлмені кезіп жүріп, айтылу керек дүниелерді ойша сол бөлмеге орналастырады еken. Тәжірибе жасаған сайын бұл әдісті менгеру оңай бола түседі. Уақыт өте келе, қалай шешен сөйлейтініңізді өзіңіз де байқамай қаласыз.

2 Көпшілік алдында сөз сөйлеуге дайындалудың маңызы зор.



- ✓ Сөйлейтін уақытты біліп алыңыз. Соған қарап дайындалыңыз. Ұзақ сөйлеу аудиторияны жалықтыруы мүмкін.
- ✓ Дайындалатын ақпарат көздерін, кітаптарды, газет-журналдарды іріктеп алыңыз. Кезекпен оқып шығыңыз. Мәнін түсініңіз. Өз көзқарасыңызды қалыптастырыңыз, себебі өз ойыңыз маңызды.
- ✓ Жиналған материалды жүйеленіз. Оны көздеген мақсатқа сай аудиторияға қарай ыңғайластырып, сәйкестендіріңіз.
- ✓ Дайындық кезінде ойыңызды жазбаша жазып, бір арнаға тоғыстырыңыз.
- ✓ Сөзді дауыстап айту немесе оқу өнерін меңгеріңіз.
- ✓ Мінберде өзіңізді ұсташа ережесін қатаң сақтаңыз.
- ✓ Сөзіңізді қағазға қарамай немесе қарап айтуды шешіп алғаныңыз маңызды. Қағазға қарап айтқанда да одан бас алмай оқуға болмайды.
- ✓ Ауызша шешен сөйлеудің қыр-сырын (дауыс, интонация, қымыл-қозғалыс) менгеруіңіз керек. Дауысыңызды диктофонға жазып, қайта тыңдалғанда көрдің де маңызы зор. Айна алдында қымыл-қозғалысыңызды тексеріп көріңіз. Айтатын тақырыбыңызға немесе ойыңызға қарай киіну стиліңізді де дұрыс таңдай біліңіз.
- ✓ Аудиторияның қойған сұрақтарына тапқыр жауап беруге, білім-фылым бәсеке таласын үйімдастыра білуге дайындалыңыз. Топ алдында «бұл сұраққа дайын емес едім» немесе «шешендігім жоқ еді» деген сұлтаулар айтпауға тырысыңыз, ол сіздің абыройыңызға сын болады.
- ✓ Сөйлейтін тақырыпқа орай мысалдар, мақал-мәтелдер, дәйексөздер жаттап алыңыз. Бұл айттар ойыңызды көркем жеткізуге септігін тигізеді.
- ✓ Көпшілік алдына шыққанда қобалжып қалсаңыз, «тет-а-тет» әдісін қолданыңыз. Яғни, сөйлеу кезінде бір танысыңыңды немесе бір адамды белгілеп, соған қарап, сөзді соғанғана бағыттап тұрғандай сезініңіз.
- ✓ Көпшілік алдында сөзді әсерлі, мәнерлі жеткізе білу қабілетіңізben де, әдепті мінезіңізben де ерекшеленуіңіз керек.

(<https://massaget.kz>)

2. Екі мәтін бойынша сұрақ дайындаңыз.

Үлгі: Цицеронның әдісін бұрын-сонды *est in ne edicis?*

3. Екі мәтін мазмұнын салыстыра отырып, мазмұндаңыз.



4. Мәтіндерден алған жаңа ақпаратпен бөлісіңіз.


1	Жаңа ақпарат	2	Жаңа ақпарат

5. Сөз сөйлеуге алдын ала қалай дайындалатыныңызды жазыңыз.

1

2

6. Сөйлеуге дайындық барысында қандай ақпарат көздерін пайдаланаңыз?



7. Берілген тұжырымды төрт сөйлем арқылы дәлелдеңіз.

КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЙЛЕУГЕ АЛДЫН АЛА ДАЙЫНДАЛУ ҚАЖЕТ.

Ұлғи:

- | | |
|-----------|---|
| Пікір | Сөйлеуге алдын ала дайындалудың маңызы зор. |
| Дәлел | Себебі айттылатын ойынды жүйелі, анық, бейнелі, таза жеткізуге қол жеткізесін. |
| Мысал | Соның арқасында барған жерімде мені үйіп тыңдайды, сөзім тыңдаушы жүргегіне жетеді. |
| Қорытынды | Қорыта айтқанда, сөйлеуге алдын ала дайындығымды жалғастыра беретін боламын. |



ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұраққа жауап беріңіз.



- 1) Сөз тазалығы деген не?
- 2) Сөз байлығына нені жатқызар едіңіз?
- 3) Сөздің дәлдігі мен қысқа-нұсқалығы дегенді қалай түсінесіз?
- 4) Қандай сөз адамға ерекше әсер етеді деп ойлайсыз?

2. Мәтінді тыңдаңыз. Жауаптарыңызды салыстырыңыз.



Сұхбаттың толық нұсқасын мына сілтеме арқылы тыңдауға болады:



https://kitap.kz/audiobooks/53_soz_sapasy_durystyhy_tazalyhy_bajlyhy_daldigi_qysqalyhy_men_nusqalyhy_bederi

3. Сөздерді қатыстырып, сөйлем құраныз.

Сөз мәдениеті, үйіп тыңдау, сөз сапасы, сөздің әсерлілігі, сөз мақсаты, мағынаны түсіну, сөз тазалығы, шет тілі, дәл қолданбау.

**4. Мәтін бойынша таныс және таныс емес сөздерді екі бағанға бөліп жазыңыз.
Қай баған басым түсті? Себебі неде деп ойлайсыз?**

Таныс сөздер

Таныс емес сөздер

5. Мәтін мазмұнына ақпараттың сәйкестігін анықтаңыз.

		<i>Сәйкес</i>	<i>Сәйкес емес</i>
1	<i>Сөз сапасы ұзақ сөйлеуді білдіреді.</i>		
2	<i>Сөз мәдениеті дұрыс киіnumen тығыз байланысты.</i>		
3	<i>Әр адамның сөйлеуі әр түрлі: кейбіреуін ұйып тыңдаисың, кейбіреуінің сөзінен жалығасың.</i>		
4	<i>Сөз сапасы сөйлеудің өз мақсатына жетуімен байланысты.</i>		
5	<i>Айтылатын әрбір сөзді мағынасына сай қолданған жөн.</i>		
6	<i>Сөзді өз мағынасында қолданбау сөз дұрыстығына нұқсан келтіреді.</i>		
7	<i>Мән-мағынасыз сөздерді, шетел тілі сөздерін қолдану дұрыс емес.</i>		
8	<i>Синонимдер – тіл байлығы.</i>		
9	<i>Сөздің қысқа да нұсқа болуы айтылатын ойдың әлі де толық nisip-жетілмегенін білдіреді.</i>		

6. Мәтінмен танысып, пікір қосыңыз.



«Короче, короче» деген анекдот бар фой. Шаштаразда шашын қидырып отырған адам әңгіме айтып отырыпты. Екі сөзінің біріне «короче» деп қосатын әдеті бар екен. Сөйтіп, шаштараң оның шашын түгел қыып тастапты. Сол анекдоттағыдай, қазақтың ауызша сөзінде паразиттер белең алып бара жатыр.

(Сұхбаттан)

7. Мән-мағынасыз паразит сөздерді қолданасыз ба?

Яғни, жаңағы, осы, то есть, анау-мынау, не, нетіп, ше, короче, ана, енді.

8. Осындай сөздерден арылу үшін қандай кеңес берер едіңіз?



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ



Тілмен тікенді де алады < 1. қазақ салтында көзге түскен тікен, шөп-шаламды қолымен емес, тілінің ұшымен алып тастау әдеті бар; өйткені тіл таза, жұмсақ, көзді ауыртпайды; жүқпалы аурудан сақтандыратын ферменті бар; 2. ауыс. тауып айтылған уәжді сөзбен, жылды лебізімен небір түйінді мәселені де шешуге болады>

Тіл – ақылдың көрінісі, бірліктің кілті < адамның ақылының оның тілінен, сөйлеген сөзінен байқауға болады, бірлік-берекенің кілті де тілде, адамдардың өзара тіл табысында деген сөз>.

Сөзін жоғалту – өзін жоғалту (А. Байтұрсынұлы) < аудио. өзінің тілінен адасып, сөйлейтін сөзін жоғалтып жүрген халық өзін де жоғалтқаны, яғни халық болудан қалғаны>.

Тілде сүйек жоқ, Ерінде жиек жоқ <тілдің сүйегі болмағандықтан, қалай айтса да, не айтса да бола беретіндігін аңғартады>.

(Ә. Қайдар)

АЙТЫЛЫМ

1. Пікірталас өткізіндер.

Такырыбы: «Кез келген адам
шешен сөйлей ала ма?»



2. 7, 14, 15-беттердегі тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтеддерді қолданып, сурет бойынша ой толғаңыз (20-25 сөйлем).



(<http://tilalemi.kz>)


ЖАЗЫЛЫМ

1. Ұнатып оқыған кітабыңыз туралы жазыңыз.

Оқылған уақыты	Кітап аты, авторы	Қысқаша мазмұны (3 сөйлеммен)
Бастауыш сыныптарда		
Ортаңғы сыныптарда		
Жоғарғы сыныптарда		
Студенттік кезеңде		
Қазіргі уақытта		

2. Кітап оқу адамның тіл байлығын дамыта ма? Ойыңызды жазыңыз.

3. Кітаптың қай түрін таңдар едіңіз? Ойыңызды дәлелденіз.



БАСПА КІТАП



АУДИОКІТАП



2-САБАҚ

ТІЛСІЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

1. 291, 292-беттердегі сөздермен танысыңыз.

2. Дене қымылы мен оның білдіретін мағынасын сәйкестендіріңіз.

1. теріс қараяу




A. өкіну,
қапалану



2. бармағын тістеу



Ә. ыза болу,
кектену



3. құшағын жаю



Б. қатты қорқу



4. екі көзі
шарасынан шығу



В. менсінбеу



5. мұрнын тыржиту



Г. жақтырмау



6. тісін қайрау



Ғ. қуанышпен
қарсы алу



3. Дене қимылы білдіретін мағынаны жазыңыз.

Дене қимылы	Мағынасы	Дене қимылы	Мағынасы
қабағын түю	ренжсу, ашулану	таңдаій қағу	
көзі бақыраю		иығын көтеру	
ернін жымқыру		қолын бұлғау	
ернін шығару		бетін шымшу	
ернін тістейу		екі құлағын басу	

4. Эр халықтың сәлемдесу дәстүрімен танысып, үқастықтар мен айырмашылықтарын анықтаңыз.

Айндар

Бір-бірінің
құлағынан ұстайды.

Самоастар

Бір-бірінің
беттерін иіскейді.

Лаонга қауымы

Қол соғады.



Қытайлар

Өз қолын өзі қысып,
сәл еңкейеді, жымияды.

Жапондар

Көзін көтеріп,
сәл еңкейеді.

Үнділер

Екі алақанын біріктіріп,
мандайға тигізіп,
бас иеді.



Эскимостар

Қабылдаушының
төсіне немесе
иығына қол тигізеді.
Бір-бірінің
иықтарын
жұдырықпен
соғады.

Арабтар

Әскери адамдардың
сәлемдесу рәсімі сияқты сұқ
саусақ пен ортаңғы саусақты
біріктіріп маңдайға тигізеді
(Египет, Йемен).
Қолды жүрек тұсына
апарып, сәл еңкейеді, содан кей-
ін ұш қайтара сүйіседі.

Орыстар

Сүйіседі, қол
алысады,
қол көтереді,
қол бұлғайды,
құшақтасады,
бас изейді.

5. Суреттегі дene қозғалысы мен ым-ишаратқа қарап, білдіретін мағынасын түсіндіріңіз.

A)



Ә)



Б)



В)



6. Дене қозғалысының, ым-ишараттың орындалу амалын жазыңыз.

*Екі бүйірін
таяну*



*Қос қолымен,
яғни екі бүйірін
бас бармақ пен арқаға
қарай кеткен төрт
саусақтың ортасында
қысынқырай ұстай*

Басын шұлғу



**Саусагын
шошайту**



Езу тарту



7. Өтірік айтқан адамның басты 7 ым-ишаратын сипаттаңыз.

Үлгі: Өтірік айтқан адам желкесін қасиды, көйлегінің жағасын тартқылайды.



8. Топтық жұмыс. Ерге, әйелге тән ым-ишарапта қатысты фотоколлаж дайындаңыз, дене тілінің мағынасын түсіндіріңіз.

1-топ

Әйел адамға тән ым-ишарап



2-топ

Ер адамға тән ым-ишарап



9. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

Сөйлеу кезінде дауыс мәнері, кідіріс, интонация қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?

Сөйлегенде бірқалыпты тұрасыз ба, әлде қымыл-қозғалыс, ым-ишарапты көп қолданасыз ба?

Ақпаратты жеткізуде, толықтыра түсүде ым-ишараптың алар орны қандай?

10. Мақал-мәтелдерді оқыңыз.

Ымға түсінбеген дымға да түсінбейді <адамдар қауымында тым ертеде ым-ишарап арқылы пікір алысу дәстүрі болған. Бүгін де болмысымыздағы жүздеген ым-ишарап әрекеттері (қол қусыру, көз қысу, бет шымшу, қол шапалақтау, желке қасу, бас шайқау т.т.) арқылы өзара түсініспі, пікір алысуға болады. Алайда осы ымға, ишарапта түсінбейтін адам халық салт-дәстүрін де (демек дымға да) түсінбейтін адам деген сөз >.

Бармақ басты, көз қысты <1. О баста екі адамның қылмысты іс туралы өзара бір-бірімен келісуіне байланысты айттылған сөз; 2. Ауыс. Екі адамның басқаларға білдірмей өзара құпия келісуі>.

(Қайдар Ә. «Халық даналығы»)

11. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, сөйлем құраңыз.

Улғи: Өкінішке қарай, қоғамымызда бармақ басты, көз қыстымен мәселелерін шешетіндер кездесіп қалады.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Сәлемдесу рәсімінде қолданылатын тілдік емес амалдар



Адам баласының рухани тарихында қолы жеткен зор иғлігі – сәлемдесу. Амандық сұрасудан бұрын пайда болған әдептердің бірі – қолымен ишарат ету, белгі беру. Оның тарихына көз жүгіртсек, ежелгі неандарталь адамы өзі секілді екі аяқты, жұмыр басты пендені кездестіргенде, өзінің қастық жасау ниетінің жоқ екендігін білдіру үшін оң қолын жоғары көтеретін болған. Бұл: «Мен қарусызыбын, қолымда ештеме жоқ, саған адап ниетпен келіп тұрмын», – дегені.

Мұны қазіргі қол алысып амандасуымыздың бастапқы көрінісі деуге болады. Қазақ халқында сәлемдесу үрдісінде қолданылатын тілдік емес амалдардың саны едәуір және олардың қолданылу реті, жүйесі, әдебі бар.

Қол алысу сәлемдесуде кеңінен қолданылады. Бұл қазақ мәдениетінде бар ықыласыммен сәлемімді қабыл алыңыз дегенді аңғартады. Ер адамдар кездескенде, амандық салты «Ассалаумалайкүм» деген сөзден басталады. Ол – «Сізге алланың нұры жаусын» деген сөз. Жас адам жолы үлкен адамға алдымен ұмтылып, қос қолын ұсынады, сәлем беруші адам оған жауап, яғни сәлемді қабылдау ретінде «Уағалайкүмассалам» деп оң қолын ұсынады. Қос қолдан амандасу қазақ халқында тек ерлер қарым-қатынасында кездеседі.

Қарым-қатынастағы келесі бір дене қимылы – қол бұлғау. Сәлемдесудің бұл түрі көбіне коммуниканттардың арасындағы қашықтыққа байланысты қолданылады.

Бас изеу дене қимылы жастар құрдастарына тіл қатқанда, жасы мен қоғамдағы орны бірдей жақсы таныстардың қарым-қатынасында, жасы үлкен болсын, кіші болсын көп адам жиналған жерге келіп амандасқанда қолданылады. Құшақ жаю алыстан келген ағайынтыс, құда-жекжат, дос-жарандарды қарсы алғанда жұмсалады. Амандасып, құшақтап, бетінен, маңдайынан сую әйел адамдар қарым-қатынасында ұшырасады. Құшақтасып, арқаларынан қағып, төс түйістіріп амандасу көптен көрмеген ер адамдар арасында кезде седі. Қазақтар ат ұстінде отырып сәлем бермеген, сондықтан аттан түсіп, өз сыйластығын білдірген.

Жас бала қарт адаммен амандасқанда үлкен адам аталақ мейірімін, бауырмалдығын баланың маңдайынан сую немесе ііскеу арқылы сездіреді. Ата-ана ұл-қызын бауырына басып, бетінен, маңдайынан сүйіп көріседі. Сүйісіп амандасу – туысқан адамдардың қарым-

қатынасында кең тараған тілдік емес амал-тәсіл. Ақ жауулықты әжелердің балалардың қолынан сүйіп көрісу рәсімі де ұшырасады. Тізерлей отырып, қолынан сую амалы қазақ халқының сәлемдесу рәсімінде кездеспейді.

Қазақ халқында сәлем бере келген кісіні, шақырылған қонақты еш уақытта отырып қарсы алмаған. Мұндайда атып тұру, ұшып түрегелу, қарсы жүру, орнынан тұру, алдынан шығу секілді қимыл-қозғалыс жүзеге асады.

Мұхаммед пайғамбардан: «Исламның ең жақсы сипаттары қайсылар?» – деп сұрағанда, ол: «Аштарға тамақ беру, танитын һем танымайтындарға сәлем беру», – деп жауап берген екен.



(Нұрсұлтанқызы Ж. «Паралингвистика»)

2. Мәтіннен сәлемдесу рәсімінде қолданылатын тілдік емес амалдарды теріп жазыңыз.

Атын тұру,

3. Сөйлемді аяқтаңыз.



1. *Атасын көріп орнынан*
2. *Қос қолын бірдей ұсынып.....*
3. *Енді екеуі қадімгі ескі достардай төстерін*
4. *«Құлыным» деп бауырына басып, маңдайынан мейірлене*
5. *Терезеден басын шығарып қолын*

4. Күнделікті сәлемдесу, қоштасу кезінде қандай тілдік және тілдік емес амалдарды қолданасыз?

	Тілдік амал	Тілдік емес амал
Ата-анаммен	<i>Сәлемеметсіздер ме? Сау болыңыздар.</i>	<i>Кол беремін. Құшақтаймын.</i>
Баламмен		
Әріптестеріммен		
Көршілеріммен		

5. «Беташарда» сәлемдесуге қатысты қандай тілдік емес амал-тәсіл қолданылады?



6. Мәтін мазмұнына ақпараттың сәйкестігін анықтаңыз.

		Сәйкес	Сәйкес емес
1	Амандық сұрасудан бұрын пайда болған әдептердің бірі – қолымен ишарат ету, белгі беру.		
2	Қазақ халқында сәлемдесу үрдісінде қолданылатын тілдік емес амал-тәсілдің саны – біреу.		
3	Әйел адамдар «Ассалаумағалайкүм» деп амандаспайды.		
4	«Ассалаумағалайкүм» – «Сізге алланың нұры жаусын» деген сөз.		
5	Үлкен адам жас адамға алдымен ұмтылып, қос қолын ұсынады.		
6	Қос қолдағ амандасу қазақ халқында тек әйелдер қарым-қатынасында кездеседі.		
7	Қол бұлғау коммуниканттардың арасындағы қашықтыққа байланысты қолданылады.		
8	Құшақ жаю алыстан келген ағайын-туыс, құда-жеккет, дос-жарандарды қарсы алғанда жұмсалады.		

7. Қазақ халқы мен басқа да әлем халықтарының сәлемдесу дәстүріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар туралы айтыңыз.

8. Төмендегі мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріп, сәлемдесудің қарым-қатынастағы маңызына тоқталыңыз.

Сәлем – сөздің атасы.

9. Бір-бірімен ренжіскең кейбір адамдар сәлемдеспей де қалады. Ал сіздің ұстанымыңыз қандай?



ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Қарсылықты мәнді сөйлемдер

275 - бет

2. Сөздерді қарсылықты мән тудыратын тұлғалармен түрлендіріңіз.

Үлгі: Қол алысу – қол алыс+қанша, қол алыс+са да, қол алыс+ып, қол алыс+па+с+тан, қол алыс+қан+мен.




3. Сөйлемдегі қарсылықты мағынаны анықтаңыз.


1. Мінбердегі шешенге қандай сұрақ қойылса да, ешбірі жауапсыз қалмады.
2. Менің көпшілік алдында сөйлеуге қатысты айтқан ұсынысым ұнағанмен, бірден келісе қоймады.
3. Серік жүйелі сөйлеуге көп дайындалғанына қарамастан, баяндамасы жүйесіз, шашыраңқы шықты.

4. Сызба бойынша қарсылықты мәнді сөйлем құраңыз.


A)



Ә)



Б)



ТЫҢДАЛЫМ

1. Суреттерге қарап, мәтінде не туралы айтылуы мүмкін екенін әңгімеленіз.



2. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін мазмұны мен сіздің болжамыңыз қаншалықты сәйкес келді? Талқылаңыз.



№2



3. Мәтінде кездескен таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін жазыңыз.

4. Таныс емес сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын контекст арқылы анықтаңыз.

5. «Мәтіннен алған әсерім» кестесін толтырыңыз.

Не ұқтым?	Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

7. Ақпараттың мәтінмен сәйкестігін анықтаңыз.

		<i>Сәйкес</i>	<i>Сәйкес емес</i>
1	<i>Tүкіру – мәдениетсіздіктің көрінісі.</i>		
2	<i>Tүкіру – физиологиялық процесс.</i>		
3	<i>Tүкіру – қарым-қатынаста қолданылатын ым-ишараптың бірі.</i>		
4	<i>Tүкіру бір жағдайда ғана қолданылады.</i>		
5	<i>Tүкірудің қолданылуы, мағынасы сан алуан.</i>		
6	<i>Tүкірудің жағымды да, жағымсыз да мән-мағынасы бар.</i>		
7	<i>Қазақ халқында түкірумен байланысты ырымдар жоқ.</i>		
8	<i>Көз тимесін деген ниетпен осы ым-ишарап жасалады.</i>		
9	<i>Құлшыну, іске кірісу дегенді білдіреді.</i>		
10	<i>Ыза болған, масқаралаған жағдайда қолданылады.</i>		

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

Мұдыштықтың исемін, өзіңіздең таныңынз



Біздің қолымыз өзіміз туралы ақпаратты жақындарымызға, ең жақсы психологиягерге қарағанда дұрыс айттып беруі мүмкін. Алақаныңызды жұмызыз. Қай суретпен сәйкес келеді, сол суреттің нөмірі бойынша оқыңыз.

1. Бұл адамдар ұяң, көбісі парасатты. Олар жан-жақты жетілген, «тірі энциклопедия». Олар бір нәрсеге бағытталмайды, ұшы-қызыры жоқ ұғымды игеруге ұмтылады. Әлемді, өмірді кеңірек тануды ұнатады. Идея тудыруши ретінде қуаты таусылмайтын, қолды-аяққа түрмайтын адам деуге болады. Негізінен, іштей өте түйік жандар.

2. Бұл адамдар өзін үнемі қатаң тәртіpte ұстайды. Кейде түнерген адам секілді көрінеді, бірақ нәзік, жаны жараланғыш. Терең білімді игеруге ынталы. Түйсігі өте жақсы дамыған. Алтыншы сезімге көбірек үқсайды. Себебі миы үнемі ең дұрыс шешімді қабылдау үшін ой үстінде болады. Адамды бірден тани алмайды.

Мұндай тұлға сирек кездеседі, бірақ өзгелер өз деңгейінде бағаламайтындей сезінеді.

3. Бұл адамдар реалист, аяғынан тік тұрады, тәжірибелерді жақсы көреді. Олар шығармашыл. Өмірден не қалайтындарын, өзіне не керегін өте жақсы біледі. Егер достары қолдайтынына сенімді болса, ол бағындырмайтын белес қалмайды. Сенімді, салмақты адам. Көздеген нысанаға жеткеннен кейін жерге түсуді ұмытып кетпеніз.

4. Бұл адамдар байқағыш. Олар құмнан қамал түрғызуға, тыыннан миллион құрауға қабілетті. Кішкене бюджетті ғана емес, өз ресурстарын да басқара алады. Мұндай адамның ұраны: «Ақырын жүріп, анық бас!». Олар мактандашақ емес, бірқалыпты. Тыныштықта сабырлы өмір сүргісі келеді. Басқа типтегі адамдармен бірден араласып кете алмауы мүмкін. Өз аулаңыда түйікталып қалмаңыз.

(<https://massaget.kz>)


АЙТЫЛЫМ

1. Жұдырығыңызды жұмып өзіңізді тани алдыңыз ба? Осы секілді тест, тәжірибелерге қаншалықты сенесіз? Көзқарасыңызды білдіріңіз.

2. Адамның қимыл-қозғалысы, ым-ишараты арқылы ішкі ойын, мінез-құлқын толық тануға бола ма? Пікір қосыңыз.



3. Берілген диаграмма бойынша қарым-қатынас кезінде ақпараттың берілу жолдарын сипаттаңыз.




ЖАЗЫЛЫМ

1. Сөйлесу кезіндегі мына арақашықтықтар кімдердің арасында орнауы мүмкін екенін жазыңыз.

Сөйлесу барысында адамдардың кеңістіктегі орны аса маңызды рөл атқарады. Ол – тілсіз қарым-қатынастың ажырамас бір бөлшегі.



**1. интимдік
аýмақ –
(15-45 см
қашықтықта)**



**2. жеке аýмақ
– (45-120 см
қашықтықта)**



**3. әлеуметтік
аýмақ –
(120-400 см
қашықтықта)**



**4. қоғамдық
аýмақ –
(400 см-ден
жоғары
қашықтықта)**

БӨЛІМ ТҰЛҒА КЕЛБЕТІ



1-САБАҚ

2-САБАҚ

Тарихи тұлғалар
Заманымыздың үлгі тұтар тұлғалары

Қазақ тілін меңгерген өзге үлт өкілдері
Шетелдегі отандас тұлғасы



1 - САБАҚ

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ҮЛГІ ТҮТАР ТҮЛҒАЛАРЫ

1. 292-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Сөзжүмбақты шешіп, табылған сөздердің ең бірінші әріптерін қосып оқыңыз.

1			
2			
3			
4			
5			

✓ 1	✓ Қарым-қатынас құралы.
✓ 2	✓ Тілі, тарихы, мәдениеті бір әлеуметтік қауым атауы.
✓ 3	✓ Ешкінің төлі.
✓ 4	✓ Көне түркі жазуын пайдаланып, түркі тілінде сөйлеген ежелгі тайпа атауы.
✓ 5	✓ Туыстық атау.

3. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

- ✓ Қандай адамды тұлға деп есептеуге болады деп ойлайсыз?
- ✓ Қазіргі Қазақстан қоғамында жастарға үлгі боларлық қандай тұлғалар жайлы білесіз?
- ✓ Сіз жақсы танитын адамдардың ішінде нағыз тұлға деп санауға лайық жандар бар ма?
- ✓ Сіз өзіңізді тұлға болуға лайықпен деп есептейсіз бе?
- ✓ Әйгілі тұлғалардың кейбір кемшіліктері де «ұлы» деген пікірмен келісесіз бе?

4. Бағандарда ұсынылған қазақтың тарихи тұлғаларының есімдерін өзара сәйкестендіріңіз.

I	
1	әл-Фараби
2	Бұқар
3	Амангелді
4	Құрманғазы
5	Күләш
6	Шара
7	Ә. Қастеев
8	Абай

II	
A	әнші
Ә	батыр
Б	ақын
В	жырау
Г	суретші
F	дана
Д	биші
E	күйші

III	
1	Абылай
2	Шоқан
3	Жамбыл
4	Қабанбай
5	Ыбырай
6	Ақан
7	Шекерім
8	Тоқтар

IV	
A	ұстаз
Ә	сері
Б	хан
В	ғалым
Г	ғарышкер
F	ақын
Д	жыршы
E	батыр


6. Суретте берілген көрнекті тұлғалар жайлы пікір алмасыңыз.

7. Пікірталас өткізіңіздер.

8. Тұжырымдар бойынша аргументтеріңізді түртіп алыңыз.

I

II



5. Суреттегі ұлы тұлғалардың есімдерін жазыңыз.



әл-Фараби –
дана



ОҚЫЛЫМ

1. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркестерін құраңыз.

А	
1 - Г	Қазақстаннан
2 -	тұңғыш
3 -	ұлттық
4 -	ғарыш
5 -	бірнеше
6 -	зерттеулер
7 -	рекордтар
8 -	сынақтан

Ә	
А	рет
Ә	жүргізген
Б	кеңістігі
В	өткізген
Г	шыққан
Ғ	ғарышкер
Д	киім
Е	кітабы

2. Синонимдерді сәйкестендіріңіз.

1 - Ғ	тұңғыш
2 -	есім
3 -	әсер
4 -	ғалам
5 -	сынақ
6 -	ұздік

A	ат
Ә	әлем
Б	тексеру
В	озат
Г	ықпал
Ғ	алғашқы

3. Бос орындарға тиісті қосымшаларды қойыңыз.

1. Қазақ____ тұңғыш ғарышкері.
2. Рекордтар кітабы____ енген.
3. Реактивті ұшақ____ жаңа түрі.
4. Ашық ғарыш____ шыққан.
5. Радиация____ миға әсері.
6. Қазақтың ұлт____ киімдері.
7. Твиттер әлеумет____ желісінде.
8. Есім____ айшықталып жазылған.

4. Оқыңыз.

ҒАРЫШТЫ БАҒЫНДЫРҒАН ҮШ ҚАЗАҚ ҚЫРАНЫ



Тоқтар Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Талғат Мұсабаев – Тәуелсіз Қазақстаннан шыққан тұңғыш ғарышкер, ал Айдан Айымбетов – ғарышты бағындырған Қазақстанның тұңғыш азаматы (Т. Әубәкіров КСРО азаматы ретінде, ал Т. Мұсабаев Ресей азаматы ретінде ұшқан болатын).

Т. Әубәкіров ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минут, Т. Мұсабаев 341 күн 9 сағат 48 минут, ал А. Айымбетов 9 күн 20 сағат 13 минут 51 секунд болған.

Әлемнің 256-ғарышкери Т. Әубекіров - бірнеше рет рекорд орнатып, Гиннестің рекордтар кітабына енген тұңғыш қазақ ғарышкери. Т. Әубекіров реактивті ұзақтық 50-ден аса жаңа түрін сыйнақтан өткізген.



Т. Мұсабаев ғарышта 1994 ж. – 126 тәулік, 1998 ж. – 208 тәулік және 2001 ж. – 8 тәулік болған.

Т. Мұсабаев – ашық ғарыш кеңістігіне алғаш шыққан тұңғыш қазақстандық ғарышкер. Ол ғарыш стансасынан тыс ашық ғалам аясында жалпы мерзімі 41 сағат 21 минут болған. Гиннестің ұздік табыстар кітабына бір айдың ішінде 5 рет, барлығы 30 сағат 8 минут ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққаны үшін есімі айшақталып жазылған.

А. Айымбетов – ғарышқа үшқан тұңғыш Қазақстан азаматы. Ол ғарышта қазақстандық ғылым үшін зерттеулер жүргізіп, радиацияның миға әсерін зерттеген. А. Айымбетов – ғарышта қазақтың ұлттық киімдері мен тағамдарын дәріптеген. Бұған оның ғарышқа сапары барысында «Твиттер» әлеуметтік желісінде жариялаған жазбалары дәлел болады.



(А.Жанай <http://reactor.inform.kz>)

5. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құраңыз.

- | | |
|---|-------|
| 1 | |
| 2 | |
| 3 | |

6. Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

Т. Әубекіров –	ғарыш	желісінде	шыққан.
Гиннестің	қазақтың	кітабына	ғарышкери.
Ашық	миға	киімдерін	зерттеген.
Қазақтың	рекордтар	кеңістігіне	енген.
Радиацияның	әлеуметтік	тұңғыш	жариялаған.
Твиттер	ұлттық	әсерін	дәріптеген.

Үлгі: Т. Әубекіров – қазақтың тұңғыш ғарышкери.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

7. Дұрыс / қате жауаптарды белгілеңіз.

- | Дұрыс | Қате |
|--|--------------------------|
| <input type="checkbox"/> Тоқтар Әубәкіров – Тәуелсіз Қазақстаннан шыққан ғарышкер. | <input type="checkbox"/> |
| <input type="checkbox"/> Талғат Мұсабаев ғарышқа КСРО азаматы ретінде үшқан. | <input type="checkbox"/> |
| <input type="checkbox"/> Айдын Айымбетов – тәуелсіз Қазақстанның ғарышқа үшқан түнғыш азаматы. | <input type="checkbox"/> |
| <input type="checkbox"/> Үш ғарышкердің ішінде Тоқтар Әубәкіров ғарышта ең ұзақ болған. | <input type="checkbox"/> |
| <input type="checkbox"/> Ашық ғарыш кеңістігіне Айдын Айымбетов шыққан. | <input type="checkbox"/> |
| <input type="checkbox"/> Талғат Мұсабаев ашық ғарыш кеңістігіне бірнеше рет шыққан. | <input type="checkbox"/> |
| <input type="checkbox"/> Тоқтар Әубәкіров жаңа ұшақтарды сынақтан өткізген. | <input type="checkbox"/> |

ГРАММАТИКА


1. Ережемен танысыныз.

Мезгіл мәнді сөйлемдер

277 - бет

2. Грамматикалық формуланы қолданып, сөйлемді үлгі бойынша түрлендіріңіз.

A)



Үлгі:

T. Әубәкіров ғарышқа **үшқанда**. Кеңестік социалистік республикалар одағы бар болатын

= T. Әубәкіров ғарышқа **үшқан кезде**. Кеңестік социалистік республикалар одағы бар болатын.


T. Мұсабаев ашық ғарыш кеңістігіне шық_____ , ғарыш кемесі тұра Қазақстанның үстінен ұшып бара жатқан екен.

= T. Мұсабаев ашық ғарыш кеңістігіне шық_____ , ғарыш кемесі тұра Қазақстанның үстінен ұшып бара жатқан екен.

Қазақ ғарышкерлері жерге қон_____, Елбасы Н. Назарбаевтың өзі күтіп алған екен.

= Қазақ ғарышкерлері жерге қон_____, Елбасы Н. Назарбаевтың өзі күтіп алған екен.

- А. Айымбетов ғарышта бол_____
Қазақстан үшін өте пайдалы зерттеу жұмыстарын жүргізді.
= А. Айымбетов ғарышта бол_____
Қазақстан үшін өте пайдалы зерттеу жұмыстарын жүргізді.
- Ғарыш капсуласы жерге келіп
қон_____, ғарышкердің бойын туған
жерге жеттім-ау деген сезім баурады.
= Ғарыш капсуласы жерге келіп
қон_____, ғарышкердің бойын туған жерге жеттім-ау деген сезім баурады.

Ә)

- Үлгі:
Ғарышкерлер сапардан **оралғанша**, халық асыға құтті.
= Ғарышкерлер сапардан **оралғанға дейін**, халық асыға құтті.
- Ғарышкерлар сапардан қайтып кел_____, отбасылары сағына күтумен болды.
= Ғарышкерлар сапардан қайтып кел_____, отбасылары сағына күтумен болды.
- Ғарыш сапары аяқтал_____, ғарышкерлер көптеген аса маңызды зерттеулер жүргізді.
= Ғарыш сапары аяқтал_____, ғарышкерлер көптеген аса маңызды зерттеулер жүргізді.
- Т. Әубекіров ғарышқа үш_____, тарихта қазақ ғарышкери болмаған еді.
= Т. Әубекіров ғарышқа үш_____, тарихта қазақ ғарышкери болмаған еді.
- Ғарыш кемесі ғарыш айлағынан үшшып шық_____, ғарышкерлер үн-түнсіз отырды.
= Ғарыш кемесі ғарыш айлағынан үшшып шық_____, ғарышкерлер үн-түнсіз отырды.

Б)

- Ғарыш кемесі ғарыш айлағынан үшшып шық_____ кейін, экипаж мүшелері өз міндеттеріне кірісе бастады.
Ғарышкерлер алыс сапарға үш_____ бүрын, дәрігерлер қан қысымдарын тағы бір рет тексерді.
Ғарышкерлер сапардан келген_____ соң, БАҚ өкілдері олармен шағын брифинг үйімдастырды.
Басшылық ғарышқа үшасың деп тапсырма бер_____ бері, дайындық жұмыстарын қызу жүргізе бастады.

3. «-са / -се + жіктік жалғауы» құрылымын пайдаланып, бос орындарға тиісті жалғауды жазыңыз.

Мен теледидар көріп отыр_____, «Хабар» арнасында Т. Эубәкіров туралы бағдарлама жүріп жатыр екен.

Ол артына бұрылып қара_____, ғарыш айлағында үлкен қарбалас басталып кетіпті.

Ол дайындалып қарап тұр_____, есікті ашып, жігіттер кіріп келіпті.

Біз брифинг үйымдастырып отыр_____, басшылық хабарландыру жасап қойыпты.

Олар кездесуде отыр_____, халық ғарышкерлер туралы сұрақтар қоя бастапты.

4. Бос орындарға «-ғалы / -гелі; -қалы / -келі» қосымшаларының тиістісін қойыңыз.

Байқоңыр ғарыш айлағы іске қосыл....., үш қазақ жігіті ғана ғарышқа үшты.

Сендер жұмысқа кел....., жоспар артығымен орындала бастады.

Марат сапарға шық....., әжесінде маза болмады.

Самат іссапарға кет....., бүгін ғана күн ашылды.

5. Бос орындарға «-ысы+мен / -ісі+мен» қосымшаларының тиістісін қойыңыз.

Гарышкерлер сапардан орал....., журналистер брифинг үйымдастырды.

Жанар үйге кел....., апасы жанына отырғызып қойып, сұрақтың астына алды.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

Дүниежүзі халықтарының Димаш Құдайбергенов жайлы пікірлері

- ✓ «Робин Уильямсон (АҚШ): Мен мына жігіттің кім екенін де, мұның қандай шоу екенін де білмеймін. Білетінім – әншінің диапазоны сүмдүс! Және осы сүмдүс диапазонды ол қалай әуелетеді десеңші! Феномен!»
- ✓ «Кармен Фернандес Ансуатеги (Испания): Дауыс... жүректерді жақыннататын ең күшті құрал. Мынадай кең диапазон қалай жақыннатпасын...»
- ✓ «Изабель Шоффетон (Франция): Мен бұл видеоны тәрт рет көріп шықтым. Сірә, Даниэль Балавуан жұмақта өз әнін мынадай баланың шырқағанына разы боп жатқан шығар. Мына әнші, сөз жоқ, гений. Нағыз гений! Рас, кей сөздерді дұрыс айтпады, бірақ, онда тұрған не бар, бастысы – эмоция шынайы және күшті!»
- ✓ «Кристин Орбст (Германия): Мәссаған, мына жігіттің көмейінде тенор мен сопраноның арасындағы, ерге тән дауыс пен әйелге тән үн арасындағы бүкіл дыбыстар гаммасы түгел жүр ғой! Тұла бойым тітіркеніп кетті!»
- ✓ «Марсия Никайдо (Бразилия): Бұл сайыс емес шығар деп үміттенемін. Егер сайыс болса, онда басқа қатысушыларға жасалған әділетсіздік бұл. Мұнымен жарысуға кімнің шамасы келеді? Құдды бір әншінің ішінде үш әнші тұрған сияқты. Гажап!»
- ✓ «Эса Сейтту (Швеция): Менің бұл әнді тыңдап отырғаныма бірнеше сағат болды, тіпті, тоқтай алар емеспін. Әннің не туралы екенін де білмеймін. Мынау – адамның емес, періштенің дауысы. Музыка арқылы соғысты тоқтатуға бола ма? Иә, мына жігіт тоқтата



алады. Мен әлемнің жеті кереметі туралы естігем, бірақ, мына әншінің ғажайыбы бәрінен асып түсетін сияқты. Мынадай дауысты жаратқан Құдайға енді сенбесіме амал жоқ!»

(Тоқтар Рақымжанұлы elana.kz/)

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Сұхбат не туралы болды?
2. Сіздің ойыңызша, сұхбат беруші тұлға деп атауға лайық адам ба?
3. Қандай жауаптары арқылы Қанатты патриот ретінде тануға болады?



2. Сұхбатты қайта тыңдаңыз. Сөйлемдегі артық сөзді тауып жазыңыз.

1. 2010 жылы алдыңғы атамекені Қазақстанға көшіп келген.

2. Екі қазақстандықты бір рингте бір-біріне екеуіне қарама-қарсы қою керек емес.

3. Қазақстан жастары үйде жалғыз отырмай шетелге шықса еken деймін.

4. «Астана Арландары» кәсіби клубында тұлға өнер көрсеткен.

5. Халқымыздың батыры болуға атана берсін деп тілеймін.

3. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.



1) Кесіпқой қазақ боксшысы Қанат Исламұлы қай жерде дүниеге келген.

Қытайда

Қазақстанда

АҚШ-та

2) 2010 жылы қайда көшіп келген?

Қытайда

Қазақстанда

АҚШ-та

3) Ел көру, жер көру үшін кімді және қайда ертіп баруға болады?

**Журналистерді –
боксқа**

**Г. Головкинді –
рингке**

**Отбасын –
Америкаға**

4) «Астана Арландары» қандай үйым?

**Промоутерлік
клуб**

Кесіби клуб

Бокс клубы

5) 10 дүркін чемпионы.

Қытайдың

**Азия
ойындарының**

Чикагоның

4. Сәйкестендіріңіз.

- 1** Егер халық қаласа, онымен рингке шығар едім
- 2** Соққылары жақсы
- 3** Ол жаққа біржола қоныс аудару мүлдем ойымда жоқ
- 4** Бір рингке қатар шығару қажет емес
- 5** Маған жер бетінде одан артық жәннат жоқ
- 6** Еліміздің көк туын желбіретсе еken деймін

АҚШ-қа

а

Екі қазақстандықты

ә

Қ. Ислам мен Г. Головкиннің

б

Қазақстаннан

в

Қазақстан жастары

г

Г. Головкинмен

ғ

ЖАЗЫЛЫМ

- 1. Берілген эссе құрылымын сақтай отырып, «Адамның тұлға ретінде қалыптасуына әлеуметтік ортасы мен алған тәрбиесі зор әсер етеді» деген тақырыпта шағын эссе жазыңыз.**



Эссе құрылымы

Кіріспе

1. Эссе тақырыбын түсінгені туралы сөйлем.
2. Тақырыптың өзектілігі туралы жазу.
3. Тезис (позиция/ұстаным, негізгі идея).
4. Кіріспе мен негізгі бөлімді байланыстыруышы сөйлем.

Негізгі бөлім

1. Тезисті қолдаушы 1-пікір.
2. Пікірге қатысты аргумент.
3. Талдау.
4. Абзаңты қорытындылаушы сөйлем.
5. Тезисті қолдаушы 2-пікір.
6. Пікірге қатысты аргумент.
7. Талдау.
8. Абзаңты қорытындылаушы сөйлем.
9. Тезисті қолдаушы 3-пікір.
10. Пікірге қатысты аргумент.
11. Талдау.
12. Абзаңты қорытындылаушы сөйлем.

Қорытынды бөлім

1. Кіріспе бөлімдегі тезиске қайта оралу.
2. Негізгі бөлім абзаңтарының түйіні.
3. Қорытынды сөйлем (эссе ерекшелігіне қарай ұсыныс. Шешімдер де жазылады).

АЙТЫЛЫМ

1. Берілген сыйбаны қолдана отырып, тіл үйренушінің тілдік тұлғасы жайлы ой толғаңыз.



2. Өз бойызыда тілдік тұлғаның қандай қасиеттер бар екені жайлы әнгімеленіз.

3. Сұрақтар төңірегінде ойланып, өз тілдік біліміңізді бағаланыз.

- ✓ Қандай шет тілдерді білесіз?
- ✓ Қандай тілдерді үйреніп жүрсіз?
- ✓ Шет тілдерді меңгеру деңгейіңіз қандай?
- ✓ Шет тілдегі оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым әрекеттерінің қайсысы сізге жеңілірек тиеді?
- ✓ Тіл/дер/ді қандай мақсатта үйренесіз?
- ✓ Тіл үйрену арқылы өз өміріңізді жақсартуға болады деп есептейсіз бе?
- ✓ Өзіңізді тіл үйренушінің тілдік тұлғасына қойылатын талаптарға сай адаммын деп бағалайсыз ба?





2-САБАҚ

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРГЕН ӨЗГЕ ҰЛТ ӘКІЛДЕРІ. ШЕТЕЛДЕГІ ОТАНДАС ТҰЛҒАСЫ

1. 293-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Адамның тұлғалық қасиетін білдіретін сөздерді табыңыз.

e	a	K	ы	л	d	ы	K
e	б		б	с	а	с	i
б	а	Ү	i	а	т	е	ш
e	қ	л	л	б	а	н	i
к	ы	г	i	ы	қ	i	p
қ	т	i	m	r	t	m	e
о	т	л	d	л	ы	д	й
r	ы	i	i	ы		i	i
t	a	б	ы	c	t	ы	л
c	a	л	m	a	қ	t	ы

1) _____

6) _____

2) _____

7) _____

3) _____

8) _____

4) _____

9) _____

5) _____

10) _____

11) _____

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

- Сіз қазақ тілінде сөйлейтін басқа ұлт әкілдерін білесіз бе?
- Олар қандай мамандық иелері?
- Сіз теледидар көресіз бе?
- Қандай телебағдарламаларды ұнатастыз?
- Қандай телебағдарлама жүргізушилерін білесіз?
- Қазақ тілінде сөйлейтін телебағдарлама жүргізушилерінен кімдерді танисыз?
- Ол адамдар бақытты деп ойлайсыз ба?
- Қазақ тілінде еркін сөйлегініз келе ме?
- Телебағдарлама жүргізушиі болғының келе ме?

2. Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

Улгі: Маңғыстау облысында дүниеге келген.

1. Маңғыстау	тілді	жақсы	сөйлейді.
2. Мемлекеттік	облысында	еркін	әзірлейді.
3. Алматыны	тілінде	білу –	келген.
4. Қазақ	ерекше	дүниеге	көреді.
5. Үлттық	тағамдарды	дәмді	міндет.

3. Бос орындарға тиісті қосымшаларды қойыңыз.

1. Мемлекеттік тіл ____ біледі.
2. Дүние ____ келген.
3. Көрермендер ____ көңілінен шығады.
4. Қазақ тілі ____ сөйлеседі.
5. Қазақ мектебі ____ бітірген.
6. Домбыра ____ құлағында ойнайды.
7. Қазақ тілі ____ жетік меңгерген.
8. Қазақ балабақшасы ____ барған.
9. Ел ____ салт-дәстүрін біледі.

4. Мәтіндерді оқыңыз.

Қазақ тілін өз ана тіліндей меңгерген өзге ұлт өкілдері

Оксана Лоскутова – «Астана» арнасының жүргізушісі. Оксана мектепте, жоғары оқу орнында орысша оқығанымен, оның журналистикаға деген махаббаты қазақ тілімен егіз.

Қызыметінде, достарымен тек қазақ тілінде сөйлесетін Оксана тіпті орысшаны азайтып бара жатқанын айтты. Оксана көп балам болса еken деп армандаиды.



Танымал тележүргізуши Игорь Сахар Маңғыстау облысында дүниеге келген. Анасының айтуынша, Игорь бала кезінен қазақшаны өте жақсы біледі. Батыстың тұмасы болғандықтан, жиі қолданатын диалект сөздері «құрсын, қасқа». Өзінің болашақ жары қазақ қызы болса деп армандаиды. Қазақтың ырымдарын, дәстүрін ұстанатын Игорь Сахар тіпті қасиетті Рамазан айында ораза ұстап, дүға етуді де құп көреді.

Ұлты қәріс болса да, қазақ тілін жетік меңгерген Ирина Тенді халық Қазақстан Ұлттық арнасындағы «Таңшолпан» бағдарламасы арқылы таниды. Ирина өз ата-анасын табыстырған әсем қала – Алматыны ерекше жақсы көреді.

«Мемлекеттік тілді білу – әразаматтық міндегі. Кейде қазақша сөйлеуге ұлатын, қазақ тілін менсінбейтін бауырларымызды көріп жаным ашиды», – дейді ол.



Өзі бір кезде әкесінің кеңесімен қазақ мектебін бітірген тележургізуши Майя Веронская өз ұлын да қазақ балабақшасына беріпті.

М. Веронская: “Балаларыңызды қазақ мектебіне беріңіздер деп айта алмаймын, бірақ, Қазақстанды жаңыңызben жақсы көрсөніз, болашағыңызды осы мемлекетпен байланыстырысаңыз, балаңызды шетелдік азамат секілді тәрбиелеменіздер”, – деген кеңес береді.

Алматыда дүниеге келіп, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында нағашы жүртінген қолында тәрбиеленген Юлия Кушнарева қазақ тілінде еркін сөйлейді. Уш жасынан бастап қазақ балабақшасына барған.

Отандық сүйікті фильмі – «Тақиялы періште». Сүйікті жазушылары – М. Әуезов, Ә. Нұрпейісов, И. Есенберлин.

«Мен үшін ана тілім – қазақ тілі. Қазіргі таңда орыс тілі – екінші тілім», – деді журналист.



Қызылорда облысы Арап ауданында туып-өсken орыс қызы Анна Данченко – қазір бүкіл Қазақстанға танымал журналист, продюсер.

Анна мектепте орысша оқығанымен, университетті қазақ тілінде бітірді. Ол ағылшын, неміс тілдерін де еркін игерген. Ұлттық аспап домбыраның құлағында ойнайды.

Қазақы қонақжайлық, мейірбандық қасиеттер Аннаның бойына сонау бала құнінде дарыған. Ерсі киіну, ұлкендерге қарсы сөйлеу секілді жаман әдеттер оған мүлде жат.

Көгілдір экран арқылы қазақ тілді көрермендердің көңілінен шығып жүрген, ұлты орыс болғанымен тілі қазақ тележургізушиңің бірі – Ольга Спирина.

Ол Қазақстанда тұрып, елдің салт-дәстүрін білмеу үят деп санайды. Қазақтың ұлттық тағамдарын дәмді әзірлейді.

«Мемлекеттік тілді өте жоғары деңгейде меңгергім келеді. Қазақ тіліндегі кітаптарды көп оқып, тілдің қыр-сырын үйренсем деймін», – дейді Ольга.



(Жұлдыздар әлемі)

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- Мәтіндердегі басты кейіпкерлер сізге таныс па?
- Олар жүргізетін телебағдарламаларды көрдіңіз бе?
- Мәтін кейіпкерлерінің қазақ тілін менгеруіне нелер әсер еткен?
- Мәтін кейіпкерлерін өмірден өз орындарын тапқан тұлғалар деп есептейсіз бе?
- Телебағдарламалар да көп, олардың жүргізушілері де көп. Ал осы мәтін кейіпкерлерінің танымал болуарының басты себебі не деп есептейсіз?
- Жақын адамыңыз осы кейіпкерлердей танымал тұлға болғанын қалар ма едіңіз?
- Мәтін кейіпкерлері бақытты адамдар деп ойлайсыз ба?

6. Қанатты сөздер мен мақал-мәтелдермен танысыңыз.



Жеті жүрттың тілін біл,
Жеті түрлі ілім біл.

Өз тілің – бірлік үшін,
Өзге тіл – тірлік үшін.

Орыс тілі әр елге, ағылшын
тілі әлемге есік ашады.

Өзге тілді білсең – өрге шығасың,
Өз тілінді білсең – төрге шығасың.

Көп тіл білгеннің көбесі сөгілмейді.

7. «Көп тілді білу – заман талабы» деген тұжырымға қатысты өз көзқарасыңызды жазыңыз.

Келісемін / келіспеймін	Себебі	Сондықтан

8. Қазақ тілін үйренуді жаңадан бастаған әріптесіңізге кеңес беріңіз.



Әуелі	
Одан кейін	
Келесі кезекте	
Сонымен қатар	
Ең соңында	

9. Көпшілік алдында қазақ тілінде баяндама жасау үшін қажетті әрекеттеріңіздің жоспарын жазыңыз.



1)	
2)	
3)	
4)	
5)	

10. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

Бүгінде ағылшын тілі _____ сыныптардан бастап оқытыла бастады.	<ul style="list-style-type: none"> • бастапқы • бастауыш • бастама
Мемлекеттік тіл _____ – барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі.	<ul style="list-style-type: none"> • бар • барлық • барша
Мемлекеттік тіл _____ ие болған қазақ тілі – ұлттық руханияттымыздың өзегі.	<ul style="list-style-type: none"> • мәртебесіне • марапатына • мадақтауына
Тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты _____.	<ul style="list-style-type: none"> • белді • белдеу • белгі
Біз мемлекеттік тілді дамытып, орыс тілі мен ағылшын тілін _____ қарай үйренуіміз керек.	<ul style="list-style-type: none"> • қажетіне • қажеттісі • қажетімен

11. Сөйлемнің екі бөлігін сәйкестендіріңіз.

1	Мемлекеттік тілді жетік білетін әр азаматтың қоғамдық өмірге	A	мемлекеттік қызметкерлердің ең басты біліктілік талабына айнала бастады.
2	Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу	Ә	лауазымдар саны күн өткен сайын артып келеді.
3	Бір ғана тіл арқылы қоғамдық өмірдің	Б	оңай араласа алатындығын өмірлік тәжірибе дәлелдеп отыр.
4	Мемлекеттік тілді блу талабы қойылатын	В	бұлағына сусындалатын рухани әлеміміздің сарқылмас қазынасы.
5	Тіл - тарих тереңіне бойлатып, өнер мен мәдениеттің кәсіпорындарын	Г	тынысын толыққанды сезіну мүмкін емес.

ГРАММАТИКА

1. Ережені қайталаңыз.

Мезгіл мәнді сөйлемдер

277 - бет

2. Үлгі бойынша сөйлемдерді түрлендіріңіз.

Үлгі:

1	Юлия студент кезінде жастармен тапысқанда , бәрі оны қазақ қызы деп ойлан қалады екен.
2	Юлия студент кезінде жастармен тапысқан кезде , бәрі оны қазақ қызы деп ойлан қалады екен.

1	Әкесі қазақ мектебіне ауысасың ба де....., Майя Веронская қарсы болмаған екен.
2	Әкесі қазақ мектебіне ауысасың ба де....., Майя Веронская қарсы болмаған екен.

1	Вера қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын өте жақсы бағамен аяқта....., оны облыстық телевидение басшылығы жұмысқа шақырды.
2	Вера қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын өте жақсы бағамен аяқта....., оны облыстық телевидение басшылығы жұмысқа шақырды.

1	Теледидарды қосып қара....., әп-әдемі орыс қызы қазақ тілінде сайрап отырды.
2	Теледидарды қосып қара....., әп-әдемі орыс қызы қазақ тілінде сайрап отырды.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Төменде берілген тұжырымдарды дәлелдеп, өз пікіріңізді жазыңыз.

1-ТҰЖЫРЫМ	ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЗ АНА ТІЛІНДЕЙ МЕҢГЕРГЕН ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ – ҚОҒАМ ЖАСТАРЫНА ҮЛГІ.
Себебі	
Мысалы	
Сондықтан	



2-ТҰЖЫРЫМ	АДАМ ӘРБІР ЖАҢА ШЕТ ТІЛДІ МЕҢГЕРГЕН САЙЫН, ОНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЙЕ ТУСЕДІ.
Себебі	
Мысалы	
Сондықтан	

Тұжырымды дәлелдеуге қажетті құрылымдар

мысалы, біріншіден, екіншіден,
сонымен, қорыта келгенде,
демек, соған қарамастан,
соған сай;
өйткені, деп ойлаймын,
мен оны былай түсіндіремін

АЙТЫЛЫМ

1. Төменде берілген мәліметтерді пайдаланып, ақпараттарға талдау жасаңыз.

- Жоба атавы: «Қазақ тілін бір айда менгеру».
- Ұйымдастырушы: «Уласть» интернет-журналы.


p/c	Қатысушының аты-жөні	Өздері қалап алған тіл үйрену әдістері
1	Математик Ибрагим Ибатуллин	Бір ай бойы ауылда болып, тілдік ортаға ену арқылы үйрену.
2	Журналист Ольга Малышева	«Қобыланды жырын жаттау» этнолингвистикалық әдісі бойынша үйрену.
3	IT-маман Ольга Капитова	Оқытушыдан жеке сабак алу арқылы үйрену.
4	PR саласының маманы Юлия Кузнецова	Өз бетімен, оқулықтар арқылы меңгеру.
5	Инженер Сергей Горбунов	Онлайн режимінде тегін оқытатын «www.soyle.kz» интернет порталы арқылы үйрену.

3. Жоба қорытындысы.

p/c	Қатысушының аты-жөні	Жоба басталар алдындағы сынақ нәтижесі	Жоба соңындағы сынақ нәтижесі
1	Ольга Малышева	76 ұпай	91 ұпай
2	Ибрагим Ибатуллин	71 ұпай	94 ұпай
3	Ольга Капитова Басын	44 ұпай	45 ұпай
4	Юлия Кузнецова	59 ұпай	74 ұпай
5	Сергей Горбунов	42 ұпай	45 ұпай


2. Жоспарды пайдаланып ойыңызбен бөлісіңіз.

- Бастапқы және соңғы сынақ аралығында ең көп ұпай жинаған қатысушы.
- Бастапқы және соңғы сынақ аралығында ең аз ұпай жинаған қатысушы.
- Жоба қорытындылары бойынша ең тиімді тіл үйрену әдісі.
- «www.soyle.kz» интернет порталы.
- Сайыс қатысушыларына тілек.
- Тіл үйренудің ең тиімді тәсілі.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Шетелге маңылған қазақ қыздары



Қазақстандық Самал Еслянова 71-ші Канн кинофестивалінде үздік актриса атанды. Ол ресейлік режиссер Сергей Дворцевойдың «Айка» фильмінде басты рөльді сомдаған. Самал марапаттау кезінде ұлттық нақышта киініп, сезін қазақша бастады. Оның қазақ қызына тән ұяңдығына, ана тіліне деген құрметіне тәнті болған ел жылы лебіздерін аямады.

Самал 1984 жылды Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. 2011 жылды Ресей театр өнері университетінің актерлік факультетін бітірген. Бұдан білеек «Тюльпан» фильміне түсken. Қазіргі уақытта Мәскеу қаласында тұрады.



Forbes журналының нұсқасы бойынша, Гүлжан Молдажанова Ресейдің 20 ең үздік топ менеджерлерінің қатарына кіреді. Алматыда туылып, білім алған Гүлжан 7 000 000 \$ жалақы алады. Дәл қазір Мәскеуде қызмет жасайды.



Алтынай Асылмұратова – Ваганова атындағы орыс балет театрының көркемдік жетекшісі. Әсем қаламыз Алматыда дүниеге келген. Санкт-Петербург қаласында тұрады, әрі сол жерде қызмет жасайды. 80-90 жылдарда Мариинский опера және балет театрының прима балеринасы болған.



1988 жылдан бері Чехияда тұратын елу төрт жастағы Жәмила Стекликова қоғамдық-саяси қызметпен айналысып, Жасылдар партиясына өткен, кейін сол елдегі адам құқықтары және шағын ұлттар мәселесі жөніндегі министрі болған.

(Massaget.kz)

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.



№4



- Мәтінде кім жайлы баяндалады?
- Отандасымыз халықаралық қаржы орталығына қандай үлес қосқан?
- Мәтінде Алма жайлы кімдердің пікірлері берілген?
- Алманың тұлғалық келбетін қандай сөздермен сипаттар едіңіз?
- Алманың осындағы тұлға дәрежесіне жетуіне қандай қасиеттері әсер етті деп ойлайсыз?

2. Бағанда берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

1	игі	а	көру
2	дертке	ә	залы
3	зейнетін	б	табу
4	мәжіліс	в	bastama
5	жалғасын	г	жазу
6	маңдайына	ғ	шалдығу
7	сеніп	д	еңбек
8	әлемдік	е	елдер
9	ерен	ё	орталығы
10	дамуши	ж	тапсыру
11	қаржы	з	адал
12	достыққа	и	банк

3. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

жан, дамуына, таныс, күрес,
көру, қабілетін,

абырой, жалғасын, жобаларды

	Достыққа адал <u>жан</u> еді.
	Кезінде түрлі _____ бірлесе атқардық.
	Кедейшілікпен _____ бағытында еңбек етті.
	Игі бастамалары әлі күнге дейін _____ тауып келеді.
	Отандасымыз халықаралық қаржы орталығының _____ зор үлес қосқан екен.
	Бейнетінің зейнетін _____ маңдайына жазбапты.

	Алмамен _____ болғанымызға 20 жылдан асты.
	Ұжымында зор _____ -беделге ие болды.
	Іскерлік _____ жоғары бағалады.

4. Сөйлемдегі артық сөзді тауып жазыңыз.

1. Алмамен таныс болғанымызға 20 жылдан бері асты.

2. Оның ерен еңбегі әріптестері ескеріліп, мәжіліс залына есімі берілді.

3. Өзіне мойнына жүктелген кез келген тапсырманы тап-түйнақтай орындайтын.

4. Отандасымыз халықаралық қаржы беру орталығының дамуына зор үлес қосқан екен.

5. Массачусетс технологиялық институтында оқу білім алған.



БӨЛІМ ТАРИХ

1-САБАҚ

2-САБАҚ

Тарих толқынында

Жер-судың аты – тарихтың хаты



1 - САБАҚ

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

ІІІ БӨЛІМ

1. 294-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Сөзжүмбақты шешіп, табылған сөздердің ең бірінші әріптерін қосып оқыңыз.

1	2	3	4	5

- 1 *Тұсім, паيدа сөздерінің синонимі*
- 2 *Қазақстанның бас қаласы*
- 3 *Алғыс сөз*
- 4 *Жақсылық сөзінің синонимі*
- 5 *Ел сөзінің синонимі*

3. Төмендегі сұрақтар төңірегінде пікір алмасыңыз.

Ел тарихы сізді қызықтыра ма?

Қандай тарихи оқиғалар мен даталарды білесіз?


Тарихи оқиғалар өзінің әділ бағасын алуы қажет деп санайсыз ба?

«Халықтың тарихи жады» дегенді қалай түсінесіз?

4. Өзіңіз жақсы білетін тарихи оқиғалар туралы мәлімет толтырыңыз.

Болған уақыты	Оқиға атауы	Ерекшелігі

4. Қосымша дереккөздерге сүйене отырып, сұраққа жауап беріңіз.



**Қазақ хандығының
550 жылдығы
қай жылы тойланды?**

Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алаш Орда үкіметінің 100 жылдығы қашан тойланды?



Саяси қуғын-сүргін құрбандарын
қай күні еске аламыз?
Ол қандай тарихи оқиғалармен байланысты?



Тәуелсіздік күні – қай күн?
Ол қандай тарихи оқиғаға
байланысты?

ОҚЫЛЫМ

1. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркесін қураңыз.

A	
1 - Г -	Орхон
2 - ____	руна
3 - ____	рухани
4 - ____	қазақ
5 - ____	тарих
6 - ____	Алашорда
7 - ____	Желтоқсан
8 - ____	жеті

Ә	
A	жазуы
Ә	мұра
Б	сахнасы
В	көтерілісі
Г	жазбалары
F	жарғы
Д	үкіметі
E	хандығы

2. Синонимдерді сәйкестендіріңіз.

1 - F	басқыншылық
2 - ____	Бірыңғай
3 - ____	Жарғы
4 - ____	тұңғыш
5 - ____	мұра
6 - ____	гүлдену

A	заң
Ә	бірінші
Б	мирас
В	біркелкі
Г	даму
F	жаулаушылық

3. Бос орынға тиісті қосымшаны қойыңыз.

1. Қазақ руханияты ____ алтын ағысы.
2. Қазақ өз мемлекетін құру ____ көздеді.
3. Бұл оқиғаның тиісті бағасы ____ бергеніміз жоқ.
4. Осы кезеңде тарих сахнасы ____ Абылай хан келді.
5. Олар ____ ортақ ұраны – Алаш болды.
6. Қожа Ахмет Ясауи кесене ____ – қазақ мемлекеттігінің нысанасы.
7. Гоби маңы ____ ғұндар билік құрды.

4. Оқыңыз.

Қазақ тарихының он екі кезеңі



(Елбасы Н. Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабы бойынша)

1. Қазақстанның бүкіл аумағын ежелгі арийлердің қоныстануы. Оған Сынтасты, Арқайым қорым-кешендері кіреді.

2. Осыдан 4-5 мың жыл бұрын арийлер Үнді өзені бойына ығысты. Ежелгі қазақ жері әлсірей бастады. Одан таңбалы қамшы белгісі қалды. Есік, Бесшатырдағы Сақ патшалары қорғандары – одан кейінгі дәуірдің белгілері.

3. Осыдан 3-4 мың жыл бұрын Гоби маңында ғұндар билік құрды. Тәңірге табыну басталды.

4. Осыдан 1,5 мыңжыл бұрынғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері жинақталып, кейін олар түркі қағанатын – Мәңгілік елді қалыптастыруды. «Қорқыт ата» аңызы – сол заманның тарихи сарыны.

5. Бұдан 1300-1100 жылдар бұрын түркі халықтарының рухани орталығы Шығысқа көшті. Ол Орхон-Енисей жазбаларында таңбаланды. Тонықек, Күлтегін рунасының жазбаларын, қырыққа тән жәдігерлерді енгізуге болады.

6. Осыдан 1100-900 жылдар бұрын Қазақстанға ислам діні дендеп енді. Араб әрпі руна жазуын ығыстырып шығарды. Ғылым-білім дамыды. Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари – сол заманның сөнбес жұлдыздары.

7. XI ғасыр түркілерден шыққан тұңғыш сопы – Қожа Ахмет Йассауи хикметтерімен ерекшеленеді. Ол қазақтардың рухани мұрасы. Ал Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ол қазақтың ұлы тұлғаларының пантеоны.

5. Тарихи оқиғалар қай ғасырда болғанын жазыңыз.

Үлгі: Осыдан 1,5 мың жыл бұрын ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері жинақталып, кейін олар түркі қағанатын – Мәңгілік елді қалыптастыруды.	V ғасырда ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері жинақталып, кейін олар түркі қағанатын – Мәңгілік елді қалыптастыруды.
Бұдан 1300-1100 жылдар бұрын түркі халықтарының рухани орталығы Шығысқа көшті.	_____ - _____ ғасырларда түркі халықтарының рухани орталығы Шығысқа көшті.

Осыдан 1100-900 жылдар бұрын Қазақстанға ислам діні деңдеп енді. Араб әрпі руна жазуын ығыстырып шығарды.	_____ - _____ ғасырларда Қазақстанға ислам діні деңдеп енді. Араб әрпі руна жазуын ығыстырып шығарды.
---	---

6. Мәтінде берілген деректерді саралап, инсерт кестесін толтырыңыз.

БІЛЕМІН	БІЛДІМ	БІЛГІМ КЕЛЕДІ

7. Өзіңіз білмеген тарихи оқиғаларға байланысты сұрақтар құрастырыңыз.

8. Берілген сөздерден сөз тіркесі мен сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама.

Ақтабан	жүздің	руна	жазуын	келді.
Тарих	сахнасына	таңбаларын	көл	айналды.
Желтоқсан	руханиятының	алқа	тасқа	сұлама.
Араб	шұбырынды,	алтын	хан	қашады.
Үш	әрпі	Абылай	ағысына	оятты.
Қазақ	көтерілісі	қазақтардың	рухын	ығыстырды.

9. Мәтінге сүйеніп, дұрыс / қате жауаптарды белгілеңіз.

Дұрыс		Қате
<input type="checkbox"/>	Асан қайғы, Шалқиіз «Жеті жарғыны» жасады.	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Қазақстанға ислам діні осыдан 1100-900 жылдар бұрын деңдеп енді.	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Түркілерден шыққан тұңғыш сопы – Қожа Ахмет Ясауи XII ғасырда өмір сүрді	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Қазақ хандығы XV-XVIII ғасырларда құрылды.	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	1749 жылы Аңырақай шайқасы болды.	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	1986 жылы Желтоқсан көтерілісі болды.	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Қазақ халқы араб жазуынан кейін руна жазуын қолданды.	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Тәуке хан XVII ғасырда өмір сүрді.	<input type="checkbox"/>

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Айқындауышты сөйлемдер

280 - бет

2. Тарихи тұлға есімін қосалқы айқындауышымен сәйкестендіріңіз.

I	
1	Қазыбек
2	Атымтай
3	Шыңғыс
4	Бұқар
5	Асан

II	
A	жомарт
Ә	хан
Б	қайғы
В	би
Г	жырау

3. Оңашаланған айқындауышты орындарына қойыңыз.

Махмұт Қашқари

тұңғыш сопы

Мәңгілік елді

хикметтерін

түркілер

Осыдан 1,5 мың жыл бұрын ғұн нәсілдері – _____ – Ашина руының түркілері жинақталып, кейін олар түркі қағанатын – _____ қалыптастырыды.

XI ғасыр түркілерден шыққан _____ – Кожа Ахмет Ясауи –өзінің өлмес-өшпес мұрасы – _____ жазды.

_____, XXI ғасырдағы түркітануыш ғалым, «Диуани- лұғат-ит түрк» сөздігін жазды.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Елбасы Н. Назарбаевтың 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабының мазмұнымен танысыңыз.



Мазмұны

1. Ұлттық келбетті ұлықтайық.
2. Қазақ даласы – ұлы түркі елінің қара шаңырағы.
3. Мәдениет келешегі.
4. Алаш мұрасы және осы заман.
5. Ұлттық бірегейлік туралы.
6. Тоталитарлық тәртіп пен ұлттық ұфымдар.
7. Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері және тарих тағылымдары.
8. Тарихтың шеңберлері ұлттық зерде.

\http://personal.akorda.kz/images/file/959b66d4788891c7fce7e8c3da605f72.pdf сілтемесі бойынша кітаптың электронды нұсқасымен танысыңыз.

3. Автордың пікірін зерделей оқып шығыңыз.



«...Мен қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттігінің ғұмыр-шежіресін ізге көтерген кезден бастаганның өзінде, қазақтың бес гасырлық төл тарихын білуге тиіспін. Бұган қоса бүкіл түркі халықтарының тарихи бесігі – түркі қаганатын естен шыгаруға болмайды, ал бұл дегеніміз, асау аттай 1500 жыл бұрынғы тарихи кезең...»

(Н. Назарбаев.
«Тарих толқынында».
А., 1999. 5-б.).

4. Ұсынылған тілдік бірліктерді қолдана отырып, кітапқа пікір жазыңыз.

Керекті сөздер:

Ұлттық тарихқа стратегиялық түрғыдағы көзқарас, тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, арнайы тарихи зерттеулер бағдарламасы, біртұтастылық, көшпенділер өркениетінің өзгешелігі, көшпенділер социумы, ұлттық дүниетаным, халықтың біркелкілігі, дүниежүзілік тарихтағы қазақтардың тарихи қызметі мен орны, ұлттық сананың мәні.



АЙТЫЛЫМ

1. Төменде берілген мәліметтерді зерделей оқып, талдау жасаңыз.

Түркі дүниесінің пайдаланған әлімшілері

Арамей	Б.з.д. X – V ғ.ғ.
Байырғы түркі	Б.з.д. IV – 6.з. X ғ.ғ.
Брахми	Б.з.д. I – VI ғ.ғ.
Софды	Б.з.д. VI – VII ғ.ғ.
Ұйғыр	Б.з.д. VII – XVI ғ.ғ.
Манихей	Б.з.д. IV – X ғ.ғ.
Қидан (Қарақытай)	Б.з.д. IX – X ғ.ғ.
Қытай (Иероглиф)	Б.з.д. I – X ғ.ғ.
Сириялық әліпби	Б.з.д. V – XV ғ.ғ.
Армян әліпби	Б.з.д. XIV – XV ғ.ғ.
Монғол	Б.з.д. XII – XIV ғ.ғ.
Тод (Анық жазба)	Б.з.д. XVIII ғ.ғ.
Араб әліпби	Б.з.д. VIII ғ. – бұгінге дейін
Араб төте жазуы (А.Байтұрсынов әліпби)	1912 ж. – бұгінге дейін
Латын әліпби	1928 – 1940 ж.ж.
Кирилл әліпби	1940 жылдан бұгінге дейін

2. Сұрақтар бойынша өз пікіріңізді жүйелеп айтыңыз.



- Жазу мәдениетінің болуы елдің әлеуметтік жағдайы жайлы қандай мәліметтер бере алады?
- Қазақ елінің жазуды бірнеше рет ауыстыруының тарихи себептері қандай деп ойлайсыз?
- Бұгінгі күндегі латын әліпби негізінде қазақ жазуына көшу мәселесіне қатысты ой-пікіріңіз қандай?
- «Күндердің бір күнінде төл жазуымыз – байырғы түркі жазуына қайта келуіміз мүмкін» деген болжамға қатысты пікіріңіз қандай?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

1. Тарихи деректерді зерттеумен айналысатыны қосалқы ғылым салалары

Тарихи деректерді зерттеумен айналысатын қосалқы ғылым салалары



Эпиграфика – тастағы, металдағы, сүйектердегі, ағаштардағы жазбалар



Нумизматика – теңгелердегі жазулар



Папирология – папирустардағы жазуларды зерттеу



Текстология – әдеби ескерткіштердегі тексттер тарихын зерттеу



Дипломатика – заң актілерін зерттеу

<i>Қазақ хандары</i>	
Керей хан	- 1456-1473ж
Жәнібекхан	- 1473-1480ж
Бұрындықхан	- 1480-1511ж
Қасым хан	- 1511-1518ж
Мамаш хан	- 1518-1523ж
Табырхан	- 1523-1533ж
Бүйдаси хан	- 1533-1534ж
Қожа Манмұд	- 1534-1535ж
Тогым хан	- 1535-1537ж
Хақназархан	- 1538-1580ж
Шығай хан	- 1580-1582ж
Тәуекел хан	- 1582-1598ж
Есім хан	- 1598-1628ж
Жәңгір хан	- 1628-1652ж
Тәуке хан	- 1680-1715ж

Хронология – тарихи оқиғалардың дәл уақытын анықтау



Геральдика – ел таңбаларындағы жазулар

Тарихи география – өткеннің географиялық тарихын зерттеу

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Мәтінде не туралы баяндалады?
2. Қазақ хандығын кімдер құрды?
3. Алғашқы қазақ хандығы қай жерде құрылды?
4. «Қазақ» сөзі қандай мағына береді?
5. Қазақ хандығының құрылуының саяси және қоғамдық мәні қандай деп ойлайсыз?



2. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Сөйлемдегі артық сөзді тауып жазыңыз.

1. Ол кезде Дешті Қыпшақты халықты Әбілхайыр хан биледі.

2. Нәтижесінде сонда Керей мен Жәнібек Моголстанға көшіп кетті.

3. Жетісү мемлекет пен бірлестігінің орталығына айналды.

4. Қазақстанда елінде қазақ хандығының 550 жылдығы тойланды.

5. Қазақ хандығының сол құрылуы – Қазақстан тарихы үшін белесті кезең.

3. Сәйкестендіріңіз.

- 1** Мұхаммед Хайдар Дулати
- 2** Мемлекет бірлестігінің орталығына айналды.
- 3** Нағыз сақтар деген мағынаны береді
- 4** Қазақ хандығының бастапқы жері
- 5** 870 жылдар
- 6** Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланды

- | | |
|--|----------|
| «Қазақ» сөзі | a |
| Жетісу, Шу, Талас аймағы еді | ә |
| «Тарихи-и-Рашиди» атты еңбек жазды | б |
| 2015 жылы | в |
| Жетісу | г |
| Жаңаша күнтізбе бойынша 1465-1466 жылдар | ғ |



1. 294, 295-беттердегі сөздермен танысыңыз.

2. Алдыңғы сабакта оқыған сөздерді табыңыз.

A	Ң	Ы	Р	А	Қ	А	Й	О
А	Л	А	Ш	О	Р	Д	А	Р
F	Х	Т	А	Р	И	Х	С	Х
Ұ	А	Т	Ү	Р	К	І	А	О
Н	Н	Ж	А	Р	Ғ	Ы	Қ	Н
Ж	Е	Л	Т	О	Қ	С	А	Н

ОҚЫЛЫМ

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тұран аймағы, тарихи түркілер елі жайлы естіген бе едіңіз?
2. Түркістан қаласы жайлы не білесіз?
3. Түркістан облысы құрылғанына сіздің көзқарасыңыз қандай?
4. Түркістан қаласын жаңа деңгейде дамыту тарихи жадыны қалпына келтіруге әсер етеді деп ойлайсыз ба?



2. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркесін қураңыз.

А			Ә	
1 - <u>В</u> -	сопылық		A	серік
2 - ____	қорық-		Ә	бойы
3 - ____	қала-		Б	орталық
4 - ____	Елбасы		В	ілім
5 - ____	ғасырлар		Г	мұражай
6 - ____	тарихи		Ғ	жарлығы
7 - ____	мәдени		Д	үлес
8 - ____	зор		Е	атау

3. Мәтінді оқыңыз.



Түркістан қаласының тарихы 2 мыңжылдықтан бері келе жатыр. Тұран аймағы деп аты аңыз болған, «тарихи түркілер елі» атанған Түркістан – Орта Азия мен Тұран даласындағы ең көне қала. Қала ежелде Ясы деп аталып, оның төңірегі VII-XII ғасырларда Шауғар өнірі ретінде тарихта қалған. Шауғар саяси-экономикалық орталық болды. Кейбір деректер бойынша Ясы ежелгі Шауғардың жанындағы қала болған, ал келесі бір пікір бойынша ол Шауғардың қала-серігі болған.

XII ғасырда сопылық ілімнің белсенді ұстанушысы Қожа Ахмет Ясауи осы қалада жерленді. XIV ғасырда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі салынған кейін Түркістан түркі әлемінің діни орталығына айналды. Кесенені түркезуга ұйытқы болған Әмір Темір болатын.

XV ғасырдан бастап Түркістан қаласы саяси және экономикалық орталық болды. 1598-1628 жылдары Есім хан Ясыны Түркістан деп атап, оны Қазақ хандығының орталығы етті. Қазақ хандары XVIII ғасырдың соңына дейін билік құрды.

Бүгінде Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени «Әзірет султан» қорық-мұражайының территориясында қазақтың билеушілері мен бір топ саяси және діни, рухани тұлғалары жерленген. Кесенеде қазақ халқының Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тауке хан, Шығай хан, Жәңгір хан, Қанжығалы Бөгенбай, тобықты Мамай, қоңырат Сырғақ сынды 164 атақты тұлғасы жатыр.

2018 жылдың 19 маусымы күні Елбасы жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысының атауы Түркістан облысы деп өзгертиліп, ғасырлар бойы Қазақ хандығының және бүкіл түркі әлемінің саяси әрі рухани орталығы болған Түркістан қаласы облыс орталығы болды. Түркістан деген тарихи атаудың облыс орталығына берілуі түркі халықтарының біргуіне және сол түркі халықтарының мәдени астанасы ретінде Түркістан қаласының гүлденуіне зор үлесін қосады.

4. Берілген тақырып қай абзацқа сәйкес келетінін табыңыз.

Тақырып	Абзацтың рет саны
Қазақ хандығының орталығы	1
Кесенеде жерленген қазақтың атақты тұлғалары	2
Түркістан облысы	3
Ежелгі Ясы қаласы	4
Қожа Ахмет Ясауи кесенесі	5

5. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Түркістан түркі әлемінің діни айналды.

- A) мекемесіне
- Ә) орталығына
- Б) ортасына
- В) орнына

Кесенені тұрғызуға болған Әмір Темір болатын.

- A) негіз
- Ә) көшбасшы
- Б) үйітқы
- В) басшы

Қазақ хандары XVIII ғасырдың соңына дейін құрды.

- A) көшбасшылық
- Ә) бастық
- Б) билік
- В) басшылық

Түркістан қаласының гүлденуіне зор қосады.

- A) пайдасын
- Ә) тілегін
- Б) бағытын
- В) үлесін

6. Мәтіннен мағынасы жуық сөзді табыңыз.

ғалам	әлем	қосылу	
аумақ		маңай	
даму		ескі	
негіз		ой	
тұтынушы		аяғы	
барша		шахар	
өкім		мәлімет	

7. Мәтіннен қосалқы айқындауышты кісі есімдерін теріп жазыңыз.

Қанжығалы Бөгенбай, _____, _____,
_____, _____, _____.

8. Дұрыс / қате ақпаратты белгілеңіз.

Түркістан – қазақ хандығының алғашқы астанасы.

Түркістан қаласы ежелде Шауғар деп аталған.

Түркістанды Ақсақ Темір салған.

Түркістан Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы болды.

Дұрыс	Қате

9. Оқыңыз.



Есіл өзенінің аңғарында, Бұзықты көлінің шығыс жағалауындағы орналасқан Бозок қалашығы күні бүгінге дейін сақталған. Қалашықтың құрылымы 40 га ауданды алатын солтүстіктен оңтүстікке созылған үш беліктен тұрады.

Үш белікті құрылым ішінде қалашықтың мінәжаттық орталығы орналасқан, ол жерде екі кірпіш кесенесінің, бір мұнараның, кірпішті күйдіру пешінің және 11 жерлеу орнының негіздері табылған.

Бұл кесенелер қазіргі Астананың орнында бұдан мындаған жылдар бұрын әскери белімшелер, рухани, әкімшілік билік, қолөнер және сауда орталығы болғандығын дәлелдейді. Бозоқты алғаш тапқан кезде археолог ғалым Кемел Ақышев бұл қалашықты Ақжол деп атағысы келген. Кейін, түркі-оғыздардың тарихы жөніндегі жазбаша дереккөздерде ол көл атауында сақталған Бұзықты деген топонимді анықтап, өзінің жұмысына Бұзық деп ат қойған екен.

Бұл мекен атауын білдіретін мағынаны талқылау барысында Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев пен К. Ақышев Бозоқ деген атау археологиялық феномен үшін қолайлы деген ортақ пікірге келеді.

Бозоқ – ежелгі түркі мемлекеттері әкімшілік құрылымының шығыс бөлігінің атауын білдіретін түркі-оғыздық термин. Қалашық атауы түркі-оғыз тілінде терең бойлайтын, бұзатын оқ деген мағынаны білдіретін «бұзық» және боз, ашық оқ дегенді білдіретін «боз оқ» сөздерінен тараған деген болжам бар.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтіннің тақырыбымен танысыңыз. Берілген сөйлемді оқыңыз.

Мәтіннің тақырыбы: «Жеке батыр».

«Жеке батыр» – Бурабай тауының солтүстігінде орналасқан тау атауы.



2. Тау неге «Жеке батыр» деп аталды деп ойлайсыз? Өз болжамыңызды жазыңыз.

Менің, ойынша, бұл таудың, «Жеке батыр» деп атапуының, себебі:

3. Мәтінді тыңдаңыз. Өз болжамыңыздың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.



№6



4. Сұрақтарға жауап беріңіз.




1. Мәтін не жайында?
2. Мәтінде басты кейіпкер қалай суреттеледі?
3. Мәтінде қандай тарихи кезең жайлы баяндалады?
4. Мәтіннің басты идеясы қандай?

5. Бағанда берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

1	Бурабай
2	жоңғар
3	жаумен
4	ауыз
5	мәңгі
6	жау

7	қалың
8	шегірткедей
9	бақыт
10	ер
11	жалғыз
12	болат



A	шайқасу
Ә	бірлік
Б	ұйқы
В	әскері
Г	тауы
F	шапқыншылығы

A	жолы
Ә	күресу
Б	қылыш
В	қол
Г	жету
F	үймелеу

6. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

өмір, қайғы, жолына, шапқыншылық, болып, тауының, жаумен


13	Бір арманшыл батыр <u>өмір</u> сүріпті.
14	Жаумен бірінші _____ қазақ батыры жолығады.
15	Олар да бақыт _____ жалғыз шыққан екен.
16	Ол _____ ұзақ шайқасады.
17	Жас кезінде уайым-_____ дегенді елемейді.
18	Жеке батыр – Бурабай _____ солтүстігінде орналасқан тау.
19	Қалмақтар жиі-жиі _____ жасап отырған.

7. Сөйлемдегі артық сөзді тауып жазыңыз.

- Мәңгі ұйқыға кеткен шашты сақалды батырдың бейнесін елестетеді.
- Мүмкін болса ғана, ауылдастарыма жақсылық жасасам, сонда олар тынышталар.
- Жол үстінде Жеке батырға басқа ауылдың жеке батырлары жолығады.
- Сонда ғана ол бақыт үшін жеке жалғыз күресудің қате екенін түсінеді.
- Алып тұлғалы батыр тау-тасқа айналып, мәңгілік ұйқыға беріледі кетеді.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

«Тарих» сөзі – «зерттеу», «оқиғалар жайлы әңгіме» деген мағынаны білдіреді. Сонау ежелгі дүниеде де тарихи әңгімелерді есіне сақтап, елге айтып отыратын адамдар болған. Қазақ халқы оларды шежіре айтушылар немесе шежірешілер деп атаған. Ал «шежіре» сөзі – есте сақтау, жадыдағы білім, рухани қазына дегенді білдіреді.



Жазба тарихтың негізін салған б.з.б. 484-425 жылдары өмір сүрген ежелгі грек тарихшысы Геродот болып есептеледі. Ол алғаш «Тарих» атты еңбек жазып, батыста «тарихтың атасы» деген атпен белгілі болды.

Ал шығыста тарихтың атасы Сыма Цяньді атайды. Ол б.з.б. 145-86 жылдары өмір сүріп, 130 тараудан тұратын «Тарихи жазбаларды» қалдырыды. Сыма Цянь б.з.б. З-мыңжылдықтан бастап өз заманына дейінгі тарихты жазып шықты.



Көне замандардан бастап ортағасырлық монғол хандықтарына дейінгі тарихты жазып қалдырған тарихшылардың бірі Рашид ад-Дин болды. Ол 1247-1318 жылдар аралығында өмір сүріп, «Жамиғ-ат таярих» кітабын жазды.

АЙТЫЛЫМ

1. Ұзынылған тұжырым бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз.

«Бүгінгі күнді тұсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек».

Н.Ә. Назарбаев

2. Сұрақтар бойынша әңгіме өрбітіңіз.

- ✓ Өзіңіз тұратын аймақтағы қандай тарихи мекен атауларын білесіз?
- ✓ Олар қандай тарихи оқиғалармен байланысты?
- ✓ Елді мекендерге тарихи атауларды қайтару мәселесіне қатысты қандай пікірдесіз?
- ✓ Танымы мол жер-су атаулары тарихи жадыны қалпына келтіруге зор әсер етеді деген пікірге қосыласыз ба?
- ✓ Елді мекен атауларының қазіргі күндегі өзгертілу барысы жайлы пікіріңіз қандай?



ЖАЗЫЛЫМ

1. Ақпаратпен танысыңыз.



Қазақстандық танымал саясаткер Ерлан Қарин 1638 жылы қағазға түсірілген қазіргі Қазақстан территориясы белгіленген картаны жариялады. Ол бұны АҚШ-қа жасаған сапары барысында сондағы мұрағаттардың бірінен қолына түсіргенін айтады. Саясаткер өз олжасын әлеуметтік желідегі параллаксында жарияладап, бұл 1638 жылы Франкфуртта түсірілгенін айтқан.

«Қараңыз, қандай керемет нәрсені тауып алып келдім – АҚШ-қа сапар алдында, бірнеше ай бұрын, американдық әріптестер-достарыммен хабарласып, тапсырма беріп, солардың

көмегімен, Қазақстанның тағы бір ескі картасын қолға түсірдім. Бұл карта 1638 жылы Франкфуртта басылған екен. Осының бұрын копиясы еді, түпнұсқасы бар», – деп жазады Ерлан Қарин.

Картада сол кездегі тарихи атаулар, «Ноғай», «Ақ орда», «Қазақ-татарлар», «Жоңғария» қатарлы жер атаулары мен териториялық көріністер анық белгіленген. Алаш мұрасына, жалпы қазақ тарихына ерекше дең қойып жүрген саясаткердің бұл олжасын желі қолданушылары жоғары бағалады.

(<http://e-history.kz/>)

2. Отандық тарих үшін маңызды құжаттың табылуымен Ерлан Қарин мырзаны және жалпы Қазақ елін құттықтаپ, өз пікіріңізді жазыңыз.

IV БӨЛІМ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ



1-САБАҚ

Мемлекет

2-САБАҚ

Цифрлық қоғам

МЕМЛЕКЕТ

1-САБАҚ



1. 295-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Эр жолдан бір артық сөзді сыйып тастаңыз.

бейбітшілік тыныштық асығыстық ынтымақтастық ауызбіршілік

бірлік береке ынтымақ тығыздық татулық

бақыт жарқын шаттық қуаныш сүйініш

ел халық мемлекет ұлт өмір

басшы барша бүкіл жалпы барлық

3. Сөзжұмбақты шешіп, табылған сөздердің ең бірінші әріптерін қосып оқыңыз.

1							
2							
3							
4							
5							
6							
7							
8							

1. Қайырым сөзімен мағыналас сөз.
2. Жұмыс сөзімен мағыналас сөз.
3. Ай аты.
4. Ешкі төлі.
5. Батырлық сөзімен мағыналас сөз.
6. Тамаша сөзімен мағыналас сөз.
7. Бостандық сөзімен мағыналас сөз.
8. Өмір сөзімен мағыналас сөз.

4. Мемлекетке тән белгілерді жұбынызбен талқылап, сипаттаманы одан әрі толықтырыңыз.

Мемлекет

- ✓ Белгілі бір аумаққа иелік етеді;
- ✓ Сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік береді;
- ✓ Қоғамдағы істерді басқарушы орган;
- ✓ Жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылған жүйе;
- ✓ Саяси билік үйімі.

5. Сурет пен мәліметті сәйкестендіріңіз.



1



2



3



4



5



6

- Авторы – Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков.
- Ұлы дала көшпендейлері айрықша қастер түтқан өмір мен мәңгіліктің символы.
- Тәуелсіз Қазақстанның тарихында екі рет – 1992 және 2006 жылдары бекітілді.
- 1998 жылғы 6 мамырда Елбасы Жарлығымен атауы өзгертілді.
- 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды.
- Диалектілерге бөлінбейтіні ғылыми түрде дәлелденген.

ОҚЫЛЫМ

1. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркесін құраңыз.

A	
1 - ____	Адамзат
2 - ____	Ширек
3 - ____	Бейбіт
4 - ____	Өмір
5 - ____	Игілікті
6 - ____	Басты
7 - ____	Қарыштап
8 - ____	Ынтымақты

Ә	
A	ел
Ә	iс
Б	құндылық
В	даму
Г	баласы
Ғ	үй
Д	сұру
Е	ғасыр

2. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

1. Бірлік бар жерде ____ бар.
2. Үнтымағы жарасқан бейбіт елдің ____ жарқын.
3. Халықтың өмір сүру ____ өсіп жатыр.
4. Осы игілікті ____ әрмен қарай жалғастыруымыз қажет.
5. Біз көрші мемлекеттердің ____ көріп отырмыз.

(деңгейі, жағдайын, тірлік, істерді, болашағы)

3. Мағыналас сөздерді сәйкестендіріңіз.

1 - ____	ел
2 - ____	өмір
3 - ____	тәуелсіздік
4 - ____	ынтымақ
5 - ____	деңгей
6 - ____	ғасыр

A	бостандық
Ә	бірлік
Б	жүзжылдық
В	халық
Г	дәреже
F	ғұмыр

4. Оқыңыз.

Тыныштық пен тұрақтылық – мемлекет үшін басты құндылық



Казір барлық адамзат баласының тілегені – бейбітшілік пен тыныштық, ауызбіршілік пен ынтымақтастық. Себебі мемлекетіміздің болашағы, онда өмір сүріп жатқан әрбір ұрпақтың келешегі осындай ұлы ұғымдарға тікелей байланысты. «Бірлік бар жерде – тірлік бар». Ауызбіршілігі жоқ елде еш уақытта береке мен ынтымақ орнамайды, нәтижелі көрсеткіш те, көрініс те болмайды. «Бақыт, қайда барасың?», – дейтін азыз бар ғой. Сонда Бақыт: «Ынтымақты үйге барамын, бейбіт елге барамын» деген екен. «Ынтымағы жарасқан бейбіт елдің – болашағы жарқын», – деген Елбасы сөзі еліміздегі тұрақтылық пен бейбіт өмірдің айқын дәлелі екені сөзсіз.

Біз тәуелсіздігіміздің ширек ғасырдан артық уақытында жеткен жетістігімізді ғасырлар бойы жалғастыруға мүмкіншілігі бар елміз. Бұғінде экономика қарыштап дамып, әлеуметтік мәселелер шешімін тауып, халықтың өмір сүру деңгейі өсіп жатыр. Енді бізге не керек? Бізге керегі – ел болып осы игілікті істерді әрмен қарай жалғастыруымыз қажет.

Мемлекетімізде әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылуда. Міне, осының барлығы – елдегі ауызбіршіліктің нәтижесі, экономикамыздың өскендігінің белгісі.

Мәселен, тәжірибе жүзінде біз көрші мемлекеттердің жағдайын көріп отырмыз. Ишкі және сыртқы бүлік пен іріткіден, дін саласындағы тәртіпсіздіктер мен алауыздықтан бейбіт халқы қырғынға ұшырап, қалғаны азып-тозып, босып, дүниежүзінің әрбір түкпірінде жүрген қаншама елдер бар.

Сондықтан қазақ қоғамындағы барлық азаматтар елдегі тыныштық пен тұрақтылықтың басты құндылық екенін түсінуі қажет.

5. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

6. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дегенді қалай түсінесіз?

7. Мәтін мазмұны бойынша сызбаны толтырыңыз.



8. Сұрақ пен жауапты сәйкестендіріңіз.

- | | |
|---|---|
| Бақыт, қайда барасың? | A |
| Енді бізге не керек? | Ә |
| Еліміздің тәуелсіздігіне қанша уақыт болды? | Б |

- | | |
|---|--|
| 1 | Ширек ғасырдан артық уақыт. |
| 2 | Ынтымақты үйге, бейбіт елге. |
| 3 | Осы игілікті істерді әрмен қарай жалғастыру. |

9. Мәтін бойынша «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, пікіріңізben бөлісіңіз.

Пікір	
Дәлел	
Мысал	
Қорытынды	

10. Оқыңыз.

ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ



Тәуелсіз Қазақстан болашағының іргетасы әрбір үйде қаланады, еліміздің экономикалық әлеуеті әрбір отбасының береке-бірлігінен бастау алады. Дені сау, бақытты отбасы – қоғамымыз берік тірегі.

«Отбасы – шағын мемлекет» деген сөз бекер айттылмаған. Отан шын мәнінде отбасынан басталады. Отбасында адамдардың өмірге көзқарастары қалыптасып, олардың болашаққа деген арман, үміттері оянады, жан дүниесі халқымыздың рухани мұрасынан сузынадайды.

Біз бүгінде алпысқа келгеннен акыл сұрап, қарияларын айрықша қадір тұтқан, әкелерін асқар тауға, аналарын шаңырақтың алтын арқауына теңеген отбасылық құндылықтарымызға қайта оралуға тиіспіз. Жетімін жұбатып, қиналғанда қол ұшын берген халықтық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз керек.

(<https://znanija.com>)

1. Мемлекет пен отбасының ортақ құндылықтарын айқындаңыз.

Мемлекет

Отбасы

2. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

- Дені сау отбасы – мемлекет _____.
- Әрбір отбасының береке-_____ мемлекетіміздің экономикалық әлеуетін арттыруға өз әсерін тигізеді.
- Отан _____ басталады.
- Адамдардың отбасы құрудары басты мақсаты – бақытты _____ сұру.
- Қазақ халқы қарияларын ерекше _____ түтқан.

3. Сұрақтар бойынша әңгіме өрбітіңіз.

- «Отбасы бақыты» дегенді қалай түсінесіз?
- Әрбір адам өз отбасында бақытты болуы үшін қандай әрекет жасауды керек деп ойлайсыз?
- Отбасылық құндылықтар қатарына нелерді жатқызар едіңіз?
- Отбасылық қандай салт-дәстүрлерді білесіз?
- Өз отбасыңыздың басты құндылықтарын атаңыз.
- Сіздің отбасыңызда қандай дәстүрлер бар?

ЖАЗЫЛЫМ

1. «Мерейлі отбасы» үлттық конкурсын өткізу қағидаларының жалпы ережелерімен танысыңыз.

1. «Мерейлі отбасы» үлттық конкурсы өнегелі құндылықтарды жағыруға және отбасы мен некенің жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін жоғарылатуға бағытталған.

Конкурсты өткізуіндегі мақсаттары:

- ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;
- отбасыларды, еңбекке қабілетсіз ата-аналарына кәмелетке толған балаларының күтім жасаудың дәріптеу және кеңінен насиҳаттау.
- Конкурсқа отбасылар қатысады. Конкурс ашық нысанда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өткізіледі.
- Конкурстың женімпазы – отбасы жалпыға ортақ интерактивті дауыс беру негізінде айқындалады.
- Конкурсқа қатысуға:
 - балалары Қазақстан даңқын арттырған;
 - отбасылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтаудың немесе өзіндік, бірегей өмір құрылышының үлгісі болып табылатын;
 - асыранды балаларды тәрбиелеуші отбасылар жіберіледі.
- Қызыметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымның құрамына мүшелерінің бірі кіретін отбасылар Конкурсқа қатыса алмайды.



2. Қыстырма құрылымдарды пайдаланып, «Мерейлі отбасы» тақырыбында шағын эссе жазыңыз.

Қыстырма құрылымдар: бақыттымызға қарай, біздің бағымызға, өкінішке қарай, обалы не керек, бір ғажабы, әрине, шынында, шынын айту керек, рас, сөз жоқ, сірә, мүмкін, кім біледі, қысқасы, демек, дегенмен, айтпақшы, қорыта келгенде, сіздіңше, біздіңше, (біреудің) сөзіне / пікіріне қарағанда т.б.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Қыстырма сөйлемдер

280 - бет

1. Қыстырма сөйлемде берілген ойларды сөйлеушінің қатынасымен сәйкестендіріңіз.

- | | |
|---|--|
| A | Kісінің көңіл күйі, сезімі. |
| Ә | Айтылған ойға сену, жорамалдау. |
| Б | Ойдың айтылу амалы, тәсілі. |
| В | Айтылған ойлардың өзара қатынасы. |
| Г | Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі тұрғысынан қарau. |

1.	Сөйтіп, біз зайырлылық ұғымын дұрыс түсіндіруіміз керек.	
2.	Қорыта келгенде, біздің мақсатымыз – мемлекетіміздің зайырлы қағидаттары негізінде діни сананы қалыптастыру.	
3.	Әрине, зайырлы деген атеистік дегенді білдірмейді.	
4.	Біздің бағымызға, зайырлы мемлекет – біздің тарихи таңдауымыз.	
5.	Не дегенмен, экстремизм мемлекетке қауіп төндіреді.	
6.	Қысқасы, зайырлы дегеніміз – озық, толерантты, ашық қоғам.	
7.	Біздіңше, мемлекетіміздің зайырлы келбеті – қоғам дамуының кепілі және бірлік пен тұрақтылықтың негізі.	
8.	Бақыттымызға қарай, Конституциямыз әрбір адамның діни сенім бостандығына кепілдік береді.	
9.	Елбасының сөзіне қарағанда, біз дәстүрлі діндерге қолдау көрсетіп, кез келген экстремизм түрін үзілді-кесілді мойындаамаймыз.	
10.	Шынында, жер бетіндегі 75 мемлекетте дін республиканың ресми бөлігі болып табылады.	

2. Бос орынға сәйкес келетін қыстырма құрылымды қойыңыз.

1) Кісінің көңіл-күйін, сезімін білдіру: бақыттымызға қарай, біздің бағымызға, өкінішке қарай, обалы не керек, бір ғажабы т.б.

_____ мемлекеттің шекарасы анық белгіленген аумағы болады.

_____ мемлекет әскері мен жасағы қоғам тәртібін сақтау үшін құрылады.

_____ мемлекет алғашқы қауымда болған жоқ.

2) Айтылған ойға сенуді, жорамалдауды білдіру: әрине, шынында, шынын айту керек, рас, сөз жок, сірә, мүмкін, кім біледі т.б.

_____ мемлекеттің орталық және жергілікті билік органдары жүйесі болады.

_____ заңдардың көмегімен қоғамда тәртіп орнататын болар.

_____ мемлекеттің пайда болуы географиялық ортаның өзгешеліктерінен деген рас болар.

3) Ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіру: қысқасы, демек, дегенмен, айтпақшы, қорыта келгенде т.б.

_____ мемлекет егеменді болуы керек.

_____ мемлекет деп қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементін айтамыз.

_____ құл иеленуші құрылышта да мемлекет болғанын ұмытпаңыз.

4) Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі тұрғысынан қарауды білдіру: сіздіңше, біздіңше, (біреудің) сөзіне / пікіріне қарағанда т.б.

_____ мемлекет жеке меншік пен таптың пайда болуынан туған екен.

_____ үкімет аппаратын ұсташа үшін халықта салық салады.

_____ мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау қажет.

5) Айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіру: сөйтіп, не дегенмен, сонымен, біріншіден, екіншіден, бір жағынан т.б.

_____ мемлекеттің ішкі қызметі, _____ сыртқы қызметі болады.

_____ парламент бірпартиялық және екіпартиялық болуы мүмкін.

_____ адам өзінің көзқарасы мен рухани мұдделерін өзі шешеді.

АЙТЫЛЫМ

1. Елбасы Жолдаулары жайлы ақпаратпен танысыңыз.



(<https://bnews.kz>)

2. Берілген қыстырма құрылымдарды пайдаланып, «Елбасы Жолдауларының мемлекеттік маңызы» тақырыбында өз пікірінді жүйелеп айтыңыз.



ҚЫСТЫРМА ҚҰРЫЛЫМДАР

- 1) Кісінің көңіл-күйін, сезімін білдіру:** бақытымызға қарай, біздің бағымызға, өкінішке қарай, обалы не керек, бір ғажабы т.б.
- 2) Айтылған ойға сенуді, жорамалдауды білдіру:** әрине, шынында, шынын айту керек, рас, сөз жоқ, сірә, мүмкін, кім біледі т.б.
- 3) Ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіру:** қысқасы, демек, дегенмен, айтпақшы, қорыта келгенде т.б.
- 4) Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі түрғысынан қарауды білдіру:** сіздіңше, біздіңше, (біреудің) сөзіне / пікіріне қарағанда т.б.
- 5) Айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіру:** сөйтіп, не дегенмен, сонымен, біріншіден, екіншіден, бір жағынан т.б.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ



1. Елтаңба көрінісі Қазақстан азаматының кез келген құжатында болады. Туу туралы куәлік, жеке куәлік, мектеп аттестаттары, медициналық карталарда да бар.
2. Қазіргі әнүранымыз занды түрде 2006 жылды 7 қаңтарда белгіленген еді. 1986 жылғы дүрбелеңде дәл осы ән қазақ жастарының бейресми әнүраны болған.
3. Туды кез келген жерде, қалай болса солай ұстауға болмайды. Сонымен қатар, оң жаққа қарай желбіреуі керек. Мемлекеттік мекеме маңдайшаларында ту міндетті түрде болуы керек.
4. Қазақстан Республикасының заңнамалар жинағында рәміздерге арнайы 3 бап берілген.
5. Елімізде Мемлекеттік рәміздер күні бар. Кей мемлекеттер дәл осы мерекеде арнайы демалады.
6. Тілді рәміздер қатарына қосамыз деген пікір даулы болып жур. Себебі, кей Еуропа мемлекеттерінің рәміздер қатарына ана тілі де кіреді екен.

(massaget.kz)

«Европаның орман цехы» атанған ел – Финляндия.
 «Европаның сүт фермасы» атанған ел – Швейцария.
 Швейцарияда орден, медальдар жоқ.
 Кувейт, Катарда табыс салығы салынбайды.
 Ұлыбританияда конституция жоқ.
 Улан-Батор – ең суық астана.
 Науру – астанасы жоқ мемлекет.
 Бірде-бір өзені жоқ мемлекет – Сауд Арабиясы.
 Андорра – пошталық жөнелтулер тегін болатын жалғыз мемлекет.
 Ливан – шөл жоқ Таяу Шығыстағы жалғыз мемлекет.
 «Аллах акбар» деген жазу Иран туында 22 рет жазылған.



(<https://yvision.kz>)

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, сәйкестендіріңіз.



Саясаткерлер

Испанияның бұрынғы
Премьер-министрі Х.Л. Сапатеро



Айтқан пікірлері

Экономикалық әлеуеті
жөнінен Орталық Азиядағы
аймақтық көшбасшы
мемлекет.
 Қазақстан көптеген
ғаламдық шиеленіскен
мәселелердің шешімін табуда
үлкен рөл атқаруда.
 Қазір әлемде 5-6 ірі
саясаткер бар. Олардың
ішінде Н.Ә. Назарбаев та бар.

Францияның бұрынғы президенті
Жак Ширак



Ұлыбританияның бұрынғы
Премьер-министрі Маргарет Тетчер



2. Сөйлемдегі артық сөзді тауып жазыңыз.

Тәуелсіздік алғалы бері мемлекетіміз адам танымастай ғана өзгерді.
Орталық Азиядағы көшбасшы ел ретінде болып танылды.
Еліміз кездескен қындықтың барлығын бастап жеңе білді.
Қазақстанның даму жолында және көптеген кедергілер түрдү.
Ұзақмерзімді стратегиялық бағдарламаның арқасында бәсекеге қабілетті елу мемлекеттің бірінің санатына кірді.



2-САБАҚ

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1. 296-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Жаңа технологияларды таныс (+) / таныс емес (-) деп белгілең шығыңыз.



3. Өзіңзге таныс технология атауларымен сөйлем құрастырыңыз.

4. Сұрақтар тәнірегінде пікір алмасыңыз



Жасанды терінің көмегімен әжімдеріңізді жасыруға болады.
Осы ғылыми жаңалыққа Сіздің көзқарасыңыз қандай?

Британдық ғалымдар атылған оқты тоқтатын гель ойлап тапты. Бұл жаңа материалды оқцағар ретінде пайдалану көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға әсер ететіні сөзсіз. Ғылымның бұл жаңалығы жайлы не ойлайсыз?





Заттар интернеті дегеніміз – өзара байланысқан «заттардың» (соның қатарында адамдар да бар) алпауыт желісі. Бұл өзара байланыс адам және адам, адам және заттар, заттар және заттар арасында болады.

2020 жылға қарай интернетке қосылған құрылғылар саны 100 миллиардтан көп болмақ екен. Осы мәселеге қатысты пікірініз қандай?

Жақын болашақта көшелерде жүргізушісіз қозғалатын автокөліктер пайда болмақ. Осы «ақылды» көліктер оқыс апатты жағдайларда қалай әрекет етеді? Осы мәселе төңірегінде ойланып көрініші.



5. Есте сақтаңыз.



ОҚЫЛЫМ

1. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркесін қураңыз.

А		Ә	
1	ақпараттық	А	жеңілдету
2	тұрмысты	Ә	ету
3	ұлттық	Б	тудыру
4	қауіптен	В	қоғам
5	сын-	Г	қою
6	адамзаттың	Ғ	болашағы
7	тосқауыл	Д	мұдде
8	наразылық	Е	сақтану
9	әсер	Ж	қатер

2. Төмендегі сұрақтар төңірегінде пікір алмасыңыз.

- Интернет мүмкіндіктерін жиі қолданасыз ба?
- Интернеттің экономикалық түрғыдан қандай пайдасы бар деп ойлайсыз?
- Интернеттің кері әсеріне нелерді жатқызар едіңіз?
- «Цифрлық эволюция» дегенді қалай түсінесіз?

3. Мәтінді оқыңыз.

ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҮІКТИМАЛ ҚАУІПТЕРІ

Цифрлық ақпараттық қоғам адамның тұрмысын көп жеңілдететін рас. Алайда ол сонымен қатар оның дағдылары мен мәдениетін, таным-түйсігін де көп өзгертіп жіберді. Әсіресе, әлемдегі көптеген жастардың бойында ешқандай саяси партияларға қосылмайтын, капитализм немесе социализмге қызықпайтын, ешбір идеологияны ұнатпайтын көңіл-күй үдеп барады. Ұлт алдындағы борышын түсінбейтін, мәдениеті мен рухани сұранысы жұтаң, тек экономикалық табыс қызықтыратын үрпақтың қолына саяси билік тисе, елдің тәуелсіздігі мен мемлекет тағдыры қандай болатыны да ойландыратын мәселе.

Интернет кеңістігіндегі қағидалар мен құбылыстар қазақ жастарына да әсер етпей қоймайды. Бүгінгі 15-20-дағы жастарымыз өздерін ертеңгі цифрлық дәуірдің байырғы түрғыны санатына қосып, жауапсыздық пен толық еркіндікке бой алдырып ала ма деген үрей басым болып барады. Елдегі сауаттылық көрсеткіші 99,8 пайыз, еліміздің 127 жоғары оқу орнында 463 мың студент оқиды, 10 мыңдай қазақстандық дүниежүзінің беделді университеттерінде білім алып, елге қызмет етуде. Республика түрғындарының 73 пайызы интернетті күнделікті қолданады, олар кемінде 2 құралмен ғаламдық желіге орташа алғанда секундына 19,3 мегабит жылдамдықпен қосылған.

Қазіргі цифрлық технологияларға сүйенген дәуірде жеке адамға, мәдениетке, тіл мен ұлттық өнерге төнген қауіптің жойқындығын әлемдік ойдың шыңына көтерілген түлғалар жарыса айтуда. Өмірі мен қызметі цифрлық ортаға тәуелді қауымды интернет арқылы жаппай анду технологиялары адамзаттың болашағына алаңдаған мамандардың наразылығын тудыруды.

Сондықтан да қабылданған әрбір цифрлық бағдарламада адам, қоғам және мемлекет үшін туындастын сын-қатерлер мен қауіптерді түгендерп, олардан келетін зиянға тосқауыл қою тетіктерін қатарлас жүзеге асырған дұрыс.

Тарихтағы эволюциялық өзгерістер адамның өз өмірін, тұрмыс-тіршілігін жеңілдету, оңтайландыру мақсатымен жасалады. Алайда адамзат өмірі мен тұрмысын жеңілдетемін деп санасты мен рухын, адамдық қасиеттерін жоғалтып, жансыз, ойсыз, сезімсіз темір роботқа үқсан кетуі де мүмкін.

Цифрлық әлемнің берер мүмкіндіктері де керемет, ықтимал қауіптері де жойқын. Бұл қауіптерден сақтанудың басты иммунитеті – Елбасы айтқандай «ақылды ұлт өзінің ұлттық рухынан, тілі мен дінінен ажырамай цифрлық ортаға бейімделу». Сондықтан цифрлық әволюция кезеңінде Қазақ елінің даму бағыттарын ұлттық мұддеге сәйкес болжау үшін мемлекет пен қоғамның біріккен жігери қажет.

(Ұ. Есенбекова <https://egemen.kz>)

4. Мәтінде берілген сандардың не үшін қолданылғанын көрсетіңіз.

99,8	Елдегі сауаттылық көрсеткіші – 99,8 пайыз.
15-20
127
463 мың
10 мыңдай
73
2
19,3

5. Жауапқа сәйкес сұрақ қойыңыз.

- _____?
- Иә, Интернет кеңістігі қазақ жастарына да әсер етпей қоймайды.
- _____?
- Эрине, ақылды ұлт өзінің ұлттық рухынан, тілі мен дінінен ажырамай цифрлық ортаға бейімделуі керек.
- _____?
- Адамзат өмірі мен тұрмысын жеңілдетемін деп жансыз, ойсыз, сезімсіз темір роботқа үқсан кетуі де мүмкін.

6. Мәндес сөздерді сәйкестендіріңіз.

A	
1	үрей
2	дағды
3	қатер
4	айырылу
5	сай

Ә	
A	қауіп
Ә	ажырау
Б	қорқыныш
В	сәйкес
Г	әдет

7. Мәтінде берілген ақпараттарды сарапап, кестені толтырыңыз.

АҚПАРАТ	Келісемін	Келіспеймін
Цифрлық ақпараттық қоғам адамның тұрмысын көп жеңілдетеді.	Себебі	Себебі
Цифрлық ақпараттық қоғам адамның таным-түйсігін өзгертіп жібереді.	Себебі	Себебі
Әлемдегі көптеген жастардың бойында ешбір идеологияны ұнатпайтын көңіл-күй үдеп барады.	Себебі	Себебі
Республика тұрғындарының 73 пайызы интернетті күнделікті қолданады.	Себебі	Себебі
Ақылды ұлт өзінің ұлттық рухынан, тілі мен дінінен ажырамай, цифрлық ортаға бейімделуі керек.	Себебі	Себебі

8. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

әсер, бастап, айында, ақша, сұранысқа, қажеті, сұраныс, айтуынша

Биткоин криптовалютасы қолма-қол тәрізді жұмыс істейді. Банктерге не басқа да ұйымдарға комиссия төлеудің жоқ. Сарапшылардың Биткоинның жалғыз ғана кемшілігі бар. Ол – әлемдің жағдайың криптовалютага қатты етуі.

Бастапқыда Биткоиндар тек компьютермен айналысатын адамдардың арасында ғана ие еді. 2009 жылдан 1 Биткоин (BTC) 0,8 центке сатыла бастады.

Алғашында Биткоинға деген өте аз болатын. 2010 жылы мамыр ең бірінші 10 000 BTC-ға 2 пицца сатып алынды.

9. Сөйлемнің екі бөлігін сәйкестендіріңіз.

1	Бұлттық технология ғаламтор арқылы	A	жоқ көптеген серверлерді, программаларды бұлттар тараپынан пайдалана алады.
2	Бұлттық технология арқылы тұтынушы өз	Ә	тегін немесе бағалары айлық жарна ретінде өте арзан болып келеді.
3	Бұлттық технология тұтынушыға ғаламтор арқылы	Б	ақпарат алмасуға үлкен мүмкіндік береді.
4	Жеке компьютердегі программалармен салыстырғанда бұлттық қызметтер көбінесе	В	онлайн жағдайында деректерді өңдеуге мүмкіндік береді.
5	Үлкен ресурстарды қажет ететін қыын есептерді шешу үшін тұтынушы өзінде	Г	дереккөздерімен басқа адамдармен еш қыындықсыз бөлісіп, бірге қосылып жұмыс істей алады.

10. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

1. Биотехнология үғымы тірі организмдер мен биологиялық үдерістерді адамның мақсатына сай _____ қолдану дегенді білдіреді.	• қоғамда • өндірісте • өмірде
2. Биотехнологияның басты міндеті - халықты _____ қамтамасыз ету үшін мал шаруашылығы өнімдері мен мәдени өсімдіктердің өнімін арттыру.	• жұмыспен • құралмен • азық-түлікпен
3. Биотехнологиялар арқылы адам өміріне _____ аминқышқылдар, витаминдер, ферменттер мен антибиотиктер молынан өндірледі.	• қажетті • қауіпті • өзекті
4. Өндірістік микробиологияны металлургияда _____ да жақсы нәтиже көрсетуде.	• пайдалану • енгізу • жарату
5. Бактериялардың _____ уран, алтын және күміс өндіруге болады.	• араласуымен • көмегімен • қолданумен



11. Сөйлемдерді рет-ретімен орналастырыңыз.

- Міне, осындағы жағдайда бүкіл экономиканы, билікті, қоғамды және саясатты цифрлық негізге қысқа мерзімде кешенді түрде көшіру қажеттілігі туып отыр. Осының салдарынан бұлтты есептеу технологиясында «Цифрлық ақыл» пайда болуда.
- Қазіргі уақытта күнделікті қолданып жүрген заттарымыз ақпараттық кеңістікте «Заттар Интернеті» дүниесіне айналып барады.
- Ал бүгінде олар Интернет арқылы ақша, мұлік сынды құндылықтарды қауіпсіз әрі сенімді тасымалдауға Блокчейн технологиясы арқылы қол жеткізді.
- Ертеректе адамдар Интернетпен бір-біріне тек ақпарат беріп қана келгені белгілі.
- Оған жылдам Интернетпен адамдар да, есептеуіш машиналар да қосылуда.

12. Артық сөзді бағанға жазыңыз.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын 2018-2022 жылдарда іске асыру енгізу басты бес бағыт бойынша жүргізілетін болады:	
1. «Экономика салаларын цифrlандыру» – алға бастайтын технологияларды және еңбек жұмыс өнімділігін арттырып, капиталданырудың өсуіне бастайтын мүмкіндіктерді қолдана отырып, ҚР экономикасының дәстүрлі салаларын қайту құру.	
2. «Цифрлық мемлекетке өту» – халық пен бизнеске олардың қажеттіктерін алдын ала болжай отырып қызметтер еңбектер көрсету үшін мемлекеттің инфрақұрылымын қайта құру.	
3. «Цифрлық Жібек жолын іске асыру» – деректерді беру, сақтау және құрастыру өндеудің жоғары жылдамдықтағы және қорғалған инфрақұрылымын дамыту.	
4. «Адами капиталды дамыту» – креативтік қоғам құруды жасауды және жаңа реалиялар – білімдер экономикасына өтуді қамтитын түрлендірuler.	
5. «Инновациялық экожүйені құру» – бизнес, ғылым саласы және мемлекет арасында берік байланысы бар технологиялық кәсіпкерлікті дамыту жасау, сондай-ақ инновацияларды енгізу үшін жағдай жасау.	

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.



№8



Мәтін не жайында?

Электрондық денсаулық паспортының қандай тиімді жақтары болады деп ойлайсыз?

Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру медицина қызметкерлеріне қай жағынан тиімді болмақ?

Цифрлық жобаны алдын ала арнайы бақылаудан өткізу дұрыс деп санайсыз ба?

2. Сөйлемдегі артық сөзді тауып жазыңыз.

1. Науқастар енді бірге денсаулық сақтау мекемелерінің табалдырығын тоздырмайтын болады.	
2. Электронды денсаулық сақтау технологиясы тұрғындар денсаулығын қашықтықтан бірге бақылауға мүмкіндік береді.	
3. Қазіргі таңда «Патронаждық мейіргер» жобасы Қызылорда облысында арнайы сақтау бақылаудан өтуде.	

3. Мәтіннен мағынасы жуық сөзді табыңыз.

ауру	науқас	қарасты	
мерзім		тез	
кемшілік		жағдай	
алыстан		керек	
сәби		мұдде	
мол		жәрдем	

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

3D-принтерінде басылып, 3 сағатта жиналған вилла



Жақында Қытайдың Сиань қаласында құрылыш фирмасының жұмыскерлері 3D-принтерде басылған үйді құрады. Үйді құрауға жұмыскерлерге бірнеше сағат қана қажет болды. Үйдің модульдері Lego ойыншықтары сияқты бір-бірімен бекітілді, көрген жүрт аңтад.

Екі қабатты үйді құрау үшін 6 дана 3D-модуль қажет болды. Үйді 3 D-принтерде басу кезінде қандай құрам пайдаланғандығы құпия ұсталуда.

Модульдерді басып шығу мен монтажға 10 күн кеткен. Модульдер толығымен ішкі әрлеу, сымдар, су құбыры, сантехника, жиһаздармен қоса дайындалады. Бұл үй 150 жылға дейін тұрғып, 9 баллға дейінгі жер сілкінісін көтере алады. Сонымен қоса үйдің жылу сақтау қабілеті де жоғары – жазда үйдің іші салқын, ал қыста жылы. Үйдің 1 шаршы метрінің құны 560 \$-ға дейін болады.

(<http://www.bilim-all.kz>)

Тағамдарды 3D-принтерден басып шығаратын мейрамхана



Лондондағы Food Ink компаниясының мейрамханалары әлемдегі ең бірінші 3D-принтері арқылы басып шығарылған тамақ ұсынушы болды. Бұл жерде аспазшылар кәдімгі пештің жаңында түрмайды, ал олардың көмекшілері дизайнер, суретші, инженерлер. Тамақтар арнайы пастадан әзірленеді. Оның құрамына кәдімгі азық-түлік қосылған. Мейрамханадағы барлық зат, тіпті, қасықтар да 3D-принтер арқылы басып шығарылған.

Жаңа үлгідегі мейрамханаға қызығушылардың көптігі сонша, ашылмай жатып үш күнге тапсырыс алынған. Тұтынушылардың көnlінен шықпаған бір зат, ол мейрамханаға бір уақытта он адам ғана отыра алады. Қонақтарға тек он тағам түрі ұсынылады. Олардың әрқайсысының бағасы 300 АҚШ долларынан.

(<http://stan.kz>)

АЙТЫЛЫМ

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басты бағыттарын саралаңыз.



2. Мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуына талдау жүргізіңіз.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысу үшін өтінім үлгісін толтырыңыз.

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптер!

Сіздерді халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

2018 жылғы 17 қарашада «БАҚ, мемлекет, қоғам: цифрлық қауіпсіздік пен медиасауаттылық» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.

Конференция жұмысына көрнекті ғалымдармен қатар шетелдік, отандық мемлекеттік мекемелердің, халықаралық ұйымдардың қызыметшілері, дипломаттар, журналистер, сарапшылар, академиялық және бизнес орта өкілдері қатыса алады.

Конференция жұмысы келесі бағыттар бойынша жоспарланып отыр:

1. Ақпараттық кеңістіктің дамуындағы мемлекет пен қоғамның, БАҚ-тың рөлі;
2. Шындықты қалыптастырудың интернеттің әсері;
3. Цифрлық қауіпсіздік, дербес деректерді сақтау;
4. Аудиторияның медиасауаттылығы жалған жаңалықтарға, үгіттеулерге қарсы ең тиімді құрал ретінде;
5. Медиакеңістікті реттеудегі мемлекеттің рөлі.

Қатысу шарты: конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне өтінім мен баяндама мәтінінің қысқаша тезисін (100 сөзден кем емес) жолдау қажет.

Ұйымдастыру алқасы

Конференцияға қатысушының өтінімі

Аты-жөні	
Жұмыс орны	
Қызыметі	
Мекенжайы	
Секция аты	
Баяндама тақырыбы	
Баяндама тезисі (100 сөзден кем емес)	
Кілт сөздер	

БӨЛІМ ЖАҢАНДАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАНҚЫРУ



1-САБАҚ

Жаңандану

2-САБАҚ

Рухани жанқыру



1 - САБАҚ

ЖАҢАНДАНУ

1. 297-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Эр жолдан бір артық сөзді сыйып тастаңыз.

қарқынды

белсенді

бедел

қызу

жапа-тармағай

жалпы

дүйім

барша

барлық

жалаң

нағыз

нақыл

нақ

негізгі

ең

озық

алдыңғы

озат

ұзақ

бірінші

ғалам

дерек


әлем

дүние

жаһан

3. Сөзжұмбақты шешіңіз.

1
2
3
4
5
6
7
8
9



- 1. сөз – жарым ырыс.
- 2. Адамды алға жетелейді.
- 3. Үй мұлкі.
- 4. Аңсау сезімі.
- 5. болса, ән де болады.
- 6. «Әділдік» сөзімен мағыналас сөз.
- 7. Буға пісірілетін ұлттық тағам.
- 8. Сауданың жүзеге асу механизмі.
- 9. алтыннан да қымбат.

4. Ақпаратты жұбынызбен бірге талқылаңыз.



Жаңандану немесе Глобализация

(ағылш. *Global* — «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастықтың құрылу үрдісі.

5. Жаһандану нәтижесінде жүзеге асып жатқан үрдістерді нақты деректермен толықтырыңыз.

	Үлгі:
Саяси тұтастық	Еуроодақ
Экономикалық тұтастық	
Мәдени тұтастық	
Ақпараттық тұтастық	

6. Сұрақтар бойынша ой бөлісініз.

1	Жаһандану дегенді қалай түсінесіз?
2	Жаһанданудың сипаттараты қандай?
3	«Жаһандық өзара тәуелділік және бүкіләлемдік даму үрдісі жаһандануға алып келмей қоймайды» деген пікірмен келісесіз бе?
4	Әлемнің түрлі мәселелері жекелеген елдердің өз күшімен ғана шешілуі мүмкін бе?
5	Ақпараттық тұтастық дегенді қалай түсінесіз?
6	Жаһанданудың жағымды нәтижелері бар ма?

5. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

өндіріс, дамуға, теріс, жаһандану, халықаралық

Жаһандану бәсекелестікті арттыра түседі. Жаһандану саласында үнемділік тудырады. Үнемділік бағаның төмендеуіне, соның салдарынан түрақты экономикалық әкеледі.

Егер әлем қақтығыстарға толы болса, онда жаһандану мұлдем сипат алады. Керісінше, әлем ынтымақтастыққа қарай бет түзесе, онда он әсер береді.

6. Артық сөзді бағанға жазыңыз.

1. Рухани жаңғыру жолында ұлттық сана-сезімді дамытудың екі бағыты жолы бар.	
2. Оның бірі – ұлттық мемлекеттік код.	
3. Екінші – алға басу үшін ұлттың дамуына өркендеуіне кедергі болатын өткеннің көртартпа тұстарынан бас тарту.	
4. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді тарихты үйлесімді сабактастыра білу.	
5. Рухани жаңғыруда қойылып көтеріліп отырған маңызды мәселенің бірі – «сананың ашықтығы».	
6. Жаһандану кезеңіндегі халыққа елге жүктелетін негізгі талап – әлемдік тілдерді меңгеруге үмтүлу болмақ.	
7. Қазіргі уақытта бірнеше тілді үйренген меңгерген азаматтардың қай ортада жұмыс істесе де жолы ашық.	

7. Сөйлемдерді рет-ретімен орналастырыңыз.

	Солардың біразына тоқталып өтелік.
	А.В.Мироновтың жазуынша жаһандану кезінде шекара бұзылып, әлеуметтік-мәдени өмір үйымдасады.
	Оның ойынша, жаһандану — ірі көпұлтты корпорациялар, өндіруші әр түрлі азық-түлікті рыноктардың қосылуы.
	Бұл терминнің пайда болуы Т.Левит есімімен байланысты.
	Қазіргі замаңғы мағынада «жаһандану» термині XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында қалыптасты.
	Шетелдік ғылыми әдебиеттерде қазіргі уақытта «глобализация» түсінігі әр түрлі мағынада берілген.
	М.В.Ильин жаһандануды «біртұтас әлемнің құрылуы» ретінде көрсетеді.

8. Сөйлемнің екі бөлігін сәйкестендіріңіз.

1	Жаһанданудың негізгі мағынасы	A	жаңғыру кезеңін бастап кешіруде.
2	Ұлттық-мәдени жаһандану үрдісі	Ә	әлемдік туризм, мәдени гибридтердің пайда болуы.
3	Бүгінгі Қазақстан ұлттық рухани	Б	тәуелсіз Қазақстан мемлекетінен көруге болады.
4	Жаһандық өзгерісті көрсететін өзекті нүктө -	В	«халықаралық бірігу» дегенді білдіреді.
5	Мұның барлығын жас әрі дамып келе жатқан	Г	мәдени парадигманың ауысуын білдіреді.

9. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

Мәдени жаһандануға әлемнің әртүрлі _____ іскери және тұтынушылық мәдениетін жақындастыру мен халықаралық қарым-қатынасты өрістету тән.

- қызметінің
- елдерінің
- өмірінің

Мәдени жаһандану бір жағынан әлемдегі кейбір жеке ұлттық мәдениет түрлерін _____ етеді.

- танымал
- таныс
- танитын

Екінші жағынан әйгілі халықаралық мәдени құбылыстар жеке ұлттық деген _____ ығыстырып шығаруы мүмкін.

- мәнді
- мағынаны
- үғымды

Көшпілік мәдени жаһандануды ұлттық мәдени құндылықтарды _____ деп түсініп, ұлттық мәдениеттің жаһандануы үшін күреседі.

- жарату
- енгізу
- жоғалту

Мәдени жаһандануда ортақ Ғаламтордың болуы үлкен _____ атқарады.

- құрмет
- қызмет
- құрал

ОҚЫЛЫМ

1. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркесін құраңыз.

А	
1 - ____	еркін
2 - ____	дайын
3 - ____	озық
4 - ____	адами
5 - ____	ашық
6 - ____	сана-
7 - ____	байыбына

Ә	
A	жетістіктер
Ә	булу
Б	сезім
В	кірігу
Г	қатынас
F	бару
Д	булу

2. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

1. От басы, _____ қасы.
2. Барлық _____ бұған да тіреліп түрған жоқ.
3. Айналада не болып жатқанын түсінуге _____ береді.
4. Өзгерістердің бәріне _____ болу керек.
5. Басқалардың ең _____ жетістіктерін қабылдай білу қажет.

(мүмкіндік, дайын, мәселе, озық, ошақ)

3. Мағыналас сөздерді сәйкестендіріңіз.

1 - ____	жедел
2 - ____	қарқынды
3 - ____	жаппай
4 - ____	зерде
5 - ____	озық
6 - ____	келбет
7 - ____	ықпал

A	жылдам
Ә	сана
Б	артық
В	сипат
Г	дереву
F	жапа-тармағай
Д	әсер

4. Оқыңыз.

Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындаиды.

Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапа-тармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей.

**САНАНЫҢ
АШЫҚТЫҒЫ**



Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма?

Бұл – бәз біреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алғып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сез. Тауудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспаңа, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алғып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктердің тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.


«Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық», – деп, кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.

Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.

(Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» <http://www.akorda.kz>)

5. Мәтін мазмұны бойынша маңызды деп санайтын екі сұрақ қойыңыз.

6. Мәтін мазмұны бойынша сызбаны толтырыңыз.



7. Өз сөзіңізбен түсінгенізді жазыңыз.

1. Сананың ашықтығы зерденің қандай үш ерекшелігін білдіреді?
Біріншіден, _____

Екіншіден, _____

Үшіншіден, _____

2. Ашық зерденің басты көрсеткіші мен табыстың кілті не?

3. Таяудағы он жылда қандай өзгерістерге дайын болуымыз керек?

8. Сәйкестендіріңіз.

Жаһандық әлемге еркін кіргудің басты шарты. **A**

1 Сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан.

Жаппай және жедел үйренуіміз керек. **Ә**

2 Сананың ашық болуы.

Көптеген проблема туындаиды. **Б**

3 Ағылшын тілін.

Өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сініру мүмкіндігі. **Г**

4 Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті.

9. Сөйлемдегі артық сөзді анықтаңыз.

Бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық табысты жетістіктерін бойға сініру мүмкіндігі.

Дамыған елдердің бүгінгі тарихи келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз ұлгісі.

Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да негізінен біле алмайды.

10. Кестені толтырыңыз.

Жаһандану – тарихи сын-қатер

Жаһандану – ұлттымызға берілген мүмкіндік

Сондықтан.....

Сол себепті.....

11. Оқыңыз.

ПРАГМАТИК ТҮЛФА ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Сананы өзгертуудің бір жолы – прагматикалық ойлау. Яғни, кез келген істе белгілі бір мақсатқа жетуді көздеу және мақсатқа жету жолында барлық мүмкіндіктерді пайдала отырып, қандай да бір пайдалы нәтиже шығару. Шынайы прагматик адам асып таспайды. Қолда барын оңды-солды құр шашып, күн көрмейді. Керсінше, қолында бар қаржысы мен мүмкіндігін пайдалы істерге жұмысайды.



Мәселен, жастардың арасында шектен тыс мақтанқұмарлықты, кердең мінез, келіссіз істерді байқаймыз. Қарапайым ғана, қазақтың тойының өзінде ысырапшылдыққа көп жол береміз. Өзін прагматик санайтын түлға ондай шектен тыс әуесқойлыққа бармайды. Дәстүрдің де, сананың да тозығы осы емес пе?! Бұдан арылатын сэт келді. Бұл мәселе жайлыш Елбасы Н. Назарбаев: «Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керсінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді», - дейді.

Прагматик түлға үйренуден жалықпайды, зейін-түйсігін тәрбиелеумен болады. Кез келген істі ақылға салып, ұтымды жолын ойластырады. Қолда бар ресурсты жұмысайда минимализм мен табыс тауып жетістікке жетуде максимализм қатар көрініс табатын түлға шынайы прагматик десек болады. Экономика мен нарық көрсеткіші тәрбиелеген келешек түлғаның барлығы прагматик боларына сенімдіміз.

M. Ақан
Massaget.kz

12. Мәтін авторының тұжырымдарына өз көзқарасынызды білдіріңіз.

Автор тұжырымы	Келісемін / келіспеймін	Себебі
1. Шынайы прагматик адам асып таспайды		
2. Прагматик түлға шектен тыс әуесқойлыққа бармайды		
3. Прагматик түлға үйренуден жалықпайды		
4. Экономика мен нарық көрсеткіші тәрбиелеген келешек түлғаның барлығы прагматик болады		

13. Жауапқа сәйкес сұрақ қойыңыз.

СҰРАҚ	ЖАУАП
	- Сананы өзгертуудің бір жолы – прагматикалық ойлау.
	- Шынайы прагматик адам асып таспайды.
	- Қолда барын оңды-солды құр шашып, күн көрмейді.
	- Өзін прагматик санайтын түлға шектен тыс әуесқойлыққа бармайды.
	- Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес.
	- Прагматик түлға үйренуден жалықпайды.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

XXI ФАСЫРДЫҢ

ЖАҢАНДЫҚ ОН СЫН-ҚАТЕРІ



Бірінші сын-қатер – тарихи уақыттың жеделдеуі;
Екінші сын-қатер – жаһандық демографиялық теңгерімсіздік;
Ушінші сын-қатер – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер;
Төртінші сын-қатер – судың тым тапшылығы;
Бесінші сын-қатер – жаһандық энергетикалық қауіпсіздік;
Алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуы;

Жетінші сын-қатер – үшінші индустримальық революция;
Сегізінші сын-қатер – үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық;
Тоғызынышы сын-қатер – өркениеттің құндылықтарының дағдарысы;
Оныншы сын-қатер – жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

ЖАЗЫЛЫМ

1. Жаһандану шарттарына төтеп бере алу үшін жастарға қандай ақыл-кеңес айттар едіңіз? Ойынызды жүйелеп жазыңыз.

Ең алдымен,

Екіншіден,

Үшіншіден,

Төртіншіден,

Бесіншіден,

Алтыншыдан,

2. Жаһандану жайлыш саясаткер Ә. Қосановтың пікірімен танысыңыз.

Өз басым жаһандану апат не апокалипсис емес, ол – заман өзі беріп отырған орасан зор, бұрын-соңды болмаған мүмкіндік деп санаймын. Тек ол мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалануымыз керек.

Әрине, «заманың түлкі болса, тазы боп шал», нарық заңдары мен жаңа кезең талаптары қазақ әдебиетіне мұлдем әсер еткен жоқ деп айта алмаймыз. Өкінішке қарай, коммерциялану кезеңінен біздің әдебиет пен мәдениет орасан зор, орны толmas шығындарға ұшырап, хал үстіндегі жағдайда шығып отыр. Оның өзі кітаптардың, қала берді оқырманның, қоғамның түрпайылануына алып келді.

Жаһанданудың бір шарты – цифрландыру екені мәлім. Бүгінде ұлы қарама-қайшылықты көріп отырмыз: интеллектіні, миды, рационалды ойды цифрландыруға болатын шығар. Ал мың құбылған көңіл-күйді, алабұртқан сезімді қалай цифрлық жүйеге түсіресің?

3. Берілген пікірге қатысты өз пікіріңізді жазыңыз.

Келісемін	Келіспеймін
Себебі	Себебі

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.



№9



Тілдер	«Толеранттылық» сөзінің беретін мағынасы
Орыс тілінде	<input type="radio"/> Басқалардың ой-пікірлерінің сенің ой-пікірлеріңмен сәйкес келмеуіне рұқсат ететін қарым-қатынастар.
Ағылшын тілінде	<input type="radio"/> Кең пейілді болу қабілеті.
Француз тілінде	<input type="radio"/> Кешірім, кішіпейілдік, қайырымдылық.
Қытай тілінде	<input type="radio"/> Шыдамдылық, төзімділік, белгілі бір нәрсеге не белгілі бір адамға төзу, байсалды, ақпейіл болу.
Араб тілінде	<input type="radio"/> Тұлғаға басқаларға қысым жасамай өмір сүрге рұқсат ету.

2. Бос орынды толтырыңыз.

жетілдіру, шаралар, тиімді, сақталуына, жаңа

Қазақстандағы әлеуметтік-саяси тұрақтылықтың ықпал ету жолдары:

- ✓ төзімділіктің тұжырымдамаларын әзірлеу;
- ✓ төзімді мәдениетке қатысты заң базасы мен тәрбие-білім беру үрдісін;
- ✓ төзімді сана көзқарастарын қалыптастырудың технологияларын жүзеге асыру;
- ✓ төзімді сананы орнатуға бағытталған саяси, әлеуметтік-экономикалық іс-..... жүйесін жүзеге асыру.

3. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.



1. Төзімділіктің негізгі қағидасы қандай?
2. Эр елдің тілінде «толеранттылық» сөзінің беретін мағынасы әр алуан болуының себебі неде деп ойлайсыз?
3. Қазіргідегі миграциялық үдерістер көбейген кезеңде төзімділік не үшін қажет деп ойлайсыз?

АЙТЫЛЫМ

1. Суретке қарап, жаһанданудың жағымды / жағымсыз жақтары мен мүмкіндіктері / қатерлері жайлыш пікір алмасыңыз.



Жағымды
жақтары

Жағымсыз
жақтары

Мүмкіндіктері


Қатерлері

2-САБАҚ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

1. 297, 298-беттердегі сөздермен танысыңыз.

2. Әр қатардан бір артық сөзді сыйып тастаңыз.



3. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

- «Рухани жаңғыру» дегенді қалай түсінесіз?
- Бүгінгі Қазақстан қоғамына жаңғыру қажет деп есептейсіз бе?
- Рухани жаңғыруды нeden бастау керек деп ойлайсыз?

4. Анықтаманың дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

САНАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ДЕГЕНІМІЗ –

Басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу.	✓
Сандарды ашық кеңістікке шығару.	
Ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.	
Жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты.	
Өзгелердің тәжірибесін алу мүмкіндігі.	
Саналы түрде ашық құрылғы жасау.	
Жаңа технологияларға дайын болу.	

5. Сөйлемнің екі бөлігін сәйкестендіріңіз.

1	Болашақта ұлттың табысты болуы оның	A	құндылықтары мен ізгі қасиеттері ғана біріктіре алады.
2	Кез келген халықты өзінің төлтума рухани	Ә	елдің іргесі мәңгілік болары хақ.
3	Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың	Б	берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ.
4	Рухы биік азаматтары бар	В	табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады.
5	Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән	Г	салт-санасы мен дүниетанымын өзгеретін қозғаушы күш.

6. Пікірмен танысыңыз.

Ұлттық код дегеніміз – ұлттық тіл, діл, мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тәрбие, тарих және Отан.

Осылың әрі бірігіп ұлттық болмысты қалыптастырады. Қандайда бір ұлтты өзге ұлттардан айыру үшін біз ең алдымен оның тіліне мән береміз.

Ұлттық мәдениеті мен болмысына қараймыз.

Тілі арқылы оны танымыз.

Міне сондықтан да Ұлттық кодтың басты кілті ТІЛ болмақ.

M. Өмірбек
baq.kz

7. Берілген пікірге қатысты өз пікіріңізді жазыңыз.

Келісемін
Әйткені
Сондықтан

ОҚЫЛЫМ

1. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркесін құраңыз.

1 –	рухани
2 –	дербес
3 –	зерттеулер
4 –	аудандық
5 –	ұлтжандылыққа

A	жүргізу
Ә	тәрбиелеу
Б	жаңғыру
В	байқау
Г	мемлекет

2. Мағыналас сөздерді сәйкестендіріңіз.

- | | | | |
|----|----------|----|-----------|
| 1) | тартымды | a) | күшті |
| 2) | дербес | ә) | мағына |
| 3) | бірінші | б) | жеке |
| 4) | мықты | в) | маңай |
| 5) | мән | г) | ұғым |
| 6) | зерттеу | ғ) | алғашқы |
| 7) | төңірек | д) | жағымды |
| 8) | нәтиже | е) | зерделеу |
| 9) | түсінік | ж) | қорытынды |

3. Төмендегі сұрақтар төңірегінде пікір алмасыңыз.

- | |
|--|
| Туған жеріңдің тарихын білесіз бе? |
| Туған жеріңдің қандай ерекшелігімен мақтана аласыз? |
| Туған жеріңге соңғы рет қашан бардыңыз? |
| Туған жерді сую отансүйгіштік сезім деп санала ма? |
| Адамның отансүйгіштік сезімін арттыру рухани жаңғыруына мүмкіндік бере ме? |
| Өлкетану бағытында қандай жұмыстар атқара алар едіңіз? |

4. Мәтінді оқыңыз.

Рухани жаңғыру жолы – отансүйгіштік сезімді ожып

Қазақстанның бірінші жаңғыруы КСРО құрамынан шығып, тәуелсіз мемлекет ретінде өз жолымызды бастаған кезде болды.

Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа Елорда – Астананың салынуымен басталды.

Үшінші жаңғыру Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын табуда.

Елбасы тапсырмасымен жүзеге асатын «Туған жер» бағдарламасы отансүйгіштік сезімді ояту арқылы рухани жаңғыруды ұсынады.

Танымал тарихшы М. Қойгелдиев «Туған жер» бағдарламасын ауылдық жердегі мектептерде ұйымдастырудың тартымды жолын ұсынады.

Мектептегі тарихшы мұғалімдер: «Бұл ауылда қандай зират бар? Жалпы ауыл қашан пайда болған? Негізін қалаған кімдер? Ауыл қандай жолдан өтті? Қандай мықты әuletter бар? Олардың тарихы қалай жалғасты?» деген мәселелер төңірегінде зерттеулер жүргізуі керек. География пәні мұғалімдері: «Ауылдағы тау, төбе, өзен, көше қалай пайда болған? Бастауын қайдан алады, соны қайдан тұйықталады?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Тіл және әдебиет пәні ұстаздары: «Ол тау мен өзен не себепті бұлай аталады? Этимологиялық мәні қайда жатыр?» деген мәселені анықтайды. Биология пәні оқытушылары: «Ауылда өсімдіктердің қанша түрі өседі, оның ішінде дәрілік шөпттер бар ма, бұл өсімдіктер басқа аймақтарда кездесе мей?» деген сауалды зерттейді.

Осы сауалдардың негізінде бүкіл ауылдар қатысадын аудандық байқау өткізіледі. Содан соң облыстық, ең соңында республикалық конкурс өтіп, нәтижесі жауапты министрлік

басшысымен қорытындыланады. Елжандылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу осылай басталады. Сонда ел туралы түсінік осылай қалыптасады.

Тарихшы ғалымның осы қарапайым ұсыныстарының өзі-ақ жергілікті жерде өлкетанушылық жұмыстарды ұйымдастыруға бағыт көрсетіп тұрғандай.

Елбасы туған жердің тарихын тек мектепте оқытумен шектелмей, «Туған жер» бағдарламасын іске асыруға шенеуніктерді, кәсіпкерлерді, зиялы қауымды, жастарды жұмылдыруды тапсырыды. Бұрын өлкетанушылық жұмыстар негізінен мектепке жүктеліп, жекелеген өлкетанушы адамдардың үлесіне тиген. Ал қазір Елбасы осындай маңызды іске бүкіл ел, барлық қауым болып қатысуға шақырып отыр.

(С. Дүйсен <http://history-state.kz>)

5. Берілген ақпаратты талдаңыз.



6. Жауапқа сәйкес сұрақ қойыңыз.

- Танымал тарихшы М. Қойгелдиев ұсынды. ?
- Негізінен мектепке жүктеліп, жекелеген өлкетанушылар ғана атқарды. ?
- Жер-су атауларының этимологиялық мәнін зерттейді. ?
- Өсімдіктер әлемін зерттейді. ?

7. Тарихи оқиғаның мерзімін көрсетіңіз.

Қазақстанның рухани жаңғыруы	Тарихи оқиғалар	Мерзімі
Бірінші жаңғыру	КСРО құрамынан шығып, тәуелсіз мемлекет ретінде өз жолымызды бастадық. ж.
Екінші жаңғыру	«Қазақстан-2030» стратегиясы қабылданды. ж.
	Жаңа Елорда – Астана салынды. ж.
Үшінші жаңғыру	Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарияланды. ж.

8. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

«Рухани жаңғыруды» жүзеге асырудағы басым бағыттардың бірі – Қазақстанныңжерлерінің географиясын нәзірлеу. Бұл ең алдымен рухани құндылықтарымыздыжаңғыртумен қатар, елдегі туризм кластерінзор әсерін тигізбек. Қазіргі таңда әр облыс өзінің киелі орындарыныңәзірлеп жатыр. Бұл жұмыстар аяқталғаннан кейін, республикалық деңгейде құрылған комиссия тағыөткізіп, нақты тізімді бекітеді.

«100 жаңа есім» жобасы Қазақстанның келбетін танытуға мүмкіндік береді. Бұл жоба жобасы өзінің батыры мен ақынын көрсеткісі келетін қалыңтарапынан кең қолдау тапты.

9. Сөйлемдерді рет-ретімен орналастырыңыз.

- | | |
|----------------------------------|--|
| <input checked="" type="radio"/> | Біздің бәсекелік артықшылықтарымыздың бірі осы. |
| <input checked="" type="radio"/> | Дегенмен бүгінде мұның өзі аздық етеді. |
| <input checked="" type="radio"/> | Қарап отырсаңыз, қазақстандықтар өзіне жат кез-келген әлеуметтік-мәдени ортаға тап болғанда, оңайлықпен сіңісп кетеді. |
| <input checked="" type="radio"/> | Бізге ойлау жүйесін жаңғырту қажет. |
| <input checked="" type="radio"/> | Көшпелі өркениет үрпақтары ретінде біз тағдырдың кез-келген өзгерістерін аяғы-мымыздан нық түрып қарсы ала аламыз. |
| <input checked="" type="radio"/> | Бүгінде ел халқының 82% өзгерістердің қажеттігін қолдайды. |
| <input checked="" type="radio"/> | Біз үлттық жаңғырту процесін технологиялық және экономикалық аспектілерде ғана емес, идеялық кеңістікте де жүргізуіміз керек. |
| <input checked="" type="radio"/> | Алайда, қазір өзгерістерді тек қолдау ғана емес, іс жүзінде қолға алу да маңызды, ол әрбір қазақстандықтың өмірінде басталуы тиіс. |

10. Артық сөзді бағанға жазыңыз.

Үлттық жаңғыру үлттық санамен тікелей тығыз байланысты.

Оның түпкі мақсаты – үлттық бірегейлікті бірізділік сақтау.

Патриотизм туған жерге деген сүйіспеншіліктен басынан басталады.

Рухани жаңғырудағы ең жалғыз негізгі мәселе – латын әліпбійне көшу.

Біздің рухани бастауларымыз қазіргі Қазақстанның аумағында жерінде біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықта өмір сүрген ежелгі арийлерден басталады.

Рухани жаңғыру баршамыздан жаһандық жаңашылдықтарға әзірлікті дайындықты және үмтүлістық қажет етеді.

Қабылданған шаралар еліміздегі жеке жалпы бастамалардың белсененділігін арттырады.

11. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

Рухани жаңғыру – адамның- сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші.

- сана
- ана
- жаңа

Жастардың рухани дегенде бірінші кезекте, олардың білімділігі, ана тілін білуі мен мәдени деңгейі, дүниетанымдық ой-өрісі түрады.

- бақыты
- байлығы
- барлығы

Біз өзіміндің бірегейлігімізді, құндылықтарымыз берілген дәстүрімізді тиіспіз.

- жақтауға
- сақтауға
- мақтауға

Ұлттық _____ жаңғыртуда жастардың атқарар рөлі аса зор.

- сананы
- саланы
- сараны
- қадірлі
- қасиетті
- қабілетті

Қоғамдық сананы жаңғыртудың басты басымдығы ұлттымыздың жаһандық қоғамдастықта бәсекеге _____ болуы екендігі сөзсіз.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.



1. «Заманауи мәдениет» дегенді қалай түсінесіз?
2. Мәдениетімізді әлем тануы үшін қандай жұмыстар жасалуы қажет?
3. «Мәдениетімізді ақпараттық қоғамның сұраныстарына сай цифирландыру» дегенді қалай түсінесіз?
4. Бұғінгі қоғам адамы қандай ақпаратты жылдам қабылдайды?



№10



2. Бағандарда берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

1	мәдени
2	рухани
3	халықаралық
4	ақпараттық
5	тынымсыз
6	білік
7	бәсекеге

A	тілдер
Ә	еңбек
Б	құндылықтар
В	қабілетті
Г	өкілдері
F	жаңғыру
Д	қоғам

3. Мәтінде жобаны жүзеге асырудың қандай шаралары көрсетілген?

4. Мәтінде аталған жобаны жүзеге асыру шараларымен келісесіз бе? Себебін көрсетіңіз.

1-шара	Келісемін, себебі	Келіспеймін, себебі
2-шара	Келісемін, себебі	Келіспеймін, себебі
3-шара	Келісемін, себебі	Келіспеймін, себебі

VERIM



Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүрі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

ХХІ ФАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ



Бәсекелік қабілет



Білімнің
салтанат құруы



Прагматизм



Қазақстанның
революциялық
емес, эволюциялық
дамуы



Ұлттық
бірегейлікті
сақтау



Сананың
ашықтығы

*Патриотизм бұл ескен ауылыңа, қаланы мен онірін,
яғни тұған жерінде деген сүйіспеншіліктен басталады.*

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында жастардың үлгі алуына, заманауи Қазақстанның келбетін танытуға мүмкіндік беретін «100 жаңа есім» жобасы ұсынылған. Бұл жоба өзінің батыры мен ақынын көрсеткісі келетін қалың жүртшылық тарапынан кең қолдау тапты. Республикалық маңыздығы үздік тұлғалармен қатар, әрбір облыстың, әрбір ауданының, тіпті әрбір мектептің, ұжымның үздік жүз тұлғасын тізімдеп шығу бастамасы жиі көтерілуде.



Елдегі меценеттар мен қамқорлық пен қайырымдылық жасаушы тұлғалардың көпшілігі танымалдылыққа танытуға мән бермей жатады. Адамгершілігі мол адамның қарапайым келетіндігі де белгілі. Алайда мұнда халық қалаған, аймақ қолдаған тұлғаны жүрттың езі үсына алады.

Қазақстанның жаңа заманғы келбетін қалыптастыруға үмтүлған тұлғалардан өнеге алған жастар да өзін жетістік жолында, елге еңбек сіңіру мақсатында өмірін сарп ететін болады. Елі үшін, жері үшін қандай да бір сауапты іс сіңіріп кетуге үмтүлады. Эрбір адамның мақсаты бұл тұған елі мен кіндік қаны тамған атамекеніне еңбек сіңіру, бұл өмірге келуінің де басты миссиясы екендігін сезіне алуы қажет.

Massaget.kz

ЖАЗЫЛЫМ

1. Форумда қарастырылатын басты тақырыптарды саралаңыз.



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР» ФОРУМЫ



Басты тақырыптар

- I. Есік қорғаны;
- II. Өр Алтай төріндегі патшалар жазығы – Берел қорғаны;
- III. Шілікті патша қорғандары;
- IV. Қазақстан жерінде табылған алтын адамдар – өркениет белгісі;
- V. Археологиялық ескерткіштерді қорғау арқылы туризмді дамыту мәселелері.
- V. Археологиялық ескерткіштердің рухани жаңғыруға қосар үлесі.

2. Тақырыптар бойынша қосымша деректер жинақтап, баяндама мәтінін жазыңыз.

АЙТЫЛЫМ

1. Берілген ойға қатысты өз тұжырымыңызды айтыңыз.

Қазақ жазуын латын әліппейне негізден, ауыстыру бастамасын Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2000 жылдардың басында-ақ көтерген болатын.

Ал 2012 жылды «Қазақстан-2050» Стратегиясын жариялаған сәтте латын қарпіне 2025 жылды толықтай көшетінімізді мәлімдеді.

«Болашақта бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында бұл істі соза беруге болмайтынын айтты.

2. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

- Латын әліпбіне негізделген қазақ жазуының ұсынылған нұсқаларымен таныссыз ба?
- Әліпби аудиотаралудың қандай тиімді жақтары бар?
- Әліпби аудиотаралудың қандай кері әсерлері болуы мүмкін?
- Жаңа әліпбиге ашық саналы бүгінгі қоғам жастарының көзқарасы қандай деп ойлайсыз?

1	A a	[a]	17	Ñ ñ	[ň]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[б]	19	Ó ó	[θ]
4	D d	[д]	20	P p	[п]
5	E e	[e]	21	Q q	[қ]
6	F f	[ɸ]	22	R r	[р]
7	G g	[г]	23	S s	[с]
8	Ѓ ѓ	[f]	24	T t	[т]
9	H h	[x],[h]	25	U u	[ұ]
10	I i	[i]	26	Ў ў	[ү]
11	І і	[и],[й]	27	V v	[в]
12	J j	[ж]	28	Ү ү	[ы]
13	K k	[қ]	29	Ý ý	[ү]
14	L l	[л]	30	Z z	[з]
15	M m	[м]	31	Sh sh	[ш]
16	N n	[ň]	32	Ch ch	[Ч]



БӨЛІМ САЯСАТ

1-САБАҚ

2-САБАҚ

Ішкі саясат

Сыртқы саясат



1 - САБАҚ


ІШКІ САЯСАТ

1. 298, 299-беттердегі сөздермен танысыңыз.
2. Саясат туралы сипаттаманы жалғастырыңыз.

*Саясат (гр. *politika* – мемлекетті басқару өнері) – алғашында мемлекеттік және қоғамдық істер немесе мемлекеттік басқару шеберлігі деген мағынаны білдірген. Кейін оның мағынасы кеңейді.*

(<https://kk.wikipedia.org>)

3. Саясат сөзімен байланысты қандай үғымдар туындаиды?



4. Қыстырмаларды қолдана отырып, «саясат» сөзімен байланысты туындаитын пікірлеріңді ортаға салыңыз.

Біріншіден	Екіншіден	Үшіншіден
Бір жағынан	КӨЗҚАРАС, ПІКІРЛЕРДІҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫН БІЛДІРУ	Сөйтін
Әуелі	Ақырында, соңында	Алайда

5. Сөйлемдердегі ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

Жұз отыздан астам этнос өмір сүріп жатқан Қазақстан үшін маңызды міндет – этносаралық диалог пен келісімді қолдау, бейбітшілікті сақтау. Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) төрағасы – ел Президенті. Тәуелсіздік таңында құрылған Ассамблея қоғамдық және мемлекеттік институтқа айналды. ҚХА-ның беделі мен маңызының арта түсінен бір дәлел – Мәжілістің тоғыз депутатының үйімнан сайланатындығы.

Осыдан үш жыл бұрын Ассамблеяның жиырма жылдығы тойланды.

		Дұрыс	Бұрыс
1	Қазақстанда үш жүзден астам этнос өмір сүріп жатыр.		✓
2	Мемлекет басшысы тәрағасы болып табылатын Қазақстан халқы Ассамблеясы – бейбітшілік пен келісімді қолдаудың тиімді тетігі.		
3	КСРО кезеңінде құрылған Ассамблея – қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірі.		
4	Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 мүшесі Мәжіліске депутаттыққа сайланады.		
5	Қазақстан халқы Ассамблеясы 20 жылдығын 2013 жылы атап өтті.		

(«Қазақстан – қарашаңырағым», Құраст. Құсайынов С.)

6. «Көпүлтты Қазақстан» сөзжұмбағын шешіңіз.

				1Қ					
				2А					
3				3					
	4			A					
	5			Қ					
6				C					
	7			T					
	8			A					
9				H					



1



2



3



4



5



6



7



8



9

7. Бағандарда берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

1) мемлекеттік	а) бірлестік	1) саяси	а) дамуы
2) жастар	ә) ақпарат	2) конфессияаралық	ә) ахуал
3) азаматтық	б) дүмпу	3) тіл	б) тұрақтылық
4) адам	в) қоғам	4) спорт	в) саясаты
5) қоғамдық	г) құқықтары	5) мәдениет	г) қатынас
6) демографиялық	д) саясаты	6) әлеуметтік-саяси	д) саласы

8. Ԫрақтар бойынша ой бөлісініз.

- 1 Ишкі және сыртқы саясатқа не жатады?
- 2 Саясаткер деген кім?
- 3 Саяси жауапкершілік деген не?
- 4 Саясаттану ғылымы немен айналысады?
- 5 Саяси элита және саяси көшбасшылық дегенді қалай түсінесіз?

9. Қыстырма сөздерді пайдаланып, ғалымның ойына пікір қосыңыз.

Меніңше	Біздіңше	Оның пікірінше
Сіздіңше	Айтылған ойға басқаның не сөйлеушінің пікірі тұрғысынан қарау	Халықтың ойына (пікіріне) қарағанда
Ғалымның пікірінше	Оның айтудына қарағанда	Біздің ойымызша



«Тұрақтылық пен келісім болмаса, ешқандай реформалар жүзеге аспайды. Ең алдымен, халыққа керегі – тұрақты даму. Ол билікке ғана емес, халыққа да керек. Элеуметтік зерттеулерге қарағанда, Қазақстан халқының 80 %-ы қоғамдағы саяси тұрақтылықтың маңыздылығын» атап өткен (проф., с.ғ.д. С Борбасов).

(<http://www.inform.kz/kaz/article/2465836>)

10. Ғалым пікірінде қолданылған қыстырмаларды тауып, мағынасын анықтаңыз.

Қыстырма	Мағынасы
_____	_____
_____	_____
_____	_____

11. Сөйлемді аяқтаңыз.

Үлгі: ҚР Президентінің сындарлы саясаты арқасында елімізде тыныштық, бейбіт өмір, ұлтаралық келісім, тұрақты даму орнаған.

- 1 Еліміздегі саяси реформаларды
- 2 Палатаның депутаттық құрамында
- 3 Ишкі саясаттың құрамдас бөлігіне
- 4 Саяси партиялардың мақсаты
- 5 Үкіметтік емес үйімдардың

12. Мәтінмен танысып шығып, негізгі ақпаратты иеленген екі сөйлемді теріп жазыңыз.

Билер институты – қазақ даласында аса маңызды рөл атқарған институт. Билер институтының негізі күш қолдану емес, бедел ресурсына сүйенген. Бұл институт сот және кей жағдайларда, әкімшілік билік қызметін атқарды. Билер билік құрылымдарының, ру басыларының және халықтың әртүрлі әлеуметтік мұдделерін сәйкестендірді (саяси қызмет); азаматтық, мұліктік, аумақтық және басқа да ру аралық қақтығыстарды, қауымның әлеуметтік өмірін реттеумен айналысты.



(Саяси түсіндірме сөздік)

ОҚЫЛЫМ

1. Жауап беріңіз.

- А) Елімізде қандай партиялар бар?
- Ә) Партиялардың атқарып жатқан іс-шаралары туралы не айта аласыз?
- Б) БАҚ арқылы қай партия туралы ақпарат мол беріледі?
- В) Соңғы сайлауда Парламент Мәжілісіне қандай партиялар өтті?
- Г) Сіз партияда мүшеліктे барсыз ба?

2. Оқыңыз.



1998 ж. 21 қазанында ҚР-да «Қазақстан Президенттігіне кандидат Н.Ә. Назарбаевқа қолдау көрсету қоғамдық штабы» қоғамдық қозғалысы жұмысын бастады. Дәл осы кезеңде қоғамдық қозғалысты саяси партияга айналдыру идеясы туралы пікірлер айтыла бастады. 1999 ж. 19 қаңтарда арнайы отырыс өтіп, онда Қоғамдық штабты «Отан» республикалық саяси партиясы» ретінде қайта құру шешімі қабылданды. 1999 ж. 12 ақпанында партия ҚР заңнамаларына сай Әділет министрлігіне тіркелді. 1999 ж. 1 наурызында жаңа партияның I құрылтай съезі өтіп, онда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев партияның төрағасы болып сайланды. Съезд делегаттары «Отан» республикалық саяси партиясы, Қазақстанның Халықтық бірлік партиясы, Қазақстан демократиялық партиясы, Қазақстан либералдық қозғалысы және «Қазақстан-2030 үшін» қозғалысының бірігуі туралы тарихи маңызды ие Резолюцияны қабылдады.

2002 ж. 9 қарашада Алматыда өткен «Отан» республикалық саяси партиясының кезектен тыс IV съезінде «Отан» РСР-ға Қазақстанның Халықтық-кооперативтік партиясы мен Республикалық еңбек партиясының қосылуы туралы қаулы қабылданды. 2006 ж. 4 шілдеде Астана қаласында «Отан» республикалық саяси партиясының кезектен тыс IX съезі өтіп, «Отан» РСР-ға «Асар» партиясының қосылуы туралы шешім қабылданды. Осы жылдың 22 желтоқсанында өткен партияның кезектен тыс X съезінде «Отанның» Азаматтық және Аграрлық партиялармен біріккені жарияланды. Х съезде басым дауыспен Қазақстанның жетекші саяси күшінің атауын «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы деп өзгерту туралы шешім қабылданды.

2008 ж. 17 қаңтарында өткен кеңейтілген отырыста Партияның халықтық тұғырнамасын жүзеге асыратын бағдарлама қабылданды.

2013 ж. 18 қазанды «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының атауы «Нұр Отан» партиясы болып өзгерілді. Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің сайлаудың қарсаңында 2016 ж. 29 қаңтарда партияның кезектен тыс XVII съезі өтті. Онда «Нұр Отан» партиясының «Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты сайлауды бағдарламасы бекітілді.

(<http://nurotan.kz/party-history>)

3. Мәтінде не туралы айтылғанын қысқаша жазыңыз.

4. Топтық жұмыс. Мәтінге тақырып беріп, оның қойылу себебін түсіндіріңіз.

1-топ

2-топ

5. «Нұр Отан» партиясы қандай саяси партиялар мен қозгалыстардың бірігуі нәтижесінде құрылды? Олар туралы өз билетіндерізді кестеге жазыңыз.

Партия, қозғалыс атаулары

Мен билетін мәлімет

6. Мәтіндегі сандар қандай іс-шаралардың мерзімін көрсетеді?

1998 ж. 21 қазанда	«Қазақстан Президенттігіне кандидат Н.Ә. Назарбаевқа қолдау көрсету қоғамдық штабы» жұмысын бастады.
1999 ж. 19 қаңтарда
1999 ж. 12 ақпанда
1999 ж. 1 наурызда
2002 ж. 9 қарашада
2006 ж. 22 желтоқсанда
2008 ж. 17 қаңтарда
2013 ж. 18 қазанда
2016 ж. 29 қаңтарда

7. Төмендегі ақпарат 2-тапсырма мәтінінің қай абзацына сәйкес келеді?

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы атауының өзгертулуда.	4
Қоғамдық штабты саяси партияға айналдыру.	
«Отанның» құрамына саяси партиялар мен қозғалыстардың бірігуі.	
«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы деп аталуы.	

8. Оқыңыз.



А) Қазақстанның «Ақжол» демократиялық партиясы («Ақжол» ҚДП) – өзін «сындарлы оппозиция», бизнес партиясы және XX ғасырдың басындағы «Алаш» қозғалысының ізбасары деп айқындаған Қазақстандағы саяси партия. «Ақ жол» демократиялық партиясы әділет органдарында 2002 ж. 3 сәуірде тіркелген.

Партия төрағасы – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Т. Перуашев.

2016 ж. сайлау қорытындысы бойынша партия Парламент Мәжілісіне 7 мандат алды.

«Ақ жол» Демократиялық партиясының негізгі мақсаты – әрбіразаматтың еркіндамуына, оның құқықтары және бостандықтарының сақталуына, барлық қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының ұдайы көтерілуіне, сондай-ақ Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің экономикалық, әлеуметтік және саяси өрлеуіне жету үшін қажетті жағдайлар жасау.

(<http://akzhol.kz/kz/catalog/index/23/>)



Ә) «Ауыл» Қазақстан социал-демократиялық партиясы («Ауыл» ҚСДП) – қоғамдық-саяси үйым. Партия 2002 жылы 1 наурызда әділет органдарында тіркелген, 2003 жылы 2 сәуірде қайта тіркеуден өткен.

Партия төрағасы – ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ә.Ә. Бектаев.

2016 ж. сайлау қорытындысы бойынша партия Парламент Мәжілісіне өтпей қалды.

Партияның мақсаты – аграрлық секторды қолдау және мемлекеттік реттеу; ауыл еңбеккерлерінің мүддесін қорғау; экономикалық саяси реформаларды жүзеге асыруға белсенді атсалысу, азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсарту.

(http://auyl.kz/pages/istoriya_ksd)

9. Екі мәтінді салыстырыңыз. Ортақ тұстары мен айырмашылықтарын айтыңыз.

«Ақжол» ҚДП	Ортақ тұстары	«Ауыл» ҚСДП
Айырмашылығы	Айырмашылығы	Айырмашылығы
демократиялық партия	әділет органдарында тіркелген	социал-демократиялық партия

10. Сөздерді тіркестіріп, сөйлем құраңыз.

1 – F	басым		A	сұру
2 –	сайлауды		Ә	тіркеу
3 –	кезектен		Б	қалу
4 –	саяси		В	еңбеккерлері
5 –	агарлыш		Г	тыс
6 –	қайта		F	дауыс
7 –	партия			қозғалыс
8 –	өмір			бағдарлама
9 –	өтпей			сектор
10 –	ауыл			төрағасы

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ



Ырыс қайда барасың? – татулықтың аулына < ауыс. қазақ қауымында өте жоғары бағаланатын рухани құндыштықтардың қатарына ынтымақ, татулық, бірлік, бейбіт қарым-қатынас жатады. «Қайда барасың?» деген сұраққа ырыстың ойланбастан-ақ «татулықтың аулына» деп жауап беруі де сондықтан деп түйеді мақал >



Ұл өсіргенің – үрпақ өсіргенің, Қыз өсіргенің – ұлт өсіргенің < ауыс. ұл-қыз өсірген ата-ана тәрбиесіне байланысты қазақ қауымында: ұл бала – болашақ үрпақты жалғастырушы, қыз бала – үрпақтан өсіп, дамитын ұлттың өрісін кенейтуші деген үфым қалыптасқан >



Халық қаласа, хан түйесін сояды < ауыс. мақал халықтың ханнан да биік мәртебесін, ұлылығын марапаттап тұр. Ханның міндеті халықтың қамын ойлау, бейбіт, мамыражай, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды баянды ету ғана емес, сонымен қатар халқының асыл арманы мен қалауын орындау. Халқының қалауы бойынша мал басы – түйесін союы да осының бір айғағы.

(Қайдар Ә. «Халық даналығы»)

ТЫНДАЛЫМ

1. Тындаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.



№11



- Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа үндеуі қалай аталады?
- Президент қанша әлеуметтік бастаманы ұсынады?
- Президент үндеуінде, ең алдымен, қай мәселелеге назар аударады?
- Әрбір отбасы баспаналы болу үшін қандай жағдай жасалуы қажет?
- Жоғары білімге қатысты бастамада қандай мәселелер атап көрсетілген?



2. Мәтіндегі кілт сөздерді анықтаңыз.

--	--	--	--	--

3. Тиісті сөзді жазыңыз.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі әлеуметтік жоба ретінде аса зор маңызға ие. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру және ипотекасының қалың көшілікке арттыру. несие беруді көбейту. Елді қамтамасыз етуді жалғастыру.

4. Мәтін мазмұнына қатысты ақпаратты анықтаңыз.

- | | Сәйкес | Сәйкес емес |
|----|---|-------------|
| 1 | Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы. | |
| 2 | Президенттің халыққа үндеуі. | |
| 3 | «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» – мемлекеттік маңызы бар әлеуметтік жоба. | |
| 4 | Өнеркәсіпті дамыту үшін несиені көбейту. | |
| 5 | Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін шетелдік компанияларға салынатын салықтың мөлшерін арттыру. | |
| 6 | Жалақысы төмен қазақстандықтарды қолдау. | |
| 7 | Қазақстандықтардың баспана алу мүмкіндіктері. | |
| 8 | Мемлекеттің студент жастарға деген қамқорлығы. | |
| 9 | Елдегі газ өндірісін ұлғайту. | |
| 10 | Жас мамандарға арнап жатақхана салу. | |

5. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.

АЙТЫЛЫМ

1. Еліміздің Әнұранын жұбынызбен бірге айтыңыз.

2. 1992 жылдың 4 маусымында бекітілген Әнұран мен қазіргі Әнұран мәтінін салыстырып, өз ойыңызды ортаға салыңыз.

Жаралған намыстан қаһарман халықтыз,
Азаттық жолында жалындан жасынтыз.
Тағдырыдың тезінен, тозақтың өзінен
Аман-сау қалыптыз, аман-сау қалыптыз.

Қайырмасы:

Еркіндік қыраны шарықта,
Елдікке шақырып тірлікті!
Алыптың қуаты — халықта,
Халықтың қуаты — бірлікті!



Ардақтан анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.
Татулық, достықтың киелі бесігі -
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

Талаиды өткердік, өткенге салауат,
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!
Ар-ождан, ана тілі, өнеге-салтымыз,
Ерлік те, елдік те үрпақта аманат!

3. Мәтін мазмұнымен танысыңыз. Берілген құрылымдар бойынша өз пікіріңізді дәлелдеңіз.

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының сот жүйесіне алқабилер институты енгізілгелі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі демократиялық жаңа бағыт пайдада болды. Алқабилер қатысатын сот процесінде қылмыстық іс жүргізу заңының «тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы» принципі жаңа жаңа нормаларда бекітілген жалпыға бірдей міндетті ережелер қалып қойып жатады. Олардың заңды білмеуі және мағынасын түсінбеуі алқабилер алқасының тиісті түрде сот әділдігін жүзеге асыруын қыннатады.

Қазіргі уақытта алқабилер сотына берілген баға біркелкі емес. Бұл институттың жетілмелегендегі жөнінде қоғамда түрлі пікір айтылуда. Бастысы – алқабилер кәсіби заңгер емес. Шешім қабылдаған кезде олар «Жақсылық» пен «Зұлымдық», «Ар-ұят» пен «Әділдік» категорияларын басшылыққа алады. Ал құқықтың нормаларда бекітілген жалпыға бірдей міндетті ережелер қалып қойып жатады. Олардың заңды білмеуі және мағынасын түсінбеуі алқабилер алқасының тиісті түрде сот әділдігін жүзеге асыруын қыннатады.

(<https://www.zakon.kz/4850677-al1179abiler-instituty-taraptar.html>)



Менің пайымдауымша,



Біріншіден,, екіншіден,



Оны деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

4

Сондықтан оны деп түсіндіремін.

5

Нәтижесінде (осыған байланысты) шешімге келдім.

4. Төмендегі категориялардың мән-мағынасын таратып айтыңыз.

Жақсылық

Ар-ұят

Зұлымдық

Әділдік

ЖАЗЫЛЫМ

**САЯСАТ ҚӘСІП ПЕ,
ӨНЕР МЕ?**



1. Саясатты қесіп ретінде қалай түсінесіз? Тезис түрінде жазыңыз.

*Тезис -
айтылатын негізгі ойдың
қысқа да нұсқа берілуі*

2. Саясатты неліктен өнер дейді? Өз аргументтерінде жазыңыз.

Аргумент құру моделі:

- 1) Тұжырымды ұсыну.
- 2) Оны түсіндіру.
- 3) Мысалдар арқылы негіздеу.
- 4) Қорытындылау.



Аргументке қажетті құрылымдар:



3. «Саясаткер қандай болу керек?». Эссе жазыңыз.





1. 299-беттегі сөздермен танысыңыз.
2. Сыртқы саясаттағы ең маңызды мәселені таңдаңыз. Таңдауыңыздың себебін түсіндіріңіз.



3. Қазақстан қандай мемлекеттермен шектеседі?

	Дұрыс	Бұрыс
1	Армения	
2	Ресей	
3	Монголия	
4	Қытай	
5	Түркіменстан	
6	Өзбекстан	
7	Ауғанстан	
8	Қырғызстан	
9	Әзірбайжан	

4. Мәтінді оқыңыз.

Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделі, оның ядролық қарусыз ел ретінде статусына байланысты өсे түсті. Қазақстан әлемде қуаты жағынан 4- орын алатын ядролық қаруды АҚШ пен Ресейдің көмегімен 1995 жылдың 26 мамырында толық демонтаждан бітті. Қазақстан стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту, ядролық қаруларды таратпау, ядролық сынақтарға тыйым салу туралы жалпыға бірдей келісімшарттарға қол қойды. Қазақстанның әлем мемлекеттері арасында бірінші болып қуатты Семей ядролық полигонын жауып, ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы арқылы өз үстанымының айқын екенін көрсетті. Ол – ядролық қарусыз әлем құру.

Семей полигонының 1989 жылды 29 тамызда жабылуы күнін БҰҰ Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күрес күні деп жариялады.



(«Ақиқат» ұлттық қоғамдық-сақси журналы)

5. Мәтіндегі сөйлемдер бойынша «бұрыннан таныс» және «жаңа» ақпараттарды белгілеңіз.

Сөйлемдердің рет саны	Таныс ақпарат	Жаңа ақпарат
1-сөйлем	✓	

6. Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыз.

Улгі: Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы беделі немен байланысты өсे түсті?

7. Құрастырған сұрақтар бойынша ой бөлісініздер.

8. Төмендегі сөздердің түсіндірмелерімен танысыңыз.

Ара ағайын –

Ара ағайындық –



ешкімге жақындығы жоқ, екі жаққа бірдей кісі (Қазақ тілінің сөздігі).

қақтығысқа қатысушы жақтарға басу айтып, бітімгершілікке шақыру. Қазіргі таңда ара ағайындық белгілері бейбітшілікке жету, қантөгісті тоқтату, бітімгершілікке келу үшін жасалатын іс-қимылдардан байқалады. Нақтылы мемлекет өкілдері, мемлекет қайраткерлері бейбітшілік пен татулық, ізгілік үйіткышы ретінде ара ағайындықты сыртқы саясат қызметінің басты міндеттерінің бірі деп санайды (Саяси түсіндірме сөздік).

9. Қазақстанның ара ағайындық қызметі туралы пікір қосыныз.

?

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалы
кезінде Қырғызстандағы саяси жағдайды
реттеуге үлес қосты. Еліміздің ара
ағайындығы арқасында көршілес елдегі
азамат соғысы қаупінің алды алынып,
саяси құштер арасында диалог орнады.

10. Қажетті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Астанада, уақыт, өкілдік, көп бағыттылық, халықаралық қатынастар,
орнатты, көршілерімен, өмірдің

- 1 1991 жылдан бастап сыртқы саясат пен **халықаралық қатынастар** саласында көптеген шаралар іске асырылды.
- 2 Қазақстан өзінің барлық , негізгі әріптес мемлекеттерімен байыпты және болжауға болатындей байсалды қарым-қатынастар орнатты.
- 3 Сыртқы саясаттың негізгі діңгегі – көпвекторлық жол, яғни
- 4 Ол – еліміздің геосаяси жағынан орналасуына байланысты өзі талап етіп отырған қалыпты жағдай.
- 5 Өткен ішінде Қазақстан Республикасын дүниежүзінің 180-нен астам мемлекеті таныды.
- 6 Қазақстан 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар
- 7 Шет елдерде 40-тан астам дипломатиялық және консулдық ашылды.
- 8 Ал Алматы мен 50-ден астам шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлтаралық үйымдардың ондаған өкілдігі жұмыс істейді.

(<http://e-history.kz/kz/contents/view/171>)



11. Ел Президенті Н. Назарбаевтың Әзербайжан Республикасы Президентінің сайлауында жеңіске жеткен И. Әлиевке жолдаған жеделхатымен танысыныз.

ЖЕДЕЛХАТ

Бауырлас Әзербайжан елінің өркендеуі жолындағы жауапты қызметінде жаңа табыстарға қол жеткізуізге және алдағы барлық жоспарыныздың сәтті іске асырылуына тілектеспін. Екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық халықтарымыздың жарқын болашағы үшін одан әрі қарқынды дами беретініне кәміл сенемін.

[http://www.akorda.kz/\)](http://www.akorda.kz/)



12. Қалаған тақырыбыңыз бойынша шет мемлекеттердің біріне жолданатын жеделхат мәтінін дайындаңыз.

13. «Қазақстанның шет мемлекеттермен байланысы» тақырыбында саулнама жүргізіп, нәтижелерін талқылаңыздар.

Саулнама сұрақтары

1 Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыты қандай?



A) Саяси	
Ә) Экономикалық	
Б) Сауда	
В) Білім	
Г) Туризм	
Ғ) Мәдени	
Д) Ешқандай басым бағыты жоқ	



2 Қазақстан мен Еуропалық Одаққа мүше елдер арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыты қайсысы деп ойлайсыз?



A) Саяси	
Ә) Экономикалық	
Б) Сауда	
В) Білім	
Г) Туризм	
Ғ) Мәдени	
Д) Ешқандай басым бағыты жоқ	



3 Сіздің ойыңызша, Қазақстан мен АҚШ арасында қандай байланыс тығыз орнаған?



A) Саяси	
Ә) Экономикалық	
Б) Сауда	
В) Білім	
Г) Туризм	
Ғ) Мәдени	
Д) Ешқандай басым бағыты жоқ	



4 Сіздің ойыңызша, Қазақстан мен ТМД елдері арасындағы ынтымақтастықтың қай саласы жақсы дамыған?



A) Саяси	
Ә) Экономикалық	
Б) Сауда	
В) Білім	
Г) Туризм	
Ғ) Мәдени	
Д) Ешқандай басым бағыты жоқ	




ОҚЫЛЫМ

1. MediaNet Халықаралық журналистика орталығы жаңындағы «DEMOSCOPE» қоғамдық пікірге экспресс-мониторинг жүргізу бюросы өткізген «Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орны» тақырыбындағы саулнама нәтижесімен танысып, оқып шығыңыз.


Саулнамаға Астана, Алматы қалалары мен Қазақстанның 14 облыс орталығынан 16 жастан асқан 1663 адам қатысты.

Олардың 72%-ы – әйелдер және 28%-ы – ер азаматтар.

Саулнамаға қатысқан қазақстандықтардың 35%-ы Қазақстанның ТМД-ға мүше елдермен ынтымақтастығының басым бағыты экономика саласы деп есептейді.



Байланыстың басым бағыты сауда деп ойлайтын респонденттер - 12%.





Төрттен бір бөлігінің пікірінше (25%), Қазақстан мен ТМД-ға мүше елдер арасында саяси ынтымақтастық бірінші кезекке қойылған. Саулнамаға қатысушылардың 11%-ы басым бағыт мәдениет пен білім саласы деп жауап берді.


Сұрақтарға жауап берген қазақстандықтардың **43%-ы** Қазақстанның Қытаймен ынтымақтастығының маңызды саласы сауда байланысы деп ойлайды. Оны ресми мемлекетаралық стратегиямен байланыстырады.

Респонденттердің **28%-ы** Қытаймен байланыстың тиімді жағы жалпы экономика саласы деп есептейді. Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың басым бағытын анықтауда: **12%-ы** саяси байланыс, **7%-ы** білім саласы, **4%-ы** туризм және **3%-ы** мәдениет деген жауаптарды таңдады. Ал саул намаға қатысқан отандастардың **3%-ы** ҚХР-мен байланыстың ешқандай перспективасы жоқ дейді.

Респонденттердің **32%-ының** пікірінше, Қазақстан үшін Еуропалық Одаққа мүше елдермен (ЕО) ынтымақтастықтың ең маңызды тұсы – экономика. Ал екінші орында – саясат (24%), үшінші орында – білім саласы (13%) тұр. Туризмді басым бағытқа жатқызатын респонденттер – 12%.




Саул намаға қатысушылардың үштен бір белгілі (31%) Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықтың басым бағытын саясат деп есептейді. 20%-ы үшін Қазақстан мен АҚШ арасындағы байланыстың ешқандай тиімді жақтары жоқ. Респонденттердің 16%-ы байланыстың негізгі бағыты білім саласында, 14%-ы экономикалық ынтымақтастықта деп есептейді.



(<http://demos.kz/>)

2. Топта жүргізілген және «DEMOSCOPE» бюросы өткізген саул намаға нәтижелерін кестеге толтырып, салыстырыңыз. Қандай үқастық пен айырмашылық байқадыныз.

Топтағы саул намаға нәтижесі	«DEMOSCOPE» нәтижесі
ҚАЗАҚСТАН – ТМД	
Саяси – %.	Саяси – %.
Экономикалық – %.	Экономикалық – %.
Сауда – %.	Сауда – %.
Білім – %.	Білім – %.
Туризм – %.	Туризм – %.
Мәдени – %.	Мәдени – %.
Еш басым бағыты жоқ – %.	Еш басым бағыты жоқ – %.
ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ	
Саяси – %.	Саяси – %.
Экономикалық – %.	Экономикалық – %.
Сауда – %.	Сауда – %.
Білім – %.	Білім – %.
Туризм – %.	Туризм – %.
Мәдени – %.	Мәдени – %.
Еш басым бағыты жоқ – %.	Еш басым бағыты жоқ – %.
ҚАЗАҚСТАН – ЕО	
Саяси – %.	Саяси – %.
Экономикалық – %.	Экономикалық – %.
Сауда – %.	Сауда – %.



Білім – %. Білім – %.
 Туризм – %. Туризм – %.
 Мәдени – %. Мәдени – %.
 Еш басым бағыты жоқ – %. Еш басым бағыты жоқ – %.

ҚАЗАҚСТАН – АҚШ

Саяси – %. Саяси – %.
 Экономикалық – %. Экономикалық – %.
 Сауда – %. Сауда – %.
 Білім – %. Білім – %.
 Туризм – %. Туризм – %.
 Мәдени – %. Мәдени – %.
 Еш басым бағыты жоқ – %. Еш басым бағыты жоқ – %.

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Салыстырмалы мәнді сөйлемдер

281 - бет

2. Мәтіннен салыстырмалы мәнді сөйлемді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіз.

Саясаттағы символдар (гр. symbolon – белгі дегенді білдіреді) – белгі, ұлгі көмегімен саяси мазмұнды беру тәсілі. Символдар көне дәуірден таным және коммуникация құралы болып саналса, саясатта олар қандай да бір саяси құбылыстарды білдіреді. Саясатта кең тараған символдар – ту, әнұран, елтаңба. Бұл белгілер саяси жүйе, оның тарихы, қазіргі кезеңі мен болашағын толық танытады.

(Саяси түсіндірме сөздік)

3. Сөйлем сыңарларын сәйкестендіріп, салыстырмалы мәнді сөйлемдерді анықтаңыз.

A -	Ә -	Б -	В -	Г -	Ғ -	Д -
A) Түрік мемлекетімен хаттамалық келісім негізінде өткен жылы О. Сүлейменов пен М. Шахановтың кітаптары басылса,			1) геосаяси түрғыдан орналасу жағынан да ұқсастық жақтары сондай баршылық.			
Ә) Еліміз технологиялық жағынан дамыған Жапония сияқты болса,			2) рухани жаңғыру аясында атқарылып жатқан істер де мол.			
Б) Қазақстанда түрлі салаларды дамытуға бағытталған бағдарламалар көп болса,			3) келісімде көрсетілген мамандықтардың тізімін нақтылайды.			
В) Дағдарыс қаржы секторын қалай басса,			4) осы жылы М. Жұмабаевтың әдеби мұрасына арналған конференция өтіпті.			
Г) Егер шегаралар жабық тұрса,			5) мемлекеттің экономикасы да еселеп артады.			
Ғ) Қазақстан мен Түркия арасындағы жақындық тіл, тарих, діл, дін жағынан қандай болса,			6) бүкіл өнеркәсіп кешеніне солай ұласып кетеді.			
Д) ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері Ауғанстанға барса,			7) көршілес елдердің арасында келіссөздер жүргізілу керек.			

4. Ережені пайдалана отырып, салыстырмалы мәнді сөйлем құрастырыңыз.

..... -са (-се),

..... қандай, сондай

Былтыр жасалса, биыл одан да қол жеткізді.

5. Сурет бойынша салыстырмалы мәнді сөйлем құраңыз.

Үлгі: Тәуелсіз Қазақстанның рәміздерінде көк түс басым болса, КСРО дәуіріндегі саяси символдарда негізінен қызыл түс қолданылды.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, дұрыс/қате жауаптарды белгілеңіз.



№12



Дұрыс

- Қазақстан ТМД мүшелігіне қабылданды.
- БҰҰ Бас хатшысымен Қазақстан Республикасының Президенті барып кездесті.
- Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға мүше болып қабылдануы туралы етініш берілді.

Қате

-
-
-

- | | |
|--|---|
| | Ядролық қарулану, оны таратпау туралы Шартқа қосылу мәселелері талқыланды. |
| | Қазақстанның өкілі АҚШ, Қытай, Франция, Ұлыбритания т.б. елшілермен кездесті. |
| | Қазақстанның астанасын Алматыдан көшіру мәселесі сөз болды. |
| | Мемлекеттік тіл мәртебесіне қатысты пікір айтылды. |
| | Қазақстан Республикасы БҰҰ-ға мүшелікке қабылданды. |
- | | |
|--|--|
| | |
| | |
| | |

2. Мәтін бойынша диалог құрастырыңыздар.

Үлгі:

- Бас хатшиға еліміздің БҰҰ-ға мүше болып қабылдануы туралы өтінішті жеткізген кім?
- Қазақстан өкілі А.Х. Арыстанбекова.



3. Мәтінді қайталап тыңдаңыз және Қазақстанның БҰҰ мүшелігіне қабылдану рәсіміне қатысушыларды анықтап, ретімен жазыңыз.

1	Қазақстан өкілі – А.Х. Арыстанбекова.
2

4. Рөлдік ойын. Топтағылар өкіл, Бас хатши, елші т.б. рөлдерді таңдап, «Қазақстанның БҰҰ-ға мүшелікке қабылдануы» барысын көрсетеді.

Үлгі:

Қазақстан өкілі: – Салеметсіз бе, Бас хатши мырза?

Бас хатши: – Қайырлы күн, ханым.

Қазақстан өкілі: – Өз елімнің өкілі ретінде Сізге Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға мүше болып қабылдануы туралы өтінішін жеткізгім келеді. ...

5. Топ ішінен өз рөліне сәйкес жүйелі, ұғынықты, таза сөйлеген, тіл байлығын көрсеткен адамды анықтаңыз.

<p>Аты-жөні _____</p> <p>Сомдаған рөлі _____</p>	<p>Таңдау себебіңіз</p> <hr/> <p>Бағалау ★★★★★</p>
--	--

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс.

«Қазақстанның ТМД елдерімен ынтымақтастығының басым бағыты қандай?» тақырыбында пікірталас үйымдастырыңыздар.

Пікірталас талаптары:

- ✓ Тақырыптан ауытқымау;
- ✓ Белгіленген уақыттан аспау;
- ✓ Сөз әдебін сақтау;
- ✓ Анық, таза, жүйелі сөйлеу;
- ✓ Тіл байлығын көрсету (мақал-мәтел, фразеология, синонимдерді т.б. қолдану);

**Қазақстанның
ТМД елдерімен
экономикалық
ынтымақтастығы
басым**



**Қазақстанның
ТМД
елдерімен саяси
ынтымақтастығы
басым**



2. Г. Сабаеваның «Тұлғалар сөз алады» кітабын пайдалана отырып (<https://adebiportal.kz/upload/iblock/fba/fbaca93849d076560a518b39e3c53c90.pdf>), саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің сыртқы саясаттағы қызметіне қатысты көзқарас-пікірізді білдіріңіз.



Қ. Тоқаев



О. Сүлейменов



М. Тәжин



Е. Ыдырысов

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

2 млн. 724,9 мың шаршы шақырым аумақты алғып жатқан еліміз әлем елдері арасында жерінің көлемі бойынша тоғызыншы орында. Солтүстігі мен батысында **Ресеймен – 7 591 шақырым** (әлемде құрғақтағы ең ұзын үзіліссіз шегара), шығысында **Қытаймен – 1 783 шақырым**, оңтүстігінде **Қырғызстанмен – 1 242 шақырым**, **Өзбекстанмен – 2 351 шақырым** және **Түркіменстанмен – 426 шақырым** шегара арқылы шектеседі. Құрғақтағы шегарасының жалпы ұзындығы – 13 200 шақырым.

(<http://www.akorda.kz>)



ЖАЗЫЛЫМ

1. Мәтінде шегараға қатысты берілген күрделі сан атауларын сөзben жазыңыз.

2 млн.

724,9 мың

екі миллион жеті жүз жиырма төрт бүтін оннан тоғыз мың

7 591

1 783


1 242

2 351

426


13 200

2. «Саяси сана сандықтары» (Алматы, 2014 ж.) атты кітаптың аннотациясымен танысыңыз.



Кітапқа XIX-XX ғасырларда дүниежүзіне белгілі болған философтар мен саясаттанушылардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің кең танымал еңбектері топтастырылған. Өткен замандардағы ғұлама оқымыстылардың тұңғысық рухани әлеміне үнілуге, бүгінгі таңдағы адамзат дамуының күрделі бағыт-бағдарларын пайымдауға, «Мәңгілік ел» идеологиясын басшылыққа алған Қазақстан қоғамының рухани-мәдени өмірін кемелдендірге шама-шарқынша септігін тигізеді деген сеніммен аталмыш еңбектер оқырман қауымға ұсынылып отыр.

3. Кітаптарға аннотация жазыңыз.



Ұ. Садыков
«Саясаттану»



П. Савицкий
«Еуразиялықтың
географиялық және
геосаяси негіздері»

4. «Елдестірмек – елшіден» тақырыбында ойтолғау жазыңыз.



VII

БӨЛІМ ЭКОНОМИКА



1-САБАҚ

2-САБАҚ

Қазақстан экономикасы

Әлемдік экономика



1 - САБАҚ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ

1. 300-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Сөзжұмбақты шешіңіз.

1	2	3	4	5	6	7	8	9

- | | |
|---|---|
| 1 | 2017 жылы Қазақстанда өткен
Халықаралық көрме. |
| 2 | Су жолы көлігінің атауы. |
| 3 | Адам үшін ең басты құндылық. |
| 4 | Жігітті өлтіреді. |
| 5 | Қалың ағаш өскен жер. |

- | | |
|---|--|
| 6 | Ай аты. |
| 7 | Мемлекет атауы. |
| 8 | Ескі сөзімен мағыналас сөз. |
| 9 | Адам көкейіндегі ізгі ниет,
болашақтан күтер үміт, алға
қойған мақсат. |

3. Ойды жалғастырыңыз.




«ЭКОНОМИКА»
ДЕГЕН СӨЗ АЛҒАШҚЫ
ҰФЫМЫНДА ОТБАСЫ
ШАРУАШЫЛЫҒЫН
БІЛДІРГЕН.
БҮГІНГІ КҮНДЕ БҮЛ
ҰФЫМ ӘЛДЕҚАЙДА
КЕҢІДІ.

4. Пікір алмасыңыз.



1. Елдің экономикалық түрғыдан дамуы дегенді қалай түсінесіз?
2. «Ең алдымен мемлекет экономикасын көтеру қажет» деген пікірмен келісесіз бе?
3. Дамыған елдердің экономикасы қандай болуы керек?
4. Экономиканы көтерудің қандай жолдары бар?

5. Пікірлермен танысыңыз.



6. Пікірлерге қатысты өз көзқарасыңызды жазыңыз.

Пікір авторы	Келісемін / келіспеймін	Себебі

ОҚЫЛЫМ

1. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркесін қураңыз.

A	
1 – F –	бөліп
2 – _____	кен
3 – _____	сарапшылардың
4 – _____	алғашқы
5 – _____	өмір
6 – _____	мұнай
7 – _____	мүмкіндікке

Ә	
A	бағалауынша
Ә	сұру
Б	орны
В	ие болу
Г	ондық
F	қараяу
Д	өндіру

2. Бос орынға тиісті қосымшаны қойыңыз.

-ғы	-мен	-ді	-сіз	-қан	-у	-қы
-----	------	-----	------	------	----	-----



- Тәуел..... Қазақстанның жетістіктері.
- Ең ірі қайраңда..... кен орны.
- Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналас..... .
- Ақынның аты..... аталады.
- Мұнай өндір..... көлемі жоғары.
- Кен орындарын игеру..... арттыру қажет.
- Әлемдік алғаш..... ондыққа енеді.

3. Берілген сөздерді екі бағанға бөліп жазыңыз.

солтүстік, ірі, ену, кіру, сәйкес, әлем, онтүстік, ғалам, сай, ұсақ

МАҒЫНАЛАС СӨЗДЕР	ҚАРАМА-ҚАРСЫ МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

4. Оқыңыз

Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін мұнайдан бөліп қару мүмкін емес. 2000-2009 жылдары әлемдегі ең ірі қайрандағы кен орны болып саналатын Қашаған ашылды.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан Қашаған 75 x 45 шақырым аумақты алып жатыр. Кен орны XIX ғасырда Маңғыстау өңірінде өмір сүрген ақынның атымен аталды.

Бұл – соңғы 40 жылда табылған әлемдегі ең ірі кен. Зерттеулерге сәйкес, кен орнының мұнай қоры 9-13 миллиард баррель мұнайды құрайды.

2013 жылы Қазақстанда мұнай өндіру көлемі 80 миллион тоннаға жетті.

Сарапшылардың бағалауынша, Қазақстан мұнай мен газдың 8 миллиард тонна дәлелденген қорына ие. Кен орындарын игеруді арттыру арқылы Қазақстан жылына 90-100 миллион тоннаға дейін мұнай өндіру мүмкіндігіне ие. Нәтижесінде Қазақстан әлемдік мұнай өндірушілердің алғашқы ондығына ене алады.



5. Мәтін мазмұнына сәйкес дұрыс / қате ақпаратты белгілеңіз.

Мәліметтер	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қашаған кен орны қайрақ жерде орналасқан.		
Қашаған кен орны өткен ғасырдың аяғында ашылды.		
Қашаған – кісі есімі.		
Қазақстан мұнай өндірудің көлемі жағынан әлемдегі он мемлекеттің қатарына енеді.		
Қазақстанның жалпы мұнай қоры 100 миллион тонна болады.		
Қашаған – соңғы ғасырда табылған әлемдегі ең ірі кен.		
Қашағаннның аумағы – 100 шаршы шақырым.		

6. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.



1. Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін мұнаймен қатар тағы қандай табиғи байлықтармен айқындауға болады?
2. Қайрандағы кен орны дегенді қалай түсінесіз?
3. Қашаған жырау туралы естіп пе едіңіз?
4. Сарапшылар Қазақстанның мұнай қоры жөнінде қандай пікірде?
5. Мұнай өндірісі негізінде Қазақстан қандай жетістіктерге қол жеткізіп отыр деп ойлайсыз?

7. Мұнай өндірісі Қазақстан экономикасын арттыруға өз үлесін қосуы үшін қандай шаралар қолдану керек деп ойлайсыз?

ҚАЗАҚСТАН ЖІӨ-НІҢ ӨСҮІ

(ДУНИЕЖҰЗІЛІК БАНК МӘЛІМЕТІНШЕ)



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

Дүниежүзілік банктің болжамына сәйкес, 2016 жылы ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) мүлдем өспейді, бірақ 2017 жылы 1,9 пайызға, ал 2018 жылы Қашаған кенішіндегі өндірістің басталып, тұтынушылар мен инвесторлардың сенімі қайта күшеою мен инфляцияның жылына 6-8 пайызға азаюының арқасында 3,7 пайызға артуы мүмкін.

Сарапшылардың пайымдауынша, әлемдік экономиканың самарқау өсуінің салдары Ресейдегі рецессияның созылуы мен тереңдей түсіү әсерінен болуда. Қытай экономикасы төмендеуін тоқтатпаса, сонымен қатар, мұнай нарығындағы қызындықтар қайталанып, Қашағандағы өндіріс кейінге қалдырылса, экономика деңгейінің қайта өсуіне үлкен кедергі болады.

(<https://7kun.kz>)



- 1 Қазақстанның халық саны – **17 202 600 адам.**
Бұл әлем бойынша 62-орын.
- 2 Қазақстан – табиғи ресурстарға өте бай мемлекеттердің бірі. Менделеев кестесіндегі 105 элементтің **99-ы** Қазақстан жерінен табылған.
- 3 Қазақстанның территориясына бес Франция, үш Түркия, немесе жеті Жапония сыйып кетер еді.



4 Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстанға шетелден **150 млрд доллар** инвестиция құйылған.

5 Қазақстан Республикасы ЖІӨ жан басына шаққандағы жылдық көрсеткіші жөнінен әлемнің 144 мемлекетінің ішінде **50-орында**. Ресми деректерде қазақстандықтардың жылдық табысы **14 000 долларды** құрайды деп көрсетілген.

6 Қазақстан Республикасы – БҰҰ, НАТО, ТМД елдері мен Шанхай Ұнтымақтастық Ұйымына мүше.

7 Қазақстан мен Ресей арасындағы шегара – әлемдегі құрлықпен өтетін ең ұзын шегара. Оның ұзындығы – **7 512 км.**

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Астана экономикалық форумының қорытынды сессиясында Қазақстан экономикасын дамытудың алты бағыты талқыланды.

1) Институттар мен экономикалық саясат. Сарапшылар технологиялық жаңғыру мен Қазақстан үшін жаңа нарықтар, макроэкономикалық түрақтылық, жаһандық экономикалық қауіп-қатерлер жағдайындағы құрылымдық реформалар, теңсіздік деңгейін азайту амалдары мен инвестицияларды ынталандыру мәселелерін талқылады.

2) Адами капиталды дамыту. Мамандар «XXI ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесі қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап іздеді. Оку үдерісіне жаңа технологиялар мен ғаламтор ғаламаттарын енгізу жайлы мәселелер көтерілді.

3) Цифрландыру мен ақпараттық технологиялар. Сарапшылар сандық мемлекеттік басқару мәселесін талқылады. Компаниялар мен бизнесті цифрландыру, IT жобаларды әзірлеу кластерін дамыту және алдыңғы қатарлы технологиялар трансферін ынталандыру бойынша нақты шешімдер ұсынылды.

4) Жаңа ақша және қаржы секторы. Бәсекеге қабілетті қаржы орталығын құру мәселесі қарастырылды. Болашақ ақша технологиясын пайдаланудың арқасында қандай пайдада табуға болатыны айттылды.





тиімділігі жоғары инновацияларға инвестиция салу мәселелері қалай өзгереді? XXI ғасырдың үздік шаһарлары қандай болмақ? Мегаполистерге арналған мегажобалар, олардың көлік жүйесін дамыту, экология, өмір сұру сапасын арттыру мәселелері талқыла салынды.

Халықаралық сарапшылардың ұсыныстары ел экономикасының дамуына үлкен септігін тигізбек.

(<http://24.kz>)

2. Мәтін бойынша сұраққа жауап беріңіз.



1. XXI ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесі қандай болуы керек деп ойлайсыз?
2. Сарапшылар экономика секторларын қалай жетілдіру керек деген пікірге тоқталды?
3. Қазақстанның «жасыл экономикасын» дамытуда қандай кедергілер бар екені айтылды?
4. Қазақстан қалаларында болашақта қандай мегажобалар жүзеге аспақшы?
5. Халықаралық сарапшылардың ұсыныстары ел экономикасының дамуына септігін тигізеді деп есептейсіз бе?

3. Сөйлемдегі артық сөзді табыңыз.

Қазақстан экономикасын дамытудың алты жетінші бағыты талқыланды.	
Сарапшылар сандық мемлекеттік мекемені басқару мәселесін талқылады.	
Бәсекеге қабілетті қаржы несие орталығын құру мәселесі қарастырылды.	
Жоғары инновацияларға инвестиция салу деп мәселелері көтерілді.	
Ел экономикасының дамуына үлкен өзара септігін тигізбек.	

5) Таза энергия және жасыл технологиялар. Сарапшылар бүгінде экономика секторларын табиғи байлықты сақтай және баламалы энергияны пайдалана отырып жетілдіру керек деген пікірге тоқталды. Қазақстанда «жасыл экономиканы» дамытуда институционалды, қаржы және технологиялық кедергілер бары екені айтылды.

6) Қалаларды дамыту. Бизнесті ынталандыру, энергиялық

4. Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыз.



-?
 - Сарапшылар жаһандық экономикалық қауіп-қатерлер жағдайындағы құрылымдық реформаларды талқылады.
-?
 - Оқу үдерісіне жаңа технологиялар мен ғаламтор ғаламтарын енгізу жайлы мәселелер көтерілді.
-?
 - Сарапшылар сандық мемлекеттік басқару мәселесін талқылады.
-?
 - Алдыңғы қатарлы технологиялар трансферін ынталандыру бойынша нақты шешімдер ұсынылды.
-?
 - Бәсекеге қабілетті қаржы орталығын құру мәселесі қарастырылды.
-?
 - Қазақстанда «жасыл экономиканы» дамытуда кедергілер бары екені айтылды.

5. Артық сөзді бағанға жазыңыз.

Адами капиталды дамыту Қазақстан дамуының қозғаушы негізгі факторы болып табылады.	
Бизнесті жақсарту дегеніміз – халықтың әлеуметтік саяси тұрмысын жақсарту деген сөз.	
Адами капиталды дамытуда жастарға сапалы негізгі білім беру үлкен маңызға ие.	
Адами дамудың халықаралық рейтинг-индексіне сай Қазақстанның позициясы орны айтарлықтай орнықты.	
Адами капиталды қалыптастыруға адамдардың мемлекеттің денсаулық сақтау, білім беру, кәсіби даярлау және өзге де салаларындағы саясаты ықпал етеді.	
Адами капиталды жақсарту үшін адамдарға жан-жақты, шетелдік мемлекеттермен қарым-қатынас жасай алатын деңгейде дәрежеде білім беру қажет.	
Көптілді білім беру бағдарламалары өз ісін жетік біletін маман даярлауға дайындауға негіз болады.	

6. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

Алты Алаштың көсемі Әлихан Бекейхан «Ұлтқа қызмет білімнен емес, _____», - деген болатын.

- мінбеден
- мінезден
- мұліктен
- бауыр
- бақыт
- жолдас

«Адам адамға – дос, _____» деген ұстанымды бағдар ете білу – біздің адами көзқарасымызға сай, бұлжымайтын қағида.

Әлемдік тенденцияда игерген мамандығына сай емес _____ жұмыс істеушілер көп.

- сағатта
- сабакта
- салада
- түлектер
- тіректер
- тізбектер
- қосылып
- қосылған
- қосылуды

Университетті бітірген _____ жұмыс іздеушілер емес, жұмыс берушілер болып шығатын болса, көптеген мәселе өз орнын табар еді.

Қазақстанның жоғары оқу орындарының оқу жүйесі Болон үдерісіне _____, кредиттік оқу жүйесін қабылдады.

7. Сөйлемдерді рет-ретімен орналастырыңыз.

	Сондықтан үйретілетін мамандықтың шеңберінде қалып қоймай, дүниетанымың кең, ойлау қабілеті креативті азаматтарды қалыптастыру – өте өзекті мәселе.
	Сол себепті жоғары оқу орындарының бұрынғы классикалық білімнен бәсекеге қабілетті, кәсіпкерлікке бейім, әлеуметшіл мамандарды дайындауға түбекейлі бет бұруы қажет.
	Жоғары оқу орындарында арнайы бір мамандықты игеріп жатқан жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оларға «озық құрал» ұсыну – замана талабы.
	Қазір білім мазмұнындағы ақпараттар әрбір екі жыл сайын жаңаруда.
	Адами капиталды ұстемелеуге үлкен үлес қосатын саланың бірі – білім.
	Алдағы уақытта біздің төрт жылда берген біліміміз заман ағымынан кешеуілдеп, кәдеге аспай қалуы әбден мүмкін.

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Қимыл-сын мәнді сөйлемдер

283 - бет

2. Бос орындарға -ып / -ин / -п қосымшаларының тиістісін қойыңыз.



Баламалы энергия пайдаланыл_____, табиғи байлық сақталады.

Оқу үдерісіне жаңа технологиялар енгізіл_____, адами капитал дамиды.

Сөнген үміттер оян_____, халық банктерге сенім білдіре бастады.

Өндіріс орындары қарқындей дамы_____, ел экономикасы арта бастады.

Білім беру жүйесі қолға алын_____, ел болашаққа инвестиция сала бастады.

Тегін медициналық қызмет көрсетіл....., халықтың жағдайы жақсарып келеді.

Мегаполистерге арналған мегажобалар жүзеге ас_____, қалалар дами бастайды.

3. Бос орындарға -а / -е / -й қосымшаларының тиістісін қойыңыз.



Әркім өз пікірін айта-айт_____, көпшілік бір шешімге келгендей болды.
Сарапшылар жан-жақты талдау жасай-жаса_____, жиын жандана тұсті.
Мамандар қызу талқылай-талқыла_____, форумдағы бас мәселе өз шешімін тапты.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Мәтінге қай тақырып сай келеді? Белгілеңіз.



№13



.....	Қарыз ақша
.....	Онлайн-несие
.....	Ұлттық банк

2. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.

Онлайн несие арқылы рәсімделеді.

..... карточканызға кеп түседі.

Онлайн-несиені қиын.

Жылдық ұстеме ақысы өте

Сілтеме арқылы өтіп, қағазын толтырасыз.

Елімізде онлайн-несие берумен айналысатын 15 фирма түрде тіркеліпті.

Қаржы ұйымдары қарыз берер кезде клиент туралы мағлұматты жинайды.

Мамандар халықта интернет арқылы ақша аларда аса сақ болуға береді.

3. Мәтін мазмұны бойынша дұрыс, қате мәліметтерді белгілеңіз.

Мәліметтер		
Онлайн-несие туралы жарнамалар өте аз.		
Онлайн-несиені жұмыссыздар мен зейнеткерлерге бермейді.		
Шағын қаржы ұйымдары несиені ғаламтордағы сайттар арқылы береді.		
Несие алу үшін сілтеме арқылы өтіп, өтініш қағазын толтыру керек.		
Онлайн өтінішке төл құжат, мекен-жай, қарызды қайтару мерзімі туралы мәліметтер енгізу керек.		
Онлайн-несиені қайтару оңай.		

Еліміздегі онлайн-несие берумен айналысатын фирмалардың жұмысы жақсы жүріп жатқан жоқ.		
Қаржы үйымдары несие рәсімдеу үшін ақшаға мұқтаж кісінің жазбаша рұқсатын алады.		
Ұлттық банк онлайн фирмаларды сот арқылы жабуды көздейді.		

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.



- «Қарыз күліп кіріп, жылап шығады» дегенді қалай түсінесіз?
- «Онлайн-несие берумен айналысатын фирмалардың жұмысы да қызып тұрған көрінеді» дегенді қалай түсінесіз?
- Онлайн үйымдар қай талапты сақтамайды?
- «Қолы қысқа, қалтасы жүқта талай жандар» деген кімдер?
- Қарызға батқандар не себепті КТК телеарнасына жүгінді?
- Онлайн-несие алғандардың қарыздары «ғарыштық жылдамдықпен» өсті дегенді қалай түсінесіз?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Берілген сұрақтар бойынша ой қорытыңыз.

	Адами капиталды дамытуға арналған мемлекеттің күш-жігері мен инвестициялары қаншалықты өзекті?
	Қазақстанда адами капиталды дамытуға қандай факторлар тосқауыл қояды?
	Бұл саладағы жағдайды жақсарту үшін мемлекет тарапынан тағы қандай шаралар қолданылуы қажет?

2. «Адами капиталды дамыту үшін ң алдымен жастарға сапалы білім беру қажет» тақырыбына аргументті эссе жазыңыз.

3. Төменде берілген эссе құрылымын негізге алыңыз.

МӘЛІМЕТТЕР	ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛДІК БІРЛІКТЕР
Тұжырым	<ul style="list-style-type: none"> • менің ойымша • ...деп ойлаймын • себебі • өйткені
Түсіндіру	<ul style="list-style-type: none"> • мысал келтіретін болсақ • біріншіден • екіншіден
Мысалы	<ul style="list-style-type: none"> • сонымен • қорыта келгенде • демек
Қорытынды	<ul style="list-style-type: none"> • соған қарамастан • сондықтан

АЙТЫЛЫМ

1. «Тегін білім беру – Қазақстанның болашағына салынған инвестиция» деген тұжырымға қалай қарайсыз?

2. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған пікіріне қатысты өз ойынызды білдіріңіз.



«Мениң бастамам бойынша биыл «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастады. Тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін-өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастар, сондай-ақ кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылуы тиіс. Кәсіптік білім беру жүйесінде, мен айтқандай, экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар дайындауға ден қою керек».

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы



2-САБАҚ

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА

1. 300, 301-беттердегі сөздермен танысыңыз.

2. Синонимдерді сәйкестендіріңіз.

I	
1	ақша
2	оңтайлы
3	өркендеу
4	жұық
5	тегін
6	кішкентай

II	
A	даму
Ә	ақысыз
Б	тиімді
В	қаржы
Г	жақын
F	шағын

3. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

мемлекет, деңгейі, қызметі, жылдан, екінші, дамыған

- Ресейден кейінгі _____ орында.
- Экономикасы өте жақсы _____.
- Мемлекетте медицина _____ тегін.
- Еуропа Одағындағы ең дамыған _____.
- Үкімет мануфактурасы _____ – жылға өркендеуде.
- Германияда кедейлік _____ төмен.

4. Сөз тіркестерінің сыңарларын сәйкестендіріңіз.

I	
1	өмір
2	ішкі
3	табыс
4	жыл
5	табиғи
6	орташа

II	
A	әкеледі
Ә	сайын
Б	көрсеткіш
В	байлық
Г	өнім
F	сүру

5. Берілген тұжырыммен танысыңыз.



Соңғы жылдары әлемдік экономика өте тез жылдамдықпен өзгеруде. Жаһандану үдерісі елдерге экономикалық дамуына мүмкіндіктер берумен қатар, көптеген қызыншылықтар туындауда.

Сондықтан, алдыңғы қатарлы елдердің құрамына кіру немесе периферия рөлін ойнау проблемасы Қазақстан үшін өзекті болып табылады.

6. Берілген пікірге қатысты өз пікіріңізді жазыңыз.

Келісемін	
Әйткені
Сондықтан

7. Сөйлемдерді рет-ретімен орналастырыңыз.

	Айта кететін тағы бір жайт, 90-шы жылдардың ортасынан бастап 2002 жылға дейін әлемдік экономика мамандығына үқсас «халықаралық экономикалық қатынастар» мамандары даярланған болатын.
	Бұл алған білімдері арқылы түлектердің көвшілігі президенттік «Болашақ» бағдарламасы арқылы білімдерін жетілдіруге және үздік шетел жоғары оқу орындарында тәлімін жалғастыруға мүмкіндік алды.
	Экономика мамандарын даярлау саласындағы «әлемдік экономика» мамандығы ерекше орынға ие.
	Бұл алдыңғы қатарлы мамандықтың үздік түлектері тек экономика саласындағы білім алушмен шектелмей, сонымен қатар, шет тілдерін жақсы менгеруімен ерекше көзге түсті.
	Бұл мамандық Қазақстан Республикасы жоғары оқу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі мамандықтар жіктелуінің қатарына енгізілді.

8. Оқыңыз

ДАМЫҒАН МЕМЛЕКЕТТЕР ЭКОНОМИКАСЫ



Жаңа Зеландия – бірнеше аралдың қосындысынан құралған кішкентай мемлекет. Жалпы ішкі өнімі әр адамға \$34 121-дан келеді. Жердің табиғи байлығы өте жақсы сақталған. Елде тек туризм саласында 18 000-ға жуық мекеме жұмыс істейді. Жыл сайын Жаңа Зеландияға кемінде 2 млн турист келіп, мемлекетке жалпы ішкі өнімінің 10%-ын құрайтын табыс әкеледі.

Ирландияда білім, сауаттандыру стандарты, орташа өмір сүру көрсеткіштері жоғары. Жалпы ішкі өнімі \$203.89 млрд, жан басына шаққанда \$45 497 болады. Әлемде ел экономикасы бойынша 7 орында тұр.



Германия – Еуропа Одағындағы ең дамыған мемлекет. Немістер сыртқы нарыққа электр техникалары мен транспорт түрлерін көп шығарады. Үкімет мануфактурасы мен өндіріс орындары жылдан жылға өркендеуде. Жалпы ішкі өнімі – \$3.5 млрд. Яғни әр адамға \$40 631-дан келеді деген сөз. Германияда кедейлік деңгейі төмен болғанымен, жұмыссыздық индексі – 7%.

Канада жер көлемі бойынша Ресейден кейінгі екінші орында. Экономикасы өте жақсы дамыған. Жалпы ішкі өнімі әрбір азаматқа \$51147-дан келеді. Мемлекетте медицина қызметі тегін.



9. Мәтіндер бойынша семантикалық картаны толтырыңыз.

ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ	ИРЛАНДИЯ	КАНАДА	ГЕРМАНИЯ	ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ
Жалпы ішкі өнімі				
Сыртқы нарық				
Өндіріс орындары				
Туризмнің дамуы				
Тегін медицина				
Жұмыссыздық индексі				
Білім беру				
Табиғи байлығы				

**10. Осы елдерің экономикалық дамуына әсер етуші факторлар туралы Сіздің
болжамыңыз.**

11. Жоғарыда берілген мәтіндерді қайта оқып, сұраққа жауап беріңіз.

1. Қоршаған ортаны қорғау және оны ластайтын адамдармен күрес жүргізу бойынша мемлекеттерге орынды қалай бөлер едіңіз?

I ОРЫН	
II ОРЫН	
III ОРЫН	
IV ОРЫН	

2. Не себепті және қандай негізге сұйене отырып, мемлекеттерге бұл орындарды бергеніңізді түсіндіріңіз.



**12. Мәтінде берілген сандардың не үшін қолданылғанын көрсетіңіз.
Төмендегі сандар мәтінде қандай қызметте жұмсалып тұр?**

7	<i>Германияда кедейлік деңгейі төмен болғанымен, жұмыссыздық индексі – 7%.</i>
51 147
7
3,5 млрд.
34 121
18 000
203,89
2 млн.
40 631
45 497

ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз.



Жалпы ішкі өнімі бойынша есептегенде әлемде төртінші орында тұрған дәулетті Норвегияда жалақы мөлшері Еуропа одағының орташа көрсеткішінен 50 пайызыға артық. Норвегияның осындай байлығына таң қалуға болмайды. Мұнай экспорттау жағынан әлем бойынша бесінші орында тұрған ел бұл шикізаттан жыл сайын 40 миллиард доллар көлемінде пайда көреді.

Бүгінде Норвегияның мұнай астанасы деп аталатын Стравангер қаласы 1969 жылға дейін балық аулаумен күнелткен, жұз жылдан бері майшабақтың арқасында өзін-өзі асыраған қала еді. Норвегияның басқа бөлігі сияқты ағаш, кеме мен ауылшаруашылық экономикасын дамытқан қала ел өндірісін өркендеткен көршілерінен кенжелеп қалды. Бірақ 1969 жылы мұнай кені табылғанда, қаланың жағдайы өзгеріп сала берді.

«1960 жылдары Норвегияда өмір сүру деңгейі Швеция мен Даниядан 30-40 пайыз төмен еді. Қазір Норвегияның деңгейі бұл екі елден айтарлықтай артық», – дейді Ослодагы Норвег бизнес мектебінің экономисі Бруно Жерар.

Мұнайдан түсken қаржыны елдің пайдасына жұмсаудың арқасында 1960 жылдары 90 мың тұрғыны бар Стравангер қаласы халқы қазір 204 мың адамға жетті. Қалада 10 мың студенттік университет, жаңа концерт залы мен бірнеше музей бар. Қала сыртына үлкен жылышай салынған, онда қыстың күнгірт күндерінде де жасанды жарықтың арқасында қызанақ есе береді.



Халықаралық кеңесші мамандар Норвегияның тәжірибесінен сабак алуға болады деген ұсыныс айтады. Басқа елдер де Норвегия сияқты мұнайдан түсken қаржыны сақтамай, оның орнына инфрақұрылымды дамытқан тиімді, мұнайдан түсken мол қаржының көп бөлігін шығындалмай, басқа салалардың дамуына мүмкіндік беру керек екенін айтады.

(Ч. Рекнагельдің мақаласынан аударған – Д.Әлімжан)

2. Мәтін бойынша сұрақта жауап беріңіз.



1. Норвегияның экономикалық жағдайы қалай түзелді?
2. 1969 жылға дейін Стравангер қаласының тұрғындары қандай көсіппен шұғылданатын еді?
3. «Елу жылда ел жаңа» деген мақалды осы елге қатысты айтуға бола ма? Түсіндіріңіз.
4. Мұнайлы елдің халық санының артуының себебі неде?
5. «Мұнайдан түсken қаржыны елдің пайдасына жұмсаудың арқасында» деген ойды өрбітіңіз.
6. Халықаралық кеңесші мамандардың айтуынша, Норвегияның қандай тәжірибесінен үйрену керек?
7. Мұнайдан түсken қаржыны сақтамау дегенді қалай түсінесіз?
8. Басқа салалардың дамуына мүмкіндік беру керек дегенді қалай түсінесіз?

3. Бос орындарға -a / -e / -й қосымшаларының тиістісін қойыңыз.

Мұнайдан түсken қаржыны сақтама....., оның орнына инфрақұрылымды дамытқан тиімді.

Мұнайдан түсken мол қаржының көп бөлігін шығындалма....., басқа салалардың дамуына мүмкіндік беру керек.

4. Мәтін бойынша берілген ақпаратты анықтаңыз.

МӘЛІМЕТТЕР	ДҮРІС	БҮРІС
Норвегия жалпы ішкі өнімі бойынша есептегендеге әлемде үшінші орында.		✓
Норвегия мұнай экспорттау жағынан әлем бойынша бесінші орында.		
Стравангер қаласы – Норвегияның астанасы.		
Норвегияның мұнай кені 1960 жылдары табылды.		
Қала сыртына үлкен жылыштар салынған.		

ТЫҢДАЛЫМ

1. Бос орынға мағынасы сәйкес келеді деген сөздерді жазыңыз.



Адамзат үшін «жасыл» экономикаға _____ міндетті болып отыр.
(не icsteyp?)

Қазақстанда қоқыс өндеуші кешендердің _____ басталды.
(neci?)

АҚШ-та баламалы энергетиканы _____ жолға қойылған.
(не icsteyp?)

2. Мәтінді тыңдал, сіз жазған сөздердің сәйкес келіп-келмегенін анықтаңыз.



№14



3. Мәтінде қандай мәселе көтерілгенін анықтаңыз.



- А) Қоқыс өндеу мәселесі.
- Ә) Экономиканың «жасыл» секторын дамыту мәселесі.
- Б) Баламалы энергетиканы дамыту мәселесі.
- В) Әлем елдерінің экономикалық салыстыру мәселесі.

4. Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты табыңыз.



- А) Адамзат үшін «жасыл» экономикаға көшу міндетті.
- Ә) Қоқыс өндеуші кешеннің құрылышы басталды.
- Б) Келесі жылы экономикаға екі пайыз инвестиция құйылады.
- В) Көп елдер «жасыл» экономика жоспарларын жүзеге асыруды.

5. Соңғы абзац мазмұнына қарсы ақпаратты таңдаңыз.



- A) Әлемде жасыл экономиканы дамыту мәселелерімен айналысып келе жатқан бағдарлама бар.
- Ә) Бұл бағдарлама дүниежүзінің 170 елінде жұмыс істейді.
- Б) Бұл бағдарламамен жұмыс істеушілер елдердің жасыл экономикаға көшу мүмкіндіктерін зерттейді.
- В) Бұл бағдарламаға қатыспайтын мемлекеттер жыл сайын жасыл экономиканы дамыту технологияларын дамытады.

6. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

1

Қазақстанда қандай кешенниң құрылышы басталды?

- Жасыл экономика кешені
- Қоқыс өңдеу кешені
- Баламалы кешен

2

Оңтүстік Кореяда 2011 жылдан бері қандай шаралар жүзеге асып келеді?

- АҚШ 60 миллиард доллар қарызы берді
- 1,8 млн жұмыс орны ашылды
- Жалпы өнімнің 2 %-ы инвестицияланады

3

Әлем елдерінде жасыл экономика мәселесі көтерілгеніне қанша уақыт болды?

- Оттыз жылдай болды
- Елу жылдай болды
- Қырық жылдан асты

7. Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

«Жасыл»	асыру	инвестиция	ашылды.
Жыл	жұмыс	көшу	біледі.
жүзеге	жоспарларды	дамыту	асыруда.
Көп	сайын	жолын	міндетті.
Баламалы	экономикаға	орындары	салады.
Экономикалық	энергетиканы	жүзеге	керек.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ



ӘЛЕМНІҢ КЕДЕЙ НЕМЕСЕ «ЕҢ ТӨМЕН ДАМЫҒАН ЕЛДЕРІНІҢ» НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРИ

Біріккен Ұлттар Үйімі (БҰҰ) кедей елдер категориясы бар екендігін алғашқы рет 1971 жылы мойындалды.

БҰҰ ең төмен дамыған елдер категориясын алғаш анықтаған кезде олардың қатарына әлемнің 25 елі

кірген. Қазіргі таңда бұл елдер саны қөбейіп 48 елге дейін жетті. Олардың басым көпшілігі – Африкада орналасқан 34 ел, Азиядағы 13 ел және бір ел Латын Америкасында. Отken қырық жыл уақытта әлемнің 3 елі ғана бұл категориядан шыққан (Ботсвана, Мальдив аралдары мен Кабо-Верде).

Бұл топқа жататын елдер халықаралық қауымдастықта ең кедей және әлсіз елдер деп саналады. Олар тұрғылықты халқының кедейшілігімен, жағымсыз географиялық жағдаймен, институционалдық, экономикалық және адам ресурстарының құрылымдық әлсіздігімен ерекшеленеді.

(Л. Медуханова, Қ. Жанғалиева articlekz.com)

АЙТЫЛЫМ

ҰСЫНЫЛАТАЫН ТІЛДІК БІРЛІКТЕР

ТҰРАҚТЫ СӨЙЛЕУ МОДЕЛЬДЕРІ:

тоқталар болсақ, атап өтуге тұрарлық, бір қарағанда, сонымен қатар, мен келіспей қоймаймын, келісуге болады т.б.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰРЫЛЫМДАР:

Сингапурдың экономикасы қалай дамыса, Қазақстанның экономикасы да солай дамиды.

1. ЭКОНОМИКАСЫ ДАМЫҒАН ЕЛДЕР ТОБЫ

- Үлкен жетілік елдері (G7):** АҚШ, Канада, Жапония, Германия, Франция, Ұлыбритания және Италия, 1997 жылы Ресейдің қосылуына байланысты «Үлкен сегіздік» деп атала басталды.

- «Коныс аудару капитализм елдері»:** Канада, Австралия, Израиль, ОАР, Жаңа Зеландия.

- Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері:** Бельгия, Австрия, Швейцария, Ирландия, Нидерланды, Люксембург.

2. ДАМУШЫ ЕЛДЕР

- «Азия жолбарыстары» немесе Жаңа индустриялы елдер:** Сингапур, Гонконг (Сянган), Корея Республикасы, Тайвань, Тайланд, Малайзия.

- Дамуши елдердің көшбасшылары:** Қытай, Үндістан, Бразилия, Аргентина, Мексика.

- Социалистік елдер:** Қытай, Куба, Лаос, Вьетнам.

3. ӨТПЕЛ ЭКОНОМИКА ТӘН ЕЛДЕР

- КСРО құрамында болған елдер:** Ресей, Қазақстан, Украина, Өзбекстан, Беларусь, Қыргызстан, Түркіменстан, т.б.

- Шығыс Еуропа елдері:** Чехия, Словакия, Болгария, Венгрия, Румыния, бұрынғы Югославия мемлекеттері

ЖАЗЫЛЫМ

1. Берілген тұжырымға қатысты келісу немесе келіспеу әссеңін жазыңыз.



Экономика ғылымының негізгі концепциясы – әрбір адам, өзінің пайдасын арттырғысы келеді, әрбір адам байығысы келеді. Адам пайда тапқысы келіп, қоғамға пайдалы көп жұмыс істейді, компаниялар көп пайда тапқысы кеп, көп тауар өндіреді. Сөйтіп ел мен жер дамиды...

КЕЛІСЕМІН	КЕЛІСПЕЙМІН
Әйткені	Себебі

VII
VIII

БӨЛІМ
ӨНЕРКӘСІП
ШАРУАШЫЛЫҚ

және



1-САБАҚ

2-САБАҚ

Өнеркәсіп

Шаруашылық



1. 301, 302-беттердегі сөздермен танысыңыз.

2. Сөздерді сәйкестендіріңіз.

A	
1 - F -	минералдық
2 - ____	өндіруші
3 - ____	тұсті
4 - ____	энергия
5 - ____	пайдалы
6 - ____	тау
7 - ____	кенді

Ә	
A	көздері
Ә	металл
Б	қазбалар
В	кен
Г	алтай
F	шикізат
Д	өнеркәсіп

3. Құрделі атау жасаңыз .




4. Ой бөлісіңіз.



1. Қазақстанда өнеркәсіптің қандай түрлері бар?
2. Сіздіңше, олардың қайсысы жақсы дамыған?
3. Өнеркәсібінің дамуы бойынша қай елдер алдыңғы қатарда деп есептейсіз?
4. Бұкіләлемге әйгілі қандай кәсіпорындарды білесіз?
5. Өнеркәсіпті дамыту үшін не істеу керек?

5. Тізбекті жалғастырыңыз.




6. Артық сөзді табыңыз.



- 1) Шетелдік инвестицияларды шақыруды тартуды көздейді.
- 2) Шетелдік шетелдің басқаруға берілген кәсіпорындар бар.
- 3) Минералдық шикізат сатудан түскен пайда экономиканы өркендетеуді өршітеді.
- 4) Электр энергетикасы көмір, мұнай, суға енгізілген негізделген.
- 5) Құрылыш қуаттылығын материалдарын өндіру жолға қойылды.

7. Термин мағынасымен танысыңыз.

ИНДЕКС – қандай да бір экономикалық құбылыстың (өндірістің көлемі, бағасы, сыртқы сауда т.б.) тізбекті өзгерісін өрнектейтін сандық (әдетте, пайыздық) көрсеткіші



8. Картага әр аймақтағы өнеркәсіп орындарын жазыңыз.



9. Бұл өнеркәсіп орындарында қандай ресурстар өндөледі?

темір

10. Суреттегі табиғи байлықтардың сапасын, құрамын, қасиеттерін сипаттап айтыңыз.

Мұнай



Темір



Мыс



Алтын



Көмір



Уран



11. Пайдалы қазбалардың шаруашылық маңызы туралы ой бөлісіңіз.

12. Географ А.Ю. Скопин ұсынған жүйені басшылыққа ала отырып, өзіңіз тұратын аумақтағы табиғи ресурстарды экономикалық тұрғыдан бағалаңыз.


◆	0 балл	Ресурс мүлде жоқ.
◆	1 балл	Ресурстың тек жергілікті маңызы бар.
◆	2 балл	Ресурстың аймақтық маңызы бар.
◆	3 балл	Ресурстың ұлттық (мемлекеттік) маңызы бар.
◆	4 балл	Ресурстың халықаралық маңызы бар.


(Әбілмәжінова С., Каймұлдинова К. «География»)

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ӨНЕРКЕСІП ӨНІМІ КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ (2018 ж. қаңтар-мамыр бойынша)





Атырау облысында шикі мұнай өндірісі көлемінің жоғарылауы есебінен өнеркәсіптік өндірістің индексі 113,1%-ды құрады.

Қостанай облысында темір шекемтастары және қойыртпалары, жеңіл автомобилдер, үн және макарондар өндірісі өсті (112,4%).

Жамбыл облысында фосфатты шикізат, қант, фосфор, фосфорлы тыңайтқыштар және портландцемент өндірісі жоғарылады (112,3%).

Шығыс Қазақстан облысында мыс кендері және қойыртпалары, күнбағыс майы, тазартылған алтын, тазартылған мыс және жеңіл автомобилдер өндірісі жоғарылады (107,2%).

Ақтөбе облысында хром кендері мен қойыртпалары, мырыш қойыртпалары және мыс-мырыш кендері, феррохром және натрий бихроматы өндірісі жоғарылады (104,8%).

Алматы облысында өнделген сұт, қант, алкогольсіз сусындар және электр аккумуляторлар өндірісі өсті (104,4%).

Павлодар облысында мыс қойыртпасы, дизельдік отын және болаттан жасалған құбырлар өндірісі жоғарылады (104,3%).

Алматы қаласында күнбағыс майы, өнделген кофе, шай және теледидар қабылдағыштары өндірісі өсті (103,8%).

Оңтүстік Қазақстан облысында үн, бензин, керосин және портландцемент өндірісі жоғарылады (103,3%).

Солтүстік Қазақстан облысында тазартылмаған рапс майы, өнделген сұт және үн өндірісі өсті (103,1%).

Қарағанды облысында жазық илек, тазартылған алтын, болат және оқшауланған сымдар өндірісі жоғарылады (103%).

Ақмола облысында құрамында алтыны бар кендерінің өндірісі өсті, үн және шарикті немесе аунақшалы мойыннтіректер өндірісі жоғарылады (102,8%).

Манғыстау облысында шикі мұнай өндірісі көлемінің жоғарылауы есебінен өнеркәсіптік өндірістің индексі 101,5%-ды құрады.

Астана қаласында алкогольсіз сусындар, тауарлық бетон, тазартылған алтын және қара метал, алюминийден жасалған конструкциялар өндірісі өсті (100,2%).

Батыс Қазақстан облысында газ конденсаты өндірісі төмендеуі есебінен өнеркәсіптік өндірістің индексі 98%-ды құрады.

Қызылорда облысында шикі мұнай өндірісінің төмендеуі есебінен өнеркәсіптік өндірістің индексі 95,6%-ды құрады.

(<http://stat.gov.kz/>)

2. Қандай мәтін түріне жатады? Белгілеңіз.

Ғылыми-көпшілік	
Ресми-іскери	
Көркем әдебиет	
Ауызекі сөйлеу	
Публицистикалық	

3. Не қайда өндіріледі? Сәйкестендіріңіз.

A		Б	
1 - F -	алюминийден жасалған конструкциялар	A	Маңғыстау
2 - ____	шикі мұнай	Ә	Батыс Қазақстан облысы
3 - ____	газ конденсаты	Б	Астана
4 - ____	теледидар қабылдағыштары	В	Алматы



4. Мәтіннен заттың сын-сипатын, сапасын білдіретін сөздерді жазыңыз.

Тазартылған
алтын

мұнай

илек

металл

мойынтрек

шикізат

5. Мәтіндегі абзац бойынша сізге «таныс» және «жаңа» ақпараттарды белгілеңіз.

АБЗАЦТЫҢ РЕТ САНЫ	ТАНЫС АҚПАРАТ	ЖАҢА АҚПАРАТ
1-абзац		✓

6. Мәтін бойынша сұрақ дайындаңыз.



Үлгі:
Қазақстанда негізінен өндірістің қай түрі дамыған?

7. Мәтінге сүйеніп, дұрыс / қате жауаптарды белгілеңіз.

Дұрыс	Қате
Атырау облысында алтын өндірісі дамыған.	
Жамбыл облысында фосфат, фосфор өндірісі жоғарылады.	
Ақтөбе облысында хром кендерінің өндірісі жақсы дамыған.	
Оңтүстік Қазақстан облысында алмаз өндірісі жоғарылады.	
Маңғыстау облысында шикі мұнай өндірісі көлемінің жоғарылауы есебінен өнеркәсіптік өндірістің индексі 101,5%-ды құрады.	
Қызылорда облысында шикі мұнай өндірісі төмендеді.	
Солтүстік Қазақстан облысында тазартылмаған рапс майы, өндөлген сүт және ұн өндірісі өсті.	

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұраққа жауап беріңіз.



- 1) Жеңіл өнеркәсіпке не жатады?
- 2) Жеңіл өнеркәсіп әйелдер арасындағы жұмыссыздықты азайтуға көмектесе ме?
- 3) «Ел экономикасын дамытуда бірінші кезекте жеңіл өнеркәсіпке көңіл бөлу керек» дегенмен келісісіз бе?

2. Мәтінді тыңдаңыз.

Мәтін қандай мәселелеге арналған?



№15

3. Мәтінді өз ойыңызбен аяқтаңыз.



КЕРЕКТИ СӨЗДЕР: Импорт, отандық, шетелдік тауар, жыл сайынғы сұраныс, Қытай, Түркия, Бангладеш, Италия, Өзбекстан, Қыргызстан, киім-кешек, мақта-матта бұйымдары, бәсекелестікке қабілетсіз, баға, бюджеттік тапсырыс, арнаиы киімдер, әскери киім-кешектер, тери, жұн, алаңдатарлық жағдай.

4. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

- 1) Неліктен жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту маңызды?
- 2) Қыргызстан, Өзбекстан мемлекеттері табысының қомақты бөлігінің жеңіл өнеркәсіптен түсіү нені аңғартады?


- 3) Қазақстандағы қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы жеңіл өнеркәсіптің үлесі 1,2 пайызды күрауының басты себебі неде?
- 4) Қазақ ССР жеңіл өнеркәсібінің тоқыма, тігін, аяқиім, тері-ұлпан өнеркәсібі салаларында 1 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істеген, ал қазіргі көрінісі қандай?
- 5) Алматы мақта-мата комбинаты, «Жетісу», Жамбыл аяқиім кәсіпорындарының өнімдері туралы не айта аласыз?
- 6) Еліміздегі кәсіпорындардың жабылуына не себеп болды?

5. «Қазақстанда жасалған» брендін дамыту үшін ұсыныс берініз.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

ӘЛЕМДІК КОРПОРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЛОГОТИПТЕРИ

IBM – есептеуіш техникамен бағдарламалық жүйелерді өңдеумен айналысадын аса ірі американалық компания. Компания Нью-Йоркте 1911 жылы маусымның 16-сы күні құрылған.



Нокия – коммуникация саласындағы ірі трансұлттық корпорация. Бас кеңесі Финляндияның Эспоо қаласында орналасқан. Компания өзінің телефондары мен смартфондары арқасында кең танымал. 1865 жылы құрылған.



Моторола – телекоммуникация саласында және электронды жүйеде әлемдік көшбасшылардың бірі болған Америка компаниясы. 1928 жылы құрылған.



Сони – 1946 жылы Жапонияда құрылған трансұлттық корпорация.

Apple – дербес және планшетті компьютерлер, аудиоплеерлер, телефондар мен бағдарламалар өндіруші американалық корпорация. 1976 жылы құрылған.





Майкрософт – бағдарламалық қамсыздандыру өндірісінің және сервер мен жеке компьютерлер үшін интернет технологияларды құруши және осы салада қызмет көрсететін АҚШ-та тіркелген көпұлтаралық компания. 1975 жылы құрылған.

Кодак – әлемге танымал фототехника және кинотауар өндіретін Америка компаниясы. 1881 жылы ашылған. Adobe Systems – бағдарламалар шығаратын компания, штаб-пәтері Сан-Хоседе Калифорния штатында орналасқан.



Найк – спорт тауарларын өндіретін американалық серіктестік. Штаб-пәтері – Орегон штатындағы Бивертон қаласы. Негізі 1964 жылы қаланған.



Нестле – азық-тұлік өндіруші швейцариялық компания. Ол 1866 жылы құрылған.



Шевролет – АҚШ-тың көлік маркасы. Белгі General Motors-қа тиеселі. 1911 жылы құрылған.

(<https://massaget.kz>)

АЙТЫЛЫМ

1. Элемдік корпорациялар және олардың логотиптері туралы әңгімелесініздер.



Төмендегі тілдік бірліктерді қолданыңыз.

Ойды нақтылау, анықтау, түсіндіруді білдіру	мысалы, мәселен, мәселенки, яғни, яки, екінші сөзбен айтқанда, айтпақшы, айтқандай, жалпы, өйткені, сондықтан, сол себепті, сол үшін, солай болғандықтан, себебі, неге десең, олай болса, ендеше
Хабардың бірізділігін, оның мәнділік дәрежесін білдіру	біріншіден, екіншіден, әсіресе, ең әуелі, ең алдымен, оның үстіне, алдымен, сонымен бірге, сонымен қатар, ақырында
Жинақтау, қорытуды білдіру	тұптеп келгенде, қорыта айтқанда, тұтас, жалпы алғанда, бір сөзбен айтқанда, қысқасы, сайып келгенде, тоқ етепін айтқанда, сонымен

2. Кестеге талдау жасай отырып, қай елде көмір өндіру өнеркәсібінің ерте тоқтатынын анықтап, оның басты себебін түсіндіріңіз.

№	Елдің аты	Көмір қоры (млрд т)	Өндіру (млн т)	Ресурс әлеуеті қанша жылға жетеді?
1	АҚШ	445	1020	436
2	Қытай	296	1240	239
3	Ресей	202	250	808
4	ОАР	116	220	527
5	Австралия	116	280	414
6	Германия	106	250	424
7	Үндістан	78	330	236
8	Украина	47	75	626
9	Ұлыбритания	45	50	900
10	Қазақстан	34	70	485

3. Әлемдік көмір өндіру өнеркәсібінде Қазақстанның алатын орнын кесте мәліметтеріне сүйене отырып, саралаңыз.

4. Мәтін мазмұнын білетін ақпаратынызben толықтырып әңгімеленіз.

Қазақстан – жер қойнауы минералды шикізатқа бай елдің бірі. Дүниежүзі бойынша өндірілетін 55 түрлі пайдалы қазбаның (олардың 29-ы метал) Қазақстанда 39 түрі өндіріледі.

(Әбілмәжінова С., Каймулдинова К. «География»)

5. Табиғи қазба байлықтарды үнемдеп қолданудың тиімді жолдарын ұсыныңыз.

ЖАЗЫЛЫМ

1. «Әлемдік корпорациялар және олардың логотиптері» мәтініне кіріспе және қорытынды жазыңыз (2-3 сөйлеммен).

КІРІСПЕ	ҚОРЫТЫНДЫ

2. Қазақстан өнеркәсібіне талдау жасаңыз .





2-САБАҚ

ШАРУАШЫЛЫҚ

1. 302-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Тізбекті жалғастырыңыз.



Жібек құртын
өсіру

3. Қосымша жалғаңыз.



Егіншілік _____ айналысу	Жыртыл _____ жер
Егіс _____ жерлер	Дәстүр _____ атакәсібі
Агроенеркәсіп _____ кешен	Қол _____ үйрету

4. Күрделі атау жасаңыз.



Бау-бақша,

5. Тиісті сөзді қойыңыз.



Түйекұс жұмыртқасының қабығы кәдесыйлар, ал тырнақтары түмар мен басқа да жасау үшін қолданылады.	Фермасы
Қазақстандағы түйекұс өндірісінің алғашқы – Алматы облысында орналасқан «Айқанат құстары» ЖШС.	жұмыртқасымен
Ол жерге бірнеше түйекұс Голландиядан болатын.	қауырсынын
Түйекұстың бір 13 адамды тамақтандыруға болады.	әшекейлер
Түйекұстың жастықты, сырт киімдерді толтыру үшін қолдану мүмкін емес.	әкелінген

(<http://sharuua.kz>)

6. Жасыл энергияға не жатады?



VIII БЕЛІМ



7. Елімізде жасыл энергия көздерін қолданатын өнеркәсіп орындары, шаруашылықтар туралы әңгімеленіз.

8. Сұрақтар төңірегінде ой қозғаңыз.



1. Қазақстан аумағында бұрын қандай шаруашылық түрлері болды?
2. Қазіргі таңда шаруашылық қандай бағыттарда дамыған?
3. Сіздің пікіріңізше, олардың қайсысы жақсы дамыған?
4. Шаруашылықты дамыту үшін не істей керек?

9. Сауданамаға жауап беріңіз.

1. ҚАНДАЙ ОТАНДЫҚ ТАУАРЛАРДЫ ТҰТЫНАСЫЗ ?



- АЗЫҚ-ТҮЛІК
- КИМ-КЕШЕК
- ОПА-ДАЛАП
- ДӘРІ-ДӘРМЕК
- ТҮРМЫСТЫҚ ЗАТТАР
- АВТОКӨЛІККЕ ҚАЖЕТТИ ҚҰРАЛДАР
- ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ

2. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАУАРЛАРДЫ ҮНЕМІ САТЫП АЛАСЫЗ БА?



- ТЕК ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ САТЫП АЛАМЫН
- ӨТЕ СИРЕК АЛАМЫН
- МУЛДЕМ АЛМАЙМЫН

3. ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕРДІҢ БАҒАСЫНА КӨҢІЛІҢІЗ ТОЛА МА?



- ИӘ
- ЖОҚ
- ОРТАША

4. ҚОЛДАН САТЫЛАТЫН АЗЫҚ-ТУЛІК ӨНІМДЕРІН (СҮТ, ҚАЙМАҚ Т.Б.) АЛАСЫЗ БА?



- ИӘ, АЛАМЫН
- ЖОҚ, ТЕК ҚАНА ДУКЕНДЕРДЕН АЛАМЫН
- КҮМӘНДАНСАМ АЛМАЙМЫН,
КӨҢІЛІМНЕҢ ШЫҚСА САТЫП АЛАМЫН

5. СІЗДІҢШЕ, ОТАНДЫҚ ӨНІМНІҢ ҚҰРАМЫ ҚАНДАЙ ?




- ТАБИҒИ, ҚОСПАСЫЗ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМ
- ЖАСАНДЫ, ТҮРЛІ ҚОСПАЛАРДАН ТҰРАДЫ
- ЖАРТЫЛАЙ ТАБИҒИ, ЖАРТЫЛАЙ
ЖАСАНДЫ ҚОСПА ЗАТТАРДАН ТҰРАДЫ

6. ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР ШЕТЕЛДЕ ҮЛКЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ МЕ ?



- ИӘ, ҮЛКЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ
- СҰРАНЫС ЖОҚ
- КҮМӘНДАНАМЫН
- ЖАУАП БЕРУГЕ ҚИНАЛАМЫН

10. Топта жүргізілген сауалнама нәтижесін диаграммаға түсіріп, талқылаңыздар.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Жаһандағы маселе – азық-түлік қауіпсіздігі

Соңғы деректерге қарағанда, жаһанда тұрғындар саны жыл сайын 80 миллионға ұлғайып отырады екен. Осы орайда, бүгінде жер шарында 7,5 млрд-қа жуық адам бар екенін ескерсек, 2050 жылы бүкіл әлемдегі тұрғындар саны 10 млрд-тан асып кетуі мүмкін. Бұл өз кезегінде дүниежүзінде азық-түлікке деген сұраныстың арта түсетінін білдіреді. Ал, өкінішке қарай, адамзат баласының көбеюімен салыстырғанда, азық-түлік өндіру көрсеткіші екі есеге тәмен көрінеді. ЮНЕСКО тарапы 2020 жылға қарай тамақ өнімдеріне деген сұраныс 85 пайызға өседі деп болжауда.

Бүгінде азық-түлік тапшылығы әлем бойынша басты сын-қатерлердің алғашқы ұштігі қатарына енгізіліп отыр. Өйткені қазіргі кезде миллиондаған адамның аштыққа ұшырап, миллиардқа таяу жан ас-сұдың үнемі жетіспеушілігінен зардал шегіп отырғаны аталған саладағы түйткілдердің аса күрделі екенін көрсетеді. Осы жағдаяттар астық дақылдарын экспорттауышы, экологиялық таза тағам өнімдерін өндіре алатын, ауылшаруашылығы өнеркәсібінің мүмкіндігі мол Қазақстанды алаңдатпай қоймайды. Сондықтан Үкімет «Агробизнес-2020» бағдарламасын өзірледі. Бағдарлама бойынша АӘК субъектілерін субсидиялау есебінен 2020 жылға қарай ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 4,5 есе арттыру мақсаты көзделіп отыр. Ауылшаруашылығы бағытына инвестиция тартуғада маңыз берілуде. Бұл салаға инвестицияны молынан тарту Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттырады.

Канадада халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін «азық-түлік банктері» жүйесі қызмет көрсетеді. Бұл жүйе бойынша жергілікті 450 азық-түлік банкі жұмыс істеуде. Осы жүйенің арқасында 900 мыңға жуық канадалық тағам өнімдерін алады.

АҚШ-та күнкөрісі тәмен халықтың азық-түлікке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оңтайлы тәжірибелер қолданылуда. Бұл елде отбасының кірісі кедейшіліктің деңгейінен 130 пайыз тәмен болса, отбасы мүшелері арнайы электронды карталар арқылы жүзеге асырылатын, азықты жеңілдікпен сатып алуға мүмкіндік беретін «СНАП» деген бағдарламаға қатыса алады. Бұл бағдарлама АҚШ халқының 45 миллионға жуығын қамтитын көрінеді.

Еуропалық одақ елдеріне келер болсақ, мұнда тағам өнімдерінің қауіпсіздігі стандарттарының талаптарын сақтау жоғары деңгейде жолға қойылған. Қазіргі таңда Еуропалық одақ елдері азық-түліктің мол қорына ие.

Бүгінде 30 мемлекет азық-түлік зәрулігін қатты сезінуде. Жаһан бойынша созылмалы аштық дертіне ұшырап отырғандардың саны 1 млн адамға жуық. Осындай жағдаяттар әлемдегі саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайдың ауырлап кетуіне апарады.

Азық-түлік тапшылығының белең алуына негізгі себепті халық санының өсе түсіуімен ғана байланыстыра қарастыру біржақты көзқарас болады. Сондықтан ауылшаруашылығы бағытында мүмкіндіктері мол көптеген елдердің саланы дұрыс игере алмауы, аграрлық секторды озық технологиямен жабдықтауда кенжелеп келе жатқаны азық-түлік тапшылығының туындауына әсерін тигізіп отырғаны қаперде болғаны жөн.



(«Егемен Қазақстан» газеті)

2. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.



3. Мәтіндегі ақпаратқа қатысты ойынызды жазыңыз.

НЕ ҮҚТЫМ?	НЕ СЕЗІНДІМ?	ҚАНДАЙ ОЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

4. Артық сөзді бағанға жазыңыз.

Канадада халықты әлемді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін «азық-түлік банктері» қызмет көрсетеді.	
Әлемде азық-түлік тұрғындар саны артып келеді.	
«СНАП» бағдарламасы АҚШ халқының 45 миллионға дейін жуығын қамтиды.	
30 мемлекет азық-түлік зәрулігін қatal қатты сезінуде.	
Еуропада АҚШ-та тағам қауіпсіздігіне қойылатын талаптар қатаң сақталады.	

5. Әлемде азық-түлік тапшылығының алдын алу үшін қандай іс-шаралар ұсынасыз?



6. Мәтінге сүйеніп, дұрыс / қате жауаптарды белгілеңіз.

Дұрыс	Қате
Әлемде тұрғындар саны жыл сайын 80 миллионға азайып отырады.	
ЮНЕСКО тарапы 2020 жылға қарай тамақ өнімдеріне деген сұраныс 85 пайызға өседі деп болжауда.	
Бүгінде жер шарында 7,5 млрд-қа жуық адам бар.	
Тұрғындар санының көбеюі дүниежүзінде азық-түлікке деген сұраныстың арта түсетінін білдіреді.	
Адамзат баласының көбеюімен салыстырғанда, азық-түлік өндіру көрсеткіші екі есеге артық көрінеді.	
Канадада халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін «азық-түлік банктері» жүйесі қызмет көрсетеді.	
Азық-түлік тапшылығы әлем бойынша басты сын-қатерлердің алғашқы үштігіне енгізіліп отыр.	
Ресей Үкіметі «Агробизнес-2020» бағдарламасын әзірледі.	
Ауылшаруашылығына инвестицияны молынан тарту Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттырады.	
АҚШ-та азықты жеңілдікпен сатып алуға мүмкіндік беретін «СНАП» бағдарламасы бар.	
Бүгінде 100 мемлекет азық-түлік зәрулігін қатты сезінуде.	
Жаһан бойынша аштық дертіне ұшырап отырғандардың саны 1 млн адамға жуық.	
Азық-түлік тапшылығының белең алуына негізгі себепті халық санының өсе түсімен байланыстыру – ең дұрыс көзқарас.	

7. «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі» мәселесін топта талқылаңыздар.

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Шарт мәнді сөйлемдер

283 - бет

2. Сөйлемді толықтырыңыз.



Егістіккедақылдарегужұмыстары кешіктірілмесе,.....

Саралтама нәтижесінде балалар ойыншығының құрамынан ауыр металдар табылса,

Елімізде өнеркәсіп орындарын көбейтпейінше,.....

Балмұздақөндірісін ұлғайтқанда,.....

3. Сұраққа шарт мәнді сөйлеммен жауап жазыңыз.



- Егер сіздің көмір шахтаңыздағы жұмысшылар наразылық білдірсе, не істер едіңіз?
- Егер сіздің бау-бақша өнімдеріңіз сұранысқа ие болса, одан әрі не істер едіңіз?
- Егер сіз ірі кәсіпкер болсаңыз, қаражатыңызды қандай игі істерге жұмсар едіңіз?
- Жеке қожалығыңызды ашуға ақшаңыз болмаса, не істер едіңіз?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз.



№16

2. Мәтіндегі негізгі ойды үш сөйлеммен жазыңыз.

3. Сұраққа жауап беріңіз.



- А. Адаев қандай кәсіппен айналысады?
- Ол шағын кәсіпкер ме, ірі кәсіпкер ме?
- Қай бағдарлама бойынша жұмыс жасайды?
- Ол бағдарлама туралы бұрын-сонды естіп пе едіңіз?
- Бұл бағдарламаның мақсаты қандай деп ойлайсыз?
- Бөденені қалай баптап күтеді?
- Бөденеден қандай азық-түлік өнімдерін алуға болады?
- Неліктен Ресей өнімдерін қолданады?
- Сіздіңше, бөденешаруашылығынан көп пайда табуга бола ма?
- Әлемде бөденешаруашылығы қай елде жақсы дамыған?

4. Мәтінге сүйеніп, дұрыс / қате жауптарды белгілеңіз.

Дұрыс	Қате
«Жұмыртқадан жұмыртқаға дейін» деген бағдарлама бар.	
Бөдененің жұмыртқасын ізделеп еліміздегі бірнеше қаланы аралады.	
Қостанай қаласынан 200 дана жұмыртқаны 50 теңгеден сатып әкелді.	
Әкелген жұмыртқаның 500-і ғана балапанға айналып қалғаны жарамсыз болып қалды.	
Ресейдің Омск қаласынан тапсырыс арқылы жұмыртқа алғызды.	
Жұмыртқа құрылғыда 16 күнге жуық тұрып, кейін балапан шыға бастайды.	
Бөдененің етінің салмағы 28-29 грамды құрайды.	
+18, +20 градус жылылық болмаса, жұмыртқа бермейді.	
Бүгінде осы кәсіп арқылы барлық ауылды жұмыспен қамтып отыр.	


VIII БОЛІМ

5. Бөдене шаруашылығын одан әрі дамыту үшін қандай кеңес берер едіңіз? Ойыңызды ортаға салыңыз.

6. Елімізде құшаруашылығының қандай түрі жақсы дамыған деп санайсыз? Себебін түсіндіріңіз.

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, шаруашылық түрі туралы баяндаңыз.



2. Қазақстанда гүлшаруашылығын әлемдік деңгейге көтеруге бола ма?
Пікір айтыңыз.



3. Жеке кәсіпкерсіз. Өз шаруашылығыңызды дамытуға арналған бизнес-жоспарыңызды ұсыныңыз.

4. Ұсынылған бизнес-жоспарларды топта талқылап, үздігін анықтаңыздар.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Ауылшаруашылығы өнімдерінің жарнамасын жазыңыз.



.....
.....
.....
.....



.....

.....

.....

.....



.....

.....

.....

.....



.....

.....

.....

.....

2. Сөйлемдегі ойды одан әрі өрбітіп, мәтін құрап жазыңыз.





Ауылшаруашылығының басқа салалардан басты айырмашылығы – оның дамуы табиғат жағдайына, агроклиматтық ресурстар жиынтығына, сондай-ақ жер қорына тікелей тәуелді болуында.

(Әбілмәжінова С., Каймулдинова К. «География»)

IX

**БӨЛІМ
БІЛІМ**



1-САБАҚ

Мектеп – кеме, білім – теңіз

2-САБАҚ

Білімнің салтанат құруы



1 - САБАҚ

МЕКТЕП – КЕМЕ, БІЛІМ – ТЕҢІЗ

1. 302, 303-беттердегі сөздермен танысыңыз.

2. Сөзжұмбақты шешіп, табылған сөздердің ең бірінші әріптерін қосып оқыңыз.

- | | |
|---|--|
| 1 | Нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. |
| 2 | Бауырлас ер адамдардың жас жағынан кішісі. |
| 3 | Ешкі төлі. |
| 4 | Балқаш көліне құятын өзен. |
| 5 | Дене мүшесі атауы. |

1	2	3	4	5

3. Төмендегі сұрақтар төңірегінде пікір алмасыңыз.



- Қазақстандық білім беру жүйесінде болып жатқан реформалар жайлыш не білесіз?
- Білім беру жүйесін жақсарту жөнінде қандай ұсыныстар айттар едіңіз?
- Аралас мектептер, шағын комплектілі мектептер проблемасы жайлыш пікірінде қандай?
- Мектеп мұғалімдерінің қоғамдағы статусы жайлыш не айтасыз?

4. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

Адамзат баласының қол _____ ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы.	<ul style="list-style-type: none"> • жеткен • жеткізген • жететін
Білім ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша _____ жеткен.	<ul style="list-style-type: none"> • бойынша • тілде • түрде
Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының _____, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.	<ul style="list-style-type: none"> • жемісі • жеңісі • желісі
Кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз _____ жоғары болады.	<ul style="list-style-type: none"> • әдебиеті • мәдениеті • шешендігі
Кітап – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа _____ рухани өситеті.	<ul style="list-style-type: none"> • қалдырған • қалаған • қалған

5. Сөйлемнің екі бөлігін сәйкестендіріңіз.

1	Кітап оқудан тыйылсақ, ой	A	ғажайыптардың бірі”, - дейді М. Горький.
2	“Кітап маған тақтан да	Ә	Ерінбे оқып көруге”, - деп жырлаған болатын.
3	«Кітап – әлемдегі құпиялы ұлы	Б	адам, білтесіз шаммен тең», - деген екен.
4	Ұлы ақын Абай: “Артық білім кітапта,	В	ойлаудан да тыйылар едік”, - деген еді Фабит Мұсірепов.
5	Қазақтың үлкен жазушысы Мұхтар Әуезов: «Білімсіз	Г	қымбат”, - деп көрсеткен Шекспир.

6. Оқыңыз.

Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндаидің іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Адамның көңілі шыны мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға тусаді. Шала мейір шала байқайды.

Екіншіден, ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек...




7. Автор тұжырымдарына қатысты өз көзқарасынызды жазыңыз.

Тұжырым	Келісемін / келіспеймін	Себебі
Білім-ғылымды нақты іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек		
Ғылымды ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек		

ОҚЫЛЫМ

1. Екі бағанда ұсынылған сөздерден сөз тіркесін құраңыз.

A	
1 - F -	мектеп
2 - —	үлкен
3 - —	маңызды
4 - —	атақты
5 - —	тегін
6 - —	жоғары



Ә	
A	мүмкіндіктер
Ә	адамдар
Б	менгеру
В	қадам
Г	деңгей
F	түлегі

2. Синонимдерді сәйкестендіріңіз.

1 – Г	тәрізді		A	мәні
2 –	жалғыз		Ә	қаржы
3 –	жаман		Б	жеке
4 –	маңызы		В	сайыс
5 –	қаражат		Г	сияқты
6 –	бірнеше		Ғ	нашар
7 –	жарыс		Д	озат
8 –	үздік		Е	бірқатар

3. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

таудай, уақытын, жерге, білім, сәттер, бекер

Қазақ халқы «Мектеп – кеме, білім – теңіз» дегенді _____ айтпаса керек. Себебі «мектеп» атты кеме қай жерге дейін жетелесе, адам сол _____ дейін барып, биік шыңдардан көрінері анық. Адам қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да, есінде өмірдегі ең ұмытылмас _____ болып мектепте өткізген уақыты қалатын шығар. Мектеп – _____ айдынындағы үлкен кеме. Әр бала осы кемеде он бір жыл _____ өткізеді. Мектеп табалдырығын тарыдай болып аттап, он бір жыл бойы білім алып, _____ болып шығады.

4. Оқыңыз.

Балаңызды үздік мектепте оқытудың, үш себебі



Мен – мектеп түлегімін. Кенттегі қарапайым, жалғыз мектепте оқыдым. Бастауыш бітірген сәtte «Дарын», «Мұрагер» тәрізді мектептерге түскім келген. Бірақ ата-анам: «Оқитын бала – қайда болса да оқиды», – деп, тіпті, тапсырып көруге де мүмкіндік бермеді. Сол кездегі өкініш, реніш әлі бар. Қазір сол мектептердің бірінде оқысадам, басқаша болар еді-ау деп жиі ойлаймын. Қазіргі мектебім жаман демеймін. Бірақ үздік мектептің аты үздік қой. Балаңызды үздік мектепте оқытудың үш себебін саралап көрелік:

1. Балаңыздың араласатын ортасын дұрыс қалыптастырып бересіз. Бұндай мектептерде кез келген бала оқымайтыны белгілі. Балаңыздың күнде арасынан, сойлесетін ортасынан қорықпай-ақ қоюыңызға болады. Адамның дұрыс қалыптасуы үшін, араласатын ортасының 40 пайыз маңызы бар екені психологияда дәлелденген.
2. Шет тілдерді тегін менгеру мүмкіндігі болады. Қазір шет тілін білу – заман талабы. Шет тілін үйрену курстары өте көп. Соған сай, біраз қаражат талап ететіні де белгілі. Ал бұл мектептерде сіздің балаңыз тегін бір емес, бірнеше шет тілін меңгереді.

3. Балаңызға көп есіктер ашылып, мүмкіндіктері артады. Үздік мектептерде жай мектепке қарағанда мүмкіндіктер көп екенін мойындаңыз. Балаңызға болашақта қажет болатын көптеген есіктер ашылады. Көптеген жарыстарға қатысуға мүмкіндік алады. Атақты адамдармен кездесулер де осы мектептерде жиі өтіп тұрады.

Әр ата-ана баласымен мақтанғысы келетіні хақ. Ал балаңызбен мақтану үшін ең бірінші әрі ең маңызды қадам – дұрыс мектеп таңдап беру. Осы қадамды жасауда қателеспеніз. Балаңыз ең үздік, ең жақсы мектепте окуы үшін барлығын жасаңыз. Қазақстандағы үздік мектептер тізімін желіден тауып алыңыз, таныстарыңыздан сұрастырыңыз, ізденіңіз, балаңыз үшін.

(<https://massaget.kz>)

5. Автор ұсынған тұжырымдарға өз көзқарасыныңда білдіріңіз.

		Келісемін	Келіспеймін
1	Балаңыздың араласатын ортасын дұрыс қалыптастырып бересіз.	Себебі _____ _____	Себебі _____ _____
2	Шет тілдерді тегін меңгеру мүмкіндігі болады.	Себебі _____ _____	Себебі _____ _____
3	Балаңызға көп есіктер ашылып, мүмкіндіктері артады.	Себебі _____ _____	Себебі _____ _____

6. Сөйлемдегі артық сөзді тауып жазыңыз.

1. Үздік мектепте сыныпта оқытудың үш себебі. _____
2. Шет тілдерді тегін меңгеру үйрену мүмкіндігі. _____
3. Шет тілін үйрену сабактары курстары өте көп. _____
4. Түрік тілін өте жоғары білімді деңгейде меңгереді. _____
5. Осы сіздің қадамды жасауда қателеспеніз. _____

7. Мәтін мазмұны бойынша маңызды деп есептейтін екі сұрақ құрастырыңыз.

8. Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

Ұлғи: Балаңызды үздік мектепте оқытуға тырысыңыз.

Балаңызды	тілдерді	баласымен	менгергендер	келеді.
Шет	қаражат	жалғыз	ететіні	бар.
Әрбір	үздік	талап	жиі	оқимын.
Біраз	ата-ана	мектепте	мақтанғысы	белгілі.
Қарапайым	адамдармен	жетік	оқытуға	болады.
Атақты	кенттегі	кездесулер	мектепте	тырысыңыз.

9. Шетел мектептері туралы қызықты деректермен танысыңыз.



Жапониядағы оку жылы триместрден тұрады. Алғашқы триместр сәуір айынан басталып, 20 маусымда аяқталады да, балалар жазғы демалысқа шығады. 1 қыркүйек пен желтоқсан аралығында екінші триместр, ал қантар мен наурыз айларында үшінші триместр болады. Көктемгі бір апталық демалыстан кейін бір сыныптан екінші сыныпқа өту үдерісі жүргеді. Жапонияда мұғалім мамандығы бойынша ер адамдар көп жұмыс істейді. Эйел адамдар сирек ұстаз болады.

Чехияда демалыс жаз берін қыс айларында болады. Жазғы демалыс 2 айға созылады. Еліміздегідегі Чехияда да 2, 3, 4, 5 сыныды бағалар қояды. Алайда олар үшін «5» – ең нашар, ал «2» – ең жақсы баға болып есептеледі. Чехияда бір мұғалім бірнеше пәнді жүргізеді. Мысалы, әдебиет пәнінің ұстазы дене шынықтыру сабағын да өткізеді. Ал келесі бірі чех тілі мен ән айтуды, химияны жүргізуі мүмкін.



Финляндияда оқушыны өз еркінен тыс тақтаға шақыруға болмайды. Оқушылардың кемшілігін өзге сыныптастарының көзінше айтуға тыйым салынады. Фин мектептерінде сыныпта бір сабакты екі ұстаз беріледі. Олар – ұстаз берін оның көмекшісі. Эр сабак аяқталған сайын жыл мезгілі мен ауа райына қарамастан оқушылар далаға шығып отыруы тиіс.

Куба мектептерінде жоғары сынып оқушылары белгілі бір мамандықты игере бастайды. Қала мектептерінің оқушылары 5-7 аптаға ауылға барып жұмыс істейді.




Норвегия мектептерінің оқушылары жасына қарай бірнеше топқа бөлінеді: бастауыш сыныптар, 14 жасар жасөспірімдер, 18 жастағылар. Осы жастарына сәйкес бөлек гимаратта оқиды. Норвегия оқушыларына 8 сыныпқа дейін баға қоймайды.

(<https://massaget.kz>)

10. Аталған мемлекеттердегі мектеп тәжірибесінің қайсысын Қазақстанда да қолданған дұрыс деп санайсыз? Үлгі бойынша жалғастырыңыз.

Үлгі:

Жапонияда мұғалім мамандығы бойынша ер адамдар көп жұмыс істейді	Маған Жапонияда мұғалім мамандығы бойынша ер адамдар көп жұмыс істейтіні үнайды	Себебі _____ _____
--	---	-----------------------



Финляндияда оқушыны өз еркінен тыс тақтаға шақыруға болмайды.	Себебі _____ _____
Оқушылардың кемшілігін өзге сыныптастарының көзінше айтуға тыйым салынады.	Себебі _____ _____
Әр сабак аяқталған сайын жыл мезгілі мен ауа райына қарамастан оқушылар далаға шығып отырады.	Себебі _____ _____
Куба мектептерінде жоғары сынып оқитын оқушылар белгілі бір мамандықты игере бастайды.	Себебі _____ _____
Қалалық жерде оқитын оқушылар 5-7 аптаға ауылға барып жұмыс істейді.	Себебі _____ _____
Норвегия оқушыларына 8 сыныпқа дейін баға қоймайды.	Себебі _____ _____

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Көсемше оралымды сөйлемдер

285 - бет

2. Көсемше оралымды сөйлем бөлігін сәйкестендіріңіз.

Бауырының қолындағы
кітабын жұлып алып,
Жанына жолдастарын ертіп,
Қайтсем бес аламын деп,
Мұғалімінің қатал екенін есіне
алып,

Асан зертханаға бармақ болды.
сөмкесіне салып қойды.
Мағжан күндіз-түні сабак
окыды.
дәптердегі қате жазуларды
қайтадан көшіріп жазды.

3. Бос орындарға тиісті қосымшаларды қойыңыз.

Мамандық иелерінің әңгімелерін есті _____, Айбар емтиханға қызу дайындала бастады.	-ғалы / -гелі; -қалы / -келі
Тексерушілер кел _____, есімізді шығарады.	-қанша / -кенше; -ғанша / -генше
Директордың айтқан сөгісіне наразы бола жүр _____, ішкі онын ешкімге білдірмеді.	-а / -е
Мұғалімнің айтқан тілін ал _____, сабакқа үнемі кешігіп жүр.	-май / -мей; -бай / -бей; -пай / -ней
Оқушы тақтаға жалтақ-жалтақ қара _____, жазуын жалғастыра берді.	-ын / -ин / -н

4. Көсемше оралымды сөйлемдердің қай мағынада қолданылып тұрғанын анықтап, бағанға жазыңыз.



амал

себеп

мезгіл

шарт

Алтын ұя мектебінен түлеп ұшып, өмірдің алуан түрлі белестеріне қадам басамын.

Мұғалім білімнің сар даласында дамыл таппай, ізденісте жүреді.

Қайтсем ұлы ұстазымның алдындағы қарызыымды қайтарамын деп, ойым он сақта бөлінеді.

Мектептен қайтып келе жатып, кітап сататын дүкенге кірдім.

Қосымша сабақтарға қатыса жүре, білімін әжептәуір жетілдіріп алды.

Мұғалім тапсырма бергелі, Асан кітапханадан шықпайтын болды.

Емтиханды тапсырып болғанша, Хасан өзін соғыстағы жауынгердегі сезінген еді.

Бұдан былай қолына қағаз, қаламын алғып, бәрін өзі жазып отырмақшы болды.

5. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.

кеткенше, оқып, көшкелі, қысқартып

Апартты және үш ауысыммен оқитын мектептер санын _____, заманауи үлгідегі білім ошақтарын салу керек.

Соңғы сыйыпқа _____, Айdos спорт секцияларына қатысады додарды.

Бақыт сабаққа _____, үйдің ішін тап-таза қылышп жинап кетеді.

Оқуда бірге _____, жұмысқа да қатар орналастық.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Мұғалім жұмысының басты бағыттарымен танысыңыз.

**Сыныптан тыс
жұмыстар**

**Дарынды балалармен
жұмыс**

**Өз білімін
жетілдіру**

**МҰҒАЛІМ
ЖҰМЫСЫ**

**Ғылыми-зерттеу
жұмыстары**

**Шығармашылықпен
айналысу**

**БАҚ құралдарымен
ұздіксіз байланыс**

2. Берілген пікірге қатысты өз ойыңызды жүйеленіз.



Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғандаға мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқан кезде оның мұғалімдігі де жойылады.

K.D.Uшинский

3. «Бүгінгі Қазақстан қоғамындағы мұғалімнің орны» тақырыбына ойтолғам жазыңыз.




АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ




Әлемнің 43 елінде оку жылы 1 қаңтардан басталса, 16 елде наурыз айында басталады. Ал біздің елімізде және 122 елде 1 қыркүйекте басталады

Чехияда ең жоғары баға "1", ал ең төмен баға "5". Францияда 20 балдық жүйедегі баға қойылады.



АҚШ түрінде бейнеленген жұлдызшаларды мектеп оқушысы ойлап тапқан.



Қазіргі кезде жасөспірімдер шамамен 12000 сағат сабак оқуға және 14000 сағат теледидар көруге жұмсайды.



Ең ұзақ оқу Ұлыбританияда болды. Роберт Кронин 52 жыл оқып, 72 жасында оқу бітірген.



Ең ұзақ оқу 56 сағатқа созылған. Биология профессоры өзінің дәрісін оқыған. Бұл 2003 жылы Австралияда болған.



Ең қымбат оқу "Халықаралық бозбалалар мен бойжеткендер мектебі". Оқу ақысы бір айға 77,5 мың доллар тұрады

Грецияда «педагог» деп өз жұмысына берілген құлдарды атаған. Олар мектепке балаларды жетелеп апарып, әкеліп жүрген. Сөзбе-сөз мағынасы – «баланы жетелеуші».



ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



№17

- Журналист не себепті сұхбат алуға бел байлаған?
- Иванға қандай мінездеме бересіз?
- Иван қандай кітаптар оқыған?
- Иванның кітаптар жайлы пікірі қандай?
- Иванның үш тұғырлы тіл туралы пікіріне қосыласыз ба?

2. Жауапқа сәйкес сұрақ қойыңыз.



- Үш тұғырлы тілді балабақшадан бастау мүмкін.
- _____
- Эрине, қазір «Қырық мысалды» оқып жүрмін.
- _____
- Иә, анам қазақ тілін үйренуді бастап кетті.
- _____
- Олар украинша сөйлеседі.
- _____
- Мектеп бағдарламасын орыс тіліне көп аудару керек емес.


3. Сәйкестендіріңіз.

«Айтуға оңай» бағдарламасынан
үлкен жетістік –
осылай үлкен жетістікке жетті
қолдайды
оқып жүр
Солтүстік Қазақстанның басты
проблемасы –
3-5 жаста өтеді


қазақ тілінің сақталуы мен дамуын
қазақ тілін аз білуінде
қазақ тілін меңгеру
Иван Крепакты байқап қалды
баланың ең жоғарғы дамуы
қазақ достарының арқасында,
қарым-қатынастың арқасында
«Қырық мысалды»

АЙТЫЛЫМ

1. Берілген жоспар бойынша дебатқа дайындалыңыз.



- 1) «Қазақстандық білім беру жүйесіндегі дәстүр мен жаңашылдықтарға сынни көзқарас» атты тақырыптың өзектілігін айқындаңыз.
- 2) Тақырыпқа қатысты басты түсініктер мен ұфымдарды айқындаңыз.
- 3) Қорғалатын тұжырымдар бойынша ойыңызды жүйелеңіз.



2. Тұжырымдар бойынша аргументтер келтіріңіз.

I	II
1.	1.
2.	2.
3.	3.



1. 303, 304-беттердегі сөздермен танысыңыз.

2. Алдыңғы сабакта оқылған сөздерді табыңыз.

м	д	е	м	а	л	ы	с	
е	с	ы	н	ы	п	п	ә	н
к	о	қ	у	ш	ы	о	қ	у
т	м	а	м	а	н	д	ы	қ
е	т	а	п	с	ы	р	м	а
п	м	ұ	ғ	а	л	і	м	

ОҚЫЛЫМ

1. Ой бөлісіңіз.



- Табысты болудың басты жолы не деп ойлайсыз?
- Келешекте қандай технологиялық революциялар болуы мүмкін?
- Әрбір маман заманға сәйкес кәсібін женіл өзгертуге қабілетті болуы қажет деп санайсыз ба?
- «Болашақ» бағдарламасы жайлы пікіріңіз қандай?
- «Білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс» дегенді қалай түсінесіз?

2. Тұрақты сөз тіркестерін мағыналарымен сәйкестендіріңіз.

I	
1	салтанат құру
2	көзі ашық, көкірегі ояу
3	қолға алу
4	алдыңғы қатарлы

II	
A	білімді, сауатты
Ә	үздік, озық болу
Б	бастау, жасау
В	сыйлы, елеулі

3. Мәтінді оқыңыз.



БІЛІМНІҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға үмтүлу – біздің қанымызда бар қасиет.

Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мындаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындастық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды.

Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді.

Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген.

Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, женіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдарға табысқа жетеді.

Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

(Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
<http://www.akorda.kz>)

4. Сәйкестендіріңіз.

Бүгінгі дәуір

білімді, көзі ашық,
көкірегі ояу болуға ұмтылу

Қанымызда бар қасиет

кәсібін неғұрлым қиналмай,
женіл өзгертуге қабілетті, аса
білімдар адамдар ғана

Табысқа жетеді

жаңа атаулы ертең-ақ ескіге
айналатын, жүрісі жылдам

5. Мәтіннен мағынасы жуық сөзді табыңыз.

көп	қыруар	түрі	
ерекшелік		тез	
бірінші		заман	
бірнеше		білімді	
жасалды		жақсы	
жақын		әрқашан	
жоғалып		жоғары	

6. Дұрыс / қате ақпаратты белгілеңіз.

Дұрыс Қате

«Болашақ» бағдарламасы өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынды.		
Қазіргі дәуірде экономиканың кәсіптік сипаты жедел өзгермейді.		
Қазақ ұлты білімді құндылықтар жүйесінде бәрінен биік қояды.		
Технологиялық революция кезінде қазіргі кәсіптердің барлығы сақталады.		
Қазақстанның білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесіжөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатында.		

7. Тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

жүйесіне, үрпақты, қызмет, меңгеріп, бесігіңді

«Ел болам десен, _____ түзе», - дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білім алушы өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды _____, жаңаша өмір сұруғе үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша _____ атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындастын білім беру үйымдары соған лайық болуы тиіс.

Елімізде білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру _____ енгізуде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас _____ жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру.

(<http://syrboyi.kz>)

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



№18

1. Мәтін не жайында?
2. Мәтіннің басты кейіпкері қандай адам?
3. Басты кейіпкердің қандай жоспарлары бар?
4. Қазақ жастарының шетелде оқуы кезінде қандай қыншылықтар туындауы мүмкін?
5. Шетелде оқуын аяқтап, сол жақта қалып қоятын жастар туралы не айтасыз?

2. Бағанда берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

1	жүзеге
2	ұсыныс
3	көңілі
4	энергия
5	мүмкіндік
6	шәкіртақы
7	оңтайлы

A	түсті
Ә	көздері
Б	беру
В	қалу
Г	асыру
Ғ	шаралар
Д	ұтып алу

3. Тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

ұт, көңіл, ары, жыл, сан, жүзе, оқу

- Жолым болып, Жапонияға _____ аттандым.
- Эколог мамандығын төрт _____ бойы Токай университетінде менгердім.
- Дипломдық жұмысымды _____ қарай жалғастыруыма ұсыныс түсті.
- Зерттеу жұмысымды _____ асыру үшін докторантураға да түсім керек болды.
- Сөйтіп тағы бір шәкіртақыны _____ алдым.
- Мұнда келіп, жапон студенттерінен _____ қалды.
- Қазір Жапония қоғамында қарттар _____ жастардан әлдеқайда көп.

4. Мәліметті мәтіндегі реті бойынша сәйкестендіріңіз.

Рет саны	Мәлімет
1	Балама энергия көздерін қолдану.
2	Магистратураны оқуға шешім қабылдау.
3	Эколог мамандығын менгеру.
4	Жапон жастары.
5	Отанға қайту жайлы жоспарлар.
6	Қазіргі Жапония қоғамы.
7	Докторантураға шәкіртақы ұтып алу.
8	Менің таңдаған тақырыбым.
9	Жапонияға оқуға аттану.
10	“Болашақ” бағдарламасына тапсыру.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ

«100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫ

- 1) Энтони Кенни «Антика философиясы»;
- 2) Энтони Кенни «Орта ғасыр философиясы»;
- 3) Дерек Джонстон «Философияның қысқаша тарихы»;
- 4) Реми Хесс «Философияның таңдаулы 25 кітабы»;
- 5) Карен Армстронг «Құдайтану баяны»;
- 6) Дэвид Бринкерхофф «Әлеуметтану негіздері»;
- 7) Джордж Ритцер, Джейфри Степницки «Әлеуметтану теориясы»;
- 8) Эллиот Аронсон «Көпке үмтүлған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе»;
- 9) Дуэйн және Сидней Шульцтер «Қазіргі психология тарихы»;
- 10) Дэвид Майерс «Әлеуметтік психология»;
- 11) Грегори Менкью «Экономикс»;
- 12) Дональд Куратко «Кәсіпкерлік: теория, практика, процесс»;
- 13) Рикки Гриффин «Менеджмент»;
- 14) Ли Энн Пек, Гай А. Рил «Медиаэтика»;
- 15) Виктория Фромкин «Тіл біліміне кіріспе»;
- 16) Светлана Тер-Минасова «Тіл және мәдениетаралық коммуникация»;
- 17) Аллан Барнард «Антрапология тарихы мен теориясы»;
- 18) Клаус Шваб «Төртінші индустриялыш революция».



АЙТЫЛЫМ

1. Суреттегі ақпаратпен танысыңыз.

ҰБТ ЖАҢА ФОРМАТЫ

ОРТА МЕКТЕП ТУЛЕКТЕРІ ҮШІН



ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ



ӨТЕТИН ОРНЫ: ОРТА МЕКТЕП



29 мамыр – 9 маусым



- Ана тілі және әдебиет – 3 сағат
- Қазақ тілі (орыс, өзбек, үйғыр және тәжік тілінде оқытатын мектептер үшін) / Орыс тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін) – 1 сағат 20 минут
- Алгебра және анализ бастамалары – 5 сағат
- Таңдау пәні – 1 сағат 20 минут



ПӘН АТАУЫ МЕН ЕМТИХАН ФОРМАСЫ:

- Ана тілі және әдебиет – Эссе жазу
- Қазақ тілі (орыс, өзбек, үйғыр және тәжік тілінде оқытатын мектептер үшін) / Орыс тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін) – Тестілеу
- Қазақстан тарихы – ауызша
- Алгебра және анализ бастамалары – Жазбаша
- Таңдау пәні – Тестілеу



ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ



ӨТЕТИН ОРНЫ: ОРТА МЕКТЕП



29 мамыр –
1 шілде



3 сағат 30 минут



ТЕСТИЛЕУ ПӘНДЕРІ:

3 міндетті пән:

- Математикалық сауаттылық
- Оқу сауаттылығы
- Қазақстан тарихы



2 бейіндік пән

(тандаган мамандығына байланысты):

Математика + Физика
Математика + География
Тарих + География
Биология + Химия
Биология + География
Ағылышын тілі + Тарих
Язык обучения + Тарих
География + Ағылышын тілі
Химия + Физика
Тарих + Адам. Қоғам. Құқық
Шығармашылық емтихан

әр пәнде:



Жоғары балл: 140

Шекті деңгей: 50 балл

әр пәнде:



20
тапсырма

1 дұрыс
жауапты
тандай

10
тапсырма

бірнеше
дұрыс
жауапты
тандай

2. Сұрақтар бойынша әңгіме өрбітіңіз.



- Ұлттық бірыңғай тестілеудің жаңа форматында қандай өзгерістер бар?
- Тек қана тестілеу жүйесі оқушының шынайы білімін анықтай ала ма?
- Эссе жазу кезінде оқушының білім деңгейі айқын көрінеді деп ойлайсыз ба?
- ҰБТ форматына ауызша және жазбаша сынақ түрлерінің қосылуына қатысты пікіріңіз қандай?
- ҰБТ кезінде оқушыға қандай психологиялық көмек көрсету қажет деп есептейсіз?
- ҰБТ-ға дайындалатын оқушыға қандай кеңестер айтар едіңіз?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Ақпаратпен таныссыңыз.

ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕП

Жаңартылған білім беру мазмұнын кезең-кезеңімен енгізу
2016 жылғы 1 қыркүйектен 1 сыйыптарда

- **Барлық пәндер**
- **Оқыту тілінде:**
Саят ашу
Қазақ тілі және әдебиеті
Орыс тілі
Ағылшын тілі (T2)
Математика
ИКТ
Жаратылыштану
Дүниетану
Өзін-өзі тану
Ән-күй
Көркем еңбек
Дене тәрбиесі

НЕГІЗГІ МЕКТЕП

Жаңартылған білім беру мазмұнын кезең-кезеңімен енгізу
2017 жылғы 1 қыркүйектен 5, 7 сыйыптарда

- **Барлық пәндер**
- **Оқыту тілінде:**
Қазақ тілі
Қазақ әдебиеті
Орыс тілі
Орыс әдебиеті
Ағылшын тілі (T2)
Математика
Информатика
Жаратылыштану
Физика
Химия
Биология
География
Құқық негіздері
Өзін-өзі тану
Ән-күй
Көркем еңбек
Дене тәрбиесі
- **«Қазақстан тарихы»**
-қазақ тілінде
- **«Дүниежүзі тарихы»**
- орыс тілінде

ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕП

Жаңартылған білім беру мазмұнын кезең-кезеңімен енгізу
2019 жылғы 1 қыркүйектен 10-11 сыйыптарда

- «Химия», «Физика», «Биология», «ИКТ» *ағылшын тілінде оқытылады*
- «Қазақстан тарихы»
- қазақ тілінде
- «Дүниежүзі тарихы»
- орыс тілінде
- **Оқыту тілінде:**
Қазақ тілі
Қазақ әдебиеті
Орыс тілі және әдебиеті
Ағылшын тілі (T2)
Математика
Қазіргі әлемдегі Қазақстан
Өзін-өзі тану
Экономика негіздері және кәсіпкерлік
Дене тәрбиесі
Алғашқы әскери және технологиялық даярлық
География (ЖМБ, ҚГБ)
Құқық негіздері (ЖМБ, ҚГБ)
Кескіндеу және жобалау (ЖМБ)
Жаратылыштану (ҚГБ)

ҮШ ТІЛДЕ САБАҚТАН ТЫС ҚЫЗМЕТ

2. Еліміздегі ұштілді білім беру жүйесіне қатысты өз пікіріңізді жазыңыз.



X

БӨЛІМ ФЫЛЫМ



1-САБАҚ

2-САБАҚ

Әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтар

Қазақ елінің ғылымы

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ФЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР

1 - САБАҚ



1. 304-беттегі сөздермен танысыңыз.


2. Сұрақ бойынша ой бөлісіңіз



- 1 Әлемді өзгерту дегенді қалай түсінесіз?
- 2 Әлемді өзгертетін кімдер / нелер деп ойлайсыз?
- 3 Ғылыми жаңалықтарға нені жатқызар едіңіз?
- 4 Ғылыми жаңалық қандай болуы керек деп есептейсіз?

3. Сіздіңше, ғалым қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Сын-сапа мағынасын білдіретін сөздер арқылы көрсетіңіз.



XЕЛІМ

4. Тиісті сөзді қойыңыз.

**өнертабысының, салтанатын, Үкіметі,
беделді, айғақтарға, болжам айтты, оңтайлы,
оýлап тапқан, толқынның**



Г. Маркони



Н. Тесла

Радионы *оýлап тапқан* автор ретінде әу баста Гильермо Маркони саналды. Көпшілік адамдар солай оýлап келді. Тіпті АҚШ-тың Жоғарғы соты 1943 жылы радионы Никола Тесла оýлап тапқанын дәлелдейтін көз жеткізгенде Г. Марконидің патентіне шектеу салды. Н. Тесла радиобайланысты қабылдау және байланыстыру тетігі бар бір бөлшегі ретінде таныстырыды. Ол осы технологияны таныстыру Ұлттық электр қуаты ассоциациясының алдында өткізді. Н. Тесла екі патентін 1897 жылы (US 645576 және US 649621) алды. 1904 жылы АҚШ-тың Патент беру бюросы шешімін өзгерти, радионы оýлап тапқан автор ретінде патентті Г. Маркониге берді. Көпшілік қауым бұл шешім Г. Марконидің қаржы жөніндегі серіктестері Томас Эдисон мен Эндрю Карнегидің есімдерімен байланысты болуы мүмкін деген Бұл адамдар патент беретін комиссияның шешіміне барынша ықпалын тигізуі мүмкін деп болжанды. Екінші жағынан, АҚШ үшін патентке төленетін төлемақыдан қашуға оңтайлы шешім болды.

5. Мәтін бойынша сұраққа жауап беріңіз.



1. Мәтіндегі басты кейіпкер сізге таныс па?
2. Мәтіндегі басқа адамдар туралы не білесіз?
3. Н. Тесланың радионы таныстыруы туралы ақпарат қай сөйлемде берілген?
4. Патент не үшін беріледі?
5. Қай сөйлемде Г. Марконидің патенті тоқтатылғаны туралы айтылған?
6. Н. Тесла патентін Г. Маркониден неше жыл бұрын алған?

7. Патенттің Г. Маркониге берілу себептері туралы болжамдар мәтіннің қай бөлігінде орналасқан?
8. Радионы әлемді өзгерткен ғылыми өнертабыстың бірі деп тануға бола ма?

6. Мәтінге тақырып беріп, оның қойылу себебін түсіндіріңіз.

7. Пікір бөлісіңіздер.



**АҚШ-ТЫҢ ПАТЕНТ БЕРУ БЮРОСЫНЫҢ ШЕШІМІН
ӨЗГЕРТУГЕ НЕ СЕБЕП БОЛДЫ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ?**

8. Жоғарыдағы мәтінде қандай тұрақты сөз тіркесі қолданылған? Беретін мағынасымен танысыңыз.

	Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
көз	бояды	- алдады, өтірік айтты
көз	ұшында	- көзге көрінетін жерде
көзге	түсті	- көрінді, жақсы танылды
көз	жіберді	- қарады, шола іздеді, ой жіберді
көзі	жетті	- ақиқатына қанды, таныды
көзді	жұмды	- алды-артына қарамады, ештеңемен санаспады
көз	ілеспеді	- тез, шапшаң қимылдады

9. Тұрақты сөз тіркесін қатыстырып сөйлем құраңыз.



Үлгі:

**Әлемде жарық секундына 300 000 км-ге дейін
көз ілеспес жылдамдықпен таралады.**

10. Мағынасы бойынша сөйлем бөліктерін сәйкестендіріңіз.

A -	Ә -	Б -	В -	Г -	F -	Д -
-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----

Шотландия ғалымы Александр Флемингтің зертханасы	A	1	оның бетінде көгілдір заттардың пайда болатынын түсінеді.
Ол демалыс іссапарынан оралған кезде,	Ә	2	жоя алатын қасиеті барын үгады
Сөйтіп, ол нанның ұзақ тұрып қалуына байланысты	Б	3	«пенициллинді» жасап шығады.
Ойлана келе зеңнің бактерияларды	В	4	микробтарды жоюға қолданады.
Кейін оларды молекулаларға бөліп	Г	5	өте нашар халде болатын.
Пенициллинді медицинада ағзадағы	F	6	Нобель сыйлығы табыс етілді.
1945 жылы А. Флемингке физиология және медицина саласы бойынша	Д	7	зертханасына қалдырып кеткен тамақ қалдықтарының бетінен көгерген, құрамында бактериясы бар затты байқайды.



ХЕОЛІМ

(<https://massaget.kz>)

11. Сөйлемде артық қолданылған сөзді табыңыз.



Исаак Ньютон 1665-1666 жылдары тартылыс және қозғалыс тұрақтау туралы идеяны әзірледі. Жазбалар бойынша, ол ағаштан алма жапырағы құлағанын көргеннен кейін өз хатын теориясын әзірлей бастады және оны жерге қандай күш тартқанын ойлады.



Томас Эдисон – электрлік революцияның шебері данышпана, алғаш электр шамын және алғашқы электр стансасын ойладап табушы жапқан.

(Сұрақ және жауап. Энциклопедия)

12. Мәтінді оқыңыз.

Ислам тарихы елеулі өнер, сәулет, әдебиет туындыларымен қоса, әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға да бай.



ХИРУРГИЯ

Дәрігер әл-Захрауи мың жылдай уақыт бұрын хирургия туралы еңбек жазып, ол еңбек 500 жыл бойына Еуропаның түкпір-түкпірінде пайдаланылды. Хирургиялық қысқыштардың жасалуы мен мысық ішегінің ота орнын тігуге арналған жақсы материал болатындығы туралы жаңалық осы ғалымға тиесілі.



АЛГЕБРА

Алгебраны ең алғаш парсы математигі әл-Хорезми ойладап шығарды. 800 жылдары оның жазған трактатында алгебралық теңдіктің жаңа түсінігі айтылады.



ОПТИКА

1000 жылы ибн әл-Хайсамның ашқан жаңалығына дейін адамдар көз сәуле шығарады, сол арқылы біз көреміз деп сенетін. Ал Хайсам болса, керісінше, көз басқа заттардан шағылысып шығатын нұрды қабылдайтынын дәлелдей шығарды.

(<http://mazhab.kz>)

13. Кестені мәтінде берілген және өзіңіз білетін ғалымдар есімдерімен, термин сөздермен толықтырыңыз.

Хирургия	әл-Захрауи,
Алгебра	
Оптика	

14. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, кестені толтырыңыз.

2017 ЖЫЛҒЫ НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ КІМДЕРГЕ БЕРІЛДІ?



Ғылым саласы	Ғалымның аты-жөні	Жаңалығы, еңбегі

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.



Бұл – 1968 жылы адамзат баласының өзі өмір сүріп жатқан Жер шарын түсірген түңғыш суреті.

«Жердің шығуы» деп аталатын НАСА агенттігінің аса маңызды суретін ғарышкер Уильям Андерс түсірген. Осы орайлы сәт «Аполлон-8» ғарыш кемесінің Айға сапар жасаған кезінде туған еді. Бұл сурет арқылы У. Андерс адамзат баласына Жердің қандай болатынын және оның қаншалықты қымбат екенін алғашқы болып жеткізді. Суретті түсірген кезде

У. Андерс: «Біз бұл сапарды сәтті аяқтадық. Ай туралы мәлімет алу үшін бәрін жасадық, бірақ, ең бастысы, біз Жер деген планетаны аштық», – деген екен.

1970 жылы НАСА-ға Замбиялық монах әйел Мария Юкундадан хат келіп түседі. Хатта ақшаның бәріне болмашы суреттер мен адамға пайдасы жоқ зерттеулер жасауды тоқтату керектігі, ақшаның жердегі адамдар үшін, аш-жалаңаш қалғандар үшін қажет екені туралы айттылады. Сол уақыттағы НАСА агенттігі ғарышқа ұшу орталығының ғылым бөлімі бойынша директор орынбасары Эрнст Штулингер хат иесіне аталмыш суретті қоса жібере отырып: «Мениң сізге салып отырған суретім – 1968 жылы «Аполлон-8» ғарыш кемесінің Айға сапары кезінде түсірілген біздің Жеріміз. ғарышты зерттеудегі көптеген тамаша нәтижелердің ішінде бұл фотосурет ең маңыздысы болуы мүмкін. ... Біздің ғарыштың бағдарламаларымыз арқылы не білгенімізді, менің ойымша, Альберт Швейцердің мына сөзі толығымен растайды: «Мен болашаққа алаңдаймын, бірақ үмітпен қараймын», – деп жауап береді.

(<https://lionet.livejournal.com>), (<https://massaget.kz>)

2. Мәтін бойынша жоспар құрыңызы.



3. Мәтін бойынша «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, пікіріңізben бөлісіңіз.

Пікір	Оз пікіріңізді бір сөйлеммен білдіріңіз.
Дәлел	Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.
Мысал	Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
Қорытынды	Қандай қорытындыға келгеніңізді айттыңыз.

4. Осы мақалаға қатысты massaget.kz сайт қолданушылары қалдырған төмендегі пікірлермен танысыңыз (орфография, нунктуация авторлардікі).

Пікірлер

Marzhangul

мен насаға сенбеймін іә олар ғылыми жаңалықтар ашиқан шығар бірақ бізге көбіне бүрмаланып жетеді ол жаңалықтар

+0
ЖАУАП БЕРУ

Marғулан Ақан

Бәріде болуы мүмкін. Бірақ жер бетіндегі ғарышпен тікелей жұмыс жасап отырган жалғыз агенттік. Басқа елдерде де бар дегенмен оларда NASA агенттігі секілді дамыған технологиялар жоқ... Сондықтан барынша сенуге тырысамыз.


5. Мәтінге қатысты өз ойыңызды білдіріп, пікіріңізді ортаға салыңыз.

х белім	Бұрыннан білемін	Сенбеймін	Жаңа ақпарат	Мүмкін деп есептеймін	Сенер-сенбесімді білмеймін
1-абзац	✓				
2-абзац					
3-абзац					

6. Мәтіндерді оқып, әңгімеленіз.

КҮН ТУРАЛЫ ТАҢҒАЖАЙЫП ДЕРЕКТЕР

Күн сәулесі бізге дейін 8 минут 20 секундта жетеді. Күннің диаметрі шамамен 1 392 000 км. Жердің диаметрінен жүз еседен де артық шамадан асады. Күн Айға қарағанда бізден 400 есе алыс. Күнге 4,6 миллиард жыл болды деп есептеледі. Жерге де осы шама беріледі. Күн жүйесінің бүкіл материясының 98,8 %-ы Күнде шоғырланған. Күннің беткі қабатының температурасы 5 500 °С-ға жуық.



(Сұрақ және жауап. Энциклопедия)



ТЕЛЕСКОП АРҚЫЛЫ ФАРЫШҚА АЛҒАШ КӨЗ ЖІБЕРГЕН КІМ?

Телескоп арқылы шамамен 1609 жылы фарышқа алғаш рет жанарын тіккен ғалым итальяндық Галилео Галилей болды. Ол өзі жасаған телескоп арқылы Юпитердің маңында айналып жүрген төрт серігін байқады және Айдағы кратерлерді бірінші рет жақыннан көрді.

(Сұрақ және жауап. Энциклопедия)

7. «Оқылым» бөліміндегі мәтіндерден мағынасы сәйкес келетін сөздерді тауып жазыңыз.

1) құнды	10) бару
2) орналасқан	11) көз
3) тұңғыш	12) өте
4) жанында	13) мағлұмат
5) тіршілік ету өмір сұру	14) ең негізгісі
6) керек	15) қорытынды
7) келешек	16) меніңше
8) шейін	17) жуық
9) барлық	18) үстіңгі

ТЫНДАЛЫМ

1. Сұраққа жауап беріңіз.



- 1) Бұл сурет сізге таныс па?
- 2) Осы сыйлық кімдерге беріледі?
- 3) Сыйлық иелерінен кімдерді білесіз?

2. Төмендегі сөйлемдерді оқып, көп нүкте орнына сәйкес келетін сөзді ойланап, жазыңыз.



Бұл сыйлық (ғылыми/ғалым) тәжірибелер жасаған, ерекше жаңаңыңтар ашқан, мәдениет пен қоғамды дамытуға үлес қосқандар үшін беріледі. Бекітілген ережеге сәйкес бір түлға бір мәрте ғана атана алады. Сыйлық бір сала бойынша кісіден артық адамға берілмейді. Осы сыйлық өсиетнамасы бойынша белгіленген.

3. Мәтінді тыңда, сіз ойлаған сөздердің сәйкес келіп-келмегенін анықтаңыз.



№19



4. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.



№20



5. Мәтінді тыңдаңыз.

Таныс ақпарат

Жаңа ақпарат

7. Мәтіндегі негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты анықтаңыз.

Негізгі ақпарат

Қосымша ақпарат

8. Мәліметті мәтіндең ретіне қарай санмен белгілеп, байланыстырыңыз.




9. Мәтіндегі жылдар қандай оқиғалармен байланысты екенін еске түсіріңіз.

Үлгі: 1833 жылдың 21 қазанында Альфред Нобель дүниеге келді.

- | | |
|--------------------------|-------|
| 1842 жылы | _____ |
| 1849 жылы | _____ |
| 1868 жылы | _____ |
| 1888 жылы | _____ |
| 1896 жылы 10 желтоқсанда | _____ |
| 1895 жылы 27 қарашада | _____ |
| 1901 жылдан бастап | _____ |
| 1969 жылы | _____ |

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. «Ғылымды қаржыландыру қажет пе?» тақырыбында дебат өткізіңдер.




ЖАЗЫЛЫМ

1. Оқылым бөлігінің 4-тапсырмасындағы сайт қолданушылары пікірлерінің қатесін түзетіп, нормаға сай көшіріп жазыңыз.



.....



2. Фарышқа ұшу орталығының директор орынбасары Э. Штулингер атынан Замбиялық монах әйел М. Юкундаға хат жазыңыз (Оқылым мәтінін еске түсіріңіз).



ТИРЕК СӨЗДЕР: ерекше әсер етті, қайырымдылық, қауіп-қатерлер, әлеуетті жобалар, жылдық бюджет, миллиардтаған доллар, мақсат-міндеттер, ғарыштық кеңістік, Жер, бақылау, өлшеу, қысқа уақыт ішінде, ауылшаруашылығы, дамыту, мұқтаж, ақпарат беру, технологиялық даму, қолдану.



ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҒЫЛЫМЫ

2 - САБАҚ

1. 304, 305-беттердегі сөздермен танысыңыз.

2. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.



1. Сізді ғылымның қай саласы қызықтырады?
2. Қазақстан ғылымы туралы не білесіз?
3. Қазақстанның көрнекті ғалымдарын атаңыз?
4. Ол ғалымдар қандай ғылым саласын дамытуға үлес қосты?
5. Атақты ғалым болу үшін не істеу керек деп ойлайсыз?
6. Таныстарыңыздың арасында ғалымдар бар ма?
7. Олардың бойынан қандай да бір ерекшелікті байқадыңыз ба?
8. Сіздің зерттеумен айналысып, ғалым болғыңыз келе ме?

3. Кестені толықтырып жазыңыз.

А. Байтұрсынұлы	Ш. Есенов	Қ. Жұбанов	Е. Бекетов
С. Асфендияров	әл-Фараби	Ш. Уәлиханов	Қ. Сәтпаев
С. Аманжолов	М. Әуезов	М. Қозыбаев	Д. Серікбаев

№	ЖОО	Қысқарған атауы	Орналасқан жері
1	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	ҚазҰУ	Алматы
2 атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті		
3 атындағы Қостанай мемлекеттік университеті		
4 атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті		
5 атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті		
6 атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университеті		
7 атындағы Қазақ мемлекеттік медициналық университеті		
8 атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті		
9 атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті		
10 атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті		
11 атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті		
12 атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті		

4. Ғалымдар туралы білетін ақпаратыңызбен бөлісіңіз.

Ш. Есенов	Қ. Жұбанов	Е. Бекетов
Д. Серікбаев	С. Аманжолов	М. Қозыбаев

5. Суреттегі ғалымдардың аты-жөнін, айналысқан ғылым саласын жазыңыз.



6. Термин сөздерді ғылым салалары бойынша топтаңыз.

Куат, белдеу, жіктеу, бойлық, сөз, тартылыс, бұғаз, көбейткіш, жота, септік, атом, дәрумен, ампер, тәуелдеу, теңдік, сөз тіркесі, жылдамдық, үйкеліс, фразеология, вольт, теңсіздік, аудан, ағза, сауле, күретамыр, күш, айқындауыш, механика, тыныс алу, қырат, сөйлем, қан, шөлейт, сілекей, без, қысым, ендік, көбейтінді, тұбек, қосымша, жүрнақ, теңдеу, жалғау, арал, төл сөз, экватор, бөгде сөз, мүйіс, жасуша, жазық, синоним.

Математика	көбейткіш,
Биология	
Физика	
География	
Лингвистика	

7. Сөйлемді толықтырыңыз.

ғалым-селекционер, жобасының, аудармашы, жел генераторын, денеден тыс ұрықтандыру, өнертапқыш, күріш, биология.

1	2017 ж. Қазақстандағы «100 жаңа есім» жобасының нәтижесінде 102 жеңімпаз анықталды, соның 18-і – ғылым саласына үлес қосқандар.
2	Куаныш Жұмабекұлы – қазақ тіліндегі туындыларды өзге тілде сөйлетіп жүрген
3	Зарина Сауытбаева – биомедик-ғалым, Назарбаев Университетінің оқытушысы, магистрі, Халықаралық қатерлі ісікке қарсы күрес үйімі грантының иегері.
4	Александр Подольских – Қазақстандағы танымал ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, Қазақ өсіру ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызыметкері.
5	Салтанат Байқошқарова – Қазақстандағы алғашқы экстракорпоралды (ЭҚҰ), яғни лабораториясының жетекшісі, биология ғылымдарының докторы, репродуктолог-эмбриолог.
6	Альмира Жилқашинова – жас физик, Ол 40 градус аязда энергияны өндіретін ойлап тапты.



**8. Қазақстандағы «100 жаңа есім» жобасы не үшін қажет?
Берілген құрылымдарды пайдаланып, пікір білдіріңіз.**

1	Менің пайымдауымша,
2	Біріншіден, , екіншіден,
3	Оны деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын.
4	Сондықтан оны деп түсіндіремін.
5	Нәтижесінде (осыған байланысты) шешімге келдім.

9. Сөздерді орын тәртібіне сай орналастырып, сөйлем құраңыз.

1	Еліміздің – ғылыми – ғалымдары – ауыл – өсіретін – шаруашылығы – жылдам – дәнді-дақылдарды – жаңалық – ашты.
2	Олардың айтуынша – өнімділігін – ауыл – тыңайтқышсыз-ақ – ғылыми – жаңалық – арттыруға – шаруашылығы – дақылдарының – 11 минутта – 50 пайызға – мүмкіндік – береді.
3	Бұл – әдістің – болмайтындығында – басты – гендік – ерекшелігі – деңгейдегі – өзгерістің – болып – отыр.
4	Жаңалықтың – авторы – Әбдімәлік Әшіров – мемлекеттік – Қазақстан – педагогикалық – институтының – техника – ғылымдарының – докторы – Оңтүстік – ғылыми-зерттеу – зертханасының – менгерушісі.

10. Ғылым салалары кластерін толтырып, зерттеу нысандары туралы айтыңыз.



Үлгі:


Геодезия – Жердің пішіні мен мөлшерін зерттейтін Жер туралы ғылымның бір саласы.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қазақ топырағында XX ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлерімен ұлттық колоритке толы психологиялық көзқарастарымен барша жүртты тәнті еткен, қазақ жантану ілімінің көшбасшысы ретінде танылған Ж. Аймауытовпен қатар оқу-тәрбие ісіне тікелей қатысты педагогикалық психологияға ерекше дең қойған М. Жұмабаевтың қосқан үлесін ерекше атап өтуге болады. Ж. Аймауытовтың психология саласындағы еңбектерінің («Тәрбиеге жетекші», «Жан жүйесі және өнер таңдау» т.б.) басты бір ерекшелігі - бұлар төл тіліміздегі түнғыш психологиялық туындылар болуымен қатар, бұрынғы Кеңес елін мекендерген түркітілдес халықтарда алғаш жарық көрген ғылыми басылымдар екендігінде. М. Жұмабаев сынды жыр дүлдүлінің тәлім-тәрбие ғылымының («Педагогика» т.б.) теориялық мәселелеріне бой ұруы таңғаларлық жайт, өйткені бұл салада ғылыми еңбек жазған әлемдік ақын-жазушылар некен-саяқ.





Кеңестік кезеңде Қазақстанда психология саласында артына мол мұра қалдырған академик Т. Тәжібаев екені белгілі. Қазақстандағы ғылыми психологияның дамуына ерекше үлес қосқан ғалым - М. Мұқанов. Оның 1979-80 жылдары жарық көрген «Дәстүрлі мәдениет өкілдеріндегі когнитивті эмпатия мен рефлексияның зерттелуі» атты ғылыми мақаласы мен «Ақыл-ой өрісі» кітабы - Қазақстан психологиясына қосылған құнды мұра. Ғалым тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып түрған кезінде-ақ ешкімнен тайсалмай, жасқанбай қазақтардың ұлттық психологиясын зерттеді. Өзінің 20 жылға созылған этнопсихологиялық зерттеулерінде қазақ халқының сонау ерте замандардың өзінде-ақ ой-өрісі өте жоғары болғанын эксперимент арқылы дәлелдеп берді.

ХХ ғасырдың соңғы жылдарында және тәуелсіздік жарияланғаннан кейін ұлттық психология ғылымы ерекше серпіліске ие болды. Қазақстанда психология ғылымының әртүрлі

салаларында зерттеу жұмыстары жан-жақты жүргізіліп, қазақ психологиясының өзіндік даму тенденциясы қалыптаса бастады. Бұл үрдістің сипатын профессорлар С. Жақыпов, Ж. Намазбаева, Х. Шеръязданова, Б. Хамзин, С. Бердібаева т.б. ғалым-дардың өздерінің және олардың жетекшілігімен қорғалған жүздеген кандидаттық зерттеулерінен көруге болады. Олардың қаламынан төл тілімізде оқу құралдары, оқулықтар, библиографиялық көрсеткіштер, сөздіктер, әдістемелік басылымдар және монографиялар жарық көрді. Кеңес өкіметі аясында психология ғылымының дамып, өркендей түсіune біраз тұсау салынып, кедергі болғаны рас. Мәселен, 1947 жылы ҚазМУ-да ашылған логика және психология бөлімі 1953 жылы жабылды. Содан 35 жылдан кейін ғана (1988 жылы) жұртшылықтың үлкен дабылынан кейін орыс тілді 25 шәкіртке психологиядан білім алуға мүмкіндік туды. Ал оның қазақ бөлімі төрт жылдан кейін ғана барып ашылды.

(«Егемен Қазақстан» газеті)

2. Мәтіндегі 3 абзацты 3 топқа бөлініп оқып, ондағы негізгі мәселені анықтаңыздар.

3. Мәтін бойынша Қазақстан психология ғылымының даму кезеңдерін, сол кезеңнің сипатын, өкілдерін жазыңыз.

КЕЗЕҢ	СИПАТЫ	ӨКІЛДЕРІ
ХХ ғасырдың басы	Қазақ психология ғылымының қалыптасуы;	Ж. Аймауытов,

4. Мәтіннен автордың өзіндік бағалауын білдіретін сөйлемдерді тауып оқыңыз.

5. Мәтіннен мағынасы жағынан жуық сөздер мен тіркестерді тауып айтыңыз.



Үлгі:
Қазақ жерінде – қазақ топырағында.

1-АБЗАЦ БОЙЫНША

ұлттық бояу –	негізін қалаушы –
дән риза ету –	жарияланымдар –
тұратын –	ана тіліміз –
алғашқы –	ақын –
бірен-саран –	айрықша –

2-АБЗАЦ БОЙЫНША

мол еңбек –	кеңестік дәүір –
шыққан –	бағалы мұра –
айқын –	қорықпау –

3-АБЗАЦ БОЙЫНША

ұрдіс, беталыс –	егемендік –
серпін –	әр қырынан –
жетілу –	жүзге жуық –
білім алушы –	соң –

6. Мәтінде қолданылған тұрақты тіркестердің мағынасын анықтап, сәйкестендіріңіз.

1	тәнті ету
2	бой ұру
3	қылышынан қан таму
4	жарық көрү
5	тұсау салу

Бұғаулау, тыйым салу.
Шығу, жариялану
Дән риза ету, таңдандыру.
Бір нәрсемен беріле айналысу.
Қаһарына міну.

7. Тұрақты тіркесті қатыстырып сөйлем құраңыз.



Үлгі:

1920-40 жылдары көптеген галымдарымыз құғын-сүргінге ұшырап, олардың ғылыми зерттеулерінің жарық көруіне, халыққа таралуына тұсау салынды.

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Себеп мәнді сөйлемдер

286 - бет

2. Берілген құрылымдарды себеп мәнді сөйлемге айналдырыңыз.



Үлгі:

Бүректің дұрыс жұмыс істемеуі нәтижесінен қанда қалдықтар жиналыш қалады.

Бүрек дұрыс жұмыс істемегендіктен, қанда қалдықтар жиналыш қалады.

1	Қан пластинкалары үйінды құру нәтижесінде жарақаттан қанның сыртқа шығуын болдырмайды.
2	Бұл қалалардан әр жерде бір үйінді қалу салдарынан археологтардың қазба жұмыстарын бірнеше жыл жүргізулеріне тұра келді.
3	Ғылыми-зерттеу институттары Қазақстанда ғылымның өркендеуіне жағдай туғызы нәтижесінде республикамыздың шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға орасан зор еңбек сінірген интеллигенция өсіп жетілді.
4	1500 жылдары европалықтар Американы басып алу салдарынан байырғы тұрғындар өз жерлерін сақтап қалу үшін оларға қарсы аяусыз күресті.

3. Сөйлем сыңарларын сәйкестендіріп, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты түсіндіріңіз.

A -	Ә -	Б -	В -	Г -	Ғ -	Д -
Полюстер тікелей күн жарығын аз алғандықтан,	A	1	құнарлы жайылымдар мен егістіктер шөлге айналды.			
1987 жылы болған жойқын дауылдан кейін онтүстік Англияда 15 миллион ағаш құлаған соң,	B	2	парашюттің жерге құлау жылдамдығы баяулайды.			
Көптеген машиналарда біздің бұлшықеттеріміздің күшінен басым күшті қамтамасыз ететін моторлар мен қозғалтқыштар болғандықтан,	B	3	осы кез Британиядагы ең жаман ауа райы болып есептеледі.			
Ауаның кедергі күші гравитация күшіне қарама-қарсы бағытта әсер еткен соң,	G	4	олардың арасындағы арақашықтық өзгеріп отырады.			
Отынға өте көп ағаш шауып алып,	F	5	олар экватордан суық			
Біздің айналамыздағы ауа сияқты газда атомдар тезірек қозғалғандықтан,	D	6	біздің міндеттіміз жеңілденеді.			

4. Себеп мәнді сөйлем құрастырыңыз.

1.ғандықтан,
2.ған соң,
3.ып,

5. «Сыңарын жалғастыр» жұптық жұмысы. Бірінші адам сөйлемнің себеп мәнді сыңарын айтады, екіншісі салдар мәнді сыңарымен толықтырады.

6. Екі жай сөйлемнен себеп мәнді құрмалас сөйлем құрастырыңыз.



- 1) Аласа таулы белдеу далаға үқсас болып келеді;
Ол теректі, қайынды, жабайы алмалы, өрікті, доланалы ормандардан тұрады.
- 2) Күн жүйесінің бірде-бір өзге планетасында тіршілік жоқ;
Жер тіршіліктің болуымен өзгешеленеді.
- 3) Әл-Фараби өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі болды;
«Екінші Ұстаз» атанды.
- 4) Мөлдір емес обьекті жарықтың өтуіне кедергі болады;
Сәуле оның бетінен шағылысады.

ТЫНДАЛЫМ

1. Сұраққа жауап беріңіз.



- A) Сіздің жеке кітапханаңызда қандай энциклопедиялар бар?
- Ә) Энциклопедияны қандай мақсатта пайдаланасыз?
- Б) Энциклопедияны жиі қолданасыз ба?
- В) Энциклопедиядағы мағлұматтар сізге (*отбасы мүшелеріне*) көмегін тигізді ме? Бір мысал келтіріңіз.



2. Сұхбатты тындаңыз.

Әңгіме қандай тақырыпта өрбігенін айтыңыз.



№21



3. Бос орынды мәтінде қолданылған сөзбен толықтырыңыз.



1. Энциклопедия құрастырудың _____ бар ма?
2. Энциклопедияға бір сөзбен _____ беру қыын.
3. Энциклопедияның өзі негізінен екіге бөлінеді, бірі – _____, екінші – _____ энциклопедия.
4. Энциклопедия құрастырудың бірінші шарты – _____.
5. «Қазақ совет энциклопедиясы» қазақ ғылыми білімі жетіліп, жинақталған кезде құрастырылды. Яғни, екінші шарты – _____ екен.
6. Өкінішке қарай, уикипедияда жүрген _____ көпшілігі он томдық энциклопедиядан алғынғанын байқаймын.
7. Кейде гуглдан бірдене іздесем, баяғыда өзім жазған немесе өзім _____ ұлттық энциклопедияның мақаласы шыға келеді.
8. Компьютерде сақтаулы түрған он томдық қыруар еңбектің уикипиде болып шыға келгеніне _____.
9. Әр мақаланы әрі қарай әркім дамытып, _____ отыруға болады екен.
10. Егер оны сәтімен жасаса, болашақта, бәлкім, _____ кітаптың орнын уикипедия басар.
11. Дүниенің бәрі онлайнға көшіп жатқанда, бұрынғыдай _____ кітаптар керек пе, жоқ па деп, ойланып қоямын.

4. Осы сұхбаттан жаңа мағлұмат алдыңыз ба? Қандай?

5. Сұхбат берушінің қай пікірін қолдайсыз, қайсысын қолдамайсыз?
Пікір айтыңыз.

	ҚОЛДАЙМЫН		ҚОЛДАМАЙМЫН

6. Мәтіндегі ойды жүйелей келіп, энциклопедияға өз анықтамаңызды беріңіз.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ



Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген үғым.

әл-Фараби

Білмегенді сұрап үйренген – ғалым, арланып сұрамаған – өзіне залым.

Ә. Назай



Ғылымда даңғыл жсол жсоқ, тұрақты дөгмалар да болмайды, керісінше, мұндағының бәрі алға басып, барған сайын жетіліп отырады.

А. Герцен



Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зааралы надандық.

Абай



*Ғылым ешқашан да және еш уақытта да жазылып біткен кітап емес, олай бола да алмайды.
Ғылымдағы әрбір маңызды табыстан жаңа мәселелер туындаиды*

А. Эйнштейн



*Әлемдегі терең сыр
Ғылыммен ғана ашылмақ...*

С. Торайғыров



АЙТЫЛЫМ


1. Пікірталас өткізілдер.



ПІКІРТАЛАС ТАЛАПТАРЫ:

- Тақырыптан ауытқымау;
- Белгіленген уақыттан аспау;
- Сөз әдебін сақтау;
- Анық, таза, жүйелі сөйлеу;
- Тіл байлығын көрсету.

(мақал-мәттел, фразеологизм, синонимдерді т.б. қолдану.)



2. Төмендегі сұрақтар бойынша әңгімелесілдер.



1. Диплом жұмысын, магистрлік, докторлық диссертация қорғадыңыз ба?
2. Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы қандай болды?
3. Тақырып қандай ғылым саласына қатысты еди?
4. Зерттеу тақырыбын өзініз таңдадыңыз ба, жетекшініз ұсынды ма?
5. Сол тақырыпты не себепті алдыңыз?
6. Зерттеу жұмысының өзектілігі туралы айтып берсеңіз.
7. Зерттеу жұмысында қандай жаңалықтарға қол жеткіздіңіз?
8. Ғылыми жұмысты жазу барысында қандай қындықтарға кездестіңіз?
9. Сіздің зерттеуіңізді ғылыми жетекшініз, рецензентіңіз қалай бағалады?
10. Ғылыми жетекшінің туралы (ғылыми атақ-дәрежесі, қай жерде қызмет етеді/етті) айтыңыз.

3. Эңгімелесу барысында түйгеніңіз бойынша топтағы 1 адамның ғылыми жұмысы туралы пікір білдіріңіз.



ПІКІРДЕ ҚАМТЫЛУФА ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ.

- Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы;
- Тақырыптың өзектілігі;
- Зерттеу жұмысының алдына қойған мақсат-міндеттері;
- Зерттеудің жаңалығы;
- Зерттеудің маңыздылығы;
- Зерттеудің ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды пікір.

ЖАЗЫЛЫМ

1. «Мен билетін Қазақстан ғалымдары» кестесін толтырыңыз.



«ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗГА Да болады.


Мына сілтемеде:

<http://kzu.kz/kazakstan-galyimdarlyi-entsiklopediyasi-i-tom-2014-zhyil>



ҒАЛЫМНЫҢ АТЫ-ЖӨНІ	ҒЫЛЫМ САЛАСЫ	ЖАҢАЛЫҒЫ, ЕҢБЕКТЕРИ
Сыздық Р.	қазақ тіл білімі	Қазақ әдеби тілінің тарихы, Абай шығармаларының тілі, қазақ тілінің нормалануы т.б. «Қазақ тілінің анықтағышы», «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі».

2. Сіздің пікіріңіз қандай? Ойтолғау жазыңыз (220-250 сөз).




Сандаған жылдар бойы кеменгерліктің тылсым жұмбағының шешіміне ғалымдардың бірнеше үрпағы жауап іздеуде. Біреулері түкым ерекшелігімен байланыстырса, екіншілері дарындылық біліммен келеді дейді.

(«Егемен Қазақстан» газеті)

XI

БӨЛІМ



1-САБАҚ

2-САБАҚ

Әлемдік туризм және Қазақстан

Еліміздің көрікті жерлері



1. 305, 306-беттердегі сөздермен танысыңыз.
2. Сөздерді пайдаланып, туристік сапар туралы айтыңыз.



3. Сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.



Сөздердің мағынасымен танысыңыз.



СЕРУЕН -

Бой жазып қыдырушылық.

Кешке қарай даға серуенге шықты.
Серуен жасады – қыдырыстады, бой жазды (ҚТС, 570-б.).

САЯХАТ -

1. Зерттеу не танысу мақсатымен алыс жерге, ел аралауға шыққан сапар.
2. Жақын жерде құратын сейіл-серуен, бой жазу.

Қарт үстаз шәкірттерімен саяхат жасауды үйінде (ҚТС, 562-б.).

4. Туристік сапармен барған жерлеріңіз туралы кестені толтырыңыз.

ТУРИСТИК САЯХАТ

Ел атауы	Қала аты	Халқы	Табигаты	Тағамы

5. Әлемдік туризм дамыған ел және суреттегі нысан атауларын жазыңыз.

Сіз білесіз де?



1.....

.....

.....

.....



4.....

.....

.....

.....



2.....

.....

.....

.....



5.....

.....

.....

.....



3.....

.....

.....

.....



6.....

.....

.....

.....

**6. Топтың жұмыс. Елімізде туристер көбірек келетін танымал жерлерді жазыңыз.
Жауаптарды салыстырыңыз.**



.....
.....
.....



.....
.....
.....

7. Синонимдік қатарды берілген сөздермен толықтырыңыз.

әсем, орын, оқшаулау, мұншама, шұбыру, сәйкес, қашық, шаһар, жиһанкез,
қоныс, сапарлау, лайық, жөңкілу, шеткерілеу, шалғай, жиһангер,
осыншама, кент, жолаушылау, көрікті

1	Саяхаттау,	сапарлау,
2	Саяхатшы,,
3	Қала,,
4	Ағылу,,
5	Алыс,,
6	Әдемі,,
7	Мекен,,
8	Оңашалау,,
9	Сай,,
10	Соншама,,

8. Жоғарыдағы сөздерді қатыстырып сөйлем құраныз.



Үлгі:

*Саяхаттау, әлемді шарлау адамның таным көк-
жисегін кеңейтеді.*

9. Сұрақ бойынша ой бөлісіңіз.



- Туризм елдің экономикасын дамыта ма?
- Қазақстанның туризм саласы қандай деңгейде?
- Қазақстанның әлемдік туризмде алатын орны қандай?
- Туристік сапармен қай жерлерде болдыңыз?
- Дүниежүзілік туризм үйімі туралы не білесіз?

10. Тиісті сөздерді қойып сөйлемді толықтырыңыз.

1) дамымауымен 2) сапарларына 3) әлемдегі 4) үлесі 5) өнірлердің

А) Туристік сала ең ірі және қарқынды дамып отырған салалардың бірі болып табылады.

Ә) Қазақстан бай туристік-рекреациялық әлеуетке ие бола отырып, туризмнің жеткілікті сипатталады.

Б) Оның ЖІӨ-дегі (тек тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер есептеледі) шамамен 0,9 %-ды құрайды.

В) Туризм телекоммуникация және көлік, құрылыш, сауда, ауылшаруашылығы және басқа да аралас салаларға ықпал ете отырып, әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдеседі.

Г) Қазақстанда туризм негізінен жергілікті халыққа, сондай-ақ шетелдік резиденттердің іскерлік және кәсіптік негізделетіні байқалады.

(<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406>)

11. «Әлемге саяхат». Карта мен мемлекет, астана атауларын сәйкестендіріңіз.



АҚШ,
ВАШИНГТОН



АВСТРАЛИЯ,
КАНБЕРРА



ЕГИПЕТ,
КАИР



ҚХР,
ПЕКИН



БРАЗИЛИЯ,
БРАЗИЛИА



ЖАПОНИЯ,
ТОКИО

12. Саяхатыңдан қандай естелік сыйлық әкелер едіңіз? Неліктен ол сыйлықты таңдадыңыз? Ойыңызбен бөлісіңіз.



1	Анама	
2	Әкеме	
3	Жұбайымға	
4	Балама	
5	Ағама (<i>iñime</i>)	
6	Апама (<i>cıñlime</i> , қарындасыма)	
7	Досымға	
8	Жұмыстасыма	
9	Өзімі	

13. Сәйкестендіріңіз.

A		Ә	
1	таудағы туризм	A	салт-дәстүр, мәдениет, ғұрыппен танысу
2	судағы туризм	Ә	ғарыштағы туризм
3	спелеотуризм	Б	тау шаңғысы
4	рафтинг	В	желкенді тақтамен жүзу
5	экзотикалық туризм	Г	таудағы өзен бойымен жүзу
6	этнотуризм	Ғ	үңгір ішіндегі саяхат

14. «Бұл не?» топтық жұмысы. Еліміздегі екі, шетелдегі үш көрнекті орынның сипатын айтып, келесі топқа жұмбақтап жасырыңыз.



Үлгі:

Ол - табаны төрт бұрышты болып басталатын, жоғары қарай басқыш тәрізденген, көп сатылы аса ірі құрылыш. Гиза қаласы маңында перғауынға арнап салынған (Хеопс пирамидасы).



15. Сөздерді тіркестіріп, сөйлем құраңыз.

1	Италиядағы	→	A	Петра
2	Иорданиядағы		Ә	Чичен-Ица
3	Рио-де-Жанейродағы		Б	Мачу-Пикчу
4	Мексикадағы		В	Құтқарушы Иса мұсіні
5	Перудағы		Г	Колизей



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИҢ



Дүниежүзілік туризм ұйымының белгілеуі бойынша, кімде-кім 88,5 км қашықтыққа барып, кем дегенде 24 сағат аялдаса, онда ол турист деп есептеледі.



Туризм сипатына қарай екіге бөлінеді: ішкі (ұлттық) және халықаралық (шетелдік) туризм.



Мазмұнына қарай туризмнің демалыс, экологиялық, оқу-бітіру, ойын-сауық, спорт, балалар, бал айы, іскерлік, діни, мәдени деген т.б. түрлері бар.



100 мың турист қалада орта есеппен екі сағаттай аялдаса, шамамен 350 мың доллар немесе адам басына шаққанда бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.



Медициналық қызметті экспорттаудың мүмкіндігі орасан. Сарапшылардың бағалауынша, медициналық туризмнің әлемдік нарығы 2022 жылға қарай 143,8 млрд долларға жетеді. 2015 жылдың өзінде бұл көрсеткіш 43 млрд долларды құраған. Осы нарықтан әр ел өз үлесін алуда. Мәселен, медициналық туризмнің дәстүрлі көшбасшылары Германия жылына 70 мыңға, Израиль 30 мыңға жуық емделушіні қабылдаса,

бұл нарыққа кейін қосылған Үндістан медициналық туризмнен 1 жылда 3 млрд, Таиланд 2 млрд доллар табыс тапқан екен. Ал Қазақстан клиникаларында өткен жылы 5 мыңдан аса шетелдік азамат медициналық көмек алған. Десек те бұлардың бәрі бірдей елімізге ем ізден келгендер емес, көпшілігі республика аумағында қызмет бабымен жүргендер екенін естен шығармау керек.

(<https://egemen.kz/>)

2. Мәтінді өзіңіз білетін мәліметпен толықтырыңыз.

Мәселен, Қазақстандық емделушілер көбінесе қай мемлекеттерге барады?



3. Мәтінде берілген ақпаратты анықтаңыз.

	СӘЙКЕС	СӘЙКЕС ЕМЕС
Емдік-сауықтыру орындарын насихаттауға бағытталған.	✓	
Медициналық туризм туралы айтылған.		
Медициналық туризм 2022 жылдарға қарай 143,8 млрд доллар табыс табады.		
143,8 миллиард доллар табыс әкелу – әлемдік туризм нарығындағы ең жоғарғы көрсеткіш.		
Медициналық туризмнің көшбасшысы – Германия.		
Германия бұл туризм түрінен 2015 жылы 43 млрд доллар тапты.		
Израиль, Үндістан, Таиланд – медициналық қызметті экспорттаудың көшбасшылары.		
Қазақстан 2022 жылға қарай медициналық туризмде көшбасшылар қатарына енеді.		
Қазақстан клиникаларына 5000-нан астам шетелдік азамат ем ізден келді.		
Қазақстан медицинасына елде қызмет бабымен жүргендер ғана жүгінеді.		

4. Сөздерді тіркестіріп, сөйлем құраңыз.

1	медициналық	→	A	келгендер
2	30 мыңға жуық		Ә	көшбасшылары
3	Үндістан		Б	қабылдау
4	Қазақстанға		В	емделуші
5	медициналық туризмнің		Г	қызмет
6	емделушіні		Ғ	табысы

5. Мәтін бойынша проблемалық сұрақ дайындаңыз.



Үлгі:

Емделушілердің басқа елдерге баруын туризм ретінде тану дұрыс па?

6. Сөйлеу үлгілерін қолданып, медициналық туризмге қатысты өз ойыңызды ортаға салыңыз.

Басты жетістіктері

Тоқталар болсақ

Бір қарағанда

Сонымен қатар

Соған қарамастан

Атап өтуге түрарлық

7. Мәтінде кездесетін доллар бағамын теңгеге айналдырып, сөзбен жазыңыз.



143,8 млрд доллар

3 млрд доллар

43 млрд доллар

2 млрд доллар

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақ дайында, топқа қойыңыз.



№22



2. Бос орынды мәтінде қолданылған сөзбен толықтырыңыз.

1) Қазақстанда туризмнің дамуы үшін барлық бар.

2) Этнотуризм – халқымыздың қызығатын адамдарды тартатын туризмнің бір түрі.

3) Тау туризмінде қарлы тау шығуды үйимдастырады.

4) Еліміздің табиғаты тамаша өнірлерінде заманауи бар.

5) Емдік-сауықтыру орындары минералды сумен, мүйізімен емдеуді ұсынады.

6) кезінде адам күнделікті тұрмыс-тіршілігінен бір сәтке босап, өзін сергек сезінеді.




3. Мәтіннің тезисін жазыңыз.



Қазақстанның Дүние жүзі турристік үйіміна енуі.

4. Мәтін мазмұнын өз ақпаратыңызбен толықтырыңыз.



АЙТЫЛЫМ

1. Қазақстанда туризмді дамытуға бағытталған инвестициялық жобамен танысып, талқылаңыздар.




(<https://en.ppt-online.org/328454>)

2. Диаграмма бойынша мәтін құрастырыңыз (20-25 сөйлем).

ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандарының тізіміне адамзат үшін ерекше мәдени, тарихи, экологиялық маңызы бар деп танылатын табиғи немесе адам қолымен жасалған нысандар енеді. Бұл диаграммада 10-нан астам нысаны бар елдер көрсетілген.


- Коңыр: 40-тан астам нысаны бар елдер.
- Ақшыл қоңыр: 30-39 нысаны бар елдер.
- Сарғылт: 20-29 нысаны бар елдер.
- Көк: 15-19 нысаны бар елдер.
- Жасыл: 10-14 нысаны бар елдер.



(<https://kk.wikipedia.org>)

ЖАЗЫЛЫМ

1. Әлемдік саяхатшыларға Қазақстанды таныстырып мәтін құраңыз (220-250 сөз).





1. 306, 307-беттердегі сөздермен танысыңыз.


2. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.



- Сіздіңше, көрікті жерлер қандай болу керек?
- Елімізде көрікті жерлер бар ма?
- Қазақстандағы бес көрікті жердің атын атаңыз?
- Неліктен оларды көрікті жерлер деп есептейсіз?
- Сол жерлердің қайсысында болдыңыз?
- Көрікті жерлерге барғанда қандай сезімге бөлениесіз?
- Досыңызға (әріптесіңізге) қай жерге баруға кеңес бересіз?
- Ол жерді таңдауыңыздың себебі неде?

3. Сәйкестендіріңіз. Осы нысандар туралы білетін ақпаратыныңызben бөлісіңіз.

1	Каспий
2	Хан Тәңірі
3	Шарын
4	Қатон Қарағай
5	Бекет ата
6	Тамғалы



A	шатқалы
Ә	тас петроглифтері
Б	жерасты мешіті
В	маңы ойпаты
Г	ұлттық паркі
Ғ	шыңы

4. Жер-су атауларын кестеге толтырып, жұбыныңызben алмасыңыз. Сәйкесін табыңыз.

1	Ақсу
2	
3	
4	

A	
Ә	
Б	
В	Жабағылы

5. Суреттегі жерлер туралы жазыңыз.



ШЫМБҰЛАҚ



ТҮРКІСТАН



ҚАЙЫНДЫ КӨЛІ



АСТАНА

6. Қазақстанның көрікті жерлері мен тарихи орындары қайда орналасқан?

Арыстан бап кесенесі

- Шығыс Қазақстан
- Оңтүстік Қазақстан
- Батыс Қазақстан

Бурабай көлі

- Көкшетау
- Қостанай
- Үстірт

Балқаш көлі

- Оңтүстік-шығыс
- Оңтүстік-батыс
- Солтүстік-шығыс

Ақсай сынтастары

- Қарағанды обл.
- Ақтөбе обл.
- Атырау обл.

Хан ордалы Сарайшық мұражайы

- Жамбыл обл.
- Алматы обл.
- Атырау обл.

7. Өзініз туып-өскен өлкедегі көрікті жерлер мен орындар туралы сипаттап айтыңыз.

8. Сөйлемді аяқтаңыз.

енген, бар, келіп кетеді, бай, алып жатыр, орналасқан



1. Ақсу-Жабағылы қорығы Батыс Тянь-Шань тауының 850 шаршы метр аумағын

2. Қорғалжын қорығында кездесетін өсімдік пен жануарлар әлемінің барлық түрі дерлік Қызыл кітапқа

3. Алматы қаласынан 300 шақырым қашықтықта Күнгей-Алатау баурайында Көлсай мекені

4. Көкшетау аймағында Зеренді, Шалқар, Саумалықөл, Имантау көлдері

5. Бурабайдың балшығы мен минералды суы емдік қасиетке

6. Жаздың шуақты, ыстық айларында Алакөлге кемінде 100-150 мың адам

(<https://massaget.kz/>), (<http://77news.kz/>)

9. «Бурабай – екінші Швейцария», – дейді. Сіздің пікіріңіз қандай?



КЕЛІСЕМІН

Себебі
.....

КЕЛІСПЕЙМІН

Өйткені
.....

10. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Қапшағай қаласының туристік *әлеуемті / әлеуметті* Қапшағай су қоймасының ресурстарына негізделеді.



2. Иле өзенінің оң жақ жағалауындағы жартастарға *безендірілген / салынған* суреттердің сізді таңғалдырмауы мүмкін емес.

3. Қапшағайдағы демалушылардың ең жиі баратын жері – итальяндық жоба *бойынша / туралы* салынған қалалық аквапарк.

4. Бұл *суда / кешенде* балаларға, үлкен кіслерге арналған су аттракциондары бар.

5. *Қазіргі / кейінгі* жылдары Қапшағай демалыс орындарында әртүрлі іс-шараларды өткізу кеңінен таралып келеді.

(<http://77news.kz/1649>)

ОҚЫЛЫМ

1. Сіз білесіз бе?



- A) Қазақстанның қай нысандары ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізімінде бар?
Ә) Ол нысандар туралы қандай да бір мәлімет білесіз бе?
Б) Бұлар Әлемдік мұра тізіміне не себепті енгізілген?

2. Оқыңыз.

ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енгізілген Қазақстан нысандары: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы петроглифтер кешені, Сарыарқа – солтүстік Қазақстан көлдері мен жазықтары, Чанъань-Тянь-Шань дәлізі желісіндігі Ұлы Жібек жолы.


Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Оңтүстік Қазақстандағы Түркістан қаласында орналасқан. Ол XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Әмір Темірдің тұсында салынған. Кесене сол дәуірдің ең маңызды және жақсы сақталған ғимараттарының бірі болып есептеледі. Бұл орасан зор ғимарат шығыста атағы шыққан XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясаудің құрметіне тұрғызылған. «Ясауи» сөзі «Яссыдан», яғни «Яссы қаласынан» дегенді білдіреді. Яссы – Түркістан қаласының бұрынғы атауы.





Тамғалы петроглифтері - Алматыдан 170 км қашықтықта солтүстік-батыста, Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Ол 1957 жылы табылған. Петроглифтер мерзімі б.з.д. XIV ғ., б.з. VI-VIII ғасырлар аралығы болып саналады. Мұнда 5 мыңдай сурет бар. Орталық тармақ петроглифтердің ең тығыз шоғырлануымен ерекшеленеді және осы жердің құрбандық шалуға арналған орын екендігін көрсетеді.

Сарыарқа - солтүстік Қазақстан көлдері мен жазықтары. Бұған 450,344 гектар аумақты алып жатқан екі мемлекеттік табиғи қорық - «Қорғалжын» және «Наурызым» жатады. Сондай-ақ Теніз және Қорғалжын атты екі үлкен көл мен өзге де кішігірім суайдындарымен бірге балық пен құстарға бай батпақтар енеді.



Әлемдік мұра тізіміне **Чанъян-Тянь-Шань дәлізі** бағдарламасы Ұлы Жібек жолының бірінші бөлігіндегі Қазақстан Республикасының сегіз нысаны кіреді. Олар: Алматы облысындағы Қаялық, Қарамерген, Талғар, Жамбыл облысындағы Ақтөбе Степинское, Ақыртас, Құлан, Қостөбе және Өрнек.

(<http://www.kazembassy.ru>), (<https://www.inform.kz>)

3. Мәтіндегі абзацтар бойынша сізге «бұрыннан таныс» және «жаңа» ақпаратты белгілеңіз.

РЕТИ	ТАНЫС АҚПАРАТ	ЖАҢА АҚПАРАТ
1-абзац	✓	

4. Сөздерді тіркестіріп, сөйлем құраныз.

1	әлемдік
2	орталық
3	табиғи
4	Яссы
5	кішігірім
6	батпақтар



A	су айдындары
Ә	бар
Б	мұра
В	қорық
Г	қаласы
Ғ	тармақ

5. Мәтін бойынша берілген ақпаратты анықтаңыз.

	ДҮРІС	БҮРІС
Қазақстанның ішкі туризмін дамыту туралы айтылады.		✓
Шетелдік туристер ең көп келетін орындар баяндалады.		
ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енгізілген еліміздегі нысандар туралы сөз етіледі.		
Қожа Ахмет Ясауи еңбектері қарастырылады.		
Түркістан қаласының тарихы туралы әңгімелейді.		
Петроглиф сөзінің білдіретін мағынасы талданады.		
Тамғалының көркем табиғаты сипатталады.		
Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты мәлімет беріледі.		
Сарыарқа өніріндегі Қорғалжын мен Наурызың қорықтарының орналасқаны туралы айтылады.		
Қазақстан аумағынан өтетін Ұлы Жібек жолындағы сегіз нысан әлемдік мұралардың қатарына жататыны баяндалады.		

6. Топтық жұмыс. Мәтіндегі ақпаратты өзіңіз білетін мәліметтермен толықтырыңыз.



.....
.....
.....
.....



.....
.....
.....
.....



.....
.....
.....
.....



.....
.....
.....
.....

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Есімше оралымды сөйлемдер

287 - бет

2. Сөздерді есімшелі оралым жасайтын амал-тәсілдермен түрлендіріңіз.



Үлгі:
Саяхатта - саяхатта+ған+да.

Көңіл бөл -

Жарнамала -

Қайран қал -

Қосыл -

Көр -

Тамашала -

Бар -

Салыстыр -

3. Сызба бойынша сөйлем құраңыз.

Ң + - қан / - кен + - ша
- ған / - ген + - ше

=

Ң + - қан / - кен + - ға / - ге + **дейін**
- ған / - ген

шейін

Ң + - қан / - кен + - да / - де
- ған / - ген

Ң + - қан / - кен + **мен де**
- ған / - ген

Н	+	- қан / - кен	+	- ға / - ге	<i>соң,</i>
		- ған / - ғен		- дан / - ден	<i>кейін,</i> <i>бұрын</i>

4. Сөйлем бөлігін толықтырыңыз.



- Өткен жылы Алакөлге барғанда
Туристерді қарсылап алғаннан кейін
Туристік компаниялардың қызметіне жүгінгенмен де
Қазақстандағы туризм мұнай саласына балама болған соң

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұраққа жауап беріңіз.



- A) «Кекшетау» поэмасының авторы кім ?
Ә) Бұл поэманды оқыдыңыз ба?
Б) Поэмандың қандай тұстары есінізде қалды?
В) Кекше өлкесі туралы өлең-жыр, азыз-әңгіме білесіз бе?

2. Бос орынга мағынасы сәйкес келетін сөзді ойлап, жазыңыз.



..... кербез сұлу Кекшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жауын.
Жан-жақтан-кеш бұлттар келіп.
Жүреді біліп кетіп есен-..... .

3. Мәтінді тыңдалап, сіз ойлаған сөздердің сәйкес келіп-келмегенін анықтаңыз.



№23



4. Кекшетаудың сұлулығын бейнелейтін сөздерді жазыңыз.

Кербез сұлу,
.....

5. Шежіре сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.



ШЕЖІРЕ –

- 1) Тарихи жылнама, дерекнама, тарих.
- 2) Туыстас, бір руға тән ұрпақтардың таралу жолы; рулық, туыстық кесте.
- 3) Ауыс. Көнекөз, көп білетін білгір (ҚТС, 728-б)

6. Мәтінді қайталап тыңдап, ертегі-шежірені кімдер, нелер айтатынын анықтаңыз.



№23

Ел

} айтады

7. Мәтіндегі ақпаратты қосымша мәліметпен толықтырыңыз.



8. Екі сөйлеммен сипаттап жазыңыз.



Көкшетау.....

Жеке батыр

9. Қазіргі Көкшетаудың табиғаты, ондағы демалыс орындары туралы не айтасыз?



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИН

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ТУРАЛЫ 8 ДЕРЕК



1. Каспий теңізінің атауы осы теңіздің жағасын мекендерген ежелгі «каспий» тайпаларының құрметіне аталған.
2. Каспий теңізінің ежелгі атаулары: «Гиркан», «Хазар», «Хвалын» т.б.
3. Каспий – жер шарындағы көлге де теңізге де тән ерекшелігі бар теңіз. Ол Қара теңізден бөліну арқылы пайда болды.
4. Каспий теңізімен бес мемлекет шектеседі. Олар: Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Түркіменстан, Иран. Теңіз жағасында 13 қала орналасқан. Әзірбайжанның 6 қаласы, Қазақстан, Ресей, Иран елдерінің 2 қаласы және Түркіменстанның 1 қаласы бар.
5. Каспий теңізі 371 мың шаршы аумақты алғып жатыр. Егер бұл ауданның орнында мемлекет болса, онда ол картада 62-орындағы мемлекет ретінде тіркелетін еді. Теңіздің тереңдігі – 1025 метр.
6. 1719 жылға дейін Каспий теңізінің тұрақты картасы болмаған. Тек 1719 жылы Бекович-Черкасский экспедициясының нәтижесінде барып картаның нақты сыйбасы жасалды.
7. Теңізде тіршіліктің 850 түрі өмір сүреді. Каспий теңізіндегі ең керемет жануар – каспий итбалығы.
8. Жер бетіндегі ең қымбат уылдырық «қара уылдырық» деп ойласаңыз, қателесесіз. 100 грамм үшін 2 000 АҚШ долларын сұрайтын жер бетіндегі ең қымбат уылдырық – ақсерке балығының «Алмас» аталатын уылдырығы. Ақсерке Каспий теңізінің Иранмен шегаралас түсында таралған.

(<https://massaget.kz/>)

АЙТЫЛЫМ

1. Қазақстанның мәдени-туристік карта-сызбасы бойынша полилог құраңыздар.



ПОЛИЛОГ – бірнеше адамның сөзі.

Төмендегі құрылымдарды қолданыңыздар.

Күптауды, келісуді білдіру	Әрине, әлбетте, сөз жоқ, рас, шын, дұрысында, шынында, расында, шындығында.
Сенімсіздікті, белгісіздікті, болжауды білдіру	Мүмкін, кім білсін, кім біледі, шамасы, шамалауымша, болжасауымша, сірә, қайдам, дәуде болса, бәлкім, бәлки, солай ғой деймін, байқауымша.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ-ТУРИСТИК КАРТА-СЫЗБАСЫ



(<https://en.ppt-online.org/328454>)

2. Топтық жұмыс «Ән шырқайық!».



1-топ. А. Жорабаеваның орындауындағы «Елімнің жүрегі – Астана» әні (<https://www.youtube.com/watch?v=7cSRJhQl2D0>).

2-топ. МузАрт орындауындағы «Үш қоңыр» әні (<https://www.youtube.com/watch?v=dw4NWGwPvXk>).

3-топ. Ағайынды Жүгінісовтер орындауындағы «Астана» әні (<https://www.youtube.com/watch?v=TgllseAM0E8>).

3. Эннің сөзін анық, дұрыс айтқан топты бағалаңыз.

Топ №	ТАҢДАУ СЕБЕБІНІЗ
БАҒАЛАУ	_____
☆☆☆☆☆	_____

ЖАЗЫЛЫМ

1. «Қазақстан әлемдік туризмі дамыған елдер қатарына қашан қосылады?» тақырыбында эссе жазыңыз (220-230 сөз).

XII



БӨЛІМ
САЛАМАТТЫ
ҚАЗАҚСТАН

1-САБАҚ

2-САБАҚ

Тән саулығы – жан саулығы

Емдеу мекемелері мен шипажайлар



1. 307-беттердегі сөздермен танысыңыз.
2. Денсаулық тақырыбымен байланысты басқы әріптері бірдей болатын сөз тізбегін жалғастырыңыз.

Д	Дене, д.....
Е	Ем, е.....
Н	Науқас, н.....
С	Сауықтыру, с.....
А	Асқыну, а.....
Ү	Үқалау, у.....
Л	Лоқсу, л.....
Ы	Ыстығы көтерілу, ы.....
Қ	Қан қысымы, қ.....

3. Сәйкесін тауып, сөйлем құраңыз.

А	
1	денсаулық
2	тіс
3	өкпе
4	көру
5	адам
6	тұқымқуалаушылық



Ә	
А	ағзасы
Ә	қабілеті
Б	жегісі
В	сақтау
Г	қасиет
Ғ	қабынуы

4. Кестеге мағынасы қарама-қарсы сөздерді жазыңыз.

кейбірі, шат, кәрі, ырза, жұмсақ, солақай, қайғыру, өлі

1	cay
2	жас
3	қапа
4	баршасы
5	қайғы
6	қатты
7	қуану
8	tірі
9	оңқай

A	аурұ
Ә	
Б	
В	
Г	
Ғ	
Д	
Е	
Ж	

5. Тиісті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

**1) жағдайын, 2) өтей алмай, 3) дәрі-дәрумендермен,
4) қамтамасыз, 5) экологиялық**

- А) Биологиялық белсенді қоспаларды соңғы кезде тұтынушылар
..... қатар ішіп жүр.
- Ә) Үйлесімді тағамдық рационды көп адам толық ете алмайды.
- Б) Биологиялық белсенді қоспалар – ағзаның жалпы жақсартуға арналған табиғи немесе табиғига жақын заттар қосындысы.
- В) ахуал, өндірістің қарқынды дамуы әсерінен тағамның құрамы мен сапасы төмендеуде.
- Г) Күнделікті тұтынұлатын тағам дәрумендер мен минералдардың нормасын
..... отырғаны анық.

(«Ақтөбе» газеті)

6. Пікір білдіріңіз.

Сіз білесіз де?



Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, адамның денсаулық жағдайы

- 12 пайыз мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесі деңгейіне,
- 18 пайыз тұқымқуалаушылық факторларына,
- 20 пайыз өмір сүру салтына,
- 50 пайыз тамақтануға байланысты болады екен.

(«Ақтөбе» газеті)

7. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, сөйлем құраңыз.



8. Мағынасын сәйкестендіріңіз.

A -	Ә -	Б -	В -	Г -	Ғ -	Д -	Е -
Алғашқы жәрдем	А	1	ішімдікке салыну				
Дәрілік өсімдіктер	Ә	2	сөйлеу қалпының бұзылуы				
Алдын ала егу	Б	3	үйқыдан кейін ағзаның жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіруді тездететін жаттығулар				
Ертеңгілік дene шынықтыру	В	4	кенеттен ауырганда, дәрігер келгенше жасалатын қарапайым жәрдем шаралары				
Маскүнемдік	Г	5	башпайлар мен саусақтарда, табанда, өкшеде дұрыс күтінбеуден, тар аяқтім кигеннен пайда болады				
Жүктілік	Ғ	6	емдеу, аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын шөптер				
Кекештік	Д	7	адам ағзасының түрлі ауруларға қарсы корғаныс қабілетін арттыру				
Мүйізгек	Е	8	бойға бала біту				

9. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.



1. Дәрігердің қабылдауында жиі боласыз ба? Не себепті?
2. Денсаулығыңызға қаншалықты көніл бөлесіз?
3. Салқын суға шомылудың әсерінен ағзада қандай өзгерістер болады деп ойлайсыз?
4. Дәрумендерді үнемі қолдану денсаулықты жақсарта түсе ме? Әлде зиянды жағы да бола ма?
5. Денеңізді қалай шынықтырасыз?
6. Азға үшін ашығудың пайдасы бар дегенге не айтасыз?

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.



1. Эрбір адамның донор болуы міндettі ме?
2. Сіз донор болып көрдіңіз бе?
3. Донор болудың адам денсаулығына пайдасы қандай?
4. Донор болу мақтаныш сезімін ұялата ма?
5. Донорларды бүгінгі күннің батырлары деп санауға бола ма?

2. Оқыңыз.



14 маусым – Дүниежүзілік донор күні. Донорлар тапсырған қан миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуға көмектеседі. Өткен жылы Қазақстанда 80 мыңдан астам науқасқа 360 мың рет қан құйылған. Қан тапсырып, өзгелерге үміт сыйласп жүрген отандастарымыздың саны 185 мың. Олар былтыр 220 мың рет қан тапсырған. Қазақстанда емделушілерді қанмен қамтамасыз ететін медицина ұйымдарының саны 470-тен асып жығылады.

Ересек адамның ағзасында 5,5 литрге жуыққанбар. Бірретқантапсырғандадонордан 350-450 миллилитр қаналынады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, тұрақты түрде қан тапсыратындардың өмірі шамамен 5 жылға ұзарады. Денсаулыққа пайдасын қоса айтқанда, донорға бірқатар артықшылықтар беріледі. Мәселен, сифилис, қандағы гемоглобин мәлшерін, қан тобы мен резус-факторын анықтау сынды т.б. талдау түрлерін тегін жасата алады. Қан тапсырған күні студенттер мен оқушылар сабактан, ересектер жұмыстан босатылады. Бірақ жалақысы толық төленеді.

Австралиялық Дж. Харрисон өмірінде 1173 рет қан тапсырып, екі миллионнан астам сәбиге көмектескен. Биыл 81 жасқа толған Дж. Харрисон заң талабы бойынша қан тапсыруды тоқтатты.

Алматылық А. Скаковскийдің тұрақты түрде қан тапсырып келе жатқанына 47 жыл болыпты. Осы уақыт ішінде ол 1090 рет қан тапсырған. "Халық қаһарманы" сыйлығының лауреаты бүгінде 72 жаста.

«Мен қазір 72 жастамын. Бүгінде Қазақстанда донорлардың жасына қойылатын шектеулер алынып тасталды. Сондықтан қанды өміріңнің соңына дейін тапсыра беруге болады. Құдай қуат берсе, тағы 20 жылдай қан тапсыруға болады деп ойлаймын», – дейді А. Скаковский.


Донордың жасы, ең алдымен, 18-ге толған болуы керек. Қан тапсырмас бұрын міндетті түрде медициналық тексеруден өкізіледі. Гепатит, сифилис, туберкулезben ауырғандар, ЖКТБ індегін жүқтыврғандар, нашақорлар донор бола алмайды. Сонымен қатар донор бауыр, бүйрек, жүрек-қан тамыры жүйесінде кездесетін созылмалы ауруларға шалдықпаған болуы тиіс. Қандағы гемоглобин мөлшері төмен адамдар да (әйелдерде – 110 г/л, еркектерде – 120 г/л) уақытша донор бола алмайды. Сондай-ақ қан тапсырардан біраз бұрын ота жасатқандар, тісін емдеңіп немесе жұлдырғандар, дәрі-дәрмек ішкендер, екпе салдырғандар, эндемиялық аудандарға барып келгендердің донор болуына уақытша шектеу қойылады.

Қан тапсырардан бір күн бұрын және таңертең майлар тағамдар мен ет-сүт өнімдерінен бас тарту қажет. Тұнгі ауысымнан шыққаннан кейін демалып алмай, қан тапсыруға болмайды. Қан тапсырар алдында темекіден 3 сағат, ішімдіктен 48 сағат бас тарту керек. Қан орталығына баратын күні таңертең тәтті шай, шырын, газдалған сусындар ішіп, нан-тоқаш өнімдерін жеуеге болады.

(«Жардем» медициналық газеті)

3. Абзац пен тақырыпты сәйкестендіріңіз.

1	Қан тапсыруға дайындық
2	Донорға берілетін артықшылықтар
3	Еліміз бойынша жалпы мәлімет
4	Мың реттен көп қан тапсырған
5	Кімдер донор бола алады?



1	абзац
2	абзац
3	абзац
4	абзац
5	абзац
7	абзац

4. Артық қолданылған сөзді табыңыз.

- Донорлар тапсырған қан миллиондаған адамның өмірін сақтап **тұруға** қалуга көмектеседі.
- Қан тапсырып, өзгелерге үміт сыйласп жүрген еткен отандастарымыз баршылық.
- Бір рет қан тапсырғанда донордан 350-450 миллилитр қан табылады алынады.
- Дж. Харрисон өмірінде 1173 рет қан тапсырып алғып, екі миллионнан астам сәбиге көмектескен.
- Қан тапсырмас бұрын міндетті түрде медициналық тексеруден жіберіледі.
- Тұнгі ауысымнан шыққаннан дейін кейін демалып алмай, қан тапсыруға болмайды.



5. Мәтіннен мағынасы жуық сөзді табыңыз.

жерлестеріміз		қазір	
ақысыз		мәрте	
былтыр		жәрдемдеседі	
бірнеше		мекеме	
бүкіләлемдік	дүниегұзілік	артық	
жақын		үнемі	тұрақты тұрде
ғұмыр		еңбекақы	
өмірінің аяғына		куш берсе	
тұнгі кезек		біріншіден	

6. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Донор бауыр, бүйрек, жүрек-қан тамыры жүйесінде кездесетін созылмалы ауруларға болуы тиіс.

- A) емделмеген
- Ә) ауырмадан
- Б) тізімде тұрмадан
- В) шалдықпайдан

- Алматылық А. Скаковскийдің
- қан тапсырып келе жатқанына
- 47 жыл болыпты.
- A) жыл сайын
- Ә) тұрақты тұрде
- Б) күнбе-күн
- В) алдын ала

7. Мәтінге мағынасы жағынан сәйкес келмейтін 2 сөйлемді анықтаңыз.



- A) Қан тапсырап алдында темекіден, ішімдіктен бас тартып, жақсы та- мақтанады.
- Ә) Дж. Харрисон мен А. Скаковский осы уақыт ішінде мыңға жуық қан тапсырған.
- Б) Жүқпалы аурулармен ауыратындар, созылмалы ауруға шалдыққандар донор бола алмайды.
- В) Донорлар – «Халық қаһарманы» сыйлығының лауреаттары.

8. Қай абзацтарда донорға қойылатын талаптар айтылады?



- A) екінші, үшінші
- Ә) бірінші, екінші
- Б) алтыншы, жетінші
- В) бесінші, алтыншы

9. Асты сызылған сөздің мағынасын Жиренше сөзімен байланыстырып түсіндіріңіз.

Қан тапсырып, өзгелерге ұміт сыйлас жүрген отандастарымыздың саны 185 мың.



Жиренше
(XIY-XV) -
аты аңызға
айналған даала
данышпаны,
шешен

Ол адам өмірі туралы: «Төрт нәрседе ұміт
бар: жас өсемін деп ұмітті, жалғыз
көбейемін деп ұмітті, жарлы баймын
деп ұмітті, ауру жазыламын деп ұмітті»,
– деген екен.

10. Тұрақты сөз тіркестерінің білдіретін мағынасымен танысып, есте сақтаңыз.

Ұміт артты	сенім білдірді.
Ұміт дүниесі	бар арманы, ойы, тілегі.
Ұміт еммі (қылды)	арман қылды, дәмеленді.
Ұміт оты	арман, тілек.
Ұміт (ұмітін) үзді	сенімін жоғалтты, күдер үзді.
Ұмітсіз шайтан (ici)	сенбеушілік, күдер үзу пендеге лайық емес.
Ұміті ақталды	тілегі орындалды.
Ұміті кесілді (қыылды)	көздеген мақсаты, ниеті орындалмай қалды.

(КТС, 696-б.)

11. Тұрақты сөз тіркесін қатыстырып сөйлем құраңыз.



Үлгі:

Бүйрек доноры табылмай, ұміті кесілген науқас
күннен-күнге нашарлай берді.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Суреттерге қарап мәтінде не туралы айтылуы мүмкін екенін әңгімеленіз .



2. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін мазмұны мен сіздің болжамыңыз қаншалықты сәйкес келді? Талқылаңыз.



№24



3. Мәтінде кездескен таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін жазып, мағынасын контекст арқылы анықтаңыз.

4. Мәтіннен терминдерді тауып, мағынасын анықтаңыз.

5. Мәтіндегі дәрілік өсімдік атауларын жазыңыз.



6. Бұл өсімдіктердің пайдасы туралы толығырақ ақпарат беріңіз.

7. Төмендегі мәселелерге қатысты өз пікіріңізді айтыңыз.



Міндетті түрде жылына екі рет тіс дәрігеріне қаралып тұрган жөн.		
Біздің халық көбінесе ауруға мән бермей жүре береміз. Кез келген ауруды. Содан кейін асқындырып аламыз да опық жейміз.		

8. Пікір қосынызыз.



Сұхбатта жылма-жыл дәрігерге қаралу туралы кеңес айтылады. Алайда дәрігерге емес, бақсы-балгерлерге қаралуды жөн санайтындар да бар.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНИН

АДАМ АҒЗАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

1. Осы сөйлемді оқып отырған сэтте, тәнініңде 50 мың жасуша өліп, орнын жаңа жасушалар басты.
2. Түшкіргенде ағзаның барлық қызметі, тіпті жүрек те тоқтап қалады.
3. Адам жүрегі бүкіл өмір бойы 48 миллион галлон қан айдайды.
4. Жүйке импульсі миға дейін сағатына 274 км жылдамдықпен жылжиды.
5. Адамның саусақ ұшына қарағанда ерні жүз есе сезімтал. Сүйісу кезінде тамыр соғысы минутына 100-ге дейін, тіпті одан да жиілейді.
6. Тіс – адам тәніндегі өздігінен қалыпқа келмейтін жалғыз бөлік.
7. Ағзада өмір сүретін бактериялардың орташа салмағы – 2 кг.
8. Адамның шашы өмір бойына шамамен 725 км-ге өседі.





9. Адамда бактерияның 1 пайызы ғана сырқат тудыра алады.
10. Ағзадағы қантамырлардың жалпы ұзындығы 100 мың шақырымды құрайды.
11. Үлкен шаһарлардың тұрғындары өмірінің жарты жылдай уақытын бағдаршамның жасыл көзін күтүмен өткізеді.

(<https://massaget.kz/>), («Ана тілі» газеті)

АЙТЫЛЫМ

- 1. Адам ағзасына байланысты өзіңіз білетін қызықты деректермен бөлісініз.**
- 2. Суретте берілген ем-шара түрлерін науқас қай уақытта қабылдайды?
Бұлардың арасында айырмашылық бар деп ойлайсыз ба?**



- 3. Дәрілік заттардың пайдалы әсерлері мен ағзага тигізетін зияны туралы пікір білдірініз.**

пайдалы әсері

зияны

- 4. Сөз оралымдарын қолданып, мәтінді жалғастырып айтыңыз.**

Миыңыз тынығады, бұлшық еттеріңіз қалпына келеді, омыртқаға салмақ аз түседі, қан айналысы жақсарады, көз шаршайды, білекке ауыртпалық түседі, компьютердің алдында отырады, жүйкеге зақым келеді, көңіл бөлгениңіз абзал.

**Кеңсе қызметкеріне жан
мен тән саулығына арналған
кеңес....**



Күніне 5 шақырымдай жаяу жүргуге дағыланыңыз. Келе жатып, миды шаршататында ешнәрсе ойламауға тырысыңыз. Жай ғана айналадағы өмірді бақылаңыз. Эсіресе, жүзінен қуаныштың ізі байқалатын жандарға назар аударыңыз.

(<http://reactor.inform.kz>)

5. Топтық жұмыс. Пікірталас өткізініздер .





2-САБАҚ

ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРИ МЕН ШИПАЖАЙЛАР

1. 308-беттегі сөздермен танысыңыз.

2. Ерекшелігін жазыңыз.



ЕМХАНА



АУРУХАНА



ШИПАЖАЙ

3. Жұптық жұмыс. «Жедел жәрдемге» қоңырау соғып, диалог құрастырыңыз.



НАУҚАС



ТЕЛЕФОН



«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ»
ҚЫЗМЕТКЕРІ



4. Медициналық мекемелер туралы өзініз біletін ақпаратпен бөлісіңіз.



«Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы



Кардиохирургия ұлттық ғылыми орталығы



Онкология және трансплантиология
ұлттық ғылыми орталығы



А.Н. Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми
хирургия орталығы

ЖАЗЫЛЫМ

1. Денсаулық үшін маңызды 10 ережені жазыңыз (220-250 сөз).

1-ЕРЕЖЕ	
2-ЕРЕЖЕ	
3-ЕРЕЖЕ	
4-ЕРЕЖЕ	
5-ЕРЕЖЕ	
6-ЕРЕЖЕ	
7-ЕРЕЖЕ	
8-ЕРЕЖЕ	
9-ЕРЕЖЕ	
10-ЕРЕЖЕ	

2. «Балаларға екпе салу керек пе?» сіздің пікіріңіз қандай? Ойтолғау жазыңыз (220-250 сөз).

5. Сөйлемді толықтырыңыз.

балашағын, кенжелеп, жөндеу, халыққа

1. Қазақстанда емхана мен аурұхананың медқұрылғыларын үшін шеберлер дайындау қажет.
2. Медқұрылғыларға дұрыс қызмет көрсетілмесе, ол істен шығып, осы саланың да қүйретуі мүмкін.
3. Оның соңы дұрыс дәрігерлік қызмет көрсете алмауға әкеп соғады.
4. Қазіргі таңда техникалық қызмет көрсететін медицина қызметкерлерін оқыту тәжірибесі республикада тұр.

(<http://atamekenim.atameken.kz/>)

6. Шипажай қайда орналасқан?

Сарыағаш

- Шығыс Қазақстан
- Оңтүстік Қазақстан
- Батыс Қазақстан

Ақжайық

- Шығыс Қазақстан
- Оңтүстік Қазақстан
- Батыс Қазақстан

Алма-Арасан

- Алматы маңында
- Астана маңында
- Түркістан маңында

Рахман қайнары

- Қарағанды
- Шығыс Қазақстан
- Атырау

Барлық-Арасан

- Шығыс Қазақстан
- Алматы обл.
- Солтүстік Қазақстан

7. Еліміздегі шипажай қызметін бағалап жазыңыз.

8. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.



1. Емдеу, оңалту орталықтарына не жатады?
2. Сіз тұратын елді мекенде қандай медициналық орталықтар бар?
3. Олардың қызмет көрсету сапасына көңіліңіз тола ма?
4. Емдеу орталықтарындағы қызмет сапасын арттыру үшін не істей керек?
5. Емдеу орталықтары заманауи қондырылармен жабдықталған ба?
6. Медициналық қызметтің қай түрін таңдайсыз? Тегін бе әлде ақылы ма?
7. Еліміздегі, шетелдегі қандай шипажайларда болдыңыз? Айырмашылықтары туралы не айтасыз?

9. Жұртшылық Салтанат Байқошқароваға неліктен құрметпен, сүйіспеншілікпен қарайды? Төмендегі дайын құрылымдарды қолданып, жауап беріңіз.



Бедеулікті емдеу.
Денеден тыс ұрықтандыру әдісі.
Бала сүю бақыты.
«ECOMED+» адам ұрпағын өрбіту орталығы.
Елімізде ЭҚҰ-мен дүниеге келгендердің жалпы саны – 15 мың.

10. Сөйлемдегі артық сөзді тауып жазыңыз.

1	Қазір денеден тыс ұрықтандыру әдісі медицина саласында қалыпты жағдай құбылысқа айналды.	жағдай
2	Әлемде жасанды жолмен дүниеге келген сәбілердің саны бүгінде таңда 6 миллионнан асады.	
3	Алғашқы жарылыстар сынақтар әуелі кеміргіштерге жүргізілді.	
4	Зерттеушілер 1975 жылы денеден тыс ұрықтандыру әдісін медицинасын адамға қолданып көрді, алайда алғашқы талпының сәтсіз аяқталды.	
5	1978 жылдың жазында әлемдегі ең алғашқы «құтыдағы сәби» Луиза Браун дүниеге келді жасалды.	
6	Луиза Браун түрмисқа барып шығып, табиги жолмен екі ұл туса, оның сіңлісі (ол да ЭҚҰ әдісімен дүниеге келген) Наталиде де үш бала бар.	



(«Егемен Қазақстан» газеті)

11. «Құтыдағы бақыт» тіркесінің мағынасын өз сөзінізben түсіндіріп беріңіз.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтіндерді оқыңыз.

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАДА ӨРЛЕУ БАР, КЕМШІЛІКТЕРДЕН ДЕ КЕНДЕ ЕМЕС

Қазақта «Қойшы көп болса, қой арам өледі» деген мақал бар. Ал медициналық мекемелерде алдына келген науқасты емдейтін дәрігерден желкесіне отырып алып, жөн сілтеп, бұйрық беретін бастық көп болса, не болмақ? Иә, бұл дерек өтірік емес, шындық.

Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі нұсқауында медицина мекемесіндегі әкімшілік-басқарушылық қызметкерлердің шекті үлесі 15 пайыз деңгейде болуы керек деп «тайға таңба басқандай» жазылса да, кейбір стационарларда олардың саны 30, тіпті одан да жоғары пайызды құрап отыр. Сондай-ақ дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы қажетті бұйымдарды негіzsіз сатып алу арқылы бюджет қарражатын тиімсіз пайдалану да бұл салада тыбылар емес. Ал кейбір өнірлерде онкологиялық стационарларды саланың ісі де мұрнына бармайтын бөгде біреулер басқарып отыrsa, медициналық мекеме басшыларының басым бөлігінің басқарушылық менеджменті тым төмен. Барлық жағдай жасалып отырғандығына қарамастан, медицина ұйымдарының бірінші басшылары менеджментінің әлсіздігінен медицина қызметкерлерін ынталандыру нашар. Сондықтан да халықтың медициналық көмекке қанағаттану деңгейі төмен болып отыр. Емханалар мен аурұханаларды білімді де білікті медбикелермен қамтамасыз етуге тиісті медициналық колледждердің де сапасы сын көтермейді.



(КазАқпарат)



2017 жылдың қорытындысы бойынша былтырғы жылмен салыстырғанда негізгі көрсеткіштер жақсарды. Жалпы өлім-жітім 3,1%-ға, нәрестелердің өлім-жітімі 6,2%-ға, аналардың өлім-жітімі 5,5%-ға, қан айналымы жүйесінен өлім-жітім 1,8%-ға, қатерлі ісіктерден өлім-жітім 5,3%-ға және туберкулезден өлім-жітім 11,8%-ға төмендеді. Қазақстандықтардың жалпы өмір сүру ұзақтығы 72,4 жасты құрады.

Откен жылды аурудың алдын алу бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Орталық және өңірлік деңгейлерде қоғамдық денсаулық қызметі құрылды. З мемлекеттік кәсіпорынды қосу жолымен Ұлттық қоғамдық денсаулық орталығы құрылды. Ұлттық скринингтер бағдарламасы жетілдірілуде. 2017 жылы 11 миллионнан астам скринингтік тексеріс өткізілді. 806 мың адамда сырқат белгісі табылды және олардың 46 пайызы диспансерлі бақылауға алынды. Халықаралық сарапшылардың кеңесі бойынша, скринингтің төрт түрі тиімсіз болғандықтан тоқтатылды. Алайда скринингтен өтетін адамдардың жасы ұлғайтылды және қаралудың жиілігі артты.

Тұрғындардың иммунопрофилактикамен қамтылуы 2017 жылы 97 пайызды құрады.

Салауатты тамақтану дағдыларын енгізу үшін оқушылардың тамақтану рационы бойынша бірыңғай стандарттар әзірленді.

Отбасылық медицинаны қүшайтумен қоса, халық пікіріне сәйкес, педиатриялық қызметті дамыту шешімі қабылданды. Ол үшін алты жасқа дейінгі балаларды қарайтын педиатр участекелері ашылып жатыр.

(«Айқын» газеті)

2. Мәтінде қолданылған кірме сөздерді тауып жазыңыз.

Қазақша баламасын ұсыныңыз.

КІРМЕ АТАУ	ҚАЗАҚША БАЛАМАСЫ

3. Мәтіннен мақал-мәтелді, тұрақты сөз тіркесін тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

--	--

4. Мәтін мазмұнын салыстырыңыз.

1-МӘТИНДЕ НЕ АЙТЫЛҒАН?	2-МӘТИНДЕ НЕ АЙТЫЛҒАН?

5. 1-мәтіндегі пікірмен келісесіз бе?

И^Э

СЕБЕБІ

ЖОҚ

БҰҒАН ҚОСАРЫМ,

МҮМКІН

6. 2-мәтіндегі ақпарат шынайы ма?

И^Э

ӨЙТКЕНІ

ЖОҚ

ТАҒЫ АЙТАРЫМ,

МҮМКІН

7. Өзіңіз қаралатын емдеу мекемесін бағалаңыз.
Бұлай бағалауыңыздың себебін түсіндіріңіз.

✓ АТАУЫ

«1» «2» «3» «4» «5»

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Мақсат мәнді сөйлемдер

288 - бет

2. Сөздерді мақсат мәнді бағыныңың компонент жасайтын амал-тәсілдермен түрлендіріңіз.



Үлгі:

*Емдел – емдел+у үшін, емдел+мек болып,
емдел+ейін деп.*

Салмақ қос –	Ауырма –
Тексер –	Қабылда –
Бар –	Салыстыр –
Тіркел –	Күтін –

3. Сөйлемдегі іс-әрекеттің мақсатын анықтаңыз.

1-КОМПОНЕНТ	2-КОМПОНЕНТ
<i>Емделушілер ағзасы бір дәрі-дәрмекке үйреніп кетпей үшін,</i>	<i>дәрігерлер вирустан қорғанудың басқа да жолдарын қарастырды.</i>
<i>Оның кемік майын ауыстыратын ота сәтті жасалсын деп,</i>	<i>ата-анасы, тұма-туыстары алладан тілек тіледі.</i>
<i>Әлемдегі балалардың асқа жарымауы қарастырылмақ болып,</i>	<i>осы мәселе маусым айындағы мәжілістің күн тәртібіне енгізілді.</i>

4. Сөйлемдегі іс-әрекеттің мақсатын білдіретін сыңарын толықтырып жазыңыз.

	<i>шипажай балаларды әрі емдейді, әрі оқытып тәрбиелейді.</i>
	<i>дәрігер бірнеше талдама жасатуға зертханаға жолдама берді.</i>
	<i>күніне 5-6 рет түймедақ тұнбасымен аузымызды шаямыйз.</i>

5. Сызба бойынша мақсат мәнді сөйлем құраңыз.

Ⓐ + -**Y** үшін

Ⓐ + **- мақ / - мек**
- бақ / - бек **болып**
- пак / - пек

Ⓐ + **бұйрық рай** **деп**

ТЫНДАЛЫМ

1. «Еліміздің шипажайлары» тақырыбын ашатын сөздерді жазыңыз.



2. Мәтінді тындаңыз. Сіз жазған сөздердің қайсысы қолданылғанын анықтаңыз.



№25

3. Мәтінде кездескен таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін тауып, мағынасын контекст арқылы анықтаңыз.

4. Кестені толтырыңыз.

Шипажай атапу	Орналасқан жері	Басты емі	Басқа да ақпарат

5. Мәтін мазмұнына ақпараттың сәйкестігін анықтаңыз.

		Сәйкес	Сәйкес емес
1	Алма-Арасан минералды су көзі Әмір Темір жорықтарының жазбаларында кездеседі.		
2	Барлық-Арасан минералды су көздері Раҳман бұлағы мен Белокуриха шипажайының ыстық бұлақтарымен бірдей.		
3	Раҳман бұлағының емдік қасиеттері туралы мәліметтер баспасөз бетінде 1834 жылы жарияланған.		
4	Еліміздегі шипажайлар оңтүстік өнірде ғана орналасқан.		
5	Минералды сулар емдік сусын үшін пайдаланылуға жарамсыз.		

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БӨКЕЙ ОРДАСЫ АУДАНЫНДА ЖӘҢГІР ХАННЫҢ ӨЗ ҚАРАЖАТАЫ ЕСЕБІНЕН 1839 ЖЫЛЫ ТҰҢҒЫШ ДӘРІХАНА, 1852 ЖЫЛЫ 16 КЕРЕУЕТТІК ЕҢ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ АУРУХАНА АШЫЛДЫ.

АЙТЫЛЫМ

1. «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы туралы пікір айтыңыз.




Төмендегі тілдік бірліктерді қолданыңыз.

Келісуді, құптауды білдіру	Әрине, әлбетте, сөз жоқ, рас, шын, дұрысында, шынында, расында, шындығында.
Қарсылықты, келіспеушілікті білдіру	Бірақ, әйтпесе, керісінше, қайта, әйтсе де, сөйтсе де, өйткенмен, әйткенмен, қалай дегенмен, алаїда, дегенмен, сонда да.
Өкіну, қүзелуді білдіру	Әттің, амал не, амал нешік, өкінішке қарай, амал қанша, не керек, әттеген.
Таңдану, таңырқау, шүкіршілік етуді білдіру	Ойпыр-ай, ең қызығы, бақытымызға қарай, бір ғажабы, шүкір, құдайға шүкір, құдайға тауба, бәрекелді.
Жинақтау, қорытууды білдіру	Тұптеп келгенде, қорыта айтқанда, тұмас, жалпы алғанда, бір сөзбен айтқанда, қысқасы, сайып келгенде, тоқ етерін айтқанда, сонымен

2. Төмендегі ойды дамытып айтыңыз.

Салауатты өмір салты – белсененді іс-әрекет



3. Пікір қосыңыз. Сіз қалай ойлайсыз?

105 жас! Одан да ұзақ өмір сұру мүмкін бе?

Ғалымдар жүргізген зерттеу нәтижелерінен белгілі болғандай, адамдардың орташа өмір сұру ұзақтығы - 105 жас. Бірақ бұл көрсеткішке адамзат жақындаған қалды ма? Бұл - ең ұзақ өмір сүрген франциялық әйел Жанна Калмент суреті. Ол 1997 жылы 122 жасында қайтыс болған.



Жанна Калмент, ресми мәліметтер бойынша, ең қарт адам болып саналған еді. Бүгінгі таңда өмір сұру жасы артып жатқанымен, бұл рекордқа әлі күнге ешкім жете алмады. Соңдықтан да болар, бұл жастан артық өмір сұру мүмкін емес деген қатып қалған қағида да пайдада. Бірақ соңғы жүргізілген зерттеу нәтижелері бұл ойды жоққа шығарып, пікірталасты арттыра түсті.

(<https://baq.kz/>)

ЖАЗЫЛЫМ

1. Емхана (*аурухана, оқалту орталығы*) қызметіне қатысты алғыс және шағым жазыңыз.

Күрметті _____

шексіз ризашылығымды білдіремін.

Игі ниетпен _____ / _____

Күрметті _____

реттеледі деген сенімдемін.

Шағымданушы: _____ / _____

ГРАММАТИКАЛЫҚ АҢЫҚТАҒЫШ



Қарсылықты мәнді сөйлемдер

Қарсылықты бағыныңқылы сабактас құрмалас сөйлем құрамындағы бағыныңқы, басыңқы компоненттер бір-біріне қарама-қарсы мәнде жұмсалады.

Қарсылықты
мәннің берілу жолдары

Бағыныңқы компонент ← → Басыңқы компонент
қарама-қарсы

*Қайтсе де? Қайткенмен?
Не еткені болмаса? Қайткенше?*

1. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл деген заңмен бекітілген ресми-құқықтық дәрежесін күшіне енгізу үшін қаулы-қараптар мезгіл-мезгіл жарияланып жатқанмен, тіл үшін күрестің толастамайтын түрі бар.

Тілімізде отбасы сөзінің болғанына қара~~мастан~~, XX ғасырдың аяғында жанұя сөзі қолданысқа ене бастады.

Ⓐ + - *ған / - ген* + - *мен*
 - *қан / - кен*

Ⓐ + - *мас / - мес* - *тан,*
 - *нас / - nec* - *тен*

2. Армян әйелдерінің ым тілі – нашнауар секілді арнайы жүйесі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазакта да жоқ емес.

ң + -ca / -ce + -da
-de

антонимдер, болымды, болымсыз етістіктер

3. Естір құлаққа жат, жағымсыз сөздері бола тұра (тұрып), Самат оның сөзін бөлген жоқ.

ң + -a / -e / -й; -ын / -ин / -н

4. Шет сөздермен тілінді шұбарлағанша, саған таза сөйлеуді үйретейін.

ң + -қан / -кен + -ша
-ған / -ғен -ше

Заманымыздың үлгі тұтар тұлғалары

Шетелдегі отандас тұлғасы

Мезгіл мәнді сөйлемдер

Мезгіл бағыныңқылы сабактас құрмалас сөйлемде бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің болу мезгілін білдіріп тұрады.

Бағыныңқы компонентінің тиянақсыз баяндауышының жасалу жолдары:

1. Арман осы әңгімені қозғағанда, отырғандар іштерінен тынып, үндемей қалысты.

Асан үйге қайтарда, досы Мақсат арнайы ізден келді.

	+ - қан / - кен	+ - да
	+ - ган / - ген	- де
	- ар / - ер / - р	

2. Зейнеп ойланып жауап бергенше, өзім жылдам тауып ұлгердім.

	+ - қан / - кен	+ - ша
	+ - ган / - ген	- ше

3. Күн ұясына батқан кезде, ауыл маңына он шақты салт атты келіп жетті.
Оқу жылы аяқталар кезде, мектептің бұрынғы түлектері бізбен кездесу өткізді.

(+	- қан / - кен	кезде, күнде
		+ - ған / - ғен	шақта, мезгілде
		- ар / - ер / - р	уақытта, сәтте

4. Сен үйіңе барғанға дейін, мен төте жолмен бірінші жетіп қоямын.

(+	- қан / - кен	дейін
	+	- ған / - ғен	шейін

5. Жаңбыр жауып өткеннен кейін, жер түлеп сала берді.
Ел үйқыға жатардан бұрын, бала жыршының жырларын тыңдаушы еді.

(+	- қан / - кен	-нан / - нең	кейін
	+	- ған / - ғен	- дан / - дең	соң
		- ар / - ер / - р		бері

6. Мен қарап тұрса́м, әкем кіріп келе жатыр екен.



+ - *са / - се*

+

*тәуелдік
жалғау*

7. Ағасы әскерден келгелі, Марат ағасы әкеліп берген бас киімді басынан тастаған емес.



+

*- қалы / - келі; - ғалы / - гелі
- ын / - ин / - н*

8. Қоңырау соғыла салысымен, балалар далаға жүгіріп шықты.



+

*- ысы
- ici*

+

мен

III БӨЛІМ

1 -САБАҚ

ТАРИХ

Тарих толқынында

Айқындауышты сөйлемдер

Айқындауыш – қазіргі қазақтың әдеби тілінде жиі қолданылатын, анықтаудың ерекше бір түрі.

Айқындауштардың құрылышына қарай түрлері

Қосалқы айқындауыштар	Қосарлы айқындауыштар	Оңашаланған айқындауыштар
Майқы би, Арыстан бап, Шопан ата, Оспан ку, Сәлім жетпегір т.б.	Батыр-ұшқыш, батыр-ана т.б.	Өзім ұшырған қыраныма, Нұрланыма, жұрт жапқан жалаға мен де сеніп жүр деп қалып па едің?

IV БӨЛІМ

1 -САБАҚ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Мемлекет

Қыстырма сөйлемдер

Қыстырма құрылымдар сөйлемде берілген ойға сөйлеушінің қатынасын үстейді.

1) Кісінің көңіл-күйін, сезімін білдіру: бақытымызға қарай, біздің бағымызға, өкінішке қарай, обалы не керек, бір ғажабы т.б.

Бақытымызға қарай, дені сау, толыққанды бақуатты отбасы – қоғамымыз берілгенде мемлекеттің берік тірегі.

2) Айтылған ойға сенуді, жорамалдауды білдіру: әрине, шынында, шынын айтуды керек, рас, сөз жоқ, сірә, мүмкін, кім біледі т.б.

Әрине, отбасында адамдардың өмірге көзқарастары қалыптасады.

3) Ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіру: қысқасы, демек, дегенмен, айтпақшы, қорыта келгенде т.б.

Қысқасы, «Отбасы – шағын мемлекет» деген сөз бекер айтылмаған.

4) Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі түрғысынан қарауды білдіру: сіздіңше, біздіңше, (біреудің) сөзіне / пікіріне қарағанда т.б.

Көпшіліктің пікіріне қарағанда, еліміздің экономикалық әлеуеті әрбір отбасының бақуаттылығынан бастау алады.


5) Айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіру: сөйтіп, не дегенмен, сонымен, біріншіден, екіншіден, бір жағынан т.б.

Не дегенмен, жетімін жұбатып, қиналғанда қол ұшын беріп, сүрінгенді демеген халықтық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз керек.

Салыстырмалы мәнді сөйлемдер

Сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер бір-бірімен салыстырыла, салғастырыла айтылады.

**Салыстырмалы
мағынаның берілу жолдары**



1) Мектептерде бұрын КСРО тарихы оқытылып келсе, енді қазақ халқының өз тарихы терең талданып оқытылатын болды.

Сайлауда әрбір депутатқа қанша дауыс берілсе, халықтан сонша сенім артылады.

қандай, қанша, қалай

Қ + -са, -се

сондай, сонша, солай

2) БҮҰ Оңтүстік Африкаға қатысты мәселелерді ой елегінен өткізгендей, біз өз еліміздің төл мәселелеріне де жаһандық тұрғыдан қарауға туіспіз.

Қ + -қан / -кен + -дай
-ған / -ген + -дей

3) Халықаралық терроризм мен трансұлттық қылмыс жаһандану үдерісінің ең қауіпті сипаттары болғанда, Азиядағы қауіпсіздіктің бүгінгі заманға сай дамуын қалыптастыру ерекше маңызды иеленбек.



+ - қан / - кен / - ған / - ген + - дай / - дей

болса, сияқты болса

өзара салыстырыла жұмсалған сөздер

4) Бірлігі бар ел күшійе түссе, бірлігі жок халық әлсірей береді.

қарама-қайши магыналы сөздер



+ - са / - се // одан да

Қимыл-сын мәнді сөйлемдер

Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі істің, амалдың қалай болғандығын білдіретін сабақтастың түрін қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дейміз.

Бағыныңқы компонентінің тиянақсыз баяндауышының жасалу жолдары:

 - ып / - ин / - н
 + - а / - е / - ѫ
 - дай / - дей

Мысалы:

Тұла бойы дірілде~~п~~, басына ыстық қаны бірақ шапшыды.
Басындағы орамалы желмен желбіреп~~п~~, Айман жаныма келіп отыра қалды.
Далада жылы жел сезіліп~~п~~, күн жыли бастады.
Сұп-сүйкә жел ұйытқи соға, айнала қап-қара түнекке оранды.
Біреу төбесінен мұздай су құйып жіберген~~д~~ей, есін жинап ала қойды.

Шарт мәнді сөйлемдер

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы бағыныңқы компонент басыңқыдағы ойдың шартын білдіреді.

Шарттылықтың
берілу жолдары

Бағыныңқы компонент

Басыңқы компонент

шарты

Не етсе? Қайтсе? Қайтпейінше? Қайткенде? Не етпей?

1) Талмай еңбек етпесен, мол табысқа кенелмейсің.



+ -са / -се

-м, -ң, -ңыз, -ңіз,
-к, -қ, -ңдар, -ңдер,
-ңыздар, -ңіздер,
-ңіздер

2) Егін жинау жұмыстарына дер кезінде қаржы бөлінгенде, мұндаі шығын болмас еді.



+ -қан / -кен / -ған / -ген + -да / -де

3) Жан қиналмай (қиналмайынша), жұмыс бітпес.



- май / - мей / - пай / - пей
+ - майынша / - мейінше
- пайынша / - пейінше


Көсемше оралымды сөйлемдер

Көсемше оралым негізгі сөйлемде хабарланған оқиға-әрекеттің әр түрлі амалдық сипатын білдіре қолданылады.

Жасалу жолы	Мағынасы	Мысалы
-n	Амал	Оқушының қолынан қаламын тартып алып, есікке қарай лақтырып жіберді.
	Себеп	Бір жолы қарны ашқан шығар деп аяп, осы балаларға тاماқ сатып әперген еді.
	Мезгіл	Күні бойы бір кабинетте бірге отырып, кешке қарай үйге де бірге қайттық.
«деп» көмекші емістігі	Амал	Қай жерімнен мін тағады деп, Жанар үй тапсырмасын қайталай берді.
-a / -e	Амал	Асан бастығына іштей наразы бола жүре, оларға тез көнді.
	Мезгіл	Ауылдан күн шығысқа қарай шыға, жайылып жүрген жылқыларды көрдік.
-ма/-ме	Шарт	Уақытты босқа жібермей, артынан еріп келе жатырмыз.
-ба/-бе + -й		
-па/-пе		
-ғалы	Мезгіл	Қызметке түрғалы, қолынан кітабын тастаған емес.
-ғанша	Мезгіл	Қасқыр жемтігін алып болғанша, өзінді әуреге салып болады.

Себеп мәнді сөйлемдер

Сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер бір-бірімен себеп-салдарлық қатынаста айтылады. Бағыныңқы компонент басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің болу-болмауының себебін білдіріп, басыңқы компоненті сол себептен туған нәтижені, салдарды білдіреді.



Неліктен? Не себепті? Не дең?

1. Қазақстан жерінің 86,5 пайызы геологиялық жағынан зерттелген соң, елімізде неше алуан минерал кендері табылды.

Ⓐ + - қан / - кен / - ған / - ген + соң

2. Қазақстанның оңтүстік бөлігін шөл зонасы алып жатқандықтан, жусанның бірнеше түрі, қияқ, бидайық, ебелек секілді өсімдіктер мен аласа бұталар өседі.

Ⓐ + - қан / - кен / - ған / - ген + - дықтан / - діктен

3. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысы мен шаруалар тәжірибесі тығыз **байланысты болып**, тұмса жатқан байлықтардың талайы халық игілігіне қызмет етуге қосылды.

Λ + - ып / - ин / - н

XI БӨЛІМ 2-САБАҚ

ТУРИЗМ

Еліміздің көрікті жерлері

Есімше оралымды сөйлемдер

Есімшелі оралым – сөйлемдегі негізгі оқиға желісінің мазмұнын әртүрлі жақтан айқындаі толықтыра жұмсалатын құрделенген сөйлемнің тәуелді бөлшегі. Есімше оралымның ең көп кездесетіні – мезгіл мәніндегілер.

Есімшелі оралымның байланысу тәсілдері

Септік жалғаулары

мезгіл, шарт мәнінде

-ған+да,
-ған+мен (де)

Көмекші (шылау) сөздер

мезгіл, себеп мәнінде

-ған соң,
-ғаннан кейін,
-ғаннан бері

2015 жылмен салыстырылғанда
2016 жылы елімізге келген туристтердің саны 6%-та артқан.

Қаншама уақыттан бері
айтылғанмен де туристік
инфрақұрылым қалыптаспады.

Қазақстан туризмін әлемдік
деңгейге көтерген соң (көтергеннен
кейін) танымал бола түсеміз.

Туризм туралы бағдарлама
қабылданғаннан бері аймақты
гүлдендіруге болатын еді.

Мақсат мәнді сөйлемдер

Мақсат бағыныңқылы сабактас құрмалас сөйлем құрамындағы бағыныңқы компонент басыңқыдағы ойдың мақсатын білдіреді.

Мақсат мәннің
берілу жолдары

Бағыныңқы компонент

мақсат

Басыңқы компонент

Не мақсатпен? Не үшін? Не етпек болып?

1. Ауыр науқасқа жедел көмек көрсетіл **мек болып**, қанына тез арада талдама жасалды.

- *мак / - мек*



+ - *бак / - бек*

болып

- *пақ / - пек*

2. Бірнеше жыл бойы аяғы сал болып қалған адамдарға ота **жасамау үшін**, профессор Виктор Эджертон оларға 18 апта бойы бір аптада 45 минуттан үздіксіз жаттығулар жасатты.

М + - *y* *үшін*

3. Емделушілер аяқтарын тезірек қозғалта баста~~сын~~деп, олардың құйымшағы мен беліне ерекше электрлік сигнал беретін электродтар орналастырылды.

⌚ + *бұйрық* *рай* *dep*

СӨЗДІК ҚОР

изобретение

ЦИТАТА

ТАНЫМАЛ

УВАЖЕНИЕ

ИЗВЕСТИЙ

ДӘЙЕКСӘЗ

МӘЛІМЕТ

ТҮЛГА

ҚАУЫМ

фразеологизм

ІСКЕРЛІК

ФАЖАЙЫП

ОБЩЕСТВО

I бөлім, бірінші сабақ Сөйлеу мәдениеті

тіл байлығы – словарное богатство

орак ауыз, от тілді – остер на язык,
в рот палец не клади

сөзі мірдің оғындаі – попадающий
не в бровь, а в глаз, с острым языком

көбік ауыз – болтун, краснобай

құлақ сарсыту – надоедать
разговорами, терзать слух

малтасын езу – бессмысленно
повторять

шешіліп сөйлеу – говорить по
душам, говорить то, что наболело
на душе

ділмар – красноречивый, речистый

суырып салма – импровизатор

әсерлі – воздействующий,
впечатляющий, трогательный

бейнелі – образный

мінбер – трибуна

мұдірмей айту – свободно
говорить

ыңғайластыру – приспосабливать

сәйкестендіру – приводить в
соответствие, подгонять

тоғыстыру – сфокусировать

мұлтіксіз – без заминки,
безукоризненно, беспрекословно

сылтау – предлог, отговорка

дәйексөз – цитата

ат шаптырым жер – несколько
верст

жалағыу – скучать, утомляться

дәлдік – конкретность, точность

шұбар – пестрый

індег – недуг, болезнь, эпидемия

I бөлім, екінші сабақ Тілсіз қарым-қатынас

тілсіз (тілдік емес) қарым-қатынас
– невербальное общение

ым-ишарап – жест, мимика

бармағын тістеу – каяться, кусать
локти, сожалеть

екі көзі шарасынан шығу – сильно
перепугаться

қос қолдап – двумя руками

тәс түйістіру – соприкосаться
грудью

тізерлей отыру – стать на колени

беташар – песня, сопровождающая
обряд снятия покрывала с лица
невесты

менсінбеу – не признавать, не считать ровней себе
еңкею – наклоняться, наклоняться
қол бұлғау – махать рукой
бас изеу – кивать головой в знак согласия, поддержки или в знак приветствия
жұдырық – кулак

екі бүйірін таяну – подбочениться
екі аяқты, жұмыр басты пенде – человек, обыкновенное существо

құлшыну – гореть желанием
жігермен кірісу – прикладывать все силы, прикладывать всю энергию, приступать энергично
күрес – борьба
ызалану – быть разгневанным, быть разозленным
бетке түкіру – обливать грязью, оскорблять, презирать (*досл. плевать в лицо*)
ұшы-қыры жоқ – бескрайний, необъятный, конца и краю нет
қолды-аяққа тұрмау – быть подвижным, быть проворным, отличаться живостью

II бөлім, бірінші сабак

Тарихи тұлғалар. Заманымыздың үлгі тұтар тұлғалары

қарым-қатынас құралы – средство общения
үлгі тұту – брать пример, идеализировать
асыға күту – ждать с нетерпением
маңызды зерттеулер – важные исследования
ғарыш айлағы – космодром
сұрақтың астына алу – забрасывать вопросами

тұла бойы тітіркеніп кету – содрогнуться всем телом
үміттену – надеяться, питать надежду, иметь надежду
әлемнің жеті кереметі – семь чудес мира
ғажайып – дивный, прекрасный, сказочный, удивительный, чудесный
арлан – самец (волка)
кәсіпқой – любитель заниматься определенным ремеслом, любитель заниматься определенным промыслом, приверженец определенного занятия

сұмдық – разг. ужасный, очень сильный, очень большой	соққы – удар
әуелету – возвышать, поднимать	жәннат – рел. рай
жүректерді жақындату – ән шырқау – петь песню (<i>высоким голосом, громко</i>)	желбірету – разевать, колыхать әсер ету – влиять
көмей – гортань	тілдік тұлға – языковая личность

II бөлім, екінші сабак

Қазақ тілін меңгерген өзге ұлт өкілдері.

Шетелдегі отандас тұлғасы

басқа ұлт өкілдері – представители других национальностей	кедейшілік – бедность, нужда
ұлттық тағам – национальное блюдо	әлі күнге дейін – до сих пор
домбыраның құлағында ойнау – виртуозно играть на домбре	іскерлік – деловой
танимал – известный	жалғасын табу – продолжаться
жетік меңгеру – освоить хорошо	жоғары бағалау – ценить высоко
ұлттық аспап – национальный инструмент	тап-түйнақтай – аккуратно, с иголочки
мүмкіндік – возможность, шанс	сұлулық – красота
тұжырым – вывод, заключение	ақсүйек – аристократ
дертке шалдығу – заболеть	еліктеу – подражать
мінсіз – безупречно, безукризненно	көркемдік жетекшісі – художественный руководитель
игі бастама – хорошая инициатива	жалақы – жалованье, заработка плата

III бөлім, бірінші сабақ Тарих толқынында

тұсім – прибыль, доход, выручка, поступление (<i>денег</i>)	руханият – духовность
халықтың тарихи жады – историческая память народа	білік құру – властвовать
оқиға – событие, произошение	қоныстану – располагаться на житье, размещаться
мәлімет – данные, сведения, сводка	жәдігер – памятник, реликвия
дереккөз – источник	кесел – перен. препятствие, помеха
ұқімет – правительство	ұлттық сана – национальное самосознание
саяси құғын-сүргін құрбандары – жертвы политических репрессий	мәңгілік ел – вечная страна
еске алу – вспоминаться, прийти на память	құқық – право
көтеріліс – восстание	ығыстырып шығару – вытеснять, отодвигать, оттеснять, оттирать
жеті жарғы – свод обычного права казахов (<i>составленный во время правления тауке хана в XVII в.</i>)	сопы – суфий (<i>аскет-мистик</i>)
басқыншылық – захватничество, интервенция, оккупация	

III бөлім, екінші сабақ Жер-судың аты – тарихтың хаты

сопылық – суфизм (<i>мистико-аскетическое направление в исламе</i>)	жоңғар шапқыншылығы – джунгарское нашествие
аты аңыз болу – стать легендарным	шайқасу – сражаться
кейбір деректер бойынша – по некоторым сведениям	тарихи кезең – исторический период

қала-серік – город-спутник	болжам – версия, гипотеза, предположение
ұйытқы болу – перен. давать толчок, организующее начало	арманшыл – склонный мечтать (<i>о заветном</i>), романтик
қорық-мұражай – музей-заповедник	уайым-қайғы – печаль, скорбь, грусть, уныние
гүлдену – процветание	жіңі-жіңі – очень часто, неоднократно
мінәжат – молитва-обращение	мәңгі үйқыға кету – быть объятым вечным сном
әкімшілік билік – административная власть	тасқа айналу – превртиться в камень, окаменеть
кесене – надмогильное сооружение, надгробие с куполом	жалғыз күресу – бороться в одиночку
бұзу – ломать, портить, разрушать	шежіреші – летописец

IV бөлім, бірінші сабак Мемлекет

ынтымақтастық – дружба, единение, согласованность, солидарность, сплоченность	ширек ғасыр – четверть века
ауызбіршілік – единство, единство мнений, согласие в дружбе	игілікті іс – полезное дело
нәтижелі көрсеткіш – результативный показатель	әрмен қарай – еще дальше
қырғынға ұшырау – подвергнуться истреблению	шағын мемлекет – малое государство
бейбіт халық – мирный народ	іргетас – основание, фундамент
сыртқы бұліктер – внешние беспорядки	берік тірек – надежная опора
іріткі салу – вносить разлад, вносить смуту, разлагать, расстраивать, сеять раздор	Отан отбасынан басталады – Родина с семьи начинается

азып-тозу – опуститься,
разоряться, обнищать, беднеть
тұрақтылық – устойчивость,
стабильность, равномерность,
постоянство

бірлік бар жерде – тірлік бар – там,
где единство, там и процветание

басты құндылықтар – главные
ценности

арқау – костяк, опора

қадір тұту – оказывать уважение

қол ұшын беру – подавать
кончики рук, помогать,
подавать руку помощи
діни сана – религиозное
сознание

IV бөлім, екінші сабак Цифрлық қоғам

бәсекелестік – конкуренция,
соперничество

сапасын арттыру – увеличивать
качество

үлттық мұдде – национальные
интересы

наразылық тудыру – вызывать
недовольство

зиянды – вредный, вредоносный

саяси билік – политическая власть
рухани сұраныс – духовный спрос
ғаламдық желі – глобальная сеть

ықтимал қауіп – вероятная
опасность

ортага бейімделу –
приспосабливаться к среде
сезімсіз – бесчувственный,
нечувствительный

қолма-қол – тотчас, тут же, сразу,
немедленно

әсер ету – влиять

денсаулық сақтау жүйесі –
система здравоохранения
алдын-ала – заранее

табалдырығын тоздыру –
отбивать пороги

жер сілкінісі – землетресение

тұтынушы – потребитель

жүзеге асыру – осуществлять,
претворять в жизнь

ақпараттық кеңістік –
информационное пространство

дербес деректер – персональные
данные

баяндама мәтіні – текст доклада

V бөлім, бірінші сабақ Жаһандану

жаһандану – глобализация	табыстың кілті – ключ к успеху
жапа-тармағай – все сразу, скопом, со всех сторон, во все стороны	бәзбіреулер – некоторые
ұрдіс – тенденция	мүмкіндіктерді тиімді пайдалану – оптимальное использование возможностей
ақпараттық тұтастық – информационное единство	озық жетістіктер – передовые достижения
өршіту – раздувать, увеличивать	қабылдай білу – умение принимать
сана-сезім – сознание	түбегейлі қайта қарau – пересмотреть основательно
сананың ашықтығы – открытость сознания	сыртқы ықпалдар – внешние влияния
таңсық – редкостный, диковинный, удивительный, любопытный	болашаққа бағдар – курс на будущее
қаңсық – тухлый, дурной	сын-қатер – угроза
іргеде – возле, рядом	тәзімділік – терпеливость, стойкость, выносливость, терпение
озық жетістіктер – передовые достижения	кең пейілді – добродушный

V бөлім, екінші сабақ Рухани жаңғыру

рухани жаңғыру – духовное возрождение	ақпараттық қолдау – информационная поддержка
отансүйгіштік сезім – патриотическое чувство	киелі – святой, священный, имеющий духа (<i>покровителя</i>)
негізін қалау – заложить основу	ұлттық бірегейлік – национальная идентичность мұра

зерттеулер жүргізу – вести
исследование

тұйықталу – замыкаться

өлкетанушылық жұмыстар –
краеведческие работы

шектелмеу – не ограничиваться

қауым – общество, среда

әлеуметтік бастамалар –
социальные инициативы

мәдени мұра – культурное
наследие

өркениет белгісі – признаки
цивилизации

шілікті патша қорғандары –
шиликтинские царские долины

толықтай көшу – полный переход

қолдау табу – получить
поддержку

әулет – династия

VI бөлім, бірінші сабак Ішкі саясат

саяси көшбасшылық –
политическое лидерство

қоғамдық бірлестік – общественное
объединение

демографиялық дүмпу –
демографический взрыв

азаматтық қоғам – гражданское
общество

адам құқықтары – права человека

әлеуметтік – саяси ахуал –
социально – политическая
ситуация

көпүлтты – многонациональная

тетік – механизм

Қазақстан халық Ассамблеясы –
Ассамблея народов Казахстана

тұрақтылық – стабильность

жасампаздық – созидание

сайлауалды бағдарлама –
предвыборная программа

жетекші саяси қүш – ведущая
политическая сила

басым дауыспен – большинством
голосов

сындарлы оппозиция –
конструктивная оппозиция

Ұлттық экономикалық палата
– Национальная экономическая
палата

ішкі саясат – внутренняя
политика

қоғамдық қозғалыс –
общественное движение

халықтық тұғырнама – народная платформа	құрылтай съезі – учредительный съезд
әлеуметтік бастама – социальная инициатива	қамтамасыз ету – обеспечивать
дәлелдеме – доказательства	алқабилер соты – суд присяжных

VI бөлім, екінші сабак

Сыртқы саясат

сыртқы саясат – внешняя политика	көп бағыттылық, көпвекторлық – многовекторный
мемлекеттер достастығы – содружество государств	ара ағайындық – выступать посредником
қауіпсіздік – безопасность	бітімгершілік – миротворчество
сынақ – испытание	қантөгіс – кровопролитие
шектесесу – граничить	ұйытқы – основа, ядро
Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) – Организация Объединенных Наций (ООН)	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) – Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ)
бедел – авторитет	азамат соғысы – гражданская война
ядролық қарусыз – безъядерное оружие	алдын алу – предотвращать
қуат, күш – мощь, сила	діңгек – опора
стратегиялық шабуыл	болжау, межелеу, долбарлау – предвидеть, предполагать, прогнозировать
қарулары – стратегическое наступательное оружие	кәміл сену – полностью доверять, верить
ядролық сынақ – ядерное испытание	саңлақ – избранный, лучший, отборный
Еуропалық Одақ (ЕО) – Европейский Союз (ЕС)	Бас хатшы – Главный секретарь
өкіл – представитель	Қауіпсіздік Кеңесі – Совет Безопасности
әлемдік қауымдастық – мировое сообщество	елші – посол
мүшелік – членство	



VII бөлім, бірінші сабақ Қазақстан экономикасы

ізгі ниет – благое намерение	кеніш – рудник
сарапшылардың бағалауынша – по оценкам экспертов	мұнай нарығы – нефтяной рынок
мүмкіндікке ие болу – иметь возможности	жылдық табыс – годовой доход
кен орындарын игеру – осваивать рудные месторождения	сыйып кету – вмещаться, помещаться, умещаться
қайраң – шельф, твердый песчаный грунт (<i>на дне</i> , берегах реки, озера, моря)	жан басына шаққанда – считать на душу (<i>населения</i>)
дәлелденген қор – доказанные запасы	құрау – составлять
арттыру – увеличивать, повышать, усиливать	құрлық – материк, континент
алғашқы ондық – первая десятка	теңсіздік деңгейі – уровень неравенства
самарқау өсу – вялый рост	нақты шешімдер ұсыну – выдвигать конкретные решения
кейінге қалдыру – отложить	септігін тигізу – оказывать содействие / помочь
салдар – следствие, последствие	қаржы ұйымдары – финансовые организации
бәсекеге қабілеттілік – конкурентоспособность	ден қою – обратить внимание, убедиться

VII бөлім, екінші сабақ Әлемдік экономика

жылдан-жылға – из года в год	кенжелеп қалу – опаздывать, запаздывать
сауаттандыру – обучение грамоте	өзгеріп сала беру – изменяться мгновенно
жалпы ішкі өнім – валовой внутренний продукт	шығындау – издержать, тратить

тегін қызмет – бесплатная служба	елдің пайдасына жұмсау – использовать во благо страны
сыртқы нарық – внешний рынок	жылышай – парник, теплица
өндіріс орны – место производства	халықаралық кеңесші – международный советник
кедейлік деңгейі – уровень бедности	қыстың күнгірт күндері – серые дни зимы
қоршаған ортаны қорғау – охрана окружающей среды	айтарлықтай – существенно
күрес жүргізу – вести борьбу	сабақ алу – брать уроки, учиться
дәүлетті – богатый, состоятельный	кенжелеп қалу – опаздывать с развитием, отставать
жасанды жарық – искусственное освещение	елу жылда ел жаңа – за полвека обновляется поколение

VIII бөлім, бірінші сабак Өнеркәсіп

шикізат – сырье	мырыш – цинк
өңдеуші – перерабатывающий	отын – топливо
кенді – рудный	болат – сталь
пайдалы қазбалар – полезные ископаемые	құбыр – труба, трубопровод
бұрандакескіш – резьбонарезной	теледидар қабылдағыштар – телевизионные приемники
көлем – объем	легірленбекен – сплав
шикі мұнай – сырая нефть	оқшауланған сымдар – изолированный провод
темір шекемтастары – железные гранулы	аунақшалы мойынтірек – подшипники качения
темір қойыртпасы – концентрат железа	тазартылған – очищенный
тыңайтқыш – удобрение	женіл өнеркәсіп – легкая промышленность

мыс кені – медная руда

бағдарламалық
қамсыздандыру – программное
обеспечение

VIII бөлім, екінші сабақ Шаруашылық

шаруа қожалығы – крестьянское
хозяйство

азық-түлік тапшылығы – нехватка
(дефицит) продуктов

ауылшаруашылығы – сельское
хозяйство

аштық – голод

жібек құрты –
шелкопряд (*гусеница*)

күнкөрісі төмен – низкий уровень
жизни

дәнді дақыл – зерновая культура
дәстүрлі атақесіп – традиционное
семейное ремесло

кіріс – прибыль, доход

түйекұс – страус

женілдік – льгота

ірі қара мал – крупный рогатый скот
төрт түлік – домашние
животные (*лошади, коровы,
верблюды, овцы*)

зәрулік – крайняя необходимость,
надобность, нужда

тұмар – талисман, амулет

белен алу – разгораться, усиливаться
кенжелеп келе жатқан сала –
отстающая отрасль, отстающая
область

қоспасыз – без примеси, без добавок
жасанды – искусственный,
подделный

қапер – внимание, память, сознание

бөдене – перепел, перепелка

бап – уход

IX бөлім, бірінші сабақ Мектеп – кеме, білім – теңіз

нәресте – ребенок, дитя,
младенец

баласымен мақтану – хвастаться
своим ребенком

білім беру жүйесін жақсарту
– улучшение системы
образования

мүмкіндік – возможность

ұсыныстар айту – внести предложения	мойындау – признавать, осознавать
мектеп – кеме, білім – теңіз – школа – корабль, знание – море	маңызды қадам – важный шаг
тарыдай – как просо, как зернышко проса (<i>маленький</i>)	жоғары деңгейде – на высоком уровне
жетелеу – вести	жарыстарға қатысу – принимать участие в соревнованиях
ұмытылmas сәттер – незабываемые мгновения	атақты адамдармен кездесу – встреча со знаменитыми людьми
ұздік – лучший	тегін оқыту – обучать бесплатно
сарапау – анализировать, разбираться	үдеріс – процесс
араласатын орта – среда общения	өз еркінен тыс – помимо своей воли
менгеру – осваивать	көзінше айтуды – говорить в его присутствии

IX бөлім, екінші сабак **Білімнің салтанат құруы**

көзі ашық, көкірегі ояу – грамотный	іс тындыру – доводить дело до конца
қолға алу – брать в руки	шәкіртақы – стипендия
алдыңғы қатарлы – передовой	әлдеқайда – намного
салтанат құру – торжествовать	балама энергия көздері – альтернативные источники энергии
қанында бар қасиет – природное свойство	жолы болу – повезти
бұлтартпас себеп – неизбежная причина	ұтып алу – выигрывать
табысқа жетелеу – вести к успехам	аттану – отправляться в путь

аяқ басу – ступать, делать шаг	ұлттық бірыңғай тестілеу – единое национальное тестирование
мандайалды – передовой, самый лучший	білім деңгейі – уровень знания
зияткерлік – интеллектуальный	үштілді білім – трехъязычное образование

X бөлім, бірінші сабақ

Әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтар

өнертабыс – изобретение	ғарыш – космос
өнертапқыш – изобретатель	Жердің шығуы – Восход Земли
ғалым – ученый	аш – жалаңаш – голодный, нищий (признак крайней бедности)
ғылым – наука	
айғақ, дәлел – довод, доказательство, свидетельство	алаңдау – беспокоиться, тревожиться
радиобайланыс – радиосвязь	үміт – надежда
жылдамдық – скорость	үлес қосу – вносить вклад
ағза – организм	жанарын (көзін) тігу – смотреть
зертхана – лаборатория	әлеуетті – потенциальный
тартылыс – тяготение	кеңістік – пространство
ота – операция	мұқтаж – нуждающийся
теңдік – уравнение	шағылышу – отражение

X бөлім, екінші сабақ

Қазақ елінің ғылымы

қысқарған атау – аббревиатура	бас ғылыми қызметкер – главный научный сотрудник
белдеу – пояс, зона	тыңайтқыш – удобрение
бойлық – долгота	тәлімдік – воспитательный
тартылыс – тяготение	тәнті ету – удивлять, очаровать

бұғаз – пролив	жантану – психология
үйкеліс – трение	дүлдүл – мастер своего дела, оратор
без – железа	бой ұру – поддаться
сілекей – слюна	некен-саяқ – редко, изредка
ендік – широта	қылышынан қан тамған – беспощадный, кровожадный
тұбек – полуостров	серпіліс – прорыв
мүйіс – мыс	төл тіліміз – родной язык
денеден тыс ұрықтандыру (ДТҰ) – оплодотворение вне тела (ЭКО)	тұсау салу – препятствовать, мешать
қатерлі ісік – злокачественные опухоли	кемеңгерлік – мудрость, гениальность
өзектілік – актуальность	қуғын-сүргін – репрессия
дабыл – сигнал (тревоги)	тылсым – таинство, чудо

Көз майын тауысу= «всесцело посвятить себя науке», «работать без устали» (об умственном труде)

*Фразеологизм (досл. «исчерпать глазной жир») передает понятие длительного и тяжкого умственного труда, связанного с учебой, освоением и получением научных знаний, когда приходиться долго корпеть над бумагами, на что, естественно, надо тратить немало зрения.

(Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений)

ХІ бөлім, бірінші сабак Әлемдік туризм және Қазақстан

Дүниежүзілік туризм үйымы – Всемирная туристская организация	Құтқарушы Иса мұсіні – образ Спасителя Иисуса
тылсым құбылыс – таинственное явление	мүйіз – рога
тәуекел – риск	Әлемдік мұра нысандары – Всемирное наследие
ғажайып – удивительный	шұрайлы – плодородный

оқшаулау – изолированная
шұбыру – тащиться гуськом,
двигаться цепочкой, двигаться друг
за другом

жиһанкез – путешественник,
странник

жөңкілу – беспорядочно двигаться

шалғай – далеко

ағылу – двигаться потоком

басқыш – ступень, ступенька

қорық – заповедник

құшақ жая қарсы алу –
встречать с распростертыми
объятьями

самал жел – приятный ветерок

саф таза ауа – чистый воздух

тендесі жоқ – не имеющий себе
равных

адам аяғы баспаған – где еще не
ступала нога человека

көп сатылы – многоступенчатый

XI бөлім, екінші сабақ Еліміздің көрікті жерлері

Каспий маңы ойпаты –
Каспийская низменность

Қапшағай су қоймасы –
Капшагайское водохранилище

Чанъань -Тянь-Шань дәлізі –
Коридор Чанъань-Тянь-Шаня

құрбандық шалу –
жертвоприношение

су айдындары – водоемы

батпақ – болото

кербез – красивый, грациозный,
изящный

дамылсыз – непрерывный,
непрестанный

ертелі-кеш – день-денской, днем
и ночью, круглые сутки, утром
и вечером, целый день, целыми
днями

сая – тенистая прохлада, тень

жұпар иіс – аромат, благоухание,
благовоние

ырғалу – двигаться то в одну,
то в другую сторону, качаться,
колыхаться, раскачиваться

көкке бойлау – расти высоко (*о
деревьях*), становиться высоким,
подняться все выше

жаңғырту – отдаваться эхом

шежіре – летопись, родословная, генеалогическое древо, летописец	шың – пик, вершина
көнекөз – умудренный опытом, видавший виды человек	мұнар – легкая мгла, мутная белизна воздуха, дымка, белесое марево
итбалық – тюлень	құмар – страсть, сильное желание
ақсерке – лосось	ызыңдау – шипеть, пищать
жота – гребень горы, взгорье, кряж горный, хребет	тұнжыраған – сумрачный, хмурый

XII БӨЛІМ, БІРІНШІ САБАҚ **Тән саулығы – жан саулығы**

тіс жегісі – кариес	мүйізгек – мозоль
қабыну – воспаление	kekeshstik – заикание
тұқымқуалаушылық – наследственность	жүктілік – беременность
қапа – печаль, горе, тоска	турлі ауруларға қарсы қорғаныс қабілеті – защита от различных заболеваний
онқай – правша	артықшылық – приоритет
биологиялық белсенді қоспалар – биологически активные добавки	қан тобы – группа крови
қосынды – соединение	ЖКТБ – СПИД
ахуал – положение, ситуация, состояние	созылмалы ауру – хроническая болезнь
өмір сұру салты – стиль, образ жизни	ота жасату – подвергнуться операции
жарлы – бедный	екпе салдыру – вакцинация
аунау – переворачиваться (<i>с боку на бок</i>)	бас тарту – отказываться


XII бөлім, екінші сабақ

Емдеу мекемелері мен шипажайлар

қондырғы – оборудование	салмақ қосу – добавить вес
күйрету – разрушать, громить	күтіну – позаботиться
қойшы көп болса, қой арам өледі – когда пастухов много, овцы с голода дохнут (<i>у семи нянек дитя без глазу</i>)	ауызды шаю – полоскать рот
тайфа таңба басқандай – ясно, как божий день (<i>букв. четко, как клеймо на стригуне</i>)	емдік қасиеті – целебные свойства
іісі мұрнына бармау – абсолютно не понимать, ни в чем не разбираться	іш құрылышты шаю – промыть живот
өлім-жітім – смертность	ас қорыту – пищеварение
қатерлі ісік – злокачественные опухоли	батпақпен емдеу – грязелечение
өмір сүру ұзактығы – продолжительность жизни	жүйке – нерв
аурудың алдын алу – профилактика заболеваний	буын – сустав
Ұлттық қоғамдық денсаулық орталығы – Национальный центр общественного здравоохранения	жыныс аурулары – половые заболевания
сырқат белгісі – симптомы болезни	еріту – растаять, растопить

АУДИОМӘТІНДЕР





Сөз сапасы: дұрыстығы, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қысқалығы мен нұсқалығы, бедері

(А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, профессор А. Фазылжановамен сұхбаттан үзінді)

Жүргізуші. Сөз сапасы, яғни сөздің дұрыстығы, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қысқалығы, нұсқалығы жайлы айтып берсеңіз.

Анар ханым. Сапалы сөз деген не? Біреулер сөйлеп жатса, айтасыз: «Ұйып тындарым, маған ұнады», – деп. Бұл – ол кісінің сөз сапасына сіздің эмоциялық берген бағаңыз. Кейде болады, біреу сөйлесе: «Жалығып, үйқым кеп кетті», – дейсіз. Демек, ол кісінің сөзі – сапалы болмағаны. Сөз сапасы дегенді қарапайым тілмен, сөздің әсерлілігі, сөздің өз мақсатына жетуі деуге болады.

Жүргізуші. Сөздің дұрыстығы.

Анар ханым. Бұл – сөзді қолданғанда мағынасын біліп қолдану дегенді білдіреді. ҚазҰУ-де істейтін профессор Гүлдархан Смағұлова апайымыз: «Біздің қазақтың балалары бүгінгі күні (мынау басқа ұлт өкілдерін қойғанда) фразеологизмдердің мағынасын түсінбейтін боп бара жатыр», – дегенді айтты. Бір шығармада филология факультетінде оқитын қазақ баласы былай жазып қойыпты: «Ат шаптырым жерден есіктің алдына шыққан күшікті көрдім», – деп. Сонда ол бала «ат шаптырым жер» деген қаншалықты қашық жер екенін білмей тұр.

Жүргізуші. Елестете алмай тұр ғой, ат шаптырым деген қаншалықты қашық жер екенін.

Анар ханым. Сөзді дұрыс, өз мағынасында қолдану сөздің дұрыстығын білдіреді.

Келесі, сөз тазалығы. Қазір үлкен проблема. Біріншісі – ешқандай мағынасы жоқ сөздерді қосып айту. «Короче», «яғни», «жаңағы» дегендерді қолданбау керек. Және орыс, басқа да шет тілі сөздерін қоспаған дұрыс. Қазір «Жарай ма?» десе, «Жарайды» деп емес, «Оқ» деп жауап беретіндер көбейді. Бұлар сөздің тазалығына нұқсан келтіреді.

Кейде бір ұғымды білдіретін сөзді мәтінде қайта-қайта қолдану керек болады. Сол кезде біз қиналадамыз, «бір сөзді айта беретін болдық қой» деп. Сондықтан сөздің синонимдерін, баламаларын қолдану керек. Бұл сіздің сөз байлығыңызды көрсетеді.

Сөз дәлдігіне тоқталайын. Орыс тілінде «полуостров» деген географиялық термин бар, оны қазақшалап «жартылай арал» дейді. Бұл – қате. Өйткені қазақша «түбек» термині бар. Бұдан сөздің дәл қолданылмағаны аңғарылады.

Келесі, сөздің қысқалығы, нұсқалығы. Сөз неғұрлым қысқа, нұсқа болса, соғұрлым оның әсері мықты болады. Сөздің қысқалығы ойдың жетілгенігін, піскенін көрсетеді.

Сөз бедері. Сіз қандай қарым-қатынаста сөйлесіп тұрсаңыз, соған сәйкес тілдік бірліктерді таңдағаныңыз дұрыс. Бедер деп осыны айтады.

Жүргізуши. Әңгімеңізге көп рақмет!

2. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін мазмұны мен сіздің болжамыңыз қаншалықты сәйкес келді? Талқылаңыз.



Қарым-қатынас барысында мағынасы жағынан кең қолданылатын ым-ишараптың бірі – түкіру. «Түкіру» әр түрлі жағдайларда қолданылып, әр түрлі мағынаны береді. Қазақ халқының салт-дәстүрінде, сана-сезімінде, жалпы күнделікті қарым-қатынасында «түкіру» кинемасының бірнеше түрі қалыптасқан. Біріншісі – жұмысқа құлшына кірісу үшін жасалатын ым-ишарап. Ауыр жұмысты істер алдында құралды қолына алардан бұрын алдымен қолына түкіріп алатын әдет бар. Бұны көбіне ер адамдар қолданады. Мысалы: Қара жұмыс адамды адам атып жатқан соғыс емес қой, жігіттер ал дегенде-ақ қолдарына түкіріп, үлкен жігермен кірісп-ақ кеткен.

Сонымен қатар осы қимылды ер адамдар күреске шығар алдында жиі пайдаланады. Мысалы: Шыдай алмадым «Жығылсам жер көтерер», – деген тәуекелмен ортаға атып шығып, алақаныма түкіріп ұстаса кеттім.

Екіншіден, ашуланған, ызаланған кезде қолданылады. Мысалы: Тісінің арасынан темір пешке шырт еткізіп түкірді; түкіріп алды да, тістене зілмен сөйледі.

Салт-дәстүр, наным-сенімдермен байланысты «түкіру» күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылады. Бұл – әйел адамдар қолданысында кең таралған жақсы затқа, жақсы адамға, балаға көз тимес үшін жасалатын ырым. Осы мақсатта шырт түкірмейді, тек «тіфә» деген ұйыспалы дыбыс арқылы білдіреді. Бұл түкірудің түрі «символикалық», «ғұрыптық ишара» деп те аталады. Мысалы: Шешемнің «елден аулақ қара тасқа көрінсін» деп күніне үш уақ тәубесін айтып, тіфәлайтыны осыдан да.

Бетке түкіру жазалаудың бір түрі ретінде масқаралау, қорлау мағынасында қолданылады. Мысалы: «Тіфу! Тіфу! Тіфу!». Кім-кімнің түкіргенін білмеймін, есімде жоқ, әйтеуір, апай төс Мұхтар ағам көз алдында өз-өзінен кішірейіп бара жатты.

Сонымен, қарым-қатынас барысында жалпыхалықтық сипат деңгейіне жеткен, орындалу көрінісі біртекtes, бірақ мағынасы, қызметі сан алуан тілдік емес амалдардың кездесетінін көреміз.

(Нұрсұлтанқызы Ж. «Паралингвистика»)

3. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



№3



Кәсіпқой қазақ боксшысы Қанат Исламұлы 1984 жылы Қытайда дүниеге келген. Бейжің Олимпиадасының қола жүлдегері, Чикаода өткен әлем чемпионатының (2007) және Азия ойындарының (2006) қола жүлдегері. Қытайдың 10 дүркін чемпионы. Орташа жеңіл салмақтағы WBA FedeCaribe түжірымының чемпионы, 2010 жылы атамекені Қазақстанға көшіп келіп, "Астана Арландары" кәсіби клубында өнер көрсеткен. Қазір АҚШ-та Нельсон промоутерлік клуб атынан сайыстарға түсіп жүр. Соңғы 12 жекпе жектің онында нокаутпен жеңіске жеткен.

Қанатпен журналистер кездесіп, екі сұрақ қойды.

Журналист: Болашақта АҚШ-қа отбасыңызben көшіп бару ойыңызда жоқ па?

Қанат: Ел көру, жер көру үшін ертіп баруға болатын шығар. Ал былай, АҚШ-қа бір жола қоныс аудару мүлдем ойымда жоқ. Америкаға байласа да, қалмаймын. Маған жер бетінде Қазақстаннан артық жәннат жоқ.

Журналист: “Геннадий Головкинмен жекпе-жекке шығу мүмкіндігі болса, келісер ме едіңіз?”

Қанат: Геннадий екеуміз Қазақстаннан шыққанбыз. Екеуміздің де соққымыз жақсы. Ол да тәбелесуден қорықпайды және тәбелесе біледі. Біз бір елдің намысын қорғап жүргендіктен екі қазақстандықты бір-біріне қарсы қою керек емес. Ал, егер халық екеуміздің жекпе-жекке шыққанымызды қаласа, мен рингке шығар едім. Өйткені, бұл – бокс. Геннадийге тек жеңіс тілеймін. Ол әрдайым еліміздің туын көкке көтеріп, халқымыздың батыры атана берсін деп тілеймін.

Сөз соңында Қанат өз жанкүйерлеріне: «Қазақстан жастары үйде отырмай шетел асса, еліміздің көк туын желбіретсе, құр босқа жүрмей, жұмыс істесе екен деймін», – деген тілек айтты.

4. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтар төңрегінде ой бөлісіңіз.

№4



Вашингтондағы Дүниежүзілік банктің мәжіліс залына қазақ қызы Алма Оразалинованың есімі берілді. Білімді де білікті, ойы ұшқыр отандасымыз халықаралық қаржы орталығының дамуына зор үлес қосқан екен.

Әлемдік банктің қызметкері Джейн Клемент ол жайында: «Алмамен таныс болғанымызға 20 жылдан асты. Кезінде түрлі жобаларды бірлесе атқардық. Тек әріптес емес, жақсы дос болдық. Жұмысқа өте тиянақты, әр міндеттін мінсіз атқаратын. Алманың орны ойсырап тұр. Оның ерен еңбегі ескеріліп, мәжіліс залына есімі берілді», – дейді. Алмамен 12 жыл әріптес болған Олимпия Аджино: «Банк тарихында Алманың алатын орны орасан. Іскер, білімді әрі достыққа адал жан еді», – деп еске алады.

А.Оразалинова Мәскеу мемлекеттік университетінде, Массачусетс технологиялық институтында білім алған. Банк басшылығы оған аса маңызды жобаларды сеніп тапсырып, іскерлік қабілетін жоғары бағалады. Отандасымыз өзіне жүктелген кез келген тапсырманы тап-түйнақтай орындалап, ұжымында зор абырай-беделге ие болды. Алайда бейнетінің зейнетін көру маңдайына жазбапты. Ауыр дертке шалдыққан Алма бұдан екі жыл бұрын көз жұмды.

Банкте ол кедейшілікпен құрес бағытында еңбек етті, дамушы елдер үшін маңызды жобаларды жүзеге асыра білді. Оның игі бастамалары әлі қүнге дейін жалғасын тауып келеді.

(<http://24.kz> сайты)

5. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№5



Тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати әлемге кең тараған «Тарихи-и-Рашиди» атты еңбегінде қазақ хандығының құрылған кезеңі туралы құнды мағлұмат жазып кеткен. Білімді де танымал тарихшы ғалым: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбліхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп кетті. Есенбұға хан оларды қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Ол көшіп келгендерді «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870 жылдары билей бастады...», – деген мәлімет қалдырған.

870 жыл біздің есебіміз бойынша 1465-1466 жылдар. 2015 жылы

Қазақстанда қазақ хандығының 550 жылдығы тойланды. Қазақ хандығының құрылуы туралы, бұл оқиғаның тарихи мәні туралы Елбасы Н.Назарбаев: «...Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан тарихы үшін белесті кезең... Бұл оқиғаның саяси һәм қоғамдық мән-маңызы Қазақ хандығының Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғандығында жатыр», – деп баға берді.

Әуелде қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алқабы еді. Жетісу мемлекет бірлестігінің орталығына айналды. Олардың саны 200 мың адамға жетті. Міне осы территорияның деректемелерінде тұңғыш рет «Қазақтар» деген атау қолданылған.

«Қазақ» деген сөз «нағыз батыр, ер» деген мағынадағы «хас» сөзі мен «сақ» сөзінің бірігуінен шыққан деген болжам бар, мағынасы – нағыз сақтар.

6. Мәтінді тындаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№6



Жеке батыр

Жеке батыр – Бурабай тауының солтүстігінде орналасқан тау. Алыстан таудың нобайы сақтықты ойлап, дулығасы мен болат сауытын шешпей, мәңгі үйқыға кеткен сақалды батырдың бейнесін елестетеді.

Аңыз бойынша ертеректе алып құш иесі, арманшыл бір батыр осы өнірде өмір сүріпті. Жас кезінде уайым-қайғы дегенді елемей, думандатып өмір сүреді. Ер жеткенде жоқшылық пен халық мұнын көріп, қабағын кірбің шалады. Туған жерінә жоңғарлар мен қалмақтар жиі-жі шапқыншылық жасап отырған. Ауылдардың шаңын аспанға көтеріп, астан-кестең қиратып, жау әскері төрт-түлік мал табындары мен қорғансыз адамдарды айдал кетеді. Ал ел іші бір-бірімен қалыңдық пен жайылымдыққа таласып, күнде қырқысып, ауыз бірлікке келе алмайды. Бұны көрген жас батыр бәріне қолын бір сілтеп, ауылдан кетуді ойлайды. Еркін жүріп, бақ пен байлық іздегісі келеді. «Мүмкін болса, ауылдастарыма жақсылық жасасам, сонда олар тынышталар», – деген оймен кетпекші болып, өзіне болат қылыш пен дулыға, үстіне сауыт соғып киіп, бақыт ізденеп жолға шығады. Жол үстінде Жеке батырға басқа ауылдың батырлары жолығады. Олар да бақыт жолына жалғыз шыққан екен. Жаумен бірінші болып қазақ батыры жолығады. Қалың қол оның алдын бөгеп, қоршауға алады. Ол жаумен ұзақ шайқасады. Жау қара масадай құжынап, шегірткедей үймелеп, батырдың үстіне шығып кетеді. Оның көзі көрмей, құлағы естімей қалады. Сонда ғана ол бақыт үшін

жалғыз күресудің қате екенін түсінеді, ах ұрып өкінеді. Алып тұлғалы батыр әл-дәрмені құрып, туған даласына шалқасынан құлап түсіп, тасқа айналады, мәңгілік үйқыға беріледі.

(<http://www.gpedia.com>)

7. Мәтінді тыңдалап, сәйкестендіріңіз.

№7



Қазақстан – әлем мойындаған мемлекет

Қазақстан – дүниежүзінде жер көлемі бойынша тоғызынышы орын алатын, 140 этнос пен 17 конфессия өкілдеріне туған өлке болып есептелетін мемлекет. Қазақстан – Семей ядролық полигонын жауып, атом қаруынан бірінші болып бас тартқан мемлекет. Әлемге алманы сыйлаған ел. Уран мен астықтан бірінші орында тұрған Қазақстан.

Тәуелсіздік алғалы бері мемлекетіміз адам танымастай өзгерді. Орталық Азиядағы көшбасшы ел ретінде танылды. Посткеңестік мемлекеттер арасында да алдыңғы қатардан көрініп келеді. Ұзақмерзімді стратегиялық бағдарламаның арқасында бәсекеге қабілетті елу мемлекеттің санатына кірді.

Елдік пен бірлікті бас бағыт еткен мемлекетіміз туралы әлемдік деңгейдегі саясаткерлер де өз пікірлерін білдірді. Бұл елімізді әлем жүртшылығы таниды, мойындаиды деген сөз.

Мәселен, Испанияның бұрынғы Премьер-министрі Х.Л. Сапатеро еліміздің экономикалық әлеуеті жөнінен Орталық Азиядағы аймақтық көшбасшы мемлекет деп атаса, Францияның бұрынғы президенті Жак Ширак: «Егемендікке қол жеткізгеннен бастап, Қазақстанның даму жолында көптеген кедергілер тұрды. Бірақ мемлекет, Үкімет ол кедергілерге төтеп бере алды. Бұгінде Қазақстанның дүниеге берері де, алары да мол. Бейбіт саясат ұстанған Қазақстан көптеген ғаламдық шиеленіскең мәселелердің шешімін табуда ұлken рөл атқаруда», – деп пікір білдірген.

Шынында, қандай қыындық кездессе де, басымыздан қандай қыын-қыстау күндер өтсе де, еліміз мойынады. Қайта керісінше, сол кездескен қыындықтың барлығын жеңе білді. Бұл жолда 130-дан астам ұлт пен ұлыстан тұратын бүкіл Қазақстан халқының бірлігін басты назарда ұстаған Елбасының орасан зор еңбегі бар.

Елбасы жөнінде Ұлыбританияның бұрынғы Премьер-министрі Маргарет Тетчер: «Қазір әлемде 5-6 ірі саясаткер бар. Олардың ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та бар. Мен оған сенемін және барлық атқарып жатқан әрекеттерін қолдаймын», – деген болатын.

(Ә. Батырбеков)

8. Мәтінді тындау, сұрақтарға жауап беріңіз.



№8



Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру

2018 жылдан бастап Қазақстанда электрондық денсаулық паспорты жүйесі кезең-кезеңімен енгізілмек. Аталған жоба дәрігерлерге науқастардың денсаулық жағдайын емдеу мекемесіне келмей тұрып толығымен зерттеуге, азаматтардың бұған дейін науқастанған сырқат түрлерімен танысуға жол ашады.

Науқастар енді қағаз түріндегі жазбаны алу үшін немесе олардың денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық картаға қол жеткізу үшін, емханаларды шарлап, денсаулық сақтау мекемелерінің табалдырығын тоздырмайтын болады.

Электронды денсаулық сақтау паспорты аталған олқылықтың орнын толтырып, дәрігерлерге науқастың денсаулығына қатысты барлық «деректі» алдын-ала біліп отыруға мүмкіндік бермек.

Электронды денсаулық сақтау технологиясы түрфіндар денсаулығын қашықтықтан бақылауға, науқастар арасындағы ақпаратты жылдам таратуға мүмкіндік береді. Жалпы, бүгінде науқастар емханаға барған уақытта, дәрігерге қажет жазбаларды жинауға көп уақыт жоғалтып жатады. Сол себепті, электронды денсаулық паспорты осы олқылықтың орнын толтырып, науқастардың уақытын үнемдейді, демек, емханалардағы кезек мәселесін шешүге жол ашады.

Сондай-ақ, «Юнисефпен» бірігіп әзірленген «Патронаждық мейіргер» жобасы қазіргі таңда Қызылорда облысында арнайы бақылаудан өтуде. Жобаның басты мақсаты – жасы екі жасқа толмаған жас аналарға емхана көмегіне жүгінбей-ақ, мейіргердің үйге келуі арқылы бүлдіршін екпелері, аурулары, дамуы туралы ақпаратты ұялы қосымшаға енгізу болып табылады.

(<https://kaz.nur.kz>)

9. Мәтінді тындаңыз. Сәйкестендіріңіз.



№9



16 қараша күні Халықаралық төзімділік (толеранттылық) күні атап өтіледі. Аталған күнді 1995 жылы ЮНЕСКО халықаралық ұйымы өзінің 50-жылдық мерейтойына байланысты жариялаған.

Төзімділіктің негізгі қағидасы: әр түрлі – ұлттық, нәсілдік, мәдени, діни және т.б. белгілері бойынша ерекшеленетін басқа

біреуді өзіндей қабылдау, өзіңе қандай қарым-қатынасты қаласаң, басқаларға да сондай қарым-қатынас көрсету.

Әр түрлі тілдерде «толеранттылық» сөзінің беретін мағынасы да әр алуан.

- орыс тілінде төзімділік ұғымы шыдамдылықты, төзімділікті, белгілі бір нәрсеге немесе белгілі бір адамға төзу, байсалды, ақпейіл болу деген ұғымды білдіреді;
- ағылшын тілінде тұлғаға басқаларға қысым жасамай өмір сүруге рұқсат етуді білдіреді;
- француз тілінде басқалардың ой-пікірлерінің сенің ой-пікірлеріңмен сәйкес келмеуіне рұқсат ететін қарым-қатынастар;
- қытай тілінде кең пейілді болу қабілеті;
- араб тілінде кешірім, кішіпейілдік, қайырымдылық.

Қазақстандағы әлеуметтік-саяси тұрақтылықтың сақталуына ықпал ету жолдары:

- төзімділіктің жаңа тұжырымдамаларын әзірлеу;
- төзімді мәдениетке қатысты заң базасы мен тәрбие-білім беру үрдісін жетілдіру;
- төзімді сана көзқарастарын қалыптастырудың тиімді технологияларын жүзеге асыру;
- төзімді сананы орнатуға бағытталған саяси, әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар жүйесін жүзеге асыру.

Әсіреке қазіргідей миграциялық үдерістер көбейген кезеңде төзімділіктің мәні зор.

(<http://bigox.kz>)

10. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап беріңіз.



№10

Рухани жаңғырудың аясында жүріп жатқан бірнеше жоба бар. Соның бірі әрі бірегейі – «жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін қандай шаралар атқарылуы керек?

Ең алдымен жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін ұлттық мәдениетімізді көтеруіміз керек. Ол үшін дәстүрлі мәдени құндылықтарымызды заманауи талаптарға сай жаңғыртуымыз керек.

Екінші, әлемдік мәдениетпен қарым-қатынасқа түсіп, әлемдік өркениеттен өз орнымызды алу үшін халықаралық тілдерді меңгеруіміз керек. Ол тілдер: ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілі.

Үшіншіден, мәдениетімізді әлем елдеріне таныту үшін ақпараттық қоғамның сұраныстарына сай цифрландыруымыз керек. Мультимедиалық смарт технологияларды кеңінен қолдану арқылы мәдениетімізді насихаттауымыз керек. Себебі қазіргі қоғамда адам дыбыстық, бейнелі, суретті, анимациялық ақпаратты жылдам және тез қабылдайды.

Осындағы нақты жоспар мен тынымсыз еңбектің арқасында мыңжылдықтар қатпарында жатқан тарихымыз бен мәдениетімізді жаһан танитын болады. Мәдениетімізді тану арқылы мынау жаһандану заманында қазақ деген халық барын біліп, мойындайтын болады.

Сондықтан бұл жобаны іске асыруға тек мемлекет басында отырған билік өкілдері ғана емес қоғамның әрбір азаматы қатысуы керек. Әркім өз жеке бас мәдениетін көтеру арқылы тәуелсіз еліміздің төл мәдениетін қалыптастырынын жақсы сезінуі керек.

11. Тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.



№11



Қазақстан мемлекеттік әлеуметтік саясатта көш бастады

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі мемлекеттік әлеуметтік жоба ретінде аса зор маңызға ие. Президенттің бес әлеуметтік бастамасы:

Бірінші бастама: Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру жәнетүрғын-үйипотекасының қалыңқөвшілікке қолжетімділігін арттыру керек. Бұл – айрықша әлеуметтік маңызы бар мәселе. Жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатында болуы үшін арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажет. Сондықтан, «7-20-25» бағдарламасы ұсынылады.

Екінші бастама: Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту. Салыстырмалы түрде жалақысы төмен қазақстандықтарды қолдау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың салық жүктемесін 10 есеге азайтып, 1 процент қана салық салу ұсынылады.

Үшінші бастама: Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту. Бұл төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа экономикада зор сұранысқа ие болатын сан мың жаңа маманды даярлауға мүмкіндік береді.

Төртінші бастама: Шағын несие беруді көбейту. Бастама мындаған адамға өз ісін ашуға мүмкіндік беретіндігімен маңызды. Бұл, әсіресе, ауыл-аймақтар үшін, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін айрықша маңызды ие.

Бесінші бастама: Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру. Елімізде газ өндіру тәуелсіздік кезеңінде жылына 8-ден 52 миллиард текшеметрге дейін артты, әрі қарай да өсе түседі. Қазір еліміздегі тұрғындардың 50 процентке жуығы газбен қамтамасыз етілген. 9 облысқа газ тартылған. Дегенмен, орталық және солтүстік өнірлер әлі газсыз отыр. Оған тиісінше қаражат тарту, соның ішінде халықаралық қаржы институттарынан да қажет болады.

(<http://www.akorda.kz/>)

12. Мәтінді тыңдалап, дұрыс/қате жауаптарды белгілеңіз.



№12

Қазақстанның БҰҰ-ға мүшелікке қабылдануы тарихынан

1991 жылы 31 желтоқсанда Қазақстанның өкілі А.Х. Арыстанбекова БҰҰ Бас хатшысына Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға мүше болып қабылдануы туралы өтінішін жеткізді. Қазақстанның өтініші рәсім ережелеріне сәйкес Бас хатшы тарапынан Қауіпсіздік Кеңесіне жіберіліп, ол 1992 жылы 16 қаңтарда өткен мәжілісте қаралды. Қауіпсіздік Кеңесі өтінішті жаңа мүшелерді қабылдау Комитетіне жіберді. Қазақстанның кандидатурасын қарастыру барысында Қауіпсіздік Кеңесінің мүше-мемлекеттері Қазақстанның ядролық қаруды таратпау мәселесіндегі ұстанымын, өтпелі кезеңдегі мемлекеттің стратегиялық ядролық қарулану, оны таратпау туралы Шартқа қосылу мәселелерін талқылады.

Қазақстанның өкілі республиканың Ұйымға мүшелікке қабылдануына саяси қолдауды қамтамасыз ету және жаңа тәуелсіз мемлекеттің саясатымен таныстыру мақсатында, еліміздің ниетіне оң көзқарастарын білдірген АҚШ, Қытай, Франция, Ұлыбритания, Жапония, Германия, Үндістан, Бельгия, Египет, Нигерия, Бразилия елшілерімен кездесті.

Жаңа тәуелсіз мемлекеттің БҰҰ-ға мүшелікке қабылдануын қолдаған және болашақта нәтижелі ынтымақтастықта болатындарына үміт білдірген БҰҰ Бас хатшысы Бас Ассамблея төрағасымен кездесті.

1992 жылы 23 қаңтарда Қауіпсіздік Кеңесі «Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылдануы

туралы жаңа мүшелерді қабылдау Комитетінің «Баяндамасын» талқылап, Қазақстан Республикасын БҰҰ-ға мүшелікке қабылдауды ұсынды. 1992 жылы 2 наурызында Бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесінің 1992 жылы 23 қантардағы ұсынысын және еліміздің өтінішін қарастырып, Қазақстан Республикасын БҰҰ-ға мүшелікке қабылдау туралы шешім шығарды.

Осылайша әлемнің картасында Ұйымның 168-ші мүшесі болып кірген жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды.

Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылдануы жаһандану жағдайындағы халықаралық ынтымақтастық пен саяси, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуге толыққанды қатыса алуына мүмкіндік берді.

(<http://e-history.kz/>)

13. Тыңдаңыз. Мәтінге қай тақырып сай келеді? Белгіленіз.



№13



Соңғы кездері «онлайн-несие» деген пайда болды. Жарнамасы жер жарады. Кез келген адамға, тіпті жұмыссыз бен зейнеткерге де несие береміз деп кісінің көзін қызықтырады. Олар несиені интернет арқылы рәсімдейді. Әлгі шағын қаржы ұйымдарының ғаламтордағы сайтына кірсеңіз, шынында да несие алу аса қыын емес. Сілтеме арқылы өтіп, өтініш қағазын толтырасыз. Төл құжатыңызды, мекен-жайыңызды, қарызды қайтару мерзімін сұрайды. Ал ақша карточкаңызға кеп түседі.

Онлайн-несиені алу оңай болғанымен, оны қайтару қыын. Жылдық үстеме ақысын айтудың өзі қорқынышты! 900-1000 пайыз! Өңіңіз түгілі, түсінізге де кірмейді. Бірақ қаржыдан қысылғандар ондай кезде пайызын санап жатпайды.

Мәселен, қарызға белшесінен батып, жанайқайын КТК телеарнасына жеткізгендер барышылық. Солардың бірі – Қарағанды түрғыны Кристина. Ол интернет арқылы бір ұйымнан 85 мың теңге, екіншісінен 200 мың теңге алған. 1 айға деп рәсімдеген несиені дер кезінде қайтара алмай, кешіктіріпти. Алғашқысының қарызы 550 мың, соңғысы 1 млн 200 мың теңгеге дейін «ғарыштық жылдамдықпен» өскен.

Астаналық Жандос та қаржыдан қысылғанда жылдам ақшаға жүгінгендердің бірі. Интернет арқылы бір айға 100 мың теңге алып, үш есе артық төлеммен әрең қайтарыпты. Бұрынғылар «Оңай келген ақша оңай кетеді» деуші еді. Ал онлайн-несие оңай келгенімен, оңай қайтпайды. «Қарыз күліп кіріп, жылап шығадының» дәл өзі.

Елімізде онлайн-несие берумен айналысатын 15 фирма заңды түрде тіркеліпті. Жұмысы да қызып тұрған көрінеді. Қаржы ұйымдары қарыз берер кезде клиент туралы мағлұматты заңсыз жинайды. Негізінде несие рәсімдеу үшін ақшаға мұқтаж кісінің жазбаша рұқсаты болуға тиіс. Бірақ онлайн ұйым бұл талапты сақтамайды. Сондықтан мамандар халыққа интернет арқылы ақша аларда аса сақ болуға кеңес береді.

Ұлттық банк бұдан былай қолы қысқа, қалтасы жұқа талай жанды қанап келген қаржы ұйымдарына тосқауыл қоймақшы. Бұдан былай мұндай компаниялар жылдық үстемені 100 пайыздан асырмая ғана тиіс. Сондай-ақ несие тек теңгемен беріледі. Егер шағын фирма жаңа заңда жазылған осы талапты бұзса, клиентке берген қарызы қайтарылмай, келісімшарттың күші жойылады. Ұлттық банк тіпті онлайн фирмаларды сотқа сүйреуге дайын. Мұндағы мақсат – интернет арқылы несие беретін ұйымдарды жабу емес, азаматтарды өмір бойы қарыз төлеуден құтқару. Мәжіліс мақұлдаған «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң аузы күйген адамдарды қорғайды деген үміт бар.

(<http://jasqazaq.kz>)

14. Мәтінді тыңдал, сіз жазған сөздердің сәйкес келіп-келмегенін анықтаңыз.



№14



Жасыл экономика

Адамзат үшін «жасыл» экономикаға көшу міндетті болып отыр. «Жасыл экономикаға» көшудің маңызды бір буыны – қоқыс өндіреу. Соған орай Қазақстанда жоспар бойынша 40-тан астам қоқыс өндіреуші кешенниң құрылышы басталды.

Әлемнің көптеген елдері «жасыл» экономика қағидаттарын ұстануда. Мәселен, Оңтүстік Кореяда 2011 жылдан бері экономиканың «жасыл» секторын дамытуға 60 миллиард АҚШ долларын бағыттау жоспарланған болатын, осы ретте 1,8 млн жұмыс орны ашылды. Оңтүстік Корея бүгіннің өзінде жыл сайын «жасыл» секторға ІЖӨ-нің 2 пайзын инвестициялайды. Ал АҚШ-та «жасыл» экономиканы дамытудың басты бағыты ретінде баламалы энергетиканы дамыту жолға қойылған.

Монголия, Қытай сияқты елдер де басшылары жария еткен «жасыл» экономика жоспарларын жүзеге асыруда.

Бұл бағдарламаның әлемде жасыл экономиканы дамыту мәселелерімен айналысып келе жатқанына жарты ғасырға жуық уақыт болды. Сондықтан дүниежүзінің 170 елінде жұмыс

істейтін жасыл экономиканы жүзеге асырушылар қай елге қандай технология сай келеді, оны қалай жүзеге асыру керектігін біледі.

(<http://alashainasy.kz>)

15. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін қандай мәселеге арналған?



№15



Жеңіл өнеркәсіп: ізденістер мен іркілістер

Әлеуметтік-экономикалық маңызы зор бұл саланы дамытуға әлемнің көптеген елдері әлдеқашан түбекейлі бетбұрыс жасаған. Мәселен, жеңіл өнеркәсіптің үлесі АҚШ, Италия, Германия, Қытай, Португалия, Түркия сияқты дамыған елдерде 12-20 пайызды құрайды. Қытай, Үндістан, Түркия, тіпті іргедегі Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттері табысының қомақты бөлігін жеңіл өнеркәсіп тауарларының экспортынан түсіруде. Соңғы жылдары қырғыз елінің ішкі жалпы өніміндегі жеңіл өнеркәсіп үлесі 30 пайыздан асты. Ал қазіргі таңда Қазақстандағы қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы жеңіл өнеркәсіптің үлесі 1,2 пайызды құрайды.

Қазақ КСР жеңіл өнеркәсібінің тоқыма, тігін, аяқ киім, тері-ұлпан өнер-кәсібі салаларында 1 мыңдан астам іргелі кәсіпорындар жұмыс істеді. Олардың ішінде мыңдаған қазақстандықтардың өмір мектебі – сүйікті еңбек ұжымына айналған Алматы мақта-мата комбинатын (АХБК), «Жетісу», Жамбыл аяқ киім кәсіпорындарын, «Большевичка» тігін комбинатын, М.Мәметова атындағы тігін фабрикасын, Қостанай, Семей мауыты-шұға комбинаттарын ерекше атауға болады. Тағы бір айрықша еске салатын бір мәселе, сол уақытта Қазақ КСР жеңіл өнеркәсібінің табысы ел бюджетінің 25 пайызын қамтамасыз етіп тұрған болатын.

Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің соңғы ширек ғасыр көлеміндегі тіршілігін саралайтын болсақ, республикамыздың өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі үлесі 1990 жылы 15,8 пайызды құраса, 2000 жылы 2,3 пайызға дейін қысқарып, 2011 жылы 0,1 пайызға дейін құлдыраған. Қазақстан жеңіл өнеркәсібі саласында тек 2016 жылы ғана жұмыс істеп тұрған 79 кәсіпорынның 27 пайызы жұмысын тоқтатқан екен. Жыл ішінде еліміздің тоқыма өнеркәсібіндегі 12 кәсіпорын (33 пайыз), киім тігу өнеркәсібіндегі 8 кәсіпорын (22 пайыз), тері бүйімдарын шығаратын 1 кәсіпорын жабылған.

Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің осыншама тұралауының басты себебі не?

Тығырықтан шығар жол қайсы?

(«Егемен Қазақстан» газеті)



Бөдене бизнесі бізге бөтен емес

(А. Адаевтың «Мұғалжар» газетіне берген сұхбатынан үзінді)

Тауықтың балапанын бағу бір бөлек, ал бөденені өсіру үшін біраз тер төктік. Бұл құстың түріне үлкен бап керек. Ең алдымен, ғаламтордан таңдаған бағдарламамен қалай жұмыс жасау керек екендігін зерттеп қарап, анық-қанығын білген соң бөдене өсіруді қолға алдым. Негізінен, «Жұмыртқадан жұмыртқаға дейін» деген бағдарлама бар. Ол – ең алдымен, жұмыртқадан құс, одан қайта жұмыртқа өндіру. Осы бағдарлама арқылы бөдененің жұмыртқасын іздеп еліміздегі бірнеше қаланы аралап, ақырында Қостанай қаласынан 1200 дана жұмыртқаны 70 теңгеден сатып әкелдім. Алғашында қыын болды. Өйткені әкелген жұмыртқаның 500-і ғана балапанға айналып қалғаны жарамсыз болып қалды. Кейін Ресейдің Омск қаласынан тапсырыс арқылы жұмыртқадан балапан шығаратын құрылғыны алғыздым. Жұмыртқа ол құрылғыда 16 күнге жуық түріп, кейін 3 күн ішінде балапан шыға бастайды. Балапандарға 44 күн бойына «Рост», «Старт» деген азықтарын бердік. Одан өзге дәнді-дақылдар біріктілген өнім бар. Ол тек Ресей елінде өндіріледі. Сол жақтан тапсырыс арқылы алғып отырмыз. 44 күн арнайы дайындалған азықпен қоректеніп өскен бөдене жұмыртқа бере бастайды. Тағы бір айта кететін жайт – бөдененің тек етінің салмағы 280-290 грамды құрап отыр.

Жалпы бөдененің түрі көп. Соның Қазақстанда қоректене алатын үш түрін өсіріп жатырмын. Олар Техас, Монжурский, Фараон. Олардың әрқайсысының бабы ерекше. Бұл құстардың түрі өте нәзік келеді. Уақытылы мөлшермен тамағын бермесе, +18, +20 градус жылышы қолмаса, жиі жарық жақсақ та, көп адам кірсе де жұмыртқа бермейді. Бұгінде осы кәсіп арқылы екі отбасын жұмыспен қамтып отырмын. Олар кезекпен бөденелерді бағуда.

(Baq.kz)



Журналист: Мен алғаш «Айтуға оқай» бағдарламасын көріп отырғанда, Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Иван Крепакты байқап қалдым. Ол қазақша сайрап тұр. Көрдім де, қызығып, сұхбат алуға бел байладым. Онымен сөйлескенде, мемлекеттік тілімізге деген құрметін анық байқадым. Иван 6 жасынан қазақша

сөйлей бастаған. Оның айтуынша, қазақ тілін меңгеру – үлкен жетістік.

Иван: Мен Қазақстанда тұрамын, қазақтар бір-бірімен қазақша сөйлесу керек. Қазақ достарымның арқасында, қарым-қатынастың арқасында осылай үлкен жетістікке жеттім. Және бұл дегенім, ұлтымызға құрмет пен оқу үшін.

Журналист: Қазіргі уақытта қазақ тілін қаншалықты білесіз?

Иван: Мен қазақ тілінің сақталуы мен дамуын қолдаймын. Себебі біз болашақта дамыған ел болуымыз керек. Сондықтан шет елдерден келген қонақтарға өз тілімізде сөйлеп, құрмет көрсетсек, тіліміз көркейіп, дамыр еді. Мен әлі де қазақ тілін меңгеремін.

Журналист: Қазақша кітаптар оқисыз ба?

Иван: Эрине, «Абай жолын» оқып шыққанмын. Қазір «Қырық мысалды» оқып жүрмін. Бірақ кітап дүкендерінде жүргенде шетел әдебиеттері көп өтеді. Біз соларды қазақ тіліне аударсақ мүмкін басқалай болар меді.

Журналист: Ортаңызда тіліміздің қолданылу аясы қандай?

Иван: Солтүстік Қазақстанның басты проблемасы, меніңше, қазақ тілін аз білуінде. Мектеп бағдарламасына орыс тілінде оқытатын пәндерді көп енгізу керек емес. Мейілінше қазақ тілінде болса жақсы болады.

Журналист: Үш тұғырлы тіл туралы не айтасыз?

Иван: Америкалық ғалымдар айтқандай, баланың ең жоғарғы дамуы 3-5 жаста өтеді. Сол себептен үш тұғырлы тілді балабақшадан бастау мүмкін деп ойлаймын. Үш тұғырлы тіл енгізілсе, Қазақстан жаңа деңгейге көтерілуі мүмкін.

Журналист: Отбасыңызда сізден басқа кімдер қазақша сөйлей алады?

Иван: Отбасымда көбі қазақша білмейді. Олар украинша сөйлеседі.

Журналист: Олардың қазақша үйренгісі келе ме?

Иван: Иә, анам қазақ тілін үйренуді бастап кетті. Атам «Уағалейкүм» мен «Ассалаумағалейкүм» деген сәлемдесу сөздерін біледі. Атама «здравствуйте, привет» деген сөздерді айтпаңыз, қазақша амандастыңыз деп айттым.

(Нұрлы-Хан Жұмахан <https://massaget.kz>)

18. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



№18

Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінде оқып жүріп, “Болашақ” бағдарламасына тапсырдым. Жолым болып, Жапонияға оқуға аттандым. Мұнда жүргеніме биыл – сегізінші жыл. Эколог мамандығын төрт жыл бойы Токай университетінде

менгердім. Дипломдық жұмысымды ары қарай жалғастыруыма ұсыныс түсті. Басқа да шәкіртақыларға мүмкіндік бар екенін байқағаннан кейін, “Болашаққа” айтып, магистратураны осы жақта оқытын болып шештім. Магистратурада оқып жүріп, маған ғылыммен айналысқан ұнайтындығын аңғардым. Зерттеу жұмысымды жүзеге асыру үшін докторантурасы да түсім керек болды. Сөйтіп тағы бір шәкіртақыны ұтып алдым. Биылдан бастап ғылым және технология мамандығында оқып жатырмын. Егер сенің талапты, дарынды екендігінді байқаса, жапондар білім алуыңа мүмкіндіктер береді.

Қазір Жапония қоғамында қарттар саны жастардан әлдеқайды көп. Мемлекетте бала туу көрсеткіші төмендеп кеткен. Елдің экономикалық күші жастарда, сол себепті Жапония шетелдік жастардың осында қалуына оңтайлы шаралар жасап жатыр.

Жапон жастарынан ерекшелігіміз: біз ана тілімізді, орыс, ағылшын, жапон тілін білеміз. Мұнда келіп, жапон студенттерінен көңілім қалды. Өйткені бала кезімнен менде “олар өте ақылды” деген стереотип қалыптасқан еді.

Бірінші, екінші курста жалпы экологиялық проблемалар туралы оқып, білдік. Ушінші курста бізді нақты бір саланы таңдау үшін лабораторияларға бөлді. Менің таңдаған тақырыбым “қоқысты қайта өндеу”, “баламалы энергия көздері” саласына байланысты болды. Зерттеу жұмысым сутегіні тиімді, қауіпсіз, арзан жолмен пайдалану бағытына арналады.

Қазіргі уақытта әлем балама энергия көздерін қолдану саласына еніп келеді. Алайда күн, жел энергиялары табиғатқа тәуелді, тұрақсыз. Бірсе күн ашық, бірсесе бұлтты, кейде қатты жел, кейде баяу. Литий-ионды аккумулятор сияқты батареялар энергияны сақтау көзі ретінде қазір танымаған, алайда оларда сақталатын энергия мөлшері, тығыздығы, сақтау мерзімінде шектеулер көп.

2020 жылы Отанға қайтамын деп жоспарлап отырмын. Елге келіп, жобамды бірден жүзеге асыруға кірісемін деп ойлаймын.

(<https://baribar.kz>)

19. Мәтінді тыңдал, сіз ойлаған сөздердің сәйкес келіп-келмегенін анықтаңыз.

№19 

Нобель сыйлығы тарихынан

Нобель сыйлығы – жоғары ғылыми тәжірибелер, «төңкеріс» жасаған жаңалықтар, мәдениет және қоғамның дамуына қосқан үлкен қызметтері үшін берілетін жоғары сыйлықтардың бірі.

Нобельмен ерекше тұлғалар ғана марапатталады. Ереже бойынша бір адам бір-ақ рет Нобель иегері атана алады. Бірақ белгіленген заңынан тарихта бірнеше рет бұзылған жағдайлары кездеседі. 1968 жылдан бері сыйлықты бір уақыттың ішінде (бір сала бойынша) үш кісіден артық адамдарға берілмеуі де заң ретінде бекітілді. Үміткерге сыйлық берілуі хабардар етілген уақытта тірі болып (бұл әдетте қазан айына тұра келеді), сол жылдың 10 желтоқсанына дейін өмірден өткен болса, оған осы сыйлық қайтыс болған соң да берілуі жайында үкім 1974 жылы қабылданған. Нобель сыйлығы Альфред Нобель өсietнамасы бойынша белгіленген.

(<https://massaget.kz>)

20. Мәтінді тындаңыз.



№20



Альфред Нобель 1833 жылдың 21 қазанында Стокгольмде дүниеге келген. 1842 жылдың күздінде Нобельдер жанұясы Санкт-Петербургке көшеді. Болашақ ғалымның әкесі бұл жерде торпедаларды дайындау бойынша іс бастайды. 1849 жылы Альфред білім алу мақсатында Еуропа мен Америкаға барады. Бұл сапар екі жылға жуық жалғасады. Ресейге қайтқан соң Альфред жанұясына тиісті Ресей армиясының әскери тапсырыстарын орындайтын фабрикаларды басқарумен айналысады. Бұл істері дағдарысқа ұшыраған соң, әкесімен Швецияға қайтуға мәжбүр болған Альфред жарылғыш заттарды зерттеуге кіріседі.

1868 жылы Нобель динамитке патент алды. Нәтижесінде Нобель жаңалығына адамдар қызыға бастайды. Альфред динамит және басқа жарылғыш заттарды жасап шығару, сонымен бірге Бакудегі мұнай майдандарын ашу істерінен үлкен мал-мұлікке ие болады.

1888 жылы тілшілер қателігінен Альфред Нобельдің өлімі жайлы хабар таратылады. Оны журналистер «қанға батқан миллионер», «динамит патшасы» деп атайды. Бұдан әсерленген ғалым тарихта «әлемдегі қылмыскер» атағында қалмауы үшін ойланып қалады.

Ол 1896 жылы 10 желтоқсанда жүрек қантамыры ауруынан қайтыс болады.

Нобельдің 1895 жылдың 27 қарашасында жазылған өсietнамасында мынадай сөздер бар еді: «Менің барша жылжитын және жылжымайтын мұлкім өсietнамамды іске асыратын адамдар тарапынан ақшаға айналдырылған. Ол ақшалар сенімді банкке салынған. Осы құнды қағаздардан түсетін табыстар әр жылдың соңында адамзатқа ең үлкен пайда келтірген кісілерге сыйлық

ретінде тапсырылатын қорға тиісті болуы керек... Сөз етіліп жатқан пайыздар мынадай бес бағытқа тең бөлінеді: бірінші – физика саласында ең үлкен жаңалық ашқандар; екінші – химия бағытында ең ерекше жаңалық ашқан, яки, осы саланы дамытуға үлес қосқандар; үшінші – физиология, медицина саласында ең үлкен жетістікке жеткендер; төртінші – әдеби бағытта ең ерекше көркем шығарма тудырғандар; бесінші – ұлттарды ынтымақтастыру, құлдықты жою, армия санын қысқарту және бейбітшілік әрекеттерін жүзеге асыруға үлес қосқандар үшін... Менің жеке қалауым – сыйлықтарды беруде үміткерлердің қандай ұлттан екеніне мән берілмесін!». Сонымен, Нобель өситеті бойынша осы сыйлық тек қана бес бағытта берілетін болған. Олар: әдебиет, физика, химия, физиология және медицина (1901 жылдан Швецияда беріледі), бейбітшілік (1901 жылдан Норвегияда беріледі).

1969 жылдан Швеция банкі тарапынан экономика саласы бойынша Нобель сыйлығы берілетін болған. Оны беру шарттары ілгерідегілермен бірдей. Осыдан кейін Нобель қоры басқармасы номинациялар санын көбейтпеуді бекітті.

(<https://massaget.kz/>)

21. Сұхбатты тыңдаңыз. Әңгіме қандай тақырыпта өрбігенін айтыңыз.



Қазақстан әнциклопедиясының 2001-2007 жылдар аралығындағы жауапты шығарушыларының бірі Асылхан Мамашұлымен ұлттық әнциклопедия жайлы сұхбат

- Асылхан Мамашұлы, “Ұлттық әнциклопедия” деген не? Әнциклопедия құрастырудың шарты бар ма?

- Әнциклопедияға бір сөзben анықтама беру қын. Жалпылама айтқанда, адамзаттың ғасырлар бойы жинаған барша білім-ғылымының жиынтығы деуге болады. Әнциклопедияның өзі негізінен екіге бөлінеді, бірі - әмбебап, екіншісі - салалық әнциклопедия. Әмбебап әнциклопедия осы салалық әнциклопедиядағы ірі ұғымдар мен түсініктерден, терминдер мен оқиғалардан құралады. Қазіргі біздің түсінігіміздегі әмбебап әнциклопедиялардың бірегейі XVIII ғасырдан шыға бастаған «Британика» ғой. Британиканы құрастырушылардың өздері ғылым мен өнерде танымал адамдар болған, Британиканың өте құнды еңбек ретінде әлі күнге жоғары бағаланатыны содан деседі. Салыстырмалы түрде айтсақ, қазір әнциклопедияны танымал ғалымдар құрастырмайды, бұрын ғылымның немесе өнердің

бір саласымен тікелей шұғылданбаған, тек жанама қатысы бар редакторлар да құрастыра береді. Екеуінде айырма бола ма, жоқ па, оны өзіңіз ойлаңыз.

Энциклопедия құрастырудың бірінші шарты – қажеттілік. Сіздің еліңізде, сіздің тіліңізде энциклопедияға зәрулік, мұқтаждық бар ма? Мәселен, қазақ тілінде энциклопедия керек пе еді? Қазақстанның алғашқы энциклопедиясы он екі томдық «Қазақ совет энциклопедиясының» құрастырылғанына енді ғана қырық жыл болды. Қазақ ғылыми білімі жетіліп, жинақталған кезде құрастырылды. Яғни, екінші шарты – ғылыми әлеует екен.

– Энциклопедияның онлайн түрінің қолданысқа толық енуіне не кедергі? Уикипедия энциклопедияның орнын басып кеткен жоқ па?

– «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының онлайн түрі қазірдің өзінде шықты деуге болады. Өкінішке қарай, уикипедияда жүрген деректердің көвшілігі он томдық энциклопедиядан алынғанын байқаймын. Кейде гуглдан бірдеңе іздесем, баяғыда өзім жазған немесе өзім редакциялаған ұлттық энциклопедияның мақаласы шыға келеді. Менің білуімше, уикипедия жасаушылар мен ұлттық энциклопедияның меншік иесі екі бөлек заңды тұлға. Компьютерде сақтаулы тұрған он томдық қыруар еңбектің уикипидея болып шыға келгеніне таңғалғанмын.

Иен байлықты иелене кеткен уикипедияшылар енді әрі қарай оқсатып алып кетсе жақсы. Оның да шарттарын байқап көргем, әр мақаланы әрі қарай әркім дамытып, күзеп-түзеп отыруға болады екен. Егер оны сәтімен жасаса, болашақта, бәлкім, том-том кітаптың орнын уикипедия басар. Дүниенің бәрі онлайнға көшіп жатқанда, бұрынғыдай кірпіш кітаптар керек пе, жоқ па деп, ойланып қоямын.

– Әңгіменізге рақмет!

(«The Qazaq Times»)

22. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақ дайындаңыз, топқа қойыңыз.



№22



Қазақстандағы туризм түрлері

Қазақстандағы туризм түрлері 1993 жылы Қазақстан Дүниежүзі туристік үйіміның тізіміне енді. Дәл осы жылы туризмді дамыту бағдарламасы дайындалып, 1997 жылы Ұлы Жібек Жолының тарихи орталықтарының өркендеуі, түркі тілді мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және туристік инфрақұрылымды құру бойынша мемлекеттік бағдарлама бекітілді.

Қазақстанда туризмнің дамуы үшін барлық қажетті, мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар бар. Бізде туризмнің бірнеше түрі қарқынды дамып келеді. Олар: этнотуризм, тау туризмі, емдік-сауықтыру туризмі, мәдени-танымдық туризм, аңшылық пен балық аулау және т.б.

1. Этнотуризм – Қазақстандағы елдің бай тарихи өткені мен қазақ халқының мәдениетіне қызығатын адамдарды тартатын туризмнің бір түрі. Қазақстанның қай аймағында болмасын жолаушылар қазақ этносына тән салт-дәстүрмен, шығармашылық ерекшелікпен танысып, елдің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін зерттей алады.

2. Тау туризмі. Қазақстан – тау туризмі үшін қолайлы ел. Себебі жабайы табиғатпен етене жақындасуға, қарлы тау шыңдарына шығуды үйімдастыруға, жол-жөнекей жұмбаққа толы үңгірлер мен көгілдір терең көлдерді тамашалауға мүмкіндік бар.

3. Емдік-сауықтыру туризмі. Еліміз емдік табиғи ресурстарға ғана бай емес, сонымен бірге табиғаты тамаша өңірлерде орналасқан заманауи шипажайларымен де танымал. Емдік-сауықтыру туризмі Қазақстанның барлық аймағына таралған, сондықтан сіз елдің қай жерінде болсаңыз да, емделу мен демалысты қатар жүргізе аласыз. Шипажайлар түрлі ауруларға ем болатын минералды суын, марал мүйізімен емдеуді және т.б. емдеу түрлерін ұсынады.

4. Мәдени-танымдық туризм. Елімізде 25 мыңдан астам ескерткіштер мен географиялық көрікті жерлер бар. Үлгар Қазақстан жеріндегі мәдениет дамуының барлық кезеңдерін бейнелейді.

5. Аңшылықпен балықаулау. Үлладам мен табиғат байланысының бір бөлігі іспеттес. Аңшылықпен балықаулау арқылы адам күнделікті тұрмыс-тіршіліктен бір сәтке босап, сергек күйді сезінуге мүмкіндік алады.

(<https://massaget.kz/>)

23. Мәтінді тыңдал, сіз ойлаған сөздердің сәйкес келіп-келмегенін анықтаңыз.



№23



Көкшетау

(Сәкен Сейфуллин)

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп-кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында
Әрқайсы алтын кесе аясында
Ауасы дертке дауа, жұпар иісти.

Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Ырғалған көкке бойлап қарағайы.
Қасында көк желекті аппақ қайың.
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы.
Қарағай биік шыңды қиялаған.
Еш адам оны барып қия алмаған,
Шаңқылдап тау жаңғыртып, шыңға қонып,
Жалғыз-ақ көк қаршыға ұялаған.
Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес,
Басына атсаң-дағы оғың жетпес.
Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан,
Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.
Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші,
Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп,
Суретті шежіресі өткен күннің,
Сілекей ағызады ертегісі.
Талай сыр ертегіні ел айтады,
Ізыңдап таудан соққан жел айтады.
Сырласып сыйырласқан жапырақтар,
Күндіз-түн күніренген көл айтады.
Толғанып тәмен қарап шал айтады,
Тамсанып, таңырқанып бала айтады.
Тау-тасты тұңжыраған күе қылып,
Отбасы қатын-қалаш – бәрі айтады.
Ертегі болмаса да хатта қалған,
Аузында шежіренің қартта қалған.
Қарттардың баян қылған әңгімесін
Есіткен кейінгілер жаттап алған.

Жеке батыр

Болыпты баяғыда Жеке батыр...
Тау бағып жатады еken тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгеше ұйықтап жатыр.
Сол батыр осы күні бір үлкен тау,
Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау.
«Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын,
Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.
Батырдың қырыққа таяу келген жасы,
Денесі биік жота, таудай басы,
Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,
Киюлі баста жатыр дулығасы.

**24. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін мазмұны
мен сіздің болжамыңыз қаншалықты
сәйкес келді? Талқылаңыз.**

№24



Талдықорған қаласындағы облыстық стоматологиялық емхананың директор орынбасары Байдыбекова Толқын Өрісбайқызымен сұхбат (үзінді)

- Балаларда көп кездесетін тіс ауруының түрі қандай? Бұған басты себеп не?

- Балаларда көп кездесетін тіс ауруының түрі – тіс кариесі. Бұл – азу тіс шыққаннан кейін байқалатын құбылыс. Кариес қалыпты тістерді де, сүт тістерін де зақымдайды. Тіс кариесінің пайда болуына негізінен стрептококк бактериясы әсер етеді. Бактериялар түрлі тәтті, жұмсақ тағамдарды көп жегеннен қышқыл ферменттердің бөлініп шығуынан пайда болады. Одан тістің қатты тіндері жұмсарып, бұзыла бастайды. Сонымен қатар, тамақтан кейін ауыз қуысын дұрыс тазаламаудан, жеке тіс гигиенасын сақтамаудан пайда болады. Алғашында тістің сыртқы бөлігінде ақ дақтың пайда болуынан басталады. Ауырған жерде тістің дентині шіріп, ойылады. Осы кезде емдемесе, одан әрі тіс ұлпасы зақымдалып, ойық тереңдей түседі. Салдарынан тіс ұлпасының қабынуы дамиды. Кариестің одан әрі асқынуы салдарынан тіс айналасындағы тіндердің және сүйек қабығының қабынуы мүмкін. Асқынудың аса ауыр түрлеріне жақ сүйегінің қабынуы, жақты жауып тұратын жұмсақ тіндердің едәуір мөлшерде іріңдеуі жатады. Мұндай жағдайда тісті жұлып тастауға тұра келеді. Сондықтан жылына міндепті түрде 2 рет стоматологке қаралып тұрған жөн.

Келесі, стоматит. Бұл – ауыз қуысының ойылуы немесе ауыздың шырышты-кілегей қабығының қабынуы. Егер тіл ойылса, глоссит, қызыл иекойылса гингивид деп аталады. Мұның пайдаболу себептері әр қылды. Мысалы, дәріге аллергия, дәрумендердің жетіспеушулігі, қызылша, тұмау сынды жүқпалы ауруларға шалдығу, жүйке жүйесінің, ішкі ағзалардың созылмалы аурулары, зат алмасудың бұзылуы т.б. болуы мүмкін. Сондай-ақ стоматит жыныстық жетілу кезінде немесе ақыл тіс кеш шыққанда болады. Мұның алдын алу жағдайларын жасауға болады. Ол үшін ауыз қуысын күнделікті қайнаған сумен бірнеше мәрте шайып тұру керек. Қайнатылған суға йод, ас содасы, тұз қосуға болады.

Сарымсақ бөліктерін алып, тіс иектерін, таңдай, тіл, еріндерді ысқылау да көмектеседі. Түймедақ, жалбыз, сәлбен секілді дәрілік өсімдіктер тұнбасымен ауыз қуысын шаюға болады.

Біздің халық көбінese ауруға мән бермей жүре береміз. Кез келген ауруды. Содан кейін асқындырып аламыз да опық жейміз. Сондықтан ауырмасаңыз да дәрігерден жылына бір рет толық тексеруден өту керек.

(«Жәрдем» медициналық газеті)

25. Мәтінді тыңдаңыз. Сіз жазған сөздердің қайсысы қолданылғанын анықтаңыз.



№25



Еліміздің шипажайлары

Алма-Арасан минералды су көзі ХІУ ғасырдан бері белгілі. Әмір Темір жорықтарының жазбаларында кездеседі. Химиялық құрамын зерттеу 1930 жылы басталды. Алматы маңындағы бұл минералды сулар емдік ванналар үшін пайдаланылады.

Барлық-Арасан – Шығыс Қазақстан облысындағы бальнеологиялық сауықтыру орны. Тарбағатай жотасының тау алдында 600 м биіктікте орналасқан. Ең басты емдік қасиеті – ыстық (42°C) кремнийлі хлоридті-сульфатты кальцийлі-натрийлі минералды су көздері.

Жаркент-Арасан – Жаркент қаласынан 40 км қашықтықтағы бальнеологиялық сауықтыру орны. Жоңғар Алатауының оңтүстік беткейінде 1100 м биіктікте Бурақожыр өзенінің шатқалында орналасқан. Басты емдік қасиеті – ыстық (36°C) радонды хлоридті-сульфатты натрийлі су, құрамында азот, фтор бар. Емдік ванна іш құрылышты шаю үшін қолданылады. Бурақожыр су көзінің емдік қасиеті туралы мәліметтер ХVII ғасырдан белгілі.

Рахман бұлағы Өскемен қаласынан 450 км қашықтықта Алтай тауындағы табиғаты әсем Рахман өзенінің аңғарында 1950 м биіктікте орналасқан. Оның емдік қасиеті ертеден танымал, баспасөз бетіндегі мәліметтер 1834 жылы жарияланған. Басты табиғи емдік қасиеті – ыстық радонды ($34-42^{\circ}\text{C}$) сульфатты-гидрокарбонатты натрийлі-магнийлі су, құрамында бос азот кремний қышқылы бар. Емдік сусын, емдік ванна іш құрылышты шаю үшін пайдаланылады. Рахман бұлағы мен Белокуриха шипажайының ыстық бұлақтары сәйкес келеді.

Сарыағаш Оңтүстік Қазақстан облысында Сарыағаш теміржол бекетінен 18 км қашықтықта орналасқан. Ең басты табиғи емдік қасиеті – ыстық ($47-49^{\circ}\text{C}$) азотты карбонатты-натрийлі су. 1949 жылы барлау бағытындағы бұрғылау кезінде ашылған. Минералды

су емдік сусын, ванна, іш құрылышты шаю үшін, ас қорыту ағзаларын емдеуге пайдаланылады.

Жаңақорған – Қазақстандағы бірінші бальнеологиялық батпақпен емдеу шипажайы. Қызылорда қаласынан 170 км жерде Сырдария өзенінің оң жағында Теріскен көлінің жағалауында орналасқан. Басты табиғи емдік қасиеті – сульфидті лайлы батпақ және хлоридті-сульфатты натрийлі-магнийлі рапа, яғни тұздар қоспасы. Теріскен көлінде жинақталған бұл рапа тұздар суда ерітіліп, емдік ванна үшін пайдаланылады. 1919 жылдан жұмыс жасайтын бұл шипажайда жүйке, буын және жыныс ауруларын емдейді.

(Бейсенова Ә.С., Каймуллдинова К.Д. «Қазақстанның географиялық атласы»)

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР СТ 1926 – 2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана, 2015. – 36 бет.
2. ҚР СТ 1928 – 2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана, 2015. – 38 бет.
3. ҚР СТ 1929 – 2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана, 2015. – 42 бет.
4. ҚР СТ 1925 – 2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана, 2015. – 46 бет.
5. ҚР СТ 1927 – 2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана, 2015. – 48 бет.
6. Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. – Астана, 2016. – 83 бет.
7. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2017. – 39 бет.
8. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2017. – 71 бет.
9. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011. – 66 бет.
10. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011. – 108 бет.
11. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011. – 156 бет.
12. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі / Жалпы ред. басқарғандар: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 бет.
13. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет.
14. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 509 бет.
15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. – 968 бет.
16. Қеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс», 2007. – 800 бет.
17. Қазақтың мақал-мәтелдері / Құраст.: М.Қ. Рахметова. – Алматы, «Көшпендер», 2007. – 240 бет.
18. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2007. – 488 бет.

19. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: «Елорда», 2000. – 532 бет.
20. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Тоғанай Т», 2004. – 560 б.
21. Қайдар Ә. Бір мың әсерлі де бейнелі оралым (этнолингвистикалық түсініктеме берілген қазақша-орысша сөздік). – Астана: ТОО «Білге», 2003. – 368 бет.
22. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2002. – 192 б.
23. Әлісжанов С. Қазақ терминологиясы: теория және тәжірибе. – Астана, 2005. – 112 б.
24. Орфографиялық сөздік. Алтыншы басылым / Құраст.: Н. Үәли, Қ. Құдеринова, А. Фазылжанова, Ж. Исаева, Н. Әміржанова, А. Әмірбекова. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 720 б.
25. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / Құраст.: С. Бизақов, Ә. Болғанбаев, Ш. Дәuletқұлов. – Алматы: «Арыс», 2005. – 720 б.

ЖАЗБА ҮШІН



Редакциялағандар:

М. Мұқаметқали
А. Бердіқұлова
Ж. Әділбекова

Көркемдеуші дизайнер:

Р. Әлімғазинова

Басуға ___.11.2017 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90_{1/8}.Офсеттік басылым. Шартты б.т. 42,5
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №__

«Palitra Press» ЖШС-нде басылды.
050000, Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі, 4а